

Шейх
Хайсам Сархан

التَّقْوَى وَالتَّقْوَى
لِلْقَوْلِ الْمَفِيدِ

Шейх Ибн Усайминнің
«ПАЙДАЛЫ СӨЗ»

кітабынан алынған
маңызды ескертпелер

هَيْثَمُ
سَرْحَان

Шейх Ибн Усайминнің «Пайдалы сөз» кітабынан алынған маңызды ескертпелер

Кітапты дайындаған — Раббысының кешіріміне мұқтаж
шейх Хайсам ибн Мухаммад Сархан

Пайғамбар ﷺ мешітінің бұрынғы ұстазы, қазіргі таңда —
«Сунна» институтының жетекшісі
mahadsunnah.com

Бірінші басылым



Мекка
2026

Сархан, Хайсам ибн Мухаммад

Шейх Ибн Усайминнің «Пайдалы сөз» кітабынан маңызды ескертпелер // «Пайдалы сөз» кітабына арналған кестелер мен диаграммалар. — 1-басылым. Жинақтап дайындаған: Хайсам ибн Мухаммад Сархан. Қазақ тіліне аудармасы. — Мекке: «Таухид» баспасы, 2026. — 400 б.



Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

Біз мадақтап, жәрдем мен кешірім сұрайтын Аллаһқа бүкіл мақтау-мадақтар болсын. Нәпсілеріміздің және жаман істеріміздің кесірінен Аллаһтан пана тілейміз. Аллаһ кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды, ал кімді адастырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Мен жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне және Мухаммад Аллаһтың құлы әрі Елшісі екеніне куәлік етемін, ал содан соң:

Кітапты оқудан бұрын, мына нәрселерді біліп алыңыз

- 1) Кітапты оқудан бұрын оның негізгі мәтінін игеру (оны жаттап алыңыз, өйткені әрбір жаттаушы — *имам*).
- 2) Кітапта келтірілетін әр аяттың қай жағынан тиісті тараудың тақырыбына дәлел болып табылатынын зерттеп, оның осы тарауда келтірілген себептерін білу.
- 3) Әрбір тараудың «Таухид кітабына» сәйкестігін, сондай-ақ оның келтірілу себебін зерттеп, кітапты жүйелей білу.
- 4) Назарды белгілі бір *шархқа* (түсіндірмеге) шоғырландыру, әрі біздің осындағы негізіміз шейх Ибн Усайминнің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «әл-Қауль әл-Муфид» еңбегі болып табылады. Әрі алған білімдеріміз бір-бірімен шатыспауы үшін, біз бір *шархты* аяқтағаннан кейін ғана басқа *шархты* зерттеуге кірісеміз.

Біз не себепті осы кітапты оқып үйренеміз?

- 1) Өйткені *раббани* (тәрбиеші) ғалымдар оны оқуға кеңес берген.

- 2) Өйткені бұл осы тақырыпта жазылған ең жақсы кітап.
- 3) Өйткені автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) өзіне қайшы келетіндердің дәйектерді өте керемет үлгіде теріске шығарып, күмәндарды дәлелдермен жоққа шығарады.
- 4) Аллаһ Тағала бұл кітапты адамдардың арасында танымал әрі сыйлы етті.
- 5) Ғалымдар оны оқып зерттеуді әрі жаттап алуды насихат ететін.
- 6) Кітап өте жақсы реттелген және тарауларға бөлінген.
- 7) Ғалымдар бұл кітапты оқытуға ерекше көңіл бөлген және оған көптеген шархтар (түсіндірмелер) жазған.
- 8) Кітап Құран мен Сүннеттен келтірілген дәлелдерге толы.
- 9) Кітап қарапайым және жеңіл үлгіде жазылған.

«Бірқұдайшылық кітабы» тарауларының қысқаша түсіндірмесі (кітапта жалпы 67 тарау бар)

Кез-келген кітапты оқудан бұрын оның кіріспесін және тарауларының атауларын оқыған жөн, бұл кітаптың мазмұнын, оның жазылу әдісін білу әрі кітап жайлы толық түсінікке ие болу үшін қажет. Сондықтан біз осы кітабымызды 10 бөлікке бөле аламыз:

Бірінші бөлім Кіріспе (5 тарау)

1. Автор бұл тараудың атын қоймады, алайда біз оны «Бірқұдайшылықтың міндеттілігі жайлы тарау» деп атай аламыз.

Автор бұл тарауды бірқұдайшылықтың (таухидтың) — ең алғашқы және ең басты міндет екеніне әрі ол барлық пайғамбарлардың шақыруы, дағуаты болғанына нұсқау үшін келтірді.

2. Бірқұдайшылықтың артықшылығы әрі ол күнәлардың өтемі екендігі жайлы тарау.

Автор бұл тарауды адамдарды [бірқұдайшылыққа] үгіттеу және әлдебір нәрсенің артықшылығын айту оның парыз еместігін көрсетпейтінін түсіндіру үшін келтірді, өйткені адамдарды бірқұдайшылықты үйренуден және оны үйретуден тыйып, қайтаратындар бар.

3. Бірқұдайшылықты лайықты түрде ұстанған адам Жәннатқа есеп-хисапсыз кіретіндігі жайлы тарау.

Автор бұл тарауды бірқұдайшылықты ширктен (көпқұдайшылықтан), бидғаттардан (дінбұзар жаңалықтардан) және күнәлардан тазарту үшін келтірді, әрі бұл тарау бірқұдайшылықтың міндеттілігі туралы тараулардан кейін келтірілу керек еді.

4. Көпқұдайшылықтан қорқу керектігі жайлы тарау.

Автор бұл тарауды бірқұдайшылықты іс жүзінде ұстанғысы келетін әрбір адам өзі үшін де, басқалар үшін де көпқұдайшылықтан қорқуы керек болғандықтан, сондай-ақ кейбір адамдар өздерін бірқұдайшылықты ұстанамыз деп ойласа да, алайда бұл ондай емес болғандықтан келтірген.

Осы тараудан кейінгі әрбір тарау да бірқұдайшылықты жүзеге асыру тақырыбына қатысты, мысалы: көпқұдайшылықтан сақ болу керектігі туралы тарауда бірқұдайшылықтың жүзеге асуы қарастырылады.

5. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ куәлігіне шақыру тарауы.

Автор бұл тарауды екі себеппен келтірді, ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі:

- Өйткені бірқұдайшылықты жүзеге асырғысы келетін әрбір адам Пайғамбарымыз ﷺ сияқты оған шақыруы қажет.
- Ең бірінші кезекте шақырылатын нәрсе — бұл намаз дейтіндерді теріске шығару үшін.

Екінші бөлім

Бірқұдайшылықты түсіндіру (9 тарау)

6. Бірқұдайшылықты және Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ куәлігін түсіндіру жайлы тарау.

Шейх бізге бірқұдайшылықтың парыздығын айтып, бізді соған үндеп, оның міндеттілігіне және оған қайшы келетін нәрселерден қорқу қажеттігіне нұсқап (ал бұл *ширк* — көпқұдайшылық), оған шақыру жайлы айтқан соң, бізге бірқұдайшылықтың мәнін түсіндіру орынды. Сондықтан да оны түсіндіру осы тараудан бастап, кітаптың соңына дейін жалғасады.

7. Бәле-жаладан құтылу немесе оның алдын алу үшін сақина (білезік), бау және соған ұқсас нәрселерді тағудың көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі туралы тарау.

Бұл тарау бірқұдайшылықты оған қайшы келетін нәрселерді зерттеу арқылы түсіндіру жайында.

8. Дем салу мен тұмарлар туралы не айтылғандығы туралы тарау.

Автор бұл тарауды құрамында Аллаһқа серік қосу бар және шариғатқа қайшы келетін рукия (дем салу) мен тұмарлар туралы түсіндіру үшін келтірген.

9. Талдардан, тастардан және соған ұқсас нәрселерден береке сұрайтын адамдар жайлы тарау.

Бұл тарау бірқұдайшылыққа қайшы келетін, тыйым салынған табаррукты түсіндіру үшін келтірілген.

10. Аллаһтан басқаға арнап құрбан шалу (забх) жайлы тарау.

Бұл тарауда автор Аллаһтан басқаға махаббат және тағзыммен шалынған құрбандықтың бірқұдайшылыққа қайшы келетіндігіне нұсқады.

11. Аллаһтан басқа үшін құрбан шалынатын жерде Аллаһқа құрбандық шалуға тыйым салынғандығы туралы тарау.

Бұл тарауда Аллаһқа серік қосушы мүшриктерге ұқсап еліктейтін кейбір білімсіз адамдардың солардың мейрамдарына қатысу және олардың ғибадат орындарына бару секілді бірқұдайшылыққа қайшы келетін істері баяндалады.

12. Аллаһтан басқаға нәзір беру — көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі туралы тарау.

Бұл тарауда бірқұдайшылыққа қайшы келетін тыйым салынған нәзірлер жайлы айтылған.

13. Аллаһтан басқа біреуден қорғау (пана) сұраудың көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі туралы тарау.

Шейх Аллаһтан басқа ешкімнің шама-құдіреті жетпейтін нәрседе Аллаһтан басқаға пана сұрап жалбарыну бірқұдайшылыққа қайшы келетінін түсіндірді.

14. Аллаһтан басқадан құтқаруды тілеу немесе Аллаһтан басқаға дұға етіп жалбарыну көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі жайлы тарау.

Шейх қиын жағдайда Аллаһ қана құдіретті болаған нәрселерде Аллаһтан басқа біреуден көмек сұраудың бірқұдайшылыққа қайшы келетінін түсіндіргісі келді.

Үшінші бөлім

Аллаһтан басқа кімге болсын құлшылық етудің жарамсыздығы (4 тарау)

15. Аллаһ Тағаланың «Олар ешнәрсе жаратпайтын әрі өздері де жаратылған болып табылатын біреулерді Аллаһқа серік етіп қосады ма?» деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарау Аллаһтан басқа ешкімнің, мейлі ол пайғамбарлар, пұттар және басқалар болсын, құлшылыққа лайықты емес екеніне нұсқау үшін келтірілген.

16. Аллаһ Тағаланың «Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар (періштелер) өзара: «Раббыларың не айтты?» — десе: «Хақты айтты. Ол Аллаһ — аса Жоғары, тым Үлкен», — деседі», — деген сөздері туралы тарау.

Шейх бұл тарауда періштелер құлшылыққа лайықты емес екендігіне нұсқады.

17. Шапағат (шәфаға) жайлы тарау.

Бұл тарауда көпірлердің өз құдайларының шапағатына сүйенуінің бос-жарамсыз екенін түсіндіреді.

18. Аллаһ Тағаланың «(Мухаммад,) расында, сен жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың», — деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарауда Аллаһ Тағаладан басқа ешкім тура жолға сала алмайтындығына нұсқалады.

Төртінші бөлім

Адам баласының күпірлігінің себебі (4 тарау)

Автор бірқұдайшылықтың мәнін түсіндіріп, Аллаһтан басқаға құлшылық етудің жарамсыздығына нұсқағаннан кейін, күпірліктің себептерін көрсеткісі келді әрі осындағы мақсат — біздің олардан сақтануымыз үшін.

19. Адамдардың күпірлігі мен олардың діннен шығуының себебі ізгі-салиқалы адамдарды шектен тыс ұлықтау екендігі туралы тарау.

Бұл адамдардың күпірлікке түсуінің ең қауіпті себебі болып табылады әрі жер бетінде жасалған алғашқы көпқұдайшылықтың көрінісі де дәл осы болған.

20. Ізгі адамдардың өздеріне құлшылық ету ғана емес, тіпті олардың қабірлерінде Аллаһқа құлшылық етудің қатты сөгіске лайық амал екендігі жайлы тарау.

Көпқұдайшылықтың себептеріне мүсіндер, бейнелер және қабірлерді ғибадат орындарына (мешітке) айналдыру жатады.

21. Ізгі-салиқалы адамдардың қабірлеріне шектен тыс құрмет көрсету оларды Аллаһтан басқа құлшылық етілетін пұттарға айналдыратыны туралы тарау.

Күпірліктің себептерінің бірі — ізгі-салиқалы кісілердің қабірлерін шектен тыс қастерлеу.

22. Ардақты Пайғамбарымыздың ﷺ бірқұдайшылықтың тазалығын қалай қорғағаны және көпқұдайшылыққа апаратын кез келген жолды жапқаны туралы тарау.

Пайғамбарымыз ﷺ ақида және амал мәселелерінде көпқұдайшылыққа апаратын жолдарды толық жапқан. Сондай-ақ, кейінірек келетін тарауларда Пайғамбарымыздың ﷺ күпірлікке апаратын сөздерден сақтандырғаны туралы айтылатын болады.

Бесінші бөлім

Бұл үмметте немесе Араб түбегінде бұдан кейін көпқұдайшылықтың көріністері орын алмайды дейтіндердің дәлелдерін теріске шығару (бір тарау)

23. Осы үмметтің кейбір мүшелері пұттарға табынатыны туралы тарау.

Алтыншы бөлім

Шайтани амалдар (7 тарау)

24. Сиқыр жайлы тарау.

Бұл тарау сиқыр Аллахқа күпірлік ету (сенбеу) арқылы ғана жасалатындығынан және ол ширкке апаратын ең үлкен жолдардың бірі болғандықтан келтіріледі.

25. Сиқырдың кейбір түрлері жайлы тарау.

[Әлдебір нәрсе жайлы шешендік өнермен баяндап беру де сиқырдың бір түрі болып табылады]. Бұл тарауда біз аулақ болу керек болған сиқырдың түрі жайлы баяндалады.

26. Көріпкелдер, балгер-сәуегейлер және соларға ұқсас адамдар жайлы тарау.

Тарауда олар туралы баяндалады әрі оларға сенудің шариғи үкімі және оның түрлері түсіндіріледі.

27. Сиқырды кетіру жайлы тарау.

Бұл тарау сиқырды кетірудің аталған тыйымына қатысты анықсыздықты түсіндіру және оның рұқсат етілген түрлерін баяндау мақсатында келтірілген.

28. Ырымдар жайлы тарау.

Бұл тарау исламнан бұрынғы надандық (жәһилия) кезіндегі адамдардың жаман ырымдар жайлы көзқарастарының жалған екендігін түсіндіреді.

29. Жұлдыздар жайлы ғылым (тәнжийм) туралы тарау.

Бұл тарауда жұлдызнаманың (астрологияның) жалғандығы жайлы айтылады.

30. Жұлдыздардан жаңбыр сұрау жайлы тарау.

Бұл тарауда Аллаһқа серік қосу (ширк) болып табылатын себептерге сүйенуден сақтандыру бар.

Жетінші бөлім

Жүрек амалдары (9 тарау)

31. Аллаһ Тағаланың «Адамдардың арасында Аллаһқа басқаларды тедес етіп алып, оларды Аллаһты сүйетіндей жақсы көретіндер бар» деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарауда әлдебір жаратылысты Аллаһты жақсы көргендей немесе Одан да қатты жақсы көретін адамның бірқұдайшылығының жарамсыздығына нұсқалады.

32. Аллаһ Тағаланың «Бұл сендерді өзінің көмекшілерімен қорқытатын шайтан ғана. Олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар, егер мүмин болсаңдар», — деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарау әлдебір жаратылысқа Аллаһқа тәуекел еткендей немесе одан күштірек тәуекел еткен адамның бірқұдайшылығының жарамсыздығына нұсқайды.

33. Аллаһ Тағаланың «Егер мүмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер» деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарау жаратылысқа Аллаһқа тәуекел еткендей немесе одан күштірек тәуекел еткен адамның бірқұдайшылығының жарамсыздығына нұсқайды.

34. Аллаһ Тағаланың «Олар Аллаһтың мәкірінен аман бола алады ма?» деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарау бірқұдайшыл адам жүрегінде Аллаһқа деген сүйіспеншілік пен қорқынышты біріктіріп, Оған қарай ұмтылуы қажеткендігіне нұсқайды.

35. Аллаһ Тағаланың жазған тағдырына сабыр ету — Аллаһқа деген иманның көрінісі екендігі туралы тарау.

Автор бұл тарауды бірқұдайшыл (муаххид) адам қайғы-қақтығыстарға қалай төзім көрсету керектігіне нұсқау үшін келтірді.

36. Рия (көзбояушылық) жайлы тарау.

Автор бұл тарауды бірқұдайшыл адам үшін рияның үлкен қаупін көрсету үшін келтірген және рия Пайғамбарымыздың ﷺ өз сахабалары үшін қорыққан ең үлкен нәрсесі екендігіне назар аударған.

37. Адамның ізгі амалдарды дүние игілігіне қол жеткізу үшін жасауға ұмтылуы ширктің көрінісі екендігі туралы тарау.

Бұл тарауда дүниені (дүние тіршілігін) қалап, Ақырет амалдарын жасаған адамның көпқұдайшылық жасайтыны түсіндіріледі. Бұның өлшемі — адамның дүниелік нәрселердің себебінен разы болуы немесе ашулануы.

38. Ғалымдар мен билеушілерге олар Аллаһтың халал еткен нәрселерін харам еткенде, немесе харам еткен нәрселерін халал еткенде бағынатын адамдар соларды (өздеріне) Раббы ететіні туралы тарау.

Автор бұл тарауда үкім үшін Аллаһтан басқаға жүгінудің бірқұдайшылыққа қайшы келетініне нұсқаған.

39. Аллаһ Тағаланың: «Олар үкім үшін тағутқа жүгінгісі келеді» деген сөздері туралы тарау.

Автор бұл тарауды бірқұдайшылдарға тағутқа күпірлік таныту ұғымының мағынасын түсінуге көмектесу, сондай-ақ ақиқат пен жалған сенімнің айырмашылығын түсіндіру үшін келтірген.

Сегізінші бөлім

Есім-сипаттардағы бірқұдайшылық (1 тарау)

40. Аллаһ Тағаланың қандай да бір есімін немесе сипатын жоққа шығаратын адам жайлы тарау.

Автор бұл тарауды Аллаһтың есімдері мен сипаттарының кез келгенін жоққа шығаратын адамның таухидінің жоқтығын көрсету үшін айтқан.

Тоғызыншы бөлім

Сөздер мен ширкке қатысты тыйымдар (26 тарау)

41. Аллаһ Тағаланың: «Олар Аллаһтың нығметтерін танып, кейін онық теріске шығарады» деген сөздері туралы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамның Аллаһ оған берген нығметтерін қалай қабыл алуы керектігін түсіндірді.

42. Аллаһ Тағаланың «Сондықтан біле тұра Аллаһқа ешкімді теңдес етпеңдер» деген сөздері туралы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамның Аллаһтан басқамен берілген антқа деген көзқарасы жайлы айтып, сондай-ақ «және» жалғауы мен «кейін» үстеуінің айырмашылығын түсіндірді.

43. Аллаһтың атымен берілген антқа қанағаттанбайтын адам жайлы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адамның алдында біреу Аллаһтың атымен ант еткенде, ол жүрегінде Аллаһты қалай ұлықтау керектігін түсіндіреді.

44. «Аллаһ қалады және Сен қаладың» деген сөздер жайлы тарау.

Автор бірқұдайшыл адам қалауы бойынша біреуді Аллаһқа теңеуден аулақ болу керек деп атап көрсеткен.

45. Уақытты сөгетін адам Аллаһқа тіл тигізген болатыны жайлы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамның Аллаһ өзіне бағынышты еткен әлдебір нәрсені сөгуден аулақ болуы керектігін түсіндірді. Өйткені олай сөгу сол нәрсені бағындырғанға (яғни Аллаһқа) тіл тигізу болып есептеледі.

46. «Билердің биі» немесе сол сияқты атақтар жайлы тарау.

Автор бірқұдайшыл адам Аллаһ Тағаланың раббылығына қол сұғудан сақтануы керектігін түсіндірді.

47. Аллаһ Тағаланың есімдерін қадірлеп құрметтеу міндетті екендігі және осы үшін атты ауыстыру жайлы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адамның Аллаһтың есімдеріне, сипаттарына, дініне және пайғамбарларына құрмет көрсетіп, ұлықтау керектігін баяндайды.

48. Аллаһ Тағала, Құран Кәрім немесе Аллаһтың Елшісі ﷺ жайлы қалжыңдау туралы тарау.

Автор кімде-кім (Аллаһтың дінін) мазақ етсе, таухид (иман) негіздерінен айырылатындығын түсіндірді; ол сондай-ақ мұсылмандардың бұған қалай қарау керектігін және тілдерін [тыйым салынған сөздерді айтудан] сақтау керектігін баяндады.

49. Аллаһ Тағаланың «Ал егер Біз оған ол шалдыққан бейнеттен кейін мәрхаметімізден таттырсақ, ол: «Бұл менің ақым...», — дейді» деген сөздері туралы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адамның оған нығметтер келгенге дейін және келгеннен кейін өзін қалай ұстауы керектігін түсіндірді.

50. Аллаһ Тағаланың «Ал Аллаһ оларға салиқалы бала берген кезде, олар өздеріне берілген балаға қатысты Аллаһқа серік қоса бастады. Аллаһ олардың қосқан серіктерінен жоғары (Пәк)» деген сөздері туралы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамға әлдебір нығмет берілгеннен кейін ол өзін қалай ұстауы керектігін, сондай-ақ Аллаһтан басқа біреуге құлдықты білдіретін есіммен ат қоюға болмайтынын түсіндірді.

51. Аллаһ Тағаланың «Аллаһтың ең көркем есімдері бар. Сондықтан Оған солар арқылы дұға етіңдер» деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарау бірқұдайшыл адамды Аллаһ Тағаланың көркем есімдерін бұрмалаудан сақтандырады.

52. «Аллаһқа әс-сәләм («әс-сәләму ғалә Аллаһ»)» деген сөздердің тыйым салынғандығы жайлы тарау.

Бұл тарауда автор бірқұдайшыл адамды Аллаһ Тағалаға деген орынсыз көзқарасты білдіретін сөздер айтудан сақтандырған.

53. «Уа Аллаһ, егер қаласаң, мені кешіре гөр!» деген сөздер жайлы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адамды дұға ету кезінде «егер бұны Аллаһ қаласа» («ин ша Аллаһ») сөздерін қолданудан сақтандырған.

54. «Менің құлым» және «менің күнім» деген сөздердің тыйым салынғандығы жайлы тарау.

Бұл тарауда автор бірқұдайшыл адамның сөз тіркестерін дұрыс таңдауы керектігін көрсетеді.

55. Аллаһтың атымен сұраған адамдамның өтінішін қабылдаудан бас тартуға болмайтындығы жайлы тарау.

Автор бұл тарауда егер бірқұдайшыл адамнан Аллаһтың атымен бір нәрсе сұралса, одан бас тартпау керектігін, сол арқылы Аллаһ Тағаланы ұлықтау керектігін көрсетеді.

56. Аллаһтың Дидарымен тек Жәннатты ғана сұрау рұқсат етілгендігі жайлы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адам Аллаһ Тағаланы ұлықтауы және Оған қатысты орынсыз қарым-қатынас жасамау керектігін көрсетеді.

57. «Егер...» деген сөз жайлы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адам сөйлегенде дұрыс сөздер тандап, үкімдер мен тағдырға наразылық көрсетпеу керектігін көрсетеді.

58. Желді сөгудің тыйым салынғандығы жайлы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамға ұнамсыз нәрсені көргенде жақсы сөздерді қолдану қажеттігін көрсетеді.

59. Аллаһ Тағаланың «Олар надандық дәуіріндегідей Аллаһ туралы әділетсіз ойлады...» деген сөздері туралы тарау.

Автор бірқұдайшылдарды надандық дәуіріндегідей Аллаһ туралы жаман ойлаудан сақтандырады.

60. Тағдырды жоққа шығарушылар жайлы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адамның тағдырға дұрыс сенуге міндетті екенін көрсетеді.

61. Сурет-бейнелер салатын адамдар жайлы тарау.

Автор бұл тарау бірқұдайшыл адам раббылық сипаттарға қол сұғудан сақ болуы керек екенін көрсетеді.

62. Көп ант беру жайлы тарау.

Автор бірқұдайшыл адам адамдармен қарым-қатынасында өз антында тұрып, Аллаһты ұлықтауы керектігін атап көрсетеді.

63. Аллаһ Тағаланың және Оның Пайғамбарының құқықтарын қорғау жайлы тарау.

Автор бірқұдайшылықты ұстанушы адамның қуанышта да, қайғыда да Аллаһ пен Оның Елшісін ﷺ ұлықтауы керектігіне назар аударған.

64. Аллаһтың атынан берілген ант жайлы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамның раббылық қасиеттерге қол сұғудан және Аллаһтың Өз құлдарына деген мейірімін шектеуден сақтану керектігін атап көрсетеді.

65. Аллаһтан Ол Өз құлдарының алдында шапағат етуін сұрауға болмайтындығы туралы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамды қандай да бір жаратылысты Жаратушыдан жоғары қоюдан сақтандырды.

66. Пайғамбардың ﷺ бірқұдайшылықтың қолсұғылмашылығын қорғауы және көпқұдайшылыққа апаратын жолдарды жабуы туралы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамды көпқұдайшылыққа апаратын кез келген сөзден сақтандырды.

Оныншы бөлім Қорытынды (1 тарау)

67. Аллаһ Тағаланың «Олар Аллаһты шын мәнінде қадірлей алмады» деген сөздері туралы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамды Аллаһты лайықты түрде ұлықтамаған көпқұдайшылардың ізімен жүруден сақтандырады.

Бірінші бөлім

Кіріспе (5 тарау)

Автор не себепті кіріспе сөзді келтірмеді?

- 1) Кейбір көшірмешілер оны жіберіп алған, өйткені кейбір қолжазбаларда «бәсмәлә», Аллаһқа мақтау-мадақ сөздері және Пайғамбарға ﷺ салауат айту бар.
- 2) Автор кітаптың атымен ғана шектелді, өйткені оның өзі-ақ кітаптың мән-мағынасы мен негізіне нұсқайды, ал бұл — бірқұдайшылық (таухид).
- 3) Автор осынысымен өзінің «Сахих» кітабына кіріспе жазбаған имам әл-Бухаридің үлгісін ұстанды, осылайша ол жүректерді Құран мен Сүннетке тікелей байланыстырғысы келді.
- 4) Кітаптың алғашқы бес тарауы кіріспенің орнын толыққанды алмастыра алады.

Бірқұдайшылықтың (таухидтың) анықтамасы

Шариғи мағынасы: Бұл Аллаһты тек Оған ғана тән нәрселерде жалғыз ету, ал бұл оның раббылығында, құлшылыққа лайықты құдайлығында және есімдері мен сипаттарында көрініс табады.

Тілдік мағынасы: «Бір нәрсені жалғыздау» дегенді білдіретін «уәххәдә» етістігінен туындайтын есім.

↳ **Таухид әр-рубубия** (раббылықтағы бірқұдайшылық) — бұл Аллаһ Тағаланың жалғыз Жаратушы, барлық нәрсенің Иесі және Билеушісі екеніне деген немесе Оның барлық іс-әрекеттерінде Теңдессіз әрі Жалғыз екендігі жайлы сенім.

↳ **Таухид әл-улюһия** (құлшылыққа лайықты құдайлықтағы бірқұдайшылық) — Аллаһ Тағаланың құлшылыққа лайықты құдайлығында не-

месе құлдарының (ғибадат) амалдарына қатысты Жалғыздығы жайлы сенім.

↳ **Таухид әсмә уәс-сыфат** (Есімдер мен Сипаттардағы бірқұдайшылық) — бұл Аллаһ Тағаланың Өз Кітабында немесе Өзінің Елшісінің ﷺ сөздері арқылы Өзін атаған есімдері мен сипаттаған сипаттарында Жалғыз әрі Теңдессіз екендігі жайлы сенім. Бұл сенім Аллаһқа қатысты Ол Өзіне қатысты бекіткен нәрселерді бұрмалаусыз, теріске шығарусыз, «Қандай?» деген сұрақ қоюсыз және жаратылыстарына ұқсатусыз жүзеге асады.

Пенделердің амалдары тек бірқұдайшылық сақталған жағдайда ғана қабылданады. Біз бірқұдайшылық үшін жаратылды; Жәннатқа тек бірқұдайшылдар ғана кіреді. Бірқұдайшылық — барлық пайғамбарлардың (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) шақыруының негізі. Оны дұрыс ұстану адамды көпқұдайшылыққа түсуден сақтайды. Бірқұдайшылық — игі істердің еселеп артуының себебі.

Құлшылық дегеніміз не?

Ғибадат етушінің тарапынан қарағанда: бұл — Аллаһтың бұйырғандарын орындау және тыйым салғандарынан аулақ болу арқылы Оған бойсұну әрі осы орайда Оған деген махаббат пен ұлықтауды сезіну.

Ғибадаттың өзіне қатысты қарағанда: бұл — Аллаһ жақсы көретін және разы болатын барлық ашық және жасырын сөздер мен амалдардың жалпы атауы.

1. Бірқұдайшылықтың міндеттілігі жайлы тарау

Автор бұл тарауға атау бермеген, себебі ол адамдардың жүректерін Құран мен Сүннетке байлауды қалаған. Алайда, осы тарауда келтірілген дәлелдер бірқұдайшылықтың (яғни жалғыз Аллаһқа құлшылық етудің) міндеттілігін көрсетеді. Сондықтан, біз бұл тарауға шартты түрде «Бірқұдайшылықтың міндеттілігі жайлы тарау» деген атау бере аламыз.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: **«Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым»** («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят).

- **«Маған құлшылық етулері»** — бұл құлшылықты тек Маған арнап, Мен бұйырған нәрселерді орындау және Мен тыйым салған нәрселерден бас тарту арқылы бойсұнуды білдіреді. Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын): «Құранда айтылған барлық құлшылықтың мәні — таухид (Аллаһты жалғыз ету)», — деген.
- Аяттың мағынасы: Мен жындар мен адамдарды құлшылықтан басқа еш нәрсе үшін жаратқан жоқпын.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: **«Расында, Біз әрбір үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар әрі тағуттан аулақ болыңдар» дейтін елші жібердік»** («ән-Нәһл» сүресі, 36-аят).

- Бұл аятта мағынаны күшейтетін үш грамматикалық күшейту бар: 1) жасырын ант; 2) «ләм» демеулік шылауы; 3) «қод» демеулік шылауы;
- Бұл аят барлық Пайғамбарлардың (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) бірқұдайшылыққа шақырғанын және Аллаһтың оларды дәл осы мақсатта жібергенін көрсетеді.

«Умма» сөзі Құранда төрт мағынада келеді:

Үммет → «Үммет» мағынасы біз оқыған аятта келді;

Имам (жетекші) → «Расында, Ибраһим Аллаһқа бойсұнушы имам (умма) және ханиф болған».

Дін → «Расында, біз әкелерімізді осы дінде (уммада) таптық».

Уақыт кезеңі → «Расында, біз әкелерімізді осы дінде (уммада) тапқан едік».

- **«Тағуттан аулақ болыңдар»** — ол бір жақта, ал сендер басқа жақта болатындай аулақ болыңдар.
- Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) **«тағут»** ұғымына ең үздік анықтама берген: «Тағут — құл сол арқылы шектен шығатын барлық нәрсе, мейлі ол ілесу нысаны, құлшылық нысаны немесе бағыну нысаны болсын». Әрине, егер адам өзіне деген осындай қатынасты өзіне ұнамды деп тапса ғана, ол тағут деп аталады.
- **Ілесу нысаны:** мысалы, сиқыршылар, балгерлер және жамандықтың ғалымдары. **Құлшылық нысаны:** мысалы, пұттар. **Бағыну нысаны:** мысалы, Аллаһқа бағынудан шыққан билеушілерге бағыну.
- **Бірқұдайшылықтың толық болуы екі тірекке негізделеді:** Жоққа шығару (Аллаһтан басқаға құлшылық етуді жоққа шығару) және растау (тек Аллаһ қана құлшылыққа лайық екендігін бекіту). Себебі растаусыз болған жоққа шығару кез келген құлшылықты толық жоққа шығарады. Ал жоққа шығарусыз растау серіктестікке жол ашады. Мысалы, егер біз: «Зәйд тұр», — десек, бұл тек оның қазіргі уақытта тұрғанын көрсетеді, бірақ оның жалғыз өзі тұрғанын білдірмейді. Егер біз: «Ешкім тұрған жоқ», — десек, бұл ешкімнің, соның ішінде Зәйдтің де тұрмағанын білдіреді. Ал егер біз: «Зәйдтен басқа ешкім тұрған жоқ», — десек, бұл жерде Зәйдтің жалғыз өзі ғана тұрғаны анықталады. Бұл мысал растауды (Зәйдтің тұрғанын) және жоққа шығаруды (басқалардың тұрмағанын) қамтиды.

Елшілердің жіберілу себебі

Дәлел жеткізу.

«Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа қарсы сылтауы болмауы үшін Пайғамбарларды қуантушы әрі ескертуші етіп жібердік».

Мейірім ретінде:

«Біз сені әлемдер үшін тек мейірім етіп жібердік».

Олар адамдарға Аллаһқа апаратын жолды баяндап, түсіндірулері үшін.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «Раббың Өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе, оларға: “Түһ”, — деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ, ол екеуін зекіме де, әрі ол екеуіне сыпайы сөз сөйле» («әл-Исра» сүресі, 23-аят).

- «Раббың Өзіне ғана ғибадат етулеріңді... әмір етті» — міне осы, өз құрамына (Аллаһтан басқа барлық құдайларды) жоққа шығару мен (Аллаһты ғана құлшылыққа лайықты деп) растауды қамтыған шынайы таухид.

Аллаһтың тағдыры екіге бөлінеді:

Шариғат бойынша белгіленген нәрселер:

- Тек Аллаһ жақсы көретін нәрселерге қатысты болады;
- Болуы да, болмауы да мүмкін;
- «Раббың сендерге Өзінен басқаға құлшылық етпеуді бұйырды». Бұл жерде «бұйрық» деп шариғаттағы бұйрық түсініледі.

Болмыста алдын ала белгіленген нәрселер (әлемдік заңдар):

- Аллаһ жақсы көретін нәрселерге де, жақсы көрмейтін нәрселерге де қатысты болуы мүмкін;
- Міндетті түрде орындалады. «Кітапта Исраил ұлдарына: “Әріне жер бетінде екі рет бұзықшылық қылып, өте тәкаппарланасындар”, — деп ескерттік». Аллаһ бұзақылықты бұйырмайды және оны жақсы көрмейді.

Аллаһ Тағала қалайша Өзі сүймейтін нәрсені алдын ала тағдырға белгілейді?

Сүйікті болуы әлдебір сыртқы себептерге байланысты болған нәрсе өз негізінде сүйкімсіз болуы мүмкін. Алайда ол нәрсе өзінің құрамындағы белгілі бір пайдаға байланысты сүйікті болуы мүмкін. Бұл жағдайда ол бір қырынан сүйікті, ал басқа қырынан сүйкімсіз болады. Мысалы, Исаил ұрпақтарының жасайтын бұзақылығы өз негізінде бойынша Аллаһқа жек көрінішті, өйткені Аллаһ бұзақылықты да, оны жасаушыларды да сүймейді. Алайда бұл әрекет басқа тұрғыдан қарағанда, оның ішіндегі даналық пен пайдасына байланысты Аллаһтың қалауына сай болуы мүмкін. Құрғақшылық, аурулар, кедейлік секілді құбылыстар да осылай түсіндіріледі. Олар өздігінен жағымсыз болғанымен, белгілі бір хикмет пен пайдалары үшін Аллаһтың қалауымен орын алады.

Сүйікті (қалаулы) нәрселер екіге бөлінеді:

Өз негізінде сүйікті.

Әрі бұл — Аллаһқа деген махаббат.

Басқа себептерге байланысты сүйікті нәрселер.

Мысалы, сауығу үшін ішілетіндіктен ұнамды дәрілер.

Құлдық (зубудия) үшке бөлінеді:

Жалпы: Бұл — Аллаһ Тағаланың раббылығына негізделген құлшылық. Мұны «мәжбүрлі құлдық» (ғубудияту әл-қахр) деп атауға болады. Аллаһ Тағала: **«Көк пен жердегі әркім Аллаһқа тек құл болған күйде келеді»**, — деген («Мәриям», — сүресі», 93-аят). Бұл құлдық түріне иман келтіргендер де, кәпірлер де жатады.

Ерекше: Бұл — Аллаһқа бағынуға негізделген құлдық. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Ал Мейірімдінің құлдары жер бетінде сыпайы түрде жүреді»** («әл-Фурқан сүресі», 63-аят). Бұл құлшылық түріне Аллаһқа құлшылық етіп, Оның дінін ұстанғандар жатады.

Аса ерекше: Бұл — пайғамбарлар мен елшілердің құлдығы. Аллаһ Тағала: **«Шынында, ол (Ибраһим) шүкір етуші құл болды»**, — деп айтқан» («ән-Нәхл» сүресі, 121-аят). Бұл құлдық түріне тек Аллаһтың елшілері мен пайғамбарлары жатады, өйткені Аллаһқа құл болуда олардан ешкім оза алмайды.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «Аллаһқа құлшылық қылыңдар және Оған еш нәрсені серік етпеңдер» («ән-Ниса» сүресі, 36-аят).

«Еш нәрсені» — тыйым салу контекстіндегі белгісіздік райында келген сөз жалпыны қамтуға нұсқайды. Яғни Оған ешкімді және ешнәрсені серік қоспаңдар: мейлі ол пайғамбар, періште, әулие немесе дүниелік нәрсе болсын. Дүниелік нәрсені Аллаһқа серік етпе.

БЕСІНШІ ЖӘНЕ АЛТЫНШЫ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деді: «Оларға былай деп айт: «Келіңдер, сендерге Раббыларыңның харам еткенін оқып берейін: Оған еш нәрсені серік қоспаңдар...» («әл-Әнғам» сүресі, 151-153 аятының соңына дейін).

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): «Кім Мухаммадтың ﷺ мөрі қойылған өсиетін көргісі келсе, онда Аллаһтың «Оларға былай деп айт: “Келіңдер, сендерге Раббыларыңның харам еткенін оқып берейін. Оған еш нәрсені серік қоспаңдар...”» деген сөздерінен бастап, «Міне, осы Менің тура жолым. Соған еріңдер...» деген сөздеріне дейін оқысын», — деген (әт-Тирмизи, 3080).

«Тура жол» деген сөз әдетте Құранда келесі нәрселермен байланысты:

1. **Аллаһпен**, өйткені Ол ғана тура жолмен жүргізеді және Оны жаратқан да Ол: «Міне, осы Менің тура жолым».
2. **Сол тура жолмен жүретін адаммен**. Құтылу жолы жалғыз, басқа жолдардың бәрі адасушылыққа алып барады. Аллаһ Тағала былай деген: «Сен нығметке бөлегендердің жолымен».

Бұл аяттар өз құрамына он өсиетті қамтиды:

Бірінші аят (5 өсиет):

- Аллаһты жалғыздау (таухид);
- Әке-шешеге деген ізгі қарым қатынас;
- Балаларды өлтіруге тыйым;
- Барлық лас нәрседен аулақ болу;
- Адамды хақысыз өлтіруге тыйым.

Екінші аят (4 өсиет):

- Жетім баланың пайдасынан өзге мақсатпен оның мүлкіне жақындауға тыйым салу. Жетім (ятим) — балиғат жасына толмаған және әкесі қайтыс болған бала;
- Сөйлегенде әділ болу;
- Таразы мен өлшеу құралдарын әділдікпен толтыру;
- Аллаһпен болған келісімге берік болу.

Үшінші аят (1 өсиет):

«Міне, осы Менің тура жолым». Пайғамбарымыз Мухаммад ﷺ бір ғана түзу сызық сызып: «Бұл — Аллаһтың жолы», — деді. Кейін оның оң және сол жағынан бірнеше сызықтар сызып: «Бұл — басқа жолдар. Әр жолдың басында оған шақыратын шайтан бар», — деді де, ізінен Аллаһтың мына сөздерін оқыды: «Расында, бұл — Менің тура жолым. Соған еріңдер және өзге жолдарға ермеңдер. Олар сендерді Оның жолынан адастырады».

Пайдалы ескертпелер

- «Аллаһ өлтіруді тыйым салған жан» (қол сұғылмайтын жан):
 - мұсылмандар;
 - *зиммий* (мұсылман жерінде өмір сүретін кәпір адам);
 - *муғахад* (мұсылмандармен бітімгершілік келісімін жасасқан кәпір адам);
 - *мустаъман* (қауіпсіздік кепілдігі уәде етілген кәпір адам);
- «Тек қақылы түрде ғана»:
 - Адам өлтірген адамды өлім жазасына тарту;
 - Тұрмыста бола тұра зина жасаған ер немесе әйелге қатысты өлім жазасы;
 - Діннен безген (муртадд) адамды өлім жазасына тарту;

Ескертпе: Өлім жазасы жайлы шешімді тек мұсылмандардың әміршісі ғана шығара алады.

- **«Біз сендерді де, оларды да қоректендіреміз»:** бұл аятта Аллаһ әке-шешені бірінші кезекте атады, өйткені олар кедей; ал «Әли Им-ран» сүресіндегі «Біз оларды да, сендерді де қоректендіреміз» деген аятта Аллаһ бірінші балаларды айтты, өйткені әке-шешенің жағдайы қазіргі таңда жақсы, алайда олар кедейліктен қорқады.

Адамдарға міндеттер жүктелетін кәмілет жасына жету:

- он бес жасқа толу;
- жыныс мүшесінің айналасында түктің өсуі;
- түнгі поллюциялардың пайда болуы;
- қыз балаларда етеккір келуінің басталуы.

- **«Өсиетхат»** — келісімшарт. Егер қандай да бір келісімшарт өсиет деп аталса, бұл оның ерекше маңызды екенін білдіреді.

Ибн Масғұд Пайғамбарымыздың ﷺ өсиетхат қалдырмағанын біле тұра не себепті оны өсиет деді?

Ол бұл аяттар бүкіл діннің негізін қамтиды деп есептеді, әрі, сөзсіз, бұл ұлы аяттар;

Өйткені, бұл Аллаһтың өсиеті: «Бұл нәрсені Аллаһ сендерге өсиет етті», — ал Пайғамбарымыз ﷺ осы өсиетті жеткізген адам.

ЖЕТІНШІ ДӘЛЕЛ

Муғаз ибн Жәбәлдің былай деп баяндағаны жеткізіледі: «Бірде мен Пайғамбардың ﷺ артында отырып, есектің үстінде кетіп бара жатқанымызда ол менен: **“Әй Муғаз! Аллаһтың құлдарындағы қақысы және құлдардың Аллаһтағы қақысы туралы білесің бе?”**, — деп сұрады. Мен: «Аллаһ және Оның Елшісі жақсырақ біледі», — деп жауап бердім. Ол: **“Аллаһтың құлдарындағы қақысы — құлдардың тек Аллаһқа ғана құлшылық етіп, Оған ешкімді серік қоспауы. Ал құлдардың Аллаһтағы қақысы — кімде-кім Аллаһқа серік қоспаса, (Аллаһ) сол адамды азаптамауы”**, — деді. Мен: «Осы сүйінші хабарды адамдарға жеткізейін бе?», — деп сұрадым. Ол: **“Жоқ, өйткені**

олар осыған ғана сүйеніп, амал етуді тоқтатып қояды», — деді» (әл-Бухари 13/300 және Муслим 2856).

- **«Білесің бе?»** деген сұрақ Муғазды қызықтырып, ол естігенін жақсырақ ұғып алуы үшін қойылды. Бұл оқытудың керемет әдісіне нұсқайды.
- **«және құлдардың Аллаһтағы қақысы туралы білесің бе?»** — адамдар Аллаһқа ешнәрсе міндеттей алмайды, алайда бұл жерде Аллаһ Өзінің құлдарына деген мейірімімен мұны Өзіне Өзі міндет етіп қойды.
- «Осы сүйінші хабарды адамдарға жеткізейін бе?». Бұл сөз тіркесі адам біреуге жақсы, қуанышты хабар жеткізгісі келгенде қолданылады. Алайда бұл сөз кейде жаман хабарды жеткізу үшін де қолданылады.
- Хадисте бірқұдайшылықтың артықшылығы және оның Аллаһтың жазасынан қорғанудың себебі екендігі туралы айтылған.
- Сондай-ақ, бұл хадисте Аллаһ Тағала Өзінің серіктері жоқ деп таныған және оған серік қоспаған адамдарды азаптамайтыны туралы дәлел бар. Бірқұдайшылықты дұрыс ұстану — күнәлардың кешірілуінің себебі. Аллаһтың Елшісі ﷺ бұл қуанышты хабарды айтуға тыйым салды, себебі адамдар тек осыны біліп алып, бірқұдайшылықты толыққанды орындамай, оған ғана сүйеніп қояды деп қауіптенді. Өйткені бірқұдайшылықты дұрыс ұстану адамды Аллаһқа мойынсұнбау амалдарынан алыс болуға міндеттейді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бұл мәселелер «Бірқұдайшылық кітабының» бөлігі болып табылмайды, бірақ автор оларды өзінің кітабын түсіндіру үшін келтірген, өйткені ол өз еңбегін басқаларға қарағанда жақсырақ түсіндіре алады. Автор ғана белгілі бір тараудың мәнін және не үшін оны енгізгенін тереңірек біледі. Осыған байланысты, бұл сұрақтарды зерттеуге ерекше назар аудару қажет.

Бірінші. Адамдар мен жындарды жарату мақсаты. (Мақсат — жепішу, ләззат алу емес, бірқұдайшылық).

Екінші. Құлшылықтың мәні — таухид, дұшпандық та дәл осы себеппен пайда болған (Бұл жерде Пайғамбар ﷺ мен құрайыштықтардың арасындағы дұшпандық меңзеледі. Себебі бірқұдайшылыққа негізделмеген кез келген құлшылық жарамсыз).

Үшінші. Бірқұдайшылықты жүзеге асырмаған адам Аллаһқа құлшылық етуші болып саналмайды. Мұның мәні Аллаһтың мына сөздерінде айтылған: **«Сендер Мен құлшылық еткенге құлшылық етпейсіңдер».**

Төртінші. Бұл елшілердің адамдарға жіберілу мақсаты. (Мақсат — Жалғыз Аллаһқа құлшылық ету және Тағутқа құлшылық етуден аулақ болу).

Бесінші. Пайғамбарлық миссия барлық үмметтерді қамтыды. (Яғни барлық адамзатты).

Алтыншы. Барлық пайғамбарлардың діні бір. (Діннің негізі бір, бірақ тыйымдар мен шариғи заңдарға келетін болсақ, олар қауымдарға, мекенге, уақытқа байланысты әртүрлі болып ерекшеленді).

Жетінші. Маңызды мәселе: Аллаһқа құлшылық ету Тағутты жоққа шығармайынша дұрыс болмайды. Бұл Аллаһтың: **«Кімде-кім тағутқа күпірлік етіп, Аллаһқа иман келтірсе...»** деген сөздерінің мағынасы.

Автор бұл мәселені маңызды деп атады, себебі көптеген адамдар бұл жайында білімсіз. Белгілі бір адамды күпірлікпен айыптау немесе оны лағнеттеу рұқсат етілмейді, тіпті ол мұны істеуге лайық болса да. Себебі оған қатысты жеке үкім шығару белгілі шарттардың орындалуын әрі осыған бөгет жасайтын белгілі кедергілердің жойылуын қажет етеді.

Сегізінші. Тағут — Аллаһтан басқаға құлшылық етілетін барлық нәрсе.

Тоғызыншы. «Әл-Әнғам» сүресіндегі үш аяттың әуелгі ізгі буындар (салиқалы сәлафтар) үшін үлкен маңызы бар. Бұл аяттар өзіне он өсиетті қамтиды, олардың біріншісі — Аллаһқа серік қосудың тыйым салынғандығы.

Оныншы. «Әл-Исра» сүресіндегі аяттардың маңыздылығы. Бұл аяттарда он сегіз мәселе қарастырылған. Аллаһ оларды: **«Аллаһқа басқа құдайды тең қойма, әйтпесе сөгіс естіп, тасталған боласың!»** деп бастайды және: **«Аллаһқа басқа құдайды тең қойма, әйтпесе қорланып, қарғысқа ұшырап, Тозаққа тасталасың!»** деген сөздермен аяқтайды. Сондай-ақ, Аллаһ бұл мәселелердің маңыздылығын: **«Бұл — Раббың саған даналық ретінде жеткізген нәрселер»** деп атап көрсетті.

Он бірінші. «ән-Ниса» сүресіндегі «он құқық» деп аталатын аят. Бұл аятты Аллаһ: **«Аллаһқа құлшылық етіңдер және Оған ештеңені серік етпеңдер»** деп бастайды. Ең маңызды құқық — Аллаһтың құқығы. (Ең басты құқық — Аллаһтың құқығы).

Он екінші. Аллаһ Елшісінің ﷺ соңғы өсиетіне нұсқау. (Ол тікелей мағынада өсиет қалдырмаған, бірақ егер біз Аллаһтың Кітабына берік болсақ, адаспайтынымызды меңзеген).

Он үшінші. Біз орындауымыз міндетті болған Аллаһ Тағаланың құқығын тану. (Яғни біздің Аллаһқа құлшылық етіп, Оған ешкімді серік қоспауымыз).

Он төртінші. Аллаһтың құқығын орындаған жағдайда, Оның құлдарына не сыйлайтынын білу. (Бұл Аллаһтың құлдарына жасайтын рахымына қатысты).

Он бесінші. Көптеген сахабалар бұл жайлы білмеген (Өйткені Муғаз бұл білімді өзінің қайтыс болуы қарсаңында, көптеген сахабалар қайтыс болғаннан кейін жеткізді. Ол білімді жасырған күнәні алудан қорқып, бұл жайлы хабарлады. Ал Аллаһтың Елшісі ﷺ адамдар бұл білімге сүйеніп, амал жасауды тастап кетеді деп қауіптенді. Алайда бұл білімді ешкім білмей қалуын да қаламады. Егер Ол ﷺ бұл білімді мүлде жеткізгісі келмесе, Муғазға да, басқа біреуге де айтпас еді).

Он алтыншы. Егер бұда пайда бар болса кейбір білімді жасырудың рұқсат етілгендігі. (Алайда білімді толықтай, шектеусіз және барлық адамдардан жасырған дұрыс емес).

Он жетінші. Мұсылман адамға оны қуантатын хабарларды айту мұстахаб амал болып табылады. (Бұл ең жақсы қорытындылардың бірі).

Он сегізінші. Ізгі-салиқалы амалдарды қалдырып) Аллаһ Тағаланың рахымының кеңдігіне сүйенудің қауіптілігі. (Сондай-ақ, Аллаһтың рахымынан үміт үзу де қауіпті).

Он тоғызыншы. Егер бір нәрсе жайлы сұралатын адам жауапты білмесе, ол: «Аллаһ пен Оның Елшісі бұл жайлы жақсырақ біледі» деп айтуы қажет» (Бұл Аллаһ Елшісінің ﷺ көзі тірісінде және ол білген шариғат мәселелерінде айтылуы керек еді).

Жиыrmасыншы. Білімді тек белгілі бір адамдарға берудің рұқсат етілгендігі.

Жиырма бірінші. Есекке мініп, өз серігіне артына отыруға рұқсат берген Пайғамбардың ﷺ қарапайымдылығы.

Жиырма екінші. Салтты жануардың үстіне өзіңіздің артыңызға серігіңізді отырғызуыңызға болады. (Алайда бұл жануарға қиындық туғызбауы қажет).

Жиырма үшінші. Муғаз ибн Жәбәлдың артықшылығы.

Жиырма төртінші. Бірқұдайшылықтың ұлы маңыздылығы.

2. Бірқұдайшылықтың артықшылығы және ол күнәларды өтейтіні туралы тарау

Бұл тараудың мақсаты — адамдар шайтанның азғыруларына бой алдырмауы үшін оларды бірқұдайшылыққа шақыру. Әлдебір амалдың артықшылығын айту оның міндетті еместігін көрсетпейді, алайда бұл амалдар үшін берілетін сауап пен оның артықшылығы олардың жемісті салдары болып табылады. Мысалы, парыз намаздарын жамағатпен оқу.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: **«Сондай иман келтіріп, имандарын зұлымдықпен былғамағандар, міне соларға қауіпсіздік болады және олар тура жолға түсірілгендер»** («әл-Әнғам» сүресі, 82-аят).

- **«Имандарын зұлымдықпен былғамағандар»:** яғни оны «әділетсіздікпен» араластырмағандар. Бұл жерде иманға қайшы келетін нәрсе — көпқұдайшылық жайлы айтылған;
- **«Олар тура жолға түсірілгендер»:** 1) Олар бұл дүниеде білімге сүйенген күйде ізгі амалдар жасап, Аллаһтың жолымен жүреді; 2) Ақыретте Жәннатқа қарай жол тартады.
- Бірқұдайшылықтың артықшылықтарының бірі — бұл дүниеде де, Ақыретте де қауіпсіздікке ие болу.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Убада ибн Самиттен (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: **«Кімде-кім Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ екеніне, Оның жалғыз екеніне және Оның серігі жоқ екеніне, Мухаммад Оның құлы әрі елшісі екеніне, сондай-ақ Иса Оның құлы, елшісі және Мәриямға жеткізген Сөзі, әрі Оның жаратқан рухы екеніне, Жәннаттың хақ екеніне және Тозақтың хақ екеніне куәлік етсе, Аллаһ оны амалдарына сай Жәннат бақшаларына кіргізеді»** (әл-Бухари 3435, Муслим 28, әт-Тирмизи 2640).

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Сондай-ақ әл-Бухари мен Муслим Итбаннан мына хадисті жеткізген: **«Расында, кімде-кім Аллаһтың Дидарын қалап: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», — деп айтса, Аллаһ оны Отқа харам етеді»** (Ахмад 44/4, әл-Бухари 425, Муслим 33).

- Араб тіліндегі «шәһида» (**«қуәлік етсе»**) сөзі тілмен мойындауды, жүрекпен сенуді және дене мүшелерімен [амалдар арқылы] растауды білдіреді.
- **«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ»** деген сөйлемнің мағынасы: Аллаһтан өзге құлшылық етуге лайық ешкім де, ештеңе де жоқ, құлшылыққа тек Аллаһ қана лайық.
- «Уахдаһу» (**Ол Жалғыз** немесе **Ол Біреу**) сөзі растауды күшейту үшін айтылған, ал **«және Оның серігі жоқ»** деген тіркес жоққа шығаруды күшейту үшін қолданылған. Әрқайсысы өз мағынасында ерекше орын алады.
- **«Мухаммад»** — Абдуллаһ ибн Абдулмутталибтің ұлы, құрайыш тайпасының хашим әулетінен шыққан, пайғамбарлардың соңғысы.
- **«Иса — Оның құлы»** — 1) Ол Аллаһтың серігі емес; 2) Ол Аллаһқа ең кемел түрде құлшылық еткен адам болған.
- **«және Оның елшісі»** — Ол өзіне уахи етілгенді жеткізу үшін жіберілген. Ол Аллаһқа қатысты жалған сөз айтпаған.
- Бұл қуәлікті бұзатын немесе толықсыз ететін нәрселер: 1) Аллаһқа мойынсұнбау; 2) дінге жаңалық (бидғат) енгізу.

Аллаһқа мойынсұнбауды жалпы мағынада көпқұдайшылықтың бір түрі деп атауға болады. Ал оның түрлерін егжей-тегжейлі талдағанда келесі түрлерге жіктеуге болады: 1) үлкен көпқұдайшылық; 2) кіші көпқұдайшылық; 3) үлкен күнәлар; 4) кіші күнәлар.

- **«Иса — Аллаһтың құлы»** — деген сөздерде христиандарды теріске шығару; **«және Оның Елшісі»** — деген сөздерде яһудилерді теріске шығару бар. Біз оның елшілік миссиясына иман келтіреміз, бірақ біздің шариятымызға қайшы келген жағдайда оған еруіміз міндетті емес. Бізден бұрын өмір сүргендердің шарияттарына ілесу мәселесінде бірнеше нұсқа бар:

- 1) Егер бұл біздің шариғатымызға қайшы келсе, біз тек өзіміздің шариғатымызға ереміз;
- 2) Егер бұл біздің шариғатқа сәйкес келсе, біз бұны қабылдаймыз;
- 3) Егер біздің шариғат бұл туралы үндемесе, онда ол ереже біз үшін де шариғат болып саналады.

Адамдар Исаға қатысты екі шектен шыққан және бір орташыл топқа бөлінеді:

- 1) Яһудилер секілді жүректері қатайғандар, олар оны (Исаны) өтірікке шығарды, оны және оның анасының ар-намысын қорлады, оның пайғамбарлық миссиясын жоққа шығарып, оны өлім жаза-сына кесу туралы шешім қабылдады;
 - 2) Христиандар секілді шектен шыққандар — олар оны Аллаһтың ұлы деп жариялады, оны Үштіктің (Троицаның) бірі деп санады және оны құдайға теңестірді;
 - 3) Орта жолды ұстанушылар — мұсылмандар: біз оның Аллаһтың құлы және Оның елшісі екеніне, оның анасы — шыншыл әйел, әрі ол ары тап-таза болғандығына куәлік етеміз. Иса Аллаһтың алдында Адам пайғамбар сияқты, Аллаһ оны топырақтан жаратты, со-сын оған: «Бол!» — деді, сонда ол жаратылды.
- **«Оның Сөзі»** — өйткені Аллаһ оны «Бол!» деген сөзі арқылы жарат-ты. Иса Аллаһтың бір бөлігі емес, өйткені сөз — Оның сипаттары-ның бірі;
 - **«Оның (жаратқан) рухы»** — Оның жаратылыстарының бірі, Ал-лаһ оның құрметті мәртебесін көрсету үшін Өзіне тиісті етті.
 - **«Аллаһ оны Жәннат бақшаларына кіргізеді»** — Жәннатқа кіру екі түрлі болады:
 - 1) Оған кіруден бұрын жазалау болмаған толыққанды кіру. Бұған амалдары толыққанды болған бірқұдайшыл адам лайық болады.
 - 2) Оған кіруден бұрын жазалау болған толықсыздықпен кіру. Бұ-ған амалдарында кемшілік болған бірқұдайшыл адам лайық бола-ды.
 - **«Кім: “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ”, — десе»** — яғни мұны шынайы түрде, хадистің басыында айтылғандай: **«Аллаһтың Дидарын қалап»** айтқан адам.
 - Бұл хадис екі адасқан ағымды теріске шығарады:

1) Муржия ағымы, олар ислам куәлік сөзін айтудың өзі жеткілікті, ізгі амалдар жасаудың және ықыластылықтың қажеті жоқ деп есептейді;

2) Хауариждер, олар үлкен күнә жасаған адам мәңгілік Отта қалады деп санайды.

Аллаһ Тағала Өзіне (изафет тіркесінде) теліген нәрселер екіге бөлінеді:

Дербес түрде өздігінше бар болуы мүмкін жаратылыстарды Аллаһқа телу, мысалы: «Аллаһтың түйесі». Бұл — жаратылысты Жаратушыға телу. Өздігінше дербес күйде болуы мүмкін кез келген зат немесе тіршілік иесі немесе тұлға жаратылған болып табылады.

Жалпы жаратылысты Аллаһқа телу, мысалы, Аллаһтың мына сөздері: «**Расында, Менің жерім кең**».

Жаратылысты оның құрметті орнын көрсету үшін Аллаһқа телу, мысалы, Аллаһтың мына сөздері: «**Одан болған бір Рух**».

Белгілі сипаттарды телу. Бұл Аллаһ Тағаланың мына сөздеріндей: «**Мен екі қолыммен жаратқанға**». Бұл жерде әлдебір сипаттарды оның иесіне телу жайлы сөз етіледі.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Абу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «**Муса: «Раббым, маған мен Өзіңді солар арқылы зікір ететін және Өзіңе солар арқылы дұға ететін сөздерді үйретші!», — деді. Ол: «Әй Муса! «Лә иләһа илләЛлаһ» («Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ!»), — деп айт!»**, — деді. Муса: «**Бірақ Сенің құлдарыңның барлығы осыны айтады ғой!**», — деді. Ол: «**Әй Муса! Егер жеті көк пен оның Менен басқа мекендеушілері, сондай-ақ жеті қабат жер (Таразының (Мизанның))**

бір табағында болса, ал «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай (ешкім) жоқ» сөздері (оның) басқа табағында болса, осы сөздер қойылған табақ ауыр түседі», — деп айтты” (Ибн Хиббан (2324), Хаким (528/1), хадис әлсіз, бірақ мағынасы дұрыс).

БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естігенін жеткізді: *«Ұлы Аллаһ Тағала былай деді: «Әй Адам баласы, егер сен Маған Жердің көлеміндей күнәлармен келсең, әрі Менің алдыма Маған ешкімді серік қоспаған күйде тұрсаң, онда Мен саған тура сонша кешірім сыйлаймын»*”. Бұл хадисті әт-Тирмизи риуаят еткен және оны сахих деп санаған (Ахмад 172, әт-Тирмизи 3534, әд-Дарими 2791).

- **«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ»** — бұл Аллаһты зікір ету сөздері, әрі бұл сөздер дұғаны (Аллаһқа жалбарынуды) да қамтиды. Өйткені Аллаһты зікір етуші Оның разылығына жетуді қалайды. Бұл — Жәннаттың кілті, алайда кім тістері жоқ кілтпен есікті ашқысы келсе, ол есік оған ашылмайды. Ал бұл куәліктің тістері — оның шарттары.
- **«онда Мен саған сонша кешірім сыйлаймын»** — бірқұдайшылықтың артықшылығының ұлылығы соншалықты, егер адам Аллаһтың алдына Оған ешнәрсені серік қоспаған күйде келсе, онда осы арқылы оның көптеген әрі үлкен күнәлары кешірілетін болады. Сол кезде ол күнәсінің жасырылуына және кешірілуіне лайық болады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһ Тағаланың рахымының кеңдігі.

Екінші. Аллаһ Тағаланың бірқұдайшылықты ұстанған адамға уәде еткен сыйының ұлылығы.

Үшінші. Осыған қоса, бірқұдайшылық — күнәлардың кешірілуінің себебі.

Төртінші. «Әл-Әнғам» сүресіндегі аятының «Сондай иман келтіріп, имандарын зұлымдықпен былғамағандар...» аятының түсіндірмесі.

Бесінші. Убаданың хадисінде келтірілген бес нәрсенің түсіндірмесі.

Алтыншы. Осы хадис пен Итбанның хадисін және одан кейінгі хадисті біріктірсеңіз, «Лә иләһә иллә-Ллаһ» сөздерінің мағынасын және

осы мәселеде алданғандардың қателерін түсінесіз. Өйткені, адам осы сөздер арқылы Аллаһтың Жүзіне ұмтылуы керек, егер ол осылай әрекет етсе, бұл оны игі-салиқалы амалдар жасауға ынталандыруы керек.

Жетінші. Итбанның хадисінде аталған шартқа нұсқау. Яғни бұл сөздерді тілмен ғана айту жеткіліксіз.

Сегізінші. Пайғамбарлар да оларға «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлілігінің артықшылығын еске салуға мұқтаж болғандарына нұсқау. Ал басқа адамдарға бұл жайлы айту одан да маңыздырақ.

Тоғызыншы. Осы куәлік салынған таразы табағы (Қиямет күні) барлық жаратылған нәрселерден ауыр басатынына нұсқау, бірақ осыған қарамастан, бұл куәлікті берушілердің көбісінің таразылары жеңіл болып қалады. Әрі бұның себебі куәліктің өзінде емес, алайда проблема оны айтатын адамда: өйткені ол осы куәліктің шарттарын орындамаған болуы, не онда осы куәлігінің қабыл болуына әлдебір кедергі болуы мүмкін.

Оныншы. Жеті аспан бар секілді, жеті жер де бар. Бұл ұқсастық тек сан бойынша.

Он бірінші. Оларды жандандыратын (мекендейтіндер) бар. Яғни аспандарды мекендейтіндер, әрі бұл жерде періштелер жайлы айтылған.

Он екінші. Бұда, әшғарилерден ерекше, Аллаһтың сипаттарын бекіту бар. Яғни Аллаһтың сипаттарын жоққа шығаратындар немесе бұрма-лап тәпсірлейтіндерден ерекше. Бұл жерде Аллаһтың Жүзін растау туралы айтылған.

Он үшінші. Егер сіз Әнастың хадисін түсінсеңіз, онда Итбанның хадисінде айтылған «**Расында, кімде-кім Аллаһтың Дидарын қалап: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», — деп айтса, Аллаһ оны Отқа харам етеді**» деген сөздер көпқұдайшылықтан тек сөзбен ғана бас тарту жеткілікті емес екеніне нұсқайтынын білесіз.

Он төртінші. Иса және Мухаммад (олардың екеуіне де Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың құлдары мен елшілері екендері жайлы ойлан.

Он бесінші. Исаның ерекшелігін түсіну, өйткені ол Аллаһтың («Бол!» деген) сөзімен жаратылды. (Сондай-ақ ол әкесіз жаратылды.)

Он алтыншы. Оның Аллаһтан болған рух (жан) екендігін түсіну. (Яғни ол Аллаһ жаратқан жандардың бірі.)

Он жетінші. Жәннат пен Тозаққа сенудің артықшылықтары. (Бұл Жәннатқа кірудің себептерінің бірі).

Он сегізінші. «...амалдарына сәйкес...» сөздерін түсіндіру.

Он тоғызыншы. Қияметтегі Таразының екі табағы бар екендігін білу.

Жиырманшы. Аллаһтың Жүзі бар екенін білу. (Әрі бұл Аллаһтың сипаттарының бірі.)

3. Таухидты лайықты түрде ұстанған адам Жәннатқа есеп-хисапсыз кіретіндігі жайлы тарау

Бұл тараудың мақсаты — адамдарды бізге парыз болған бірқұдайшылықты дұрыс ұстануға шақыру. Мұның мәні бірқұдайшылықты ширк, бидғат және күнәлардың қоспаларынан тазарту болып табылады. Ал бұл білім, иман және (Аллаһтың әмірлерін) орындау арқылы жүзеге асады. Жалпы айтқанда, бірқұдайшылықты жүзеге асыру осы тарауды оқып, түсінумен, ал егжей-тегжейлі түрде айтсақ, келесі нәрселер арқылы жүзеге асады:

- 1) Ибраһим пайғамбарға ﷺ еру;
- 2) Ізгілердің имамдарына (сахабаларға) ілесу;
- 3) Адам жалғыз қалса да бірқұдайшылықта бекем болу;
- 4) Аллаһқа тәуекел ету және дем салу мен күйдіруді сұрауды және ырымдарды тастау арқылы.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: **«Расында, Ибраһим нағыз Аллаһқа бойсұнушы, ханиф басшы еді әрі ол көпқұдайшылардан болмады»** («ән-Нәхл» сүресі, 120-аят).

Бұл аятта Ибраһим пайғамбарды (оған Аллаһтың сәлемі болсын) мақтау бар. Біз оны жақсы көріп, соңынан еруге міндеттіміз. Олай болса, оның соңынан ергенімізге сәйкес мақтауға да лайық боламыз. Өйткені ол осы аятта айтылған алты амал арқылы бірқұдайшылықты өз өмірінде жүзеге асырды:

- **«Басшы»** — ісімен, ыждағаттылығымен және Аллаһқа тәуекел етуімен үлгі алуға лайық адам.
- **«Бойұсынушы»** — үнемі Аллаһқа құлшылық пен мойынсұнушылық күйінде болған адам.
- **«Аллаһқа»** — ықыластыққа нұсқау.
- **«Ханиф»** — көпқұдайшылықтан және Аллаһқа мойынсұнушылыққа қайшы келетін барлық нәрселерден аулақ болып, Аллаһқа қарай ұмтылған адам.

- «**Ол көпқұдайшылдардан болмады**» — көпқұдайшылдықтан және көпқұдайшылдардан (жүрекпен, тілмен және денемен) аулақ болу.
- «**Ол Аллаһқа нығметтер үшін шүкір етуші еді**» — өйткені Аллаһ берген нығметтер сынақ болып табылады және бұған міндетті түрде шүкіршілік таныту қажет.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) әкесі Азар кәпір болып қайтыс болды, өйткені Аллаһ Тағала былай деді: «**Оған әкесінің Аллаһтың дұшпаны екені белгілі болған кезде, одан бас тартты**»;
- Нухтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) әкесі мүмин болған, Құранда оның: «**Раббым! Мені және ата-анамды кешір**» деп айқаны баяндалған.
- Имам Ахмад былай деген: «Үш санаттағы қиссалардың жиі жағдайларда жеткізушілер тізбегі (иснады) болмайды: жекпе-жектер туралы, бүлік туралы және кейбір аяттардың түсіндірмесі туралы». Сондықтан мұндай қиссалар көп жағдайда иснадсыз айтылады. Бірақ Аллаһтың сөздері мен Оның Елшісінің ﷺ сүннетіндегі уахилардан басқа ешкім бұрынғы қауымдар туралы нақты ештеңе біле алмайды.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Олар Раббыларына серік қоспайды**» («әл-Муминун» сүресі, 59-аят).

- «**...серік қоспайды**» — бұл жерде көпқұдайшылықтың жалпы мағынасы жайлы айтылған, өйткені бірқұдайшылықты бұдан өзгеше тәсілмен жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл мүминдердің ешбір күнә жасамайтынын білдірмейді, өйткені әрбір адам күнә жасауы мүмкін және ол одан қорғалмаған. Алайда, мүминдер күнә жасаса, ізінен тәубе етіп, одан әрі оны жалғастырмайды.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Хусайн ибн Абд әр-Рахманның былай деп баяндағаны жеткізіледі: “Бірде мен Сағид ибн Жубәйрдің жанында болғанымда, ол: «Қайсыларың

түнде ағып түскен жұлдызды көрдіңдер?» — деп сұрады. Мен: «Мен көрдім», — дедім. Содан соң мен: «Бірақ мен намазда емес едім, мені (бір нәрсе) шаққан болатын», — деп айттым. Ол: «Ал сен (оған) не (ем) істедің?» — деп сұрады. Мен: «Дем салдым», — дедім. Ол: «Бұған сені не итермеледі?» — деп сұрады. Мен: «Әш-Шәғбидің бізге баяндағаны», — деп жауап бердім. Ол: «Ол сендерге нені баяндаған еді?» — деп сұрады. Мен: «Ол бізге Бурайда ибн әл-Хусайбтың: «Дем салуды тек көз тигенге және жыланның немесе шаянның шағуына қарсы оқуға болады», — деп айтқанын баяндаған болатын», — деп жауап бердім. Ол: «Естігенін ұғып алған кісі нендей жақсы! Алайда Ибн Аббас бізге Пайғамбардың ﷺ: **«Маған үмметтер көрсетілді. Мен жанында азғантай топ адам болған пайғамбарды, әрі жанында бір-екі адам болған пайғамбарды, және қасында ешкім болмаған пайғамбарды көрдім. Кенет менің алдымда өте көпшілік болған адамдар пайда болды да, мен оларды үмметім деп ойлап қалдым. Бірақ маған: «Бұл — Муса мен оның қауымы» деп айтылды. Кейін мен тағы да өте көпшілік адамдарды көрдім, әрі маған: «Міне, осы — сенің үмметің. Олардың жетпіс мыңы Жәннатқа есеп-хисапсыз және азапталмай кіреді»,** — деп айтылды». Кейін ол орнынан тұрып, үйіне кіріп кетті. Адамдар осы Жәннаттың тұрғындары туралы талқылауға түсіп кетті де, олардың кейбіреулері: «Олар — Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары болатын шығар», — деді. Басқалары: «Бәлкім, бұл Исламның кезінде туылып, Аллаһқа еш нәрсені серік қоспағандар болатын шығар», — деді. Басқа да пікірлер айтылып жатты. Ал олардың алдына Аллаһтың Елшісі ﷺ шығып, олар оған осы туралы хабарлаған кезде, ол: **«Бұл өздеріне дем салуды және күйдіріп ем жасауды сұрамайтындар, ырым жасамайтындар және Раббыларына ғана тәуекел ететіндер»,** — деді. Сол кезде Уккаша ибн Михсан орнынан тұрды да: «Аллаһқа дұға етіңізші, мен де солардың біреуі болайыншы», — деді. Пайғамбар ﷺ: **«Сен солардың ішінде боласың»,** — деді. Содан соң басқа бір ер кісі де орнынан тұрып: «Аллаһқа дұға етіңізші, мен де солардың біреуі болайыншы», — деді. Сонда ол: **«Уккаша бұда сенен озды»,** — деп жауап берді» (әл-Бухари 3410, Муслим 220, әт-Тирмизи 2448, әд-Дәrimi 2810, Ахмад 271/1).

- **«Көз тию»** — көреалмаушылығы бар адамның қарауының салдары.
- **«Сені бұған не итермеледі?»** — әдептілік ережелерін ескере отырып, дәлелді талап етудің рұқсат етілгендігі.
- **«Руқияны жаман көзге немесе әлдебір жәндік шаққанға қарсы**

оқуға болады», яғни бұндай жағдайларда шариғатпен заңдастырылған дем салудың шарттарын сақтай отырып оны оқудан артық ем жоқ. Алайда бұл оларды басқа жағдайларда оқуға болмайды дегенді білдірмейді.

- **«Азғантай топ адам»** — яғни үштен тоғызға дейін.
- **«Өздеріне руқия оқылуын сұрамайтындар»** — бұл келесі себептермен:
 - 1) Аллаһқа деген тәуекелдің күштілігі;
 - 2) Аллаһтан басқа ешкімнің алдында өзін төмен етпеу;
 - 3) Аллаһтан басқа ешкіммен жүректі байламау.
- Хадистің **«Олар руқия оқымайды»** деген нұсқасына келсек, бұл нұсқа қате, өйткені шейх әл-Ислам айтқандай: «Пайғамбарымыз ﷺ руқия оқыған, Жәбірейіл мен Айша да оған руқия оқыған, бұған қоса сахабалар да руқия оқыған».
- Руқия оқуды сұрауға қатысты адамдар келесі топтарға бөлінеді:
 - 1) Өздеріне руқия оқуды сұрайтын адамдар. Мұндай адамдар жетпіс мың адамның бірі болу мүмкіндігінен айырылады;
 - 2) Оны оқитындарға қарсылық жасамайтындар. Мұндай адамдар жетпіс мың адамның бірі болу мүмкіндігінен айырылмайды, өйткені олар оны оқуды сұрамайды.
 - 3) Оны оқуға қарсылық жасайтындар. Мұндай әрекет сүннетке қайшы келеді, өйткені Пайғамбарымыз ﷺ Айша анамызға, ол оған руқия оқығанда қарсылық жасамаған.
- **«Өздеріне күйдіру жасауды сұрамайтындар»** — яғни әлдебіреуден өздеріне мұны жасауды сұрамайтындар.
- **«Ырым жасамайтындар»:** ырым (татойюр) — бұл адамдардың белгілі бір жерге немесе уақыт кезеңіне қатысты көрген, естіген немесе білген нәрселері себепті жаман белгі жасауы. Бұл кіші көпқұдайшылықтың көрінісі.
- Осы үш амалдан басқа ешбір нәрсе адамның Жәннатқа есепсіз және жазасыз кіретіндерден болуына кедергі болмайды. Өйткені, емдеудің рұқсат етілгендігін көрсететін діни мәтіндер бар, сонымен қатар бал мен қара зере сияқты кейбір дәрі-дәрмектерді қолдану бойынша да шариғи ұсыныстар бар.

Үмметтер екіге бөлінеді:

Жауап берген үммет (Умматуль-ижәба).

Аллаһтың және Оның Елшісінің ﷺ шақыруына жауап бергендер.

Шақыру бағытталған үммет (Уммату-д-дағуа).

Ол өзінің құрамына шақыруға жауап бергендерді де, жауап бермегендерді (кәпірлерді) де қамтиды.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Адамдардың бірқұдайшылыққа қатысты дәрежелерінің айырмашылығы.

Екінші. «Бірқұдайшылықты жүзеге асыру» не мағынаны білдіреді? (Оны көпқұдайшылықтан, бидғаттар мен күнәлардан тазарту.)

Үшінші. Аллаһтың Ибраһимді мақтауы, өйткені ол көпқұдайшылардан болмаған.

Төртінші. Аллаһ Тағаланың ізгілердің басшыларын, олар көпқұдайшылықтан сақталғандары үшін мақтауы.

Бесінші. Руқия мен күйдіруді тастау — бірқұдайшылықты жүзеге асырудың көрінісі. (Бұл жерде адамның өзгеден өзіне руқия оқуды немесе күйдіру жасауды сұрауы жайлы айтылған.)

Алтыншы. Бұл сипаттарға ие болу Аллаһқа тәуекел етудің көрінісі болып табылады. (Өйткені адам бұл амалдарды Аллаһқа тәуекел еткендігі үшін тастайды.)

Жетінші. Сахабалардың мұндай дәрежеге тек жақсы амалдар жасау арқылы ғана жетуге болатындығына қатысты терең түсінігі. (Яғни ықыласты).

Сегізінші. Олардың жақсылыққа ұмтылуы. (Өйткені олар бұл нәтижеге жетуді қалайды.)

Тоғызыншы. Бұл үмметтің санына және сапалығына қатысты артықшылықтары. (Бұл жерде бұл үмметтегі адамдардың саны мен олардың ізгі амалдары жайлы айтылған.)

Оныншы. Мусаға ерген оның сахабаларының артықшылықтары.

Он бірінші. Пайғамбарымызға ﷺ үмметтер келесі нәрселер үшін көрсе-

тілді: (1) Оның көңілін жұбату үшін; 2) Оның артықшылығы мен құрметті орнын көрсету үшін.)

Он екінші. Барлық үмметтер бөлек-бөлек болып, өз пайғамбарларымен қайта тірілтіледі.

Он үшінші. Пайғамбарлардың шақыруына жауап беретін адамдардың аз екендігі.

Он төртінші. Шақыруларына ешкім жауап бермеген пайғамбарлар Қиямет күні жалғыз келеді.

Он бесінші. Бұл білімнің жемістері: 1) көпшілікпен алдануға болмайды. (Өйткені адам солармен бірге жойылып кетілуі мүмкін); 2) азшылық топтың қадір-қасиетін менсінбеуге болмайды. (Өйткені азшылық болған адамдар көпшілік болған адамдардан жақсырақ болуы мүмкін.)

Он алтыншы. Жаман көз тигенде және әлдебір жәндік шаққанда (шариғат бекіткен) руқияны оқудың рұқсат етілгендігі. (Оларды басқа кездер де оқуға болады.)

Он жетінші. Салиқалы сәләфтардың білімінің тереңдігі. Бұл: «Естігенді түсінген жақсы, алайда...» деген сөздерде көрініс тапты. Осылайша бірінші хадис екінші хадиске қайшы келмейтіндігі түсінікті болады.

Он сегізінші. Салиқалы сәләфтар жасамаған істері үшін өздерін мақтаудан алыс болған.

Он тоғызыншы. «Сен олардың бірі боласың» деген сөздер пайғамбарлық миссияның ақиқаттығының белгісі.

Жиыrmасыншы. Уккашаның артықшылығы. (Өйткені ол Жәннатқа есепсіз және жазасыз кіретін болады.)

Жиырма бірінші. Сұранысқа жауап бермеу үшін сөз тіркестерін пайдалану. (Пайғамбарымыз ﷺ мұны келесі себептермен жасаған болуы мүмкін: 1) өйткені сұрақ қойған адам екіжүзділерден болған; 2) немесе Пайғамбарымыз ﷺ бұл дәреже мен артықшылықты оған лайық емес адамдар сұрайтындары үшін, бұл есіктерді ашуға қорықты.)

Жиырма екінші. Пайғамбарымыздың ﷺ көркем мінез-құлқы.

4. Көпқұдайшылықтан қорқу қажет екендігі жайлы тарау

Не себепті автор бұл тарауды бірқұдайшылықты лайықты түрде ұстанған адам Жәннатқа есеп-хисапсыз кіретіндігі туралы тараудан кейін келтірілді?

1) Үшінші тараудан кейінгі әрбір тарауда бірқұдайшылықты қалай лайықты түрде ұстану керектігі баяндалады, яғни кітаптың соңына дейін кім осыны қаласа, сол ширктен қорқуы, бірқұдайшылыққа шақыруы керек деген және сол секілді тараулар келтіріледі.


2) Адам өзін бірқұдайшылықты лайықты түрде ұстанамын деп есептеуі, бірақ бұл шын мәнінде олай емес болуы мүмкін. Сондықтан ол өз-өзімен сүйсініп алданбауы қажет.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «Аллаһ Өзіне серік қосқанды кешірмейді, бірақ одан өзге күнәларды қалағанына кешіреді» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят).

Аллаһтың сүйіктісі Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын) былай деген: «Мені және балаларымды пұттарға құлшылық етуден аулақ қыл» («Ибраһим» сүресі, 35-аят).

Ширктен қалай қорқып-сақтану қажет?



- Егер адам көпкұдайшылықта [тәубе етпей] қайтыс болса, Аллаһ Тағала бұл күнәны ешқашан кешірмейді. Өйткені, бұл Аллаһтың ерекше құқығы — біркұдайшылыққа қарсы қылмыс. Сондықтан кім үлкен ширк жасап жүрген күйінде қайтыс болса, сол Тозақта мәңгі қалады. Ал егер ол кіші көпкұдайшылық жасаған болса, сол осы көпкұдайшылықтың мөлшеріне сай жазаланып, тек содан соң Жәннатқа кіреді. Мұндай адам Тозақта мәңгі қалмайды, өйткені ол мүминдерден.
- «**аулақ қыл**», яғни пұтқа табынушыларды менен мүмкіндігінше алыстат, мен оларға мүлде қарама-қарсы жақта болайын.
- «**пұттарға**» — пұт («сонам») — Аллаһтан басқа ғибадат етілетін және белгілі бір бейнесі (мүсіні) бар нәрсе. «Уәсән» — Аллаһтан басқа оның қандай да бір суреті бар-жоғына қарамастан құлшылық етілетін нәрсе. «Уәсән» «сонамға» қарағанда жалпылама ұғым.
- Ибраһим пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһтың сүйіктісі, біркұдайшылардың басшысы (имамы) бола тұра өзі үшін ширктен қорықты. Сонда біз туралы не айта аламыз?! Сондықтан ширк пен екіжүзділіктен аманмын деп ойламау керек. Өйткені, екіжүзділер ғана екіжүзділіктен аманмын деп ойлайды.

ҮШІНШІ, ТӨРТІНШІ ЖӘНЕ БЕСІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Хадистердің бірінде былай деп айтылған: «**Мен бәрінен де көбірек сендер кіші ширк жасайсыңдар ма деп қорқамын**». Одан: «Бұл не?», — деп сұраған кезде, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**(Амалдардағы) көзбояушылық (рия)**», — деп жауап берді (имам Ахмад 429, 428/5, әт-Табарани «Мулжам әл-Кабир» 253/4 және 4301). Ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «**Кімде-кім Аллаһқа теңдес қосып қайтыс болса,**

Тозаққа кіреді». Хадисті әл-Бухари жеткізген (Бухари 4497, Муслим 92).


Муслимде Жәбірден (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: **«Кімде-кім Аллаһты Оған ешкімді серік қоспай кездестірсе, Жәннатқа кіреді, ал кім Оны Оған әлдебіреуді серік қосып кездестірсе, Тозаққа кіреді»** (Муслим 93, Ахмад 345/3).

- **Амалдардағы көзбояушылық (рия) —** бұл құлшылық етушінің Аллаһқа адамдар көретін немесе еститіндей, сөйтіп оны жасаған құлшылықтары үшін мақтайтындай етіп ғибадат етуі. Яғни ол құлшылықты адамдарға арнамайды, әйтпесе бұл үлкен көпқұдайшылық болар еді. Ал егер ол өз ғибадат амалдарын адамдар одан үлгі алсын деген ниетпен көрнекі етіп жасаса, бұл рия болмайды. Керісінше, бұл Аллаһқа шақыру. Адам келесі нәрселерді орындау арқылы риядан сәлемет бола алады:
 - 1) Бірқұдайшылықты оқып-білу. Өйткені, оны оқып-үйрену адамның жүрегінде Аллаһты ұлықтайды, ал содан кейін ол әлдебір іс Аллаһтың дініне қатысты болса, ешкімге мән бермейтін болады.
 - 2) Аллаһқа дұға етіп, жалбарыну.
 - 3) Ғибадатты, ол адам мен Раббысының арасында ғана болуы үшін, оңаша (құпия) жасау.
 - 4) Риядан қорқып, игі амалдарды жасауды тастамау.
 - 5) Ақыретті еске салатын амалдарды көп жасау, мысалы, қабірлерді шарифатқа сай зиярат ету.

Пайғамбарымыз ﷺ риядан Дәжжалдан да қаттырақ сақтандырған?

1) Өйткені Дәжжалға қатысты үмметке түсетін сынақ — анық, ал рия — жасырын;


2) Дәжжалдың бүлігі белгілі белгі бір уақытта ғана (Қиямет күнінің қарсаңында) орын алады, ал рияның бүлігі әрдайым болады.



- **«Теңдес»** — ұқсас.
- **«Тозаққа кіреді»** — бұл Аллаһқа теңдес қосқандардың жазасы.
- **«Қандай да бір»** — бұл кез келген серік қосуды қамтиды, тіпті серік етіп ең ардақты жаратылыс қойылса да.
- **«Ал кім Оны Оған әлдебіреуді серік қосып кездестірсе, Тозаққа кіреді»** — егер кіші ширк туралы айтатын болсақ, онда адам Отта мәңгі қалмайды, ал егер ол үлкен көпқұдайшылық болса, онда ол Тозақта мәңгі қалады.
- **Көпқұдайшылық** — расында, ең ұлы күнә, алайда Аллаһ Тағала адамдар үшін құлшылықтағы ықыластылықты жеңілдетті.

Адам өзінің ғибадаты арқылы Аллаһтың Жүзіне ұмтылуы, адамдардың мақтауына да, олардың сөгіс пен сын айтуына мән бермеуі керек. Өйткені, адамдар оған ешқандай пайда әкелмейді.

- Сондай-ақ, адамдар оның айтқан сөзіне құлап салып, қабылдаса, ол бұны өзінің айтқандығы себептен орын алды деп масаттанып, қуанбауы керек. Алайда, адамдар оның сөздерін олар шындыққа сай болғандығы себепті қабылдағанына қуануы керек. Керісінше болған жағдайда да дәл солай болуы тиіс. Ықылас — оңайлықпен қол жете бермейтін мақсат, бірақ адам тура жолды ұстанып, Аллаһқа шынайы әрі дұрыс бет бұрса, Аллаһ Тағала оған жәрдем етіп, бұл мақсатына жетуді жеңілдетеді.



Үлкен және кіші көпқұдайшылықтың айырмашылығы

Үлкен көпқұдайшылық:

- Діннен шығарады;
- Бүкіл амалдарды жойып жібереді;
- Адамды мәңгілікке Тозаққа кіргізеді;
- Әмірші үшін мұны жасаған адамның қаны мен мал-мүлкін халәл қылады;
- Бұл үлкен көпқұдайшылық екендігіне дәлелдер бар;
- Адамның әлдебір себептің (құралдың) Ғаламда өздігінше (Аллаһтың қалауынан) тыс пайда келтіретіндігіне немесе зиянды келтіретіндігіне сенуі үлкен көпқұдайшылық болып табылады.

Кіші көпқұдайшылық:

- Діннен шығармайды;
- Барлық амалдарды емес, тек құрамында кіші көпқұдайшылық бар амалдарды жойып жібереді;
- Оны жасаған адам Тозаққа мәңгілікке кірмейді;
- Оны жасаған адамның қаны мен мүлкі халәл болмайды;
- Бұл кіші көпқұдайшылық екендігіне дәлелдер бар;
- Кіші көпқұдайшылықты жасаған адам Аллаһ себеп қылмаған нәрселерді себеп қылады;
- Үлкен көпқұдайшылыққа апаратын кез-келген нәрсе кіші көпқұдайшылық болып табылады;
- Егер «көпқұдайшылық» немесе «күпірлік» сөзі шарифат мәтіндерінде белгісіздік райында (яғни «әл» деген артиклсіз) келсе, әдетте, бұл кіші көпқұдайшылық болады.

ҚАРАСТЫРЫЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Көпқұдайшылық жасаудан қорқу.

Екінші. Ізгі амалдарды көрер көз үшін жасау (рия) — көпқұдайшылықтың көрінісі.

Үшінші. Ол дәл (тек) кіші көпқұдайшылықтың көрінісі болып табылады. Яғни бұл жерде оның азғантай мөлшерде жасалуы туралы айтылуда.

Төртінші. Рия — салиқалы адам үшін ең үлкен қауіп. (Өйткені, ол

адамның жүрегіне еніп кетуі, ал ол мұны сезбей қалуы мүмкін, себебі ол өте жасырын. Сондай-ақ, көптеген адамдардың нәпсілерінің болмысы басқалардың оны мақтағанына ұмтылады).

Бесінші. Жәннат пен Тозақтың жақындығы.

Алтыншы. Олардың жақындығына бір хадисте нұсқау.

Жетінші. Егер біреу Аллаһты Оған серік қосқан күйінде кездестірсе, ол қанша көп құлшылық қылғандардан болса да, Тозаққа кіреді. (Егер ол үлкен көпқұдайшылық жасаған болса, ол ешқашан Жәннатқа кірмейді; егер ол кіші көпқұдайшылық жасаған болса, онда ол көпқұдайшылық пен күнәға батқанына сәйкес азапқа ұшырайды да, содан кейін Жәннатқа кіре алады).

Сегізінші. Маңызды мәселе: Аллаһтың сүйіктісі (Ибраһим пайғамбар) Аллаһтан өзі және балалары үшін пұттарға құлшылық етуден қорғаныш сұраған.

Тоғызыншы. Ол көптеген адамдардың хәлін көріп, тұжырым шығарды, бұл оның мына сөздерінен белгілі болады: «**Раббым! Олар көптеген адамдарды адастырды**».

Оныншы. «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» куәлігінің имам әл-Бухари келтірген түсіндірмесі.

Он бірінші. Көпқұдайшылықтан сақтанған адамның артықшылығы. (Ол Жәннатқа кіреді).

5. «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» куәлігіне шақыру жайлы тарау

Автор бұл тарауды не себепті келтірді?

1. Автор бірқұдайшылықты ұстану қажеттігін көрсеткеннен кейін, басқаларды да оған шақыру қажеттігін көрсеткен. Өйткені, адам бірқұдайшылыққа шақырмаса, оның иманы толық болмайды.
2. «Адамдар ең бірінші шақырылатын нәрсе — бес уақыт намаз оқу» дегендерді теріске шығару.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: **«Менің жолым — осы. Мен және маған ергендер Аллаһқа айқын дәлел үстінде шақырамыз...»** («Юсуф» сүресі, 108-аят).

- **«Менің жолым»:** Пайғамбардың ﷺ алып келген шарияты мен Аллаһқа шақыруына байланысты нәрселер.
- **«Аллаһқа»:** шақырушылар екіге бөлінеді:
 - 1) Аллаһқа шақыратындар;
 - 2) Басқа нәрсеге шақыратындар.
- **«Айқын дәлел үстінде»:** бұл келесі нәрселерді қамтиды:
 - 1) діни білім;
 - 2) шақырылатын адамның хәлі жайлы хабардар болу;
 - 3) даналық.
- **Шақыру шарттары:**
 - 1) шын ықыластылық;
 - 2) діни білім;
 - 3) даналық;
 - 4) шақырылатын адамның хәлі жайлы хабардар болу;
 - 5) сабырлық.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте айтылғандай, Аллаһтың Елшісі ﷺ Муғазды Йеменге жіберген кезде оған былай деді: **«Расында, сен Кітап иелерінен болған қауымға барасың. Ендеше, оларды ең бірінші шақыратын нәрсең «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» деген куәлік болсын** (басқа риуаятта: **«Оларды жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге шақыр»**, — деп келеді). **Егер олар осыда саған бағынса, оларға Аллаһ оларды күніне бес уақыт намазбен міндеттегенін білдір. Егер олар осыда да саған бағынса, онда оларға Аллаһ олардың байларын кедейлеріне зекет берумен міндеттегенін мәлімде. Егер олар осыда да саған бағынса, онда олардың таңдаулы мал-мүлкіне қол сұғушы болма, әрі жәбірленушінің дұғасынан қорық, өйткені оны мен Аллаһтың арасында бөгет жоқ»** (әл-Бухари 1395, Муслим 19, әт-Тирмизи 625, Абу Дауд 1584, Ахмад 233/1).

Хадисте келесі нәрселерге нұсқау бар:

1. Аллаһқа шақырушыларды жіберудің шариғи заңдылығы және оларды оқытып, үйретудің маңыздылығы.
2. Аллаһтың Елшісі ﷺ тек бір адамды жіберді, ал бұл өз кезегінде, егер мәселе тіпті наным-сенімге қатысты болса да, жалғыз жеткізушіден келген хабарды (хабар әл-уахид) қабылдау қажеттігін көрсетеді.
3. Пайғамбар ﷺ дағуат жасау үшін белгілі бір күн санын белгілемеді, алайда шақырушы сол жерде қажетті уақытқа дейін қалуы тиіс.
4. Ақиқатқа қайшы келетіндерді шақыру әдісіне нұсқау бар. Ең жақсы әдіс — пікірталас-талқылау жүргізу емес, бірқұдайшылыққа шақыру.
5. Исламға ғана шақырудың өзі жеткіліксіз, алайда адамдарға олардың міндеттерін де түсіндіру қажет, сонда ғана олар бұған мойынсұнады. Дегенмен, хадисте көрсетілген тәртіпті сақтау қажет.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Сәхл ибн Сағдтан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһтың Елшісі ﷺ Хайбар шайқасы кезінде былай дегені айтылады: **«Ертең мен Аллаһ пен Оның Елшісін жақсы көретін әрі Аллаһ пен Оның Елшісі оны жақсы көретін адамға ту ұстатамын, және Аллаһ ол арқылы жеңіс нәсіп етеді»**. Адамдар бұл тудың кімге бе-

рілетінін талқылап, түнді үлкен толқу үстінде өткізді. Таңертең олар Аллаһтың Елшісіне ﷺ келді, әрі әрқайсысы туды алуға үміттенді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «**Али ибн Абу Талиб қайда?**» — деп сұрады. Олар: «Ол көзінің ауруына шағымданып жатыр», — деп жауап берді. Пайғамбар ﷺ оны шақыртты. Али келген соң, Пайғамбар ﷺ оның көзіне түкіріп, ол үшін Аллаһқа дұға жасады. Сол сәтте-ақ Алидің көзі дерттен айығып, ешқашан ауырмағандай болды. Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ оған туды беріп: **«Олардың қонысына жеткенше бірте-бірте жылжып отыр. Оларға Исламға кіруді ұсынып, Аллаһ алдындағы міндеттерін түсіндір. Себебі, Аллаһпен ант етемін, егер Аллаһ сен арқылы бір адамды болса да тура жолға салса, бұл сен үшін қызыл түйелерге ие болудан да қайырлы»,** — деді (әл-Бухари 2942, Муслим 2406).

- Аллаһтың жақсы көру деген сипатқа иесі екендігіне, Оның жақсы көретініне және Оны құлдары жақсы көретініне нұсқау бар. Алайда Аллаһтың жақсы көруі құлдарының Оны жақсы көруіне ұқсамайды.
- Адамның белгілі бір нәрседегі артықшылығы оның барлық жақтан абсолютті артықшылыққа те екенін білдірмейді. Мысалы, Пайғамбар ﷺ Абу Убайданы (Аллаһ оған разы болсын) «Бұл үмметтің сенімдісі» деп атағаны, оның ең абзал сахаба екенін білдірмейді. Бұл Муазға да қатысты.
- **«Қызыл түйелер»:** арабтар оларды иеленуді қатты қалағандықтан, дәл осы түйелер аталған.

Әдеттен тыс құбылыстардың төрт түрі бар.
Сөз адамның табиғи әдеттілікке қайшы келетін (ғажайып) нәрселер жасауы туралы болуда, мысалы, адамның судың үстін басып жүруі.

Аят (белгілер): олар тек пайғамбарларға ғана тән. Олар мұғжиза деп аталмайды, өйткені олар Құранда осылай сипатталған. Пайғамбарлардан басқа адамдардан да мұғжизалар орын алуы мүмкін. Ал аят-белгілерге келсек, Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болғаннан кейін олар ешкімнің тарапынан орын алуы мүмкін емес.	Карома (кереметтер): Аса Мейірімді Аллаһтың әулиелеріне тән. Олар иман мен тақуалық сияқты қасиеттерді бойына жинағандар. Мұндай кереметке Үңгір Иелері деп аталған жігіттердің басынан өткен оқиға мысал бола алады.	Бүлік-фитна болған мұғжизалар: бұл шайтанның әулиелеріне тән, біз мұндай адамдарды бірден, оның хәліне қарап тани аламыз: оның бойында иман мен тақуалық жоқ. Мұндай нәрселерге Дәжжал жасайтын керемет құбылыстар мен амалдарды жатқызуға болады.	Фадыха (масқара): Кімде-кім Аллаһқа жала жапса, Аллаһ оны Ақыреттен бұрын-ақ бұл өмірдің өзінде масқара етеді. Бұған мысал ретінде өтірікші Мусайлиманың науқас адамның көзіне түкіріп, оның мүлде соқыр болып калғанын келтіруге болады.
---	---	--	---

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһқа шақыру — бұл Аллаһ Елшісінің ﷺ және оған ілесушілердің жолы. (Бұл — елшілер мен олардың ізбасарларының жолы).

Екінші. Ихласқа (шын ықыласқа) ерекше мән беру, өйткені көптеген адамдар ақиқатқа шақырып жүргенімен, шын мәнінде өздеріне ілесуге үндейді.

Үшінші. Істің мән-жайын терең түсіну (басыйра) — дағуаттың міндетті шарттарының бірі. (Дінге шақыру міндет болғандықтан, оған қажетті білім де міндетті).

Төртінші. Таухидтың (бірқұдайшылықтың) көркемдігінің куәсі — Ұлы Аллаһты барлық кемшіліктерден пәктеп дәріптеу.

Бесінші. Ширктің (көпқұдайшылықтың) жиіркеніштігіне дәлел — оның Аллаһты кемшіліктермен сипаттауы. (Таухид ұстанушысы Аллаһта ешбір кемшілік жоқ екеніне нық сенеді).

Алтыншы. Ең маңызды мәселелердің бірі — мұсылманның көпқұдайшылдардан (мушриктерден) алыс болуының қажеттілігі. Себебі, егер ол олардың арасында болса, тіпті Аллаһқа серік қоспаса да, сырттай солардың бірі болып көрінеді, ал бұл — қауіпті нәрсе.

Жетінші. Таухид (бірқұдайшылық) — мұсылманға ең бірінші парыз болған міндет.

Сегізінші. Шақыру ең алдымен бірқұдайшылықтан басталуы керек, тіпті намазға шақырудан да бұрын.

Тоғызыншы. «Оларды жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге шақыр» деген сөздің мағынасы — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ» деген куәлікті түсіндіру.

Оныншы. Адам Кітап иелерінің жолын ұстанушы болуы, бірақ осы орайды сол кітапты білмеуі немесе соған сай амал етпеуі мүмкін.

Он бірінші. Ілім беруде біртіндеп үйрету қағидасының маңыздылығына нұсқау.

Он екінші. Ең маңызды нәрседен бастап, содан кейін ғана басқасына көшу керек. (Алдымен таухид, содан кейін намаз, содан кейін зекет).

Он үшінші. Зекетті алуға лайықты адамдардың кейбір санаттарын атау. (Жалпы саны — сегіз санат).

Он төртінші. Ұстаз шәкіртінің күмәнін және қате түсініктерін жоюы тиіс. (Бұл — білім беру және білімсіздікті жою арқылы жүзеге асатын іс).

Он бесінші. Зекетке мал-мүліктің ең жақсысын алуға тыйым салынады.

Он алтыншы. Зұлымдыққа ұшыраған адамның дұғасынан сақтану керек.

Он жетінші. Зұлымдыққа ұшыраған адамның дұғасы мен Аллаһтың арасында ешбір бөгет жоқ екеніне дәлел. (Бұл — ескерту әрі еске салу).

Он сегізінші. Бірқұдайшылықтың айқын белгілерінің бірі — барлық пайғамбарлардың ең абзалы әрі Аллаһқа ең жақын құлдың (яғни Мухаммадтың ﷺ басынан өткен қиыншылықтар, ауыртпалықтар, аурулар мен аштық. (Бұл — Хайбардың алынуы кезінде болған оқиғаларға қатысты).

Он тоғызыншы. «Расында, ертең мен туды.... беремін» деген сөздер — пайғамбарлықтың белгісі.

Жиырмасыншы. Пайғамбарымыздың ﷺ Алидің көзіне түкіруі — оның пайғамбарлық белгісі екеніне дәлел.

Жиырма бірінші. Алидің (Аллаһ оған разы болсын) артықшылығы. (Бұл — мүминдердің әміршісінің дәрежесінің жоғарылығының дәлелі).

Жиырма екінші. Сол түні тудың кімге берілетіні туралы талқылаған сахабалардың қадір-қасиеті.

Жиырма үшінші. Тағдырға иман: туды оған ұмтылмаған адам алды, ал оған қол жеткізуге ұмтылған адам оны ала алмады.

Жиырма төртінші. «**Бірте-бірте жылжып отыр**» деген сөздердегі әдепке үйрету. (Бұл — асықпай, байыппен жүруге бұйрық).

Жиырма бесінші. Соғысудан бұрын исламға шақыру міндетті.

Жиырма алтыншы. Бұл үкім бұрын исламға шақырылған әрі олармен соғыс жүргізілгендерге де қатысты.

Жиырма жетінші. Дағуатты даналықпен жүргізу, бұл «**Оларға міндеттерін түсіндір**» деген сөздерде көрініс тапқан. (Өйткені адам ислам үкімдерін орындауы да орындамауы да мүмкін. Сондықтан онымен оның міндеттері туралы сөйлесу керек, осылайша оның күпірлікке қайтып оралуына жол бермеу қажет).

Жиырма сегізінші. Исламдағы Аллаһтың құқықтарын білудің маңыздылығы.

Жиырма тоғызыншы. Тіпті бір адамды тура жолға салуға себепші болған адам үшін зор сауап бар. (Бұл оның ең қымбат дүние-мүлкінен де қайырлы).

Отызыншы. Пәтуа берген кезде ант ішуге рұқсат етіледі. (Алайда, бұл тек айқын пайдалы болған жағдайда ғана жасалуы керек).

Бірінші бөлімге қатысты тексеріс сұрақтар (5 тарау)

Бірінші тапсырма: «Бірқұдайшылық кітабының» алғашқы бес тарауын және олардың кітаппен байланысын атап жазыңыз.

Тараудың атауы

Тараудың келтірілу себебі:

- | | |
|---------|-------|
| 1 | |
| 2 | |
| 3 | |
| 4 | |
| 5 | |

Екінші тапсырма: сөйлемді аяқта.

1. Біздің «Бірқұдайшылық кітабын» оқуымыздың көптеген себептері бар, олардың арасында:

1. 2.
3. 4. 5.

2. Кітаптың авторы кіріспені келесі себептермен келтірмеді:

1.
2. 3.

3. «Бірқұдайшылық кітабын» келесі бөліктерге бөлуге болады:

1. 2.
3. 4.
5. 6.
7. 8.
9. 10.

4. Бірқұдайшылық кітабында Аллаһтың құлшылыққа лайықты құдайлықтағы (ғибадат ету құқығындағы) бірегей (жалғыз) екіндігінің ғана түсіндірмесі бар дейтіндерді кітапта келесі тараулардың болуымен жоққа шығарамыз:

.....
.....
.....

5. Құлшылықтың үш түрі бар:

1. Оның мағынасы:

Дәлел:

2. Оның мағынасы:

Дәлел:

3. Оның мағынасы:

Дәлел:

6. Қол сұғылмайтын жандар:,

.....

7. Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) Құран аяттарын Пайғамбарымыздың ﷺ өсиеті деп неліктен атады?

.....,
.....

8. «Умма» сөзі Құранда келесі мағынада келуі мүмкін:

.....,

.....

9. Бірқұдайшылықты дұрыс ұстанудың мәні оны келесі нәрселерден тазартуда көрініс табуы керек:,

..... ,

10. Бұл үмметтің екі нәрседе артықшылығы бар, олар:

..... және

11. Белгілі бір нәрседегі артықшылықты атап көрсету толық мағынадағы қадір-қасиетке ие болуын білдірмейді.

12. «Руқияны көз тиюге қарсы оқуға болады» деген сөздер не мағынаны білдіреді?

.....

13. Шариғат келесі себептерге байланысты басқалардан руқия оқуды (дем салуды) немесе күйдіруді сұраған адамды құптамайды:

.....

14. «Расында, Аллаһ Өзіне серік қосқанды кешірмейді», яғни
....., «алайда қалған күнәларды қалағанына кешіреді»,
яғни

15. «Одан болған Рух», яғни, «Оның Сөзі», яғни

16. Аллаһ Тағала Өзіне теліген нәрселер екіге бөлінеді, олар:

.....

17. Пайғамбарымыз ﷺ: «Уккаша бұда сенен озды», — деп не себептермен айтты?

..... немесе
.....

18. Аллаһ Тағаланың: «**былғамағандар...**» деген сөзі не мағаныны білдереді, «**әділетсіздікпен**», яғни
.....

19. Көпқұдайшылықтан аулақ болу үшін келесі нәрселерді жасау қажет:

1.
2.
3.
4.

20. «Расында, кімде-кім Аллаһтың Дидарын қалап» деген сөздер не нәрсеге нұсқайды?
..... Бұл сөздерде Аллаһ Тағаланың қандай сипаты бекітілген?

21. Аллаһқа шақырудың шарттары: 1.
2. 3.
4. 5.

22. Әдеттен тыс құбылыстардың төрт түрі бар

1., олар тән.
2., олар тән.
3., олар тән.
4., олар тән.

23. «Руқия мен күйдіруді қалдыру — бұл бірқұдайшылықтың өмір-дегі жүзеге асуы», бірақ ол «ырымдарды қалдыру» деп айтпады, өйткені ырымдар —
.....

Үшінші тапсырма: Кестені толтыр.

Рияның түрлері:

- 1) **Егер өз негізінде амал адамдар көру үшін жасалса**, бұл
2) **Егер рия амал барысында пайда болса**,
2.1), онда амал жарамды болады;
2.2), бұл жағдайда келесі нұсқалар бар:
....., оның үкімі:
Екінші нұсқа:, оның үкімі:
.....
3) **Егер рия амалдан кейін болса**, онда амал

Төртінші тапсырма: дұрыс жауаптың сол жағына белгі қойыңыз, сонымен қатар бос жерлерді толтырыңыз.

1. «Таухид кітабының» авторы кім?

- ☐ Мухаммад әт-Тамими ☐ Ибн Усаймин

2. Ғалымдар білім алуда не нәрсені кеңес етеді:

☐ Материалды өтерден бұрын оны жаттап алу.

☐ Жаттау пайдасыз, ең бастысы — түсіну.

3. «Біз өздеріне Кітап бергендер, оны шынайы оқиды, міне солар иман келтіргендер» деген аяттан мынадай қорытынды шығаруға болады: оқушы қандай да бір білімді толық меңгермей тұрып, оны тастамауы керек.

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

4. Ғалымдар «Таухид кітабын» зерттеп, бұл кітапта әлсіз хадистер жоқ деген қорытындыға келді:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

5. Ғалымдардың білімі терең болғанымен, бұл олардың қателеспейтінін білдірмейді:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

6. Мухаммад әт-Тамими еңбектерінің қатарына мыналар кіреді:

☐ «Кашф әш-Шубухат»

☐ «Мәсәил әл-Жәһилия»

☐ «Мухтасар әс-Сира»

☐ «Усул әл-Иман»

☐ Барлық жауаптар дұрыс

7. «Таухид кітабы» неше тараудан тұрады?

☐ 67

☐ 76

☐ 10

8. Егер сен кітап сатып алсаң, оны кітапханаға қоюдан бұрын кіріспесімен, мазмұнымен және кейбір бөлімдерімен танысып шығуың керек:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

9. «Таухид кітабын» қанша бөлімге бөлуге болады?

☐ 11

☐ 9

☐ 10

10. Ең пайдалы кітаптар — үкімдердің дәлелдері көрсетілген кітаптар, өйткені бұл арқылы оқушы үкімдердің негізін түсінеді. Мұндай кітаптың үлгісі — «Бірқұдайшылық кітабы»:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

11. Білім — бұл (пайдалы материалды) жинақтап, содан кейін оны жіктеп, жүйелеу:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

12. Ғалымдар қолданатын терминдермен және олардың жасаған жіктеулерімен танысу қажет:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

13. «Бірқұдайшылық кітабының» бірінші бөлімі қандай?

☐ Кіріспе

☐ Бірқұдайшылықтың міндеттілігі

☐ Бірқұдайшылықты түсіндіру

14. Автор кіріспе мен қорытындыда әл-Бухариге ілескен:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

15. Автор бірінші тарауға атау бермеген, бірақ біз оны «Кіріспе тарауы» деп атай аламыз:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

16. Бірінші бөлімде қанша тарау бар?

☐ 5

☐ 6

☐ 7

17. Таухид мынадай түрлерге бөлінеді:

☐ Аллаһтың раббылығында, Оған құлшылық ету құқығында, есімдері мен сипаттарында жалғыз болуы

☐ Бекіту және тану таухиді, мақсат пен ұмтылыс (құлшылық) таухиді

☐ Екі нұсқа да дұрыс

18. Егер адам бірқұдайшылықтың бір түрін қабылдап, қалғандарын тәрк етсе, ол бірқұдайшыл болып саналмайды:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

19. Бірқұдайшылықты түрлерге (немесе құрамдас бөліктерге) бөлу — бидғат, өйткені бұған дәлел жоқ:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

20. Иман (сенім) — жалпы ұғым, ал таухид — оның бір бөлігі:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

21. «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір хақ құдай жоқ» деген куәліктің қанша тірегі (рүкіні) бар?

☐ 2

☐ 8

☐ 7

22. Әлемдерді басқару және жаңбыр жаудыру ісіндегі Аллаһтың жалғыздығы қай таухид түріне жатады?

☐ Құлшылыққа лайықты болу құқығында

☐ Раббылығында

☐ Есімдері мен сипаттарында

23. Бірқұдайшылықтың негізін (іргетасын) не жояды?

☐ Үлкен ширк

☐ Кіші ширк

☐ Бидғаттар

24. Ең басты міндет (парыз) — ата-анаға жақсылық жасау:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

25. Ең үлкен күнәлар — зинақорлық және Аллаһ өлтіруге тыйым салған адамды өлтіру:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

26. «Құлшылық-ғибадат» ұғымы екі мағынаны қамтиды:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

27. «Құлшылық-ғибадат — бұл жалпы атау...» деген сөз кімге тие-сілі?

☐ Ибн әл-Қайим

☐ Ибн Таймия

28. Аллаһтың есімдері мен сипаттары жайлы дұрыс сенім қандай?

☐ «Қалай?» деп сұрамау және ұқсатпау

☐ «Қалай?» деп сұрамау және салыстырмау

☐ Екі нұсқа да дұрыс

29. Құранның әрбір аяты бірқұдайшылықты қамтиды:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

30. Жындар мен адамдардың жаратылу мақсаты жануарларды жаратудың мақсатына ұқсас:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

31. Аллаһтың: «**Мен жындар және адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін жараттым**» деген сөздеріне қатысты адамдар не нәрседе қателеседі:

☐ Аяттың мағынасын түсінуде

☐ Оған сәйкес амалдар жасау кезінде

32. Жындар міндетті түрде:

☐ Тек иман келтіруі керек

☐ Иман келтіріп, ғибадаттар мен міндеттерді орындауы керек

33. Шариғи мәтіндерде «Умма» деп не аталады?

☐ Имам (көшбасшы)

☐ Дін

☐ Уақыт кезеңі

☐ Қоғам

☐ Барлық жауаптар дұрыс

34. «Әрбір қауымға Біз елші жібердік» деген сөздер Адамнан бастап:

- ☐ Адам
- ☐ Нұх
- ☐ Үйса
- ☐ Мухаммадқа дейін

Ал олардың жіберілу мақсаты:

- ☐ Дәлелді орнату
- ☐ Дін
- ☐ Рахымдық
- ☐ Аллаһқа апаратын жолды түсіндіру
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс

35. Пұттар — Аллаһтан басқаға құлшылық ететін тағуттардың бірі:

- ☐ Дұрыс
- ☐ Дұрыс емес

36. Аллаһқа бағынудың шегінен шыққан билеушілер де тағуттарға жататын ілесу объектісі:

- ☐ Дұрыс
- ☐ Дұрыс емес

37. Оны өзгелер Аллаһқа серік қылып оған құлшылық ететін және оның өзі бұған ризашылық білдіретін адам:

- ☐ Тағут
- ☐ Тағут емес

38. «Бірқұдайшылық кітабындағы» екінші аят барлық елшілердің бірқұдайшылыққа шақыруда бірлікте болғанын көрсетеді:

- ☐ Дұрыс
- ☐ Дұрыс емес

39. «Кейбір аяттарды атап өткеннен кейін, автор «аят» немесе «аяттар» дейді, бұл сізге осы аяттарды соңына дейін өздіңіз оқуыңыз керек екенін білдіреді

- ☐ Дұрыс
- ☐ Дұрыс емес

40. Аллаһ Тағаланың тағдырмен белгілегені немесе Оның шешімі екі түрге бөлінеді — шариғатта орындалуы белгіленген және болмыста (ғаламдық заңдарда) алдын ала белгіленген:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

41. Егер Аллаһ бір нәрсені бір жағынан сүйсе, ал екінші жағынан жек көрсе, бұл осының:

☐ Шариғатта белгіленгенінің көрінісі болады

☐ Болмыста алдын ала белгіленгенінің көрінісі болады

42. «Біз Исраил ұрпақтарына Кітапта: “Сендер жер бетінде екі рет бұзықшылық жасайсыңдар...”, — деп алдын ала белгіледік» аятында қандай алдын ала белгілеу түрі туралы айтылған?

☐ Шариғатта белгіленген

☐ Болмыста алдын ала белгіленген

43. Кесірткеден басқа барлық жануарлар Аллаһты дәріптейді:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

44. «Құлдық» (убудия) қанша түрге бөлінеді?

☐ Екі түрге

☐ Үш түрге

Ал құстардың Аллаһты дәріптеуіне келетін болсақ, бұл құлшылық:

☐ Мәжбүрлі

☐ Ерiкті

45. Көпқұдайшылдарда Аллаһқа құлшылықтың кейбір көріністері бар:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

46. Ғибадат тек тіл мен дене мүшелері қатысқанда ғана болады:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

47. «Оған ешнәрсені серік қоспаңдар» — бұл жалпы барлық нәрсені (пайғамбарларды, періштелерді, әулиелерді және басқаларды) түгел қамтиды:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

48. «Қуанту» («бишаро») сөзі тек жақсы хабарды жеткізу үшін қолданылады, ол жамандық туралы хабар жеткізу үшін қолданылмайды:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

49. Аллаһ Тағала тыйым салған (құқықтарына қол сұғылмайтын) жандар:

☐ Мұсылман

☐ Зиммий

☐ Муғахад

☐ Мустаъман

☐ Барлық жауаптар дұрыс

50. Пайғамбар ﷺ өсиет (уасыя) қалдырды ма?

☐ Иә

☐ Жоқ

51. Неліктен Ибн Масғуд оны өсиет деп атады?

☐ Себебі осы аяттар бүкіл діннің негіздерін қамтиды

☐ Себебі бұл Аллаһтың өсиеті

52. «Құлдардың Аллаһтағы қақысы...» — бұл құқық:

☐ Міндет болып табылады

☐ Аллаһтың рахметі мен кеңшілігі болып табылады

53. «Аллаһ және Оның Елшісі ﷺ жақсырақ біледі» деп қай кезде айтуға болады?

☐ Пайғамбар ﷺ тірі болған кезде

☐ Әрқашан

54. Пайғамбар ﷺ Муазға айтқан сүйінші хабарды адамдарға жеткізуге не себепті тыйым салды?

☐ Бір-бірімен бәсекелес болатындықтан

☐ Тек осыған ғана сеніп қалатындықтан

Муаз осыны өлім алдында хабарлап, мойынсұнбаушылық танытты ма?

☐ Иә

☐ Жоқ, себебі білімді жасыруға әрқашан тыйым салынған:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

55. Бұл жағдай тек Муазға қатысты ма?

☐ Иә

☐ Жоқ

56. Егер әлдебір амалдың артықшылығы туралы айтылса, бұл осы амалдың міндетті емес екенін көрсетеді:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

57. «Қашан Аллаһ зікір етілсе, Ақыретке иман келтірмегендердің жүректері жиренеді. Ал Аллаһтан өзгелер зікір етілген кезде, олар қуанады» — бұл аят келесі тарауға қатысты:

☐ 2

☐ 5

☐ 4

58. Аллаһ Тағала Өзіне теліген нәрсе қаншаға бөлінеді:

☐ 2 түрге

☐ 3 түрге

59. Адамның басқа біреудің өміріне, мал-мүлкіне немесе ар-намысына қол сұғуы — ең үлкен зұлымдық:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

60. Егер адам өмірінде ширк жасамай, бірақ белгілі бір күнәда табанды болса, оның жағдайы қандай болады?

☐ Міндетті түрде азапқа тартылады

☐ Аллаһ қаласа, оны кешіреді, қаласа — азаптайды

61. «Лә иләһа иллә-Ллаһ» — зікір болып табылады, бірақ ол дұға емес:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

62. Кей адамдар «**Лә иләһа иллә-Ллаһ**» деп айтады, алайда олардың бұл сөздерінің Аллаһтың алдында еш салмағы болмайды:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

63. «**Мухаммад — Аллаһтың Елшісі**» деген куәлік нені жоққа шығарады?

☐ Пайғамбарға мойынсұнбауды

☐ Бидғатты (дінге енгізілген жаңалықтарды)

☐ Екі жауап та дұрыс

64. «**Иса — Аллаһтың құлы**» деген сөз яһудилердің сенімін теріске шығарады, ал «және Оның Елшісі» деген сөз христиандардың сенімін теріске шығарады:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

65. «**Ол Одан (Аллаһтан) болған Рух**» деген сөз нені білдіреді?

☐ Жаратылған нәрсені

☐ Белгілі бір сипаттарды

66. «**Аллаһ оны Жәннат бақтарына кіргізеді**» дегенде, қандай кіру меңзеліп тұр?

☐ Толық

☐ Толық емес

☐ Екі жауап та дұрыс

67. Біркұдайшылықты лайықты түрде ұстанудың мәні келесі нәрселерден тазалануды білдіреді:

☐ Көпқұдайшылықтан

☐ Бидғаттардан (діни жаңалықтардан)

☐ Күнәлардан

☐ Барлық жауаптар дұрыс

68. «**Расында, Ибраһим Аллаһқа бойсұнушы умма және ханиф еді**» деген аяттағы, «**умма**» сөзі не мағынаны білдіреді:

☐ Үлгі тұтар тұлға

☐ Имам (басшы, жетекші)

- ☐ Жақсылыққа үйретуші
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс

69. Руқия тек адамды бір нәрсе шақса немесе көз тиген жағдайда ғана пайдалы, басқа жағдайларда ол әсер етпейді:

- ☐ Дұрыс
- ☐ Дұрыс емес

70. Имам Муслим жеткізген хадисте «**олар өздеріне руқия оқуды сұрамайды**» деп жазылған, бірақ оған қосымша ретінде «руқия оқымайды» деген сөздер де бар. Бұл қосымша:

- ☐ Дұрыс
- ☐ Дұрыс емес

71. Үлкен көпқұдайшылық адамның өмірі мен мал-мүлкін билеушіге халәл етеді. Егер тек адам «зиммий» немесе «муғахад» болмаса:

- ☐ Дұрыс
- ☐ Дұрыс емес

72. Руқия оқу мен оны оқуды сұрау арасындағы айырмашылық мынада: бірінші адам — жақсылық жасайды, екіншісі — сұрайды, оның жүрегі Аллаһқа емес, басқа біреуге бағытталады:

- ☐ Дұрыс
- ☐ Дұрыс емес

73. Аллаһтың құдіретінде болған нәрселерде басқаны Оған теңестіру — бұл көпқұдайшылықтың:

- ☐ Үлкені
- ☐ Кішісі

74. Тірі жанның бейнесі ретінде жасалған пұт — бұл:

- ☐ Сонам
- ☐ Уәсан
- ☐ Екі жауап та дұрыс

75. Муғаздың хадисіндегі «**таңдаулы мүлік**» дегеніміз:

- ☐ Ең құнды мүлік
- ☐ Орташа бағалы мүлік
- ☐ Арзан мүлік

76. Адам білім алып, жақсы амалдар істей отырып өзін тәрбиелеп жетілдіреді, ал адамдарды Аллаһқа шақырып, сабырлы болу арқылы басқаларды тәрбиелеп жетілдіреді:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

77. Пайғамбар ﷺ өз үмметі үшін Дәжжалдан гөрі риядан көбірек қауіптенді. Себебі рия — бар болғаны кіші ширк болып табылады:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

78. Егер адам сенімінде ықыласты және шыншыл болса, ол міндетті түрде сол сенімге шақыратын болады:

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

79. «Аллаһқа айқын білім үстінде шақырамыз». Аятта қай білім туралы айтылуда?

☐ Діни білім

☐ Шақырылатын адамның жағдайынан хабардар болу

☐ Даналық

☐ Дұрыс жауап жоқ

☐ Барлық жауап дұрыс

80. Дінге шақырудың (дағуаттың) қанша шарты бар?

☐ 5

☐ 4

☐ 3

81. Үлкен және кіші ширк арасындағы айырмашылық неде?

.....
.....
.....
.....
.....

Бесінші тапсырма: «А» тізіміндегі терминді «Б» тізіміндегі оның анықтамасымен сәйкестендіріңіз.

- | | |
|--------------------------|--|
| 1) Улуһия | <ul style="list-style-type: none"> • Аллаһ Тағалаға деген сүйіспеншілік және ұлықтаумен Оның бұйырғанын орындап, тыйым салғанынан тыйылу арқылы бойұсыну;. |
| 2) Құлшылық | <ul style="list-style-type: none"> • Олар бұл жерде аталуының себебі арабтардың оларды иелік етуге қатты құштар болғандығында. |
| 3) Тағут | <ul style="list-style-type: none"> • Көрген, естіген немесе білген нәрселерге байланысты қандай да бір орынға немесе уақыт кезеңіне қатысты жаман ырым. |
| 4) Рия | <ul style="list-style-type: none"> • Ұқастық; |
| 5) Ырымшылдық (та-тайюр) | <ul style="list-style-type: none"> • Аллаһтан басқа ғибадат етілетін және белгілі бір бейнесі (мүсіні) бар нәрсе. |
| 6) Серік | <ul style="list-style-type: none"> • Аллаһтан басқа оның қандай да бір суреті бар-жоғына қарамастан құлшылық етілетін нәрсе. |
| 7) Сонам | <ul style="list-style-type: none"> • Пенде сол арқылы шектен шығатын барлық нәрсе, мейлі ол ілесу нысаны, құлшылық нысаны немесе бағыну нысаны болсын. |
| 8) Бірқұдайшылық | <ul style="list-style-type: none"> • Адамның Аллаһ Тағалаға адамдар оны көріп немесе ол туралы естіп, оны жасаған құлшылығына байланысты мақтауы үшін құлшылық етуі; |
| 9) Құлшылық | <ul style="list-style-type: none"> • Аллаһ Тағаланың Оның істерінде, басқаша айтқанда, әлемді жаратудағы, оған елік етудеді, оны басқарудағы және реттеудегі жалғыздығын мойындау. |
| 10) Харижилер | <ul style="list-style-type: none"> • Аллаһ Тағаланың құлшылық етілуге деген ерекше құқығын немесе, басқаша айтқанда, құлдардың діни амалдарына Оның ғана құқылы екендігін мойындау. |
| 12) Уасан | <ul style="list-style-type: none"> • Аллаһ жақсы көретін және Ол разы болатын барлық ашық және жасырын сөздер мен амалдар. |
| 13) Әр-Рубубия | <ul style="list-style-type: none"> • Үлкен күнә жасаған адам Тозақта мәңгі қалады деп айтатын топ. |
| 14) Қызыл түйелер | <ul style="list-style-type: none"> • Ширк пен Аллаһ Тағалаға бағынуға қайшы келетін барлық нәрседен алыстап, Аллаһқа қарай ұмтылған адам. • Аллаһқа ғана тән болған нәрселерде: Раббылықта, Құдайлықта (құлшылыққа лайықты болуында) немесе есімдері мен сипаттарында Оның жалғыздығын мойындау. |

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Бірқұдайшылықтың түсіндірмесі (9 тарау)

6. Бірқұдайшылықты (таухидті) және Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ куәлігін түсіндіру жайлы тарау

Автор, бірқұдайшылықтың міндеттілігін көрсеткеннен кейін, оқырман оның мағынасын білуді қалайды. Себебі алдыңғы тарауларда автор бірқұдайшылықтың міндеттілігі, оның артықшылықтары, оны жүзеге асыру жолдары, ширк пен оның түрлерінен сақтану және бірқұдайшылыққа шақыру қажеттілігі туралы баяндаған еді. Сондықтан осы тарауда ол бірқұдайшылықтың мәнін түсіндіруге кіріседі және кітаптың соңына дейін осы түсіндіруді жалғастырады.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «Олардың дұға етіп жалбарынғандары өздері Раббыларына қалай жақын боламыз деп ізденеді...» («әл-Исра» сүресі, 57-аят).

«Олардың дұға етіп жалбарынғандары»: олардың жалбарынатындарының өздері Аллаһқа жақындаудың жолын іздейді және осыған өзгерлерден бұрын жетуге тырысады. Егер олардың өздері мұқтаж әрі мұқтаждықтарын қанағаттандыруға дәрменсіз болса, онда оларға қалайша жалбарынуға болады?! Бұл аятта дұға жасауда Аллаһқа серік қосу туралы қатаң ескерту бар.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «Сол уақытта Ибраһим әкесіне және еліне: «Шын мәнінде, мені жаратқан (Аллаһтан) басқа, сендердің табынған нәрселеріңе қатысым жоқ. Ол мені тура жолға салады», — деді» («әз-Зухруф» сүресі, 26-27 аят).

- **«Мені жаратқан Аллаһтан басқа»** — бұл сөзде әрі теріске шығару, әрі растау бар. Неліктен ол жай «Аллаһтан өзге» деп айтпады? Бұған екі себеп бар:
 - 1) Не себепті жалғыз Аллаһ Тағала ғана құлшылыққа лайық екенін түсіндіру. Егер Ол бүкіл жаратылыстың жалғыз Жаратушысы болса, онда құлшылық та тек жалғыз Оған ғана арналуы керек.
 - 2) Пұттарға құлшылық етудің негізсіздігін көрсету. Өйткені олар еш нәрсе жаратпады, демек, оларға құлшылық ету — дұрыс емес.
- Егер адам Аллаһпен бірге өзгелерге де құлшылық ететін болса, оның бірқұдайшылығы жүзеге аспайды. Құлшылықтың барлық түрлері тек Аллаһқа арналуы тиіс. Біз кейбір мұсылман елдерінде адамдар намаз оқып, зекет беріп, ораза ұстап, қажылық жасайтынын, бірақ сонымен бірге қабірлердің алдында сәжде ететінін көре аламыз.

ҮШІНШІ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: **«Олар кітапшылдары мен монахтарын Аллаһтан өзге құдай етіп алды...»** («Әт-Тәуба» сүресі, 31-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деген: **«Адамдардың кейбіреулері Аллаһқа өзгелерді теңдес етеді де, оларды Аллаһты сүйгендей сүйеді»** («Әл-Бақара» сүресі, 165-аят).

- **«Кітапшылар»** — ғалымдар; **«монахтар»** — құлшылыққа берілгендер.
- **«Аллаһтан өзге құдай етіп алды»:** олар ғалымдарға Аллаһқа мойынсұнбауда бағынды және монахтарға құлшылық етті. Бұл аятта адамдардың Аллаһқа мойынсұнбауда Оған өзгелерді серік етіп, соларға бағынуының қауіптілігі көрсетілген.
- **«Оларды Аллаһты сүйгендей сүйеді»:** яғни олардың бұл адамдарға деген сүйіспеншілігі Аллаһқа деген сүйіспеншілігімен тең дәрежеде болды.

Махаббаттың түрлері:

1) **Табиғи махаббат:** Мысалы, балаға деген махаббат рұқсат етілген, алайда ол Аллаһқа деген махаббаттан асып түспеуі қажет;

2) **Аллаһқа деген және Аллаһ үшін болған махаббат:** Махаббаттың бұл түрі уәжіп болып табылады. Иманның ең күшті тұтқасы — Аллаһ үшін болған махаббат;

3) **Аллаһпен бірге басқа біреуге болған махаббат:** Бұл үлкен көпқұдайшылық болып табылады әрі Аллаһқа деген махаббатпен мүлдем сыйыспайды.

Аллаһ үшін махаббат іс-амалдарға, сол амалдарды орындайтын адамға, белгілі бір мекендер мен уақыт кезеңдеріне болуы мүмкін.

БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

«Әс-Сахихада» Пайғамбарымыздың ﷺ былай дегені жеткізіледі: *«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» сөздерін айтқан және Аллаһтан басқаға құлшылық етілетін барлық нәрсеге күпірлік танытқан адамның мал-мүлкі мен қаны қолсұғылмас болады, ал оның есебі Аллаһтың құзырында»* (Муслим 23, Ахмад «Муснадта» 472/3).

Кітаптың қалған тарауларының барлығы осы тарауды түсіндіруге арналады.

- **«Аллаһтан басқаға құлшылық етілетін барлық нәрсеге күпірлік таныту»:** адам Аллаһтан басқа құлшылық етілетіннің барлығын әрі күпірліктің барлық түрін теріске шығарып, одан бас тартуы керек. Егер адам ақиқат куәлігін (шаһаданы) айтқанымен, сонымен қатар өзге дін өкілдерінің сенімі дұрыс деп есептесе, онда ол мұсылман болып табылмайды. Сол сияқты, егер адам діндерді жай ғана идеологиялар деп санап, әркім олардан қалағанын таңдай алады деп есептесе, онда ол да мұсылман болып табылмайды.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бұл тарау ең маңызды нәрсені — яғни бірқұдайшылық пен ақиқат куә-

лігін түсіндіруді қамтиды әрі оларды өте қарапайым түрде баяндайды. (Жоққа шығару мен бекітудің маңыздылығы).

«Әл-Исра» сүресінің аятында әулиелерге жалбарынатын көпқұдай-шылдарды теріске шығару бар. Ал бұл осы амалдың үлкен көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқайды. (Аллаһқа дұғада серік қосу).

«әт-Тәуба» сүресіндегі аятта Кітап иелерінің Аллаһтан өзге өздерінің кітапшылары мен монахтарын раббы етіп алғандығы түсіндірілген, ал шындығында, оларға жалғыз Ұлы Аллаһқа ғана құлшылық ету бұйырылған болатын. Бұл аятта сөз олардың кітапшылары мен монахтарына Аллаһқа қарсы келуде бағынғаны туралы болуда, бірақ соларға дұға еткені туралы емес. (Аллаһқа мойынсұнуда әлдебіреуді серік қосу — ширк).

Ибраһим пайғамбардың кәпірлерге қарата айтқан **«...мені жаратқан (Аллаһтан) басқа, сендердің табынған нәрселеріңе қатысым жоқ»** деген сөздері, оның өз Раббысын өзгелерден ерекшелендіріп көрсеткенін білдіреді. Бұл — күпірліктен бас тарту және иманды сүюдің көрінісі, әрі бұл — **«Лә иләһә иллә Аллаһ»** куәлігінің түсіндірмесі. Аллаһ Тағала: **«Ибраһим бұл (Аллаһты жалғыздау) сөзін кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдырды. Әрине олар осыған қайта оралар»,** — деді.

«Әл-Бақара» сүресінің аятында Аллаһ олар туралы: **«Олар Тозақтан шықпайды»,** — деп айтқан адамдар туралы сөз қозғалады. Бұл аятта Аллаһқа серік қосып, Оны өзге нәрселермен тең сүйгендер туралы айтылған. Яғни олар Аллаһты қатты жақсы көрді, алайда бұл олардың мұсылман болуына жеткіліксіз болды. Егер Аллаһты өзгелермен тең сүйгендер мұсылман саналмаса, онда әлде біреуді Аллаһтан да артық жақсы көретіндер туралы не айтуға болады?! Ал тек өз табынатын нәрселерін ғана жақсы көріп, Аллаһты мүлде жақсы көрмейтіндер жайлы не айтуға болады?! (Бұл — Аллаһқа махаббатта серік қосу (ширк)).

Мұндай сүйіспеншіліктің төрт дәрежесі бар:

1. Адам Аллаһты бәрінен артық жақсы көреді — бұл таза таухид.
2. Аллаһты және басқа біреуді бірдей жақсы көреді — бұл ширк.
3. Басқа біреуді Аллаһтан да артық жақсы көреді — бұл алдыңғысынан да жаман.
4. Тек өз табынатын нәрселерін сүйіп, Аллаһты мүлде жақсы көрмейді — бұл ең ауыр дәрежедегі күпірлік.

Пайғамбарымыздың ﷺ: **«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты**

хақ құдай жоқ» сөздерін айтқан және Аллаһтан басқаға құлшылық етілетін барлық нәрсеге күпірлік танытқан адамның мал-мүлкі мен қаны қолсұғылмас болады, ал оның есебі Аллаһтың құзырында», — деген сөздері жайлы айтсақ, бұл сөздерде Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ екендігінің ең анық түсіндірмесі бар. Өйткені адамның бұл сөздерді тілмен ғана айту ыжеткіліксіз, тіпті ол осы сөздердің мағынасын біліп, түсініп, мойындап, Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық қылмаса да. Алайда ол бұлардың барлығына қоса Аллаһтан басқа құлшылық жасалатын нәрселердің барлығына күпірлік танытуы қажет. Егер адам бұда күмәнданса немесе бұны егжей-тегжейлі түсінбесе, оның мал-мүлкі мен қаны қол сұғылмас болмайды. Көріп отырғанымыздай, бұл ең маңызды мәселелердің бірі, ол керемет үлгіде түсіндірілген және бұл оған қарсы болған кез келген адамға айқын дәлел болып табылады.

7. Бәле-жаладан құтылу немесе оның алдын алу үшін жүзік, бау және соған ұқсас нәрселерді тағудың көпқұдайшылықтың (ширктің) көрінісі екендігі туралы тарау.

- «Ширктің көріністері»: олардың кейбірі үлкен ширкке, ал кейбірі кіші ширкке жатады.
- «Бәледен құтылу үшін»: бақытсыздық, қиыншылық орын алғаннан кейін.
- «Оны болдырмау үшін»: бәле-жала орын алмай жатып.

Жүзік, бау және соған ұқсас нәрселерді тағу үлкен көпқұдайшылық болып табылады ма әлде кіші ме?

Үлкен ширк. Егер адам қандай да бір заттардың немесе құбылыстардың өздігінен әсер ете алатынына, пайда келтіріп немесе зиянды жоя алатынына сенсе, бұл үлкен көпқұдайшылық болады.

Кіші ширк. Егер адам қандай да бір нәрселерді тек себеп деп санаса, бірақ Аллаһ ол нәрселерді шариғат тұрғысынан да, физикалық тұрғыдан да себеп қылмаған болса, бұл кіші көпқұдайшылық болады.

Адамдар себептерге (құралдарға) қатысты үш топқа топқа бөлінеді

Дұрыс көзқарас. Адамның себеп деп тек Аллаһтың себеп еткен нәрсесін есептеуі (бұл жерде дұғаларды оқу секілді шариғи себептер немесе дәрі-дәрмектер секілді физикалық себептер жайлы айтылған).

Кіші ширк. Адамның Аллаһ себеп қылмаған нәрсені себеп деп санауы. Мысалы, көз тиеуден сақтау үшін көзмоншақ тағып алу. Ал шын мәнінде, Аллаһ оны көз тиеуден қорғау себебі етіп бекітпеген.

Үлкен ширк. Адамның қандай да бір себептің (құралдың) өздігінен әсер ететініне және оның пайда беру немесе зиянды жою құдіретіне ие екеніне сенуі.

Адамдар себептерді (құралдарды) қолданудың рұқсат етілгендігіне қатысты үш топқа бөлінеді

Себептерді жоққа шығаратындар. Бұл арқылы олар Аллаһтың даналығын кемітеді. Бұған жәбәрилер мен әшғарилер жатады.

Себептерге қатысты шектен шығу. Адам себеп емес нәрселерді себеп деп санайды. Бұған мысал ретінде сопыларды айтуға болады.

Орта жол. Тек физикалық немесе шариғат тұрғысынан дәлелденген себептерге ғана жүгіну.

Жүзік, бау және сол секілді нәрселерді тағатын адамның үкімі

- Егер адам бұл тыйым салынған нәрсе екенін білмесе:
 - ↳ **оған түсіндіру керек.**
- Егер адам Аллаһ себеп қылмаған нәрсені себеп деп есептесе:
 - ↳ **бұл — кіші ширк.**
- Егер адам себептің өздігінен әсер ете алатынына, пайда немесе зиян тигізе алатынына сенсе:
 - ↳ **бұл — үлкен ширк.**
- Егер адам бұл бойтұмарларды ешбір сенімсіз, тек сәндік үшін тақса (мысалы, кейбір жастардың бауларды немесе сол секілді әшекейлерді киуі). Өйткені адамдар оны көріп, оны рұқсат етілген нәрсе деп ойлауы мүмкін, осылайша ол өзгелер үшін күнәға апаратын жол ашады. Бұдан бөлек, бұл әйелдерге ұқсау болып табылады. Аллаһ бізді және оларды тура жолға бастасын.
 - ↳ **Бұл — үлкен күнәлардың бірі.**

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деді: «Аллаһ маған бір игілік қаласа, олар (Аллаһтан басқа дұға ететіндерің) Оның игілігін тоса алады ма? Маған Аллаһ жеткілікті», — деп айт» («әз-Зүмәр» сүресі, 38-аят).

- Бұл пұттар оларға құлшылық ететін адамдарға ешқандай әсер ет-

пейді, яғни оларға пайда да келтірмейді әрі зиянды да тойтара алмайды. Олар бұған себеп те емес. Осыған сәйкес, кімде-кім тұрмыста да, шариятта да себеп болып табылмайтын нәрсені себеп деп санап, соған жүгінсе, ол Аллаһқа серік қосқан болады.

- «**“Маған Аллаһ жеткілікті”, — деп айт**», яғни мен өзімді Аллаһқа тапсырамын, маған Ол жеткілікті, маған жалған себептер (құралдар) қажет емес.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Имран ибн Хусойннан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте, бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ бір ер адамның қолында сары (мыс) жүзікті (білезікті) көріп, одан: **«Бұл не?»** — деп сұрағаны жеткізіледі. Әлгі адам: «Мен мұны аяқ-қолымның әлсіздігінен сақтану үшін тағып жүрмін», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: **«Оны дереу шеш! Себебі ол сенің әлсіздігіңді одан сайын арттырады. Егер сен осы білезікпен қайтыс болсаң, ешқашан құтылмайсың»**, — деді (Ахмад «Муснад» 445/4, Ибн Хиббан 1410, 1411, Ибн Мәжаһ 3531, әл-Хаким «Мустадрак» 216/4).

- «Сары жүзік (білезік)»: яғни мыс білезік. Алайда оның қандай материалдан жасалғаны маңызды емес — тіпті темірден жасалса да немесе жай ғана бау болса да.
- **«Бұл не?»**: Бір нәрсені айыптамас бұрын, оның мән-жайына көз жеткізу қажет. Себебі адам қандай да бір нәрсені харам деп ойлауы мүмкін, бірақ шындығында ол харам болмауы да мүмкін.
- «Аяқ-қолдың әлсіздігі»: мысалы, ревматизм. Ол адам бұл білезік оны осы аурудан қорғайды және емдейді деп ойлаған.
- **«Ол сенің әлсіздігіңді арттырады»**: яғни бұл әлсіздік тек денеде ғана емес, сенімде де күшейе түседі. Себебі адамның амалдарына берілетін жаза сол амалдың өзіне сай болады.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Ахмад сондай-ақ Уқба ибн Ғамирден жеткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: **«Кімде-кім тұмар тақса, Аллаһ оның ақырын қайырлы етпесін. Кім өзіне бақалшық тақса, Аллаһ оған тыныштық бермесін»** (Ахмад 4/154, Ибн Хиббан (1443), әл-Хаким 4/417).

Басқа риуаятта: *«Кімде-кім өзіне тұмар тақса, сол Аллаһқа серік қосты»*, — деп айтылған (Ахмад 4/156, әл-Хаким 4/417).

- *«Кімде-кім ... тақса...»*: яғни оны мойнына тағып, жүрегін соған байлаған. Сондықтан да мұнда арабтың «тәғалләқа» (бір нәрсеге байлану) деген сөзі қолданылған.
- *«Аллаһ оның ақырын қайырлы етпесін»*: бұл сол адамға қарсы дұға немесе оның соңы жақсы болмайтындығы жайлы хабар болып табылады.
- *«Аллаһ оған тыныштық бермесін»*: ол бақалшықты тыныштық алу үшін тақты, алайда ол қалаған нәрсесіне қол жеткізбеді, бұның нәтижесі — оның мақсатының қарама-қарсысы.
- *«Аллаһқа серік қосты»*: егер адам бұл нәрселердің Аллаһтың қалауынсыз, өздігінше әсер ететіндігіне сенсе, бұл үлкен көпқұдайшылық болып табылады. Ал егер ол бұл нәрселер өздігінше әсер ететіндігіне сенбесе, бұл кіші көпқұдайшылық болады.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аби Хатим жеткізген хадисте Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) бір адамның қолында безгекке қарсы таққан жіп бар екенін көріп, оны жұлып тастады да, мына аятты оқыды: *«Олардың көпшілігі Аллаһқа серік қосқан күйлерінде Оған иман келтіреді»* («Юсуф» сүресі, 106-аят).

- «Безгекке қарсы»: яғни ыстығы түсіп, одан айығу үшін.
- «Оны жұлып тастады»: яғни айыпты нәрсені қолымен өзгертті. Бұл салиқалы сәләфтардың күштілігі мен жамандықты түзетуге деген қабілеттілігін көрсетеді.
- Түрлі тұмарлардың үкімі қандай? Барлық тұмарлар харам болып табылады. Мұның ешқандай айырмашылығы жоқ — мейлі, ол білезік, жіп, теңіз бақалшығы, тұмар, қасқырдың көзі, таға, ескі аяқ киім, көзмоншақ, түйреуіш, алақан бейнесі, бұқаның басы, кейбір ағаштардың бөліктері, үкі, тырнақ немесе жай ғана мата болсын — бұлардың барлығына тыйым салынған.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Әртүрлі білезіктер мен жіптерді осындай мақсаттармен тағуға қатаң тыйым салынған.

Екінші. Егер тіпті сахаба да осындай білезікпен қайтыс болса, ол ешқашан құтылмас еді. Бұл сахабалардың «Кіші ширк үлкен күнәлардан да қауіпті» деген сөздерін қуаттайды. (Себебі ширк ешқашан кешірілмейді, тіпті ол кіші ширк болса да, ал үлкен күнәлар кешірілуі мүмкін).

Үшінші. Бұл адамға «білместік» арқылы ақтау жасалмады. (Яғни Пайғамбар ﷺ оған бұл істің үкімін түсіндіргеннен кейін, ол ақталу құқығынан айырылады.

Білместіктіктің (надандықтың) екі түрі бар:

1. Ақталмайтын білместік. Бұл — адамның білім алуға мүмкіндігі бола тұра, осыған салғырттық пен немқұрайлық жасауы себепті орын алған білімсіздігі. Мұндай жағдайда адам білімсіздікпен ақталмайды, мейлі ол күпірлікке, мейлі күнәға қатысты болсын.
2. Ақталатын білімсіздік. Бірінші жағдайға қарама-қайшы, яғни адам ешбір немқұрайлық жасамаса да, бұл істің тыйым салынғаны тіпті оның ойына да келмеген жағдай. Егер ол өзін мұсылман деп санаса, онда мұндай білімсіздік оған зиян келтірмейді. Егер ол кәпір болса, онда бұл өмірде оған кәпір ретінде үкім шығарылады. Ал Ақыретте оның есебі Аллаһта болады.)

Төртінші. Бұл тұмарлар тіпті осы өмірде де көмектеспейді. Керісінше, олар зиян тигізеді, өйткені хадисте: «**Ол сенің әлсіздігіңді арттырады**», — делінген.

Бесінші. Мұндай нәрселерді істеген адамды қатаң айыптау.

Алтыншы. Кімде-кім тұмар тақса, сол соған тапсырылатынына айқын дәлел.

Жетінші. Кімде-кім тұмар тақса, сол Аллаһқа серік қосатынына айқын дәлел.

Сегізінші. Безгекке қарсы жіп (бау) тағу да осыған жатады.

Тоғызыншы. Хузайфаның осы аятты оқуы сахабалардың кіші ширкті харам деп дәлелдеу үшін, үлкен ширк туралы аяттарды келтіргенін көрсетеді. Бұл туралы Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) «әл-Бақара» сүресіндегі аятқа қатысты айтқанындай. (Яғни пұттарға деген махаббат туралы айтылған аят).

Оныншы. Көз тиюден қорғау үшін теңіз бақалшығын тағу да осыған

жатады. (Яғни бұл да құрамында Аллаһқа серік қосу (ширк) бар тұмарлардың қатарына кіреді).

Он бірінші. Тұмар таққан адамға қарсы: «Аллаһ оның ақырын қайырлы етпесін», — деп, ал бақалшық таққан адамға қарсы: «Аллаһ оған тыныштық бермесін», — деп дұға етуге нұсқау. (Алайда, мұндай адамға тікелей бетіне дұға етіп айту дұрыс емес! Яғни оған: «Аллаһ сенің ақырыңды қайырлы етпесін», — деп айту дұрыс болмайды. Себебі бұл адамды шошытып, оны діннен алыстатуы мүмкін. Оның орнына, оған тұмар мен бауларды тағуды тастауды айтып, осы туралы хадисті оқып беру керек).

8. Руқия (дем салу) мен тұмарлар жайлы не айтылғандығы туралы тарау

Неге автор тарауды: «Руқия мен тұмарлар — көпқұдайшылық», — деп емес, «Руқия мен тұмарлар жайлы не айтылғандығы туралы тарау» деп атады?

1) Себебі руқия (дем салу) шарифатта рұқсат етілген және рұқсат етілмеген болып екіге бөлінеді.

2) Ал тұмарларға келсек, олардың барлығы ширк болып саналады, бірақ егер оларда тек Құран аяттары жазылған болса, мұндай жағдайда олар ширк болып есептелмейді, бірақ харам саналады, бірақ.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Қос «әс-Сахих» жинақтарында Абу Башир әл-Ансариден (Аллаһ оған разы болсын) келтірілген хадисте бірде ол Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге сапарда болғанын, әрі адамдар түнеуге жайғасып қойған кезде, Аллаһтың Елшісі ﷺ оларға: **«Ешбір түйенің мойнында бірде-бір сіңірден (не тозған адырнадан) жасалған алқа қалмасын»**, — деген сөздерін жеткізу үшін шабарман жібергені жеткізілген (Ахмад 5/216, әл-Бухари 6/98, Муслим (2115), Абу Дауд (2552), Мәлик 2/937).

- «Шабарман жіберіп...»: бұл ұмметтің жағдайына шарифат үкімдеріне сай қамқорлық жасау.
- **«Алқа»**: адамдар мұны түйені көз тиюден қорғайды деп есептеген. Алайда, күмәнсіз, бұл сенім дұрыс емес.

ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) ол Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естігені жеткізілген: **«Расында, руқия (үшкіру), тұмарлар және дуалау — ширк болып табылады»** (Ахмад 381/1, Абу Дауд 3883, Ибн Мәжәһ 3530, Хаким «Мустадрәк» 418/4).

Абдуллаһ ибн Ғукаймнен жеткен және Пайғамбарымызға ﷺ дейін көтерілетін хадисте былай деп айтылады: **«Кімде-кім өзіне бір нәрсені**

тақса, сол нәрсеге тапсырылады» (Ахмад «Муснад» 211/4, әт-Тирми-зи, 2073).

- **«Шындығында, руқия (үшкіру)...»:** сахабалар бұл жерде «рукия» дегенде шариғат рұқсат еткен дем салу емес, құрамында Аллаһқа серік қосу бар үшкірулер меңзелетінін түсінген, ал шариғат рұқсат еткен дем салу бұған кірмейді.
- **«Кімде-кім өзіне бір нәрсені тақса...»:** бұл хадисте араб тіліндегі **«тағалләқа»** сөзі қолданылған, себебі мұнда адам бір затты тағып, оған жүрегін байлап қоятыны туралы айтылған. Кімде-кімнің жүрегі Аллаһқа байланса әрі Оған ғана тәуекел етсе, Аллаһ оған жеткілікті болады. Ал кімде-кімнің жүрегі басқа нәрсеге байланса, онда ол Аллаһтың жәрдемінсіз қалады.
- Адам жүрегін себепке (құралға) емес, Аллаһқа байлауы керек. Егер бір адамның жүрегі толықтай жалақысына байланса және ол Аллаһты, Оның қалауын, ризықты беруші екенін ұмытса, онда ол ширктің бір түріне түседі. Ал егер ол жалақы — тек себеп, ал барлығы тек Аллаһтың қалауымен болатынын білсе, онда бұл сенім тәуекелге қайшы келмейді.

Шариғат рұқсат еткен руқияның (дем салудың) шарттары:

1) Оның құрамында сөздер Құраннан, Сүннеттен немесе Аллаһқа Оның есімдері мен сипаттары арқылы жүгінетін дұғалардан тұру қажет.

2) Оның сөздері түсінікті, анық естілетін және араб тілінде болуы керек.

3) Адамның бұл тек шариғат рұқсат еткен себеп екенін және ол тек Аллаһтың қалауымен әсер ететінін білу керек.

Егер осы аталған шарттардың бірі орындалмаса, онда ол шариғатқа сай руқия (дем салу) болып саналмайды. Руқияны араб тілінен басқа тілде оқуға тек Аллаһқа дұға етіп жалбарынғанда ғана рұқсат етіледі. Бірақ Аллаһқа дұға ету кезінде Аллаһтың есімдерін бұрмалауға (басқа тілге аударып, мысалы: «Уа аса Мейірімді», — деп айтуға болмайды, өйткені бұл Аллаһтың есімдері емес, олардың мағынасы ғана).

Тұмарлар (*тамима, тамаим*) — балаларды көз тиюден қорғау үшін

тағылатын заттар. Алайда егер тұмарда тек Құран аяттары жазылған болса, кейбір сәләфтар оны рұқсат деп санаған. Бірақ Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) және басқа ғалымдар оны тыйым салынған деп есептеген.

Дем салу (*руқия, руқа*) — белгілі бір сөздерді айту арқылы ем жасау.

Дәлелдер көрсеткендей, егер руқияда ширктің көріністері болмаса, ол рұқсат етілген. Себебі Пайғамбарымыз ﷺ руқияны көз тиюге және жәндік шаққан кезде пайдалануға рұқсат берген.

Дуалау (*тиуәлә*) — кейбір адамдардың әйелді күйеуіне немесе күйеуді әйеліне ғашық етеміз деген оймен істейтін нәрселері.

Неке сақинасы да дуалаудың бір түрі болып табылады.

Үлкен ширк. Егер адам оның әлдебір нәрсеге өздігінен әсер етуге немесе пайда әкелуге, немесе зиянды тойтаруға қабілетті екеніне сенетін болса.

Кіші ширк. Егер ол бұл сақинаны тек ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасты сақтау үшін себеп деп есептесе.

Тыйым салынған (хара́м). Себебі оны тағу — христиандардың дәстүрі, олар бұл арқылы өздерінің Үштік (Троица) сенімін растайды. Сондай-ақ, егер ол алтыннан жасалған болса, оны ер адамдарға тағу екі есе харам болады.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Имам Ахмад Руайфиғтан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадисте Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Уа Руайфиғ! Сен ұзақ өмір сүруің мүмкін. Сол себепті адамдарға мына нәрсені жеткіз: кімде-кім сақалын өріп байлайтын болса, немесе ескі адырнадан жасалған алқа тақса, немесе кіші немесе үлкен әжетін өтеген соң (нәжістен) малдың тезегімен не сүйектермен сүртініп тазаланатын болса, онда Мухаммад ﷺ ондай адамдардан бас тартты»** (Ахмад 109, 108, Абу Дарда 36).

- «Сақалды өру (байлау)»: бұл не тәкаппарлықтан, не көз тиюден қорғану үшін себеп деп сенуден жасалады.


- «**Ескі адырнадан жасалған алқа**»: мұнда қойдың сіңірінен алқа секілді жасалған бойтұмар меңзеліп отыр, арабтар оны көз тиюден қорғану үшін тағатын.
- «**Малдың тезегімен ... сүртініп тазаланатын болса**»: яғни екі жолдан шыққан нәжісті малдың қиымен тазалау.
- «**Не сүйектермен**»: сүйектер жындардың, ал тезек олардың малдарының қорегі болып табылады.

БЕСІНШІ ЖӘНЕ АЛТЫНШЫ ДӘЛЕЛДЕР

Ибн Жубайрдің былай дегені жеткізіледі: «Адамнан тұмарын жұлып тастаған адам, құлды босатқан адам секілді». Бұл хабарды Уәқиғ жеткізген. Ол сондай-ақ, Ибраһимнің былай дегенін жеткізген: «Олар кезкелген тұмарларға, олардың ішінде Құран аяттары болса да, болмаса да тыйым салатын».

- «Құлды босатқан адам секілді», өйткені ол әлгі тұмар таққан адамды шайтанға бағыну мен оған құл болудан босатты, ал бұл көпқұдайшылықтың көрінісі. Әрине, бұл адамды жәй құлдықтан босатудан едәуір жақсы. Алайда, бұндай тұмарды ең көркем үлгіде жұлып тастау қажет.

Біз неліктен Құран аяттары бар тұмарлар тыйым салынған деп айтамыз?



ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Дем салу (руқия)» мен «тұмарлар» деген нәрселердің мәнін түсіндіру.

Екінші. «Дуалау» не екендігін түсіндіру.

Үшінші. Бұл үш нәрсенің барлығы — көпқұдайшылық.

Төртінші. Көз өткенде немесе адамды жәндік шаққанда руқия оқуға тыйым салынбаған. (Бұған, мысалы, сиқырға қарсы руқия оқу секілді басқа да жағдайлар жатады).

Бесінші. Егер тұмарда Құран аяттары болса, ғалымдар оның тыйым салынғандығына немесе рұқсат етілгендігіне қатысты келіспеушілікке түскен. (Ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) пікірі ең қауіпсіз, өйткені бұл нәрселердегі негіз — тыйым салынғандық).

Алтыншы. Жануарларға көз тиюге қарсы ескі адырнадан жасалған алқа тағу көпқұдайшылықтың көрінісі болып табылады.

Жетінші. Адырнадан жасалған алқаны таққанға қатысты ескерту.

Сегізінші. Адамнан тұмарды жұлып тастаған адамның артықшылығы.

Тоғызыншы. Ибраһимнің сөздері өзінен бұрын айтылған бұл мәселеде келіспеушілік болғанына қайшы келмейді, өйткені ол Ибн Масғудтың жақтастарын меңзеген. (Ол барлық сахабаларды, оларға Аллаһ разы болсын және олардың барлық ізбасарларын (табиғиндерді) меңзеген жоқ).

9. Талдардан, тастардан және соған ұқсас нәрселерден береке тілейтін адамдар туралы тарау.

Табаррук — береке тілеу екіге бөлінеді:

Тыйым салынған. Шариғатпен де, физикалық тұрғыдан да бекітілмеген нәрсе арқылы береке тілеу. Мысалы, Пайғамбарымыздың ﷺ бөлмесінің қабырғаларын сипау.

Бекітілген табаррук:

Шариғатпен бекітілген: мысалы, Әл-Харам мешітінде намаз оқу немесе Құран оқу.

Физикалық түйсікпен бекітілген: мысалы, шейхул-Ислам Ибн Теймия секілді Сүннетті ұстанушы ғұламалардың кітаптарын оқып, үйрену.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Әл-Ләт пен Ғуззаны көрдіңдер ме? Үшінші басқа Манатты ше?**» («ән-Нәжм» сүресі, 19-20 — аяттар).

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Әбу Уәкид әл-Ләйсиден оның былай дегені жеткізіледі: “Бірде біз Аллаһтың Елшісімен ﷺ бірге Хунайфа жорыққа шықтық. Сол кезде біз жуырда ғана күпірліктен бас тартқан әрі енді ғана дінге келген мұсылмандар едік, ал мүшриктерде олар оған өздерінің қаруларын соған ілетін әрі оның алдында өз (діни) рәсімдерін өткізу үшін жиналатын және оны Зәт Әнуат деп атайтын бір ағаштары бар болатын. Міне, сонда біз әлгі ағаштың жанынан өтіп бара жатқан кезімізде: «Уа Аллаһтың елшісі, бізге де олардағыдай бір «Зәт Әнуат» жасап беріңізші», — дедік. Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «**Аллаһ Ұлы! Мұның барлығы — бұрынғылардың жолы! Жаным Қолында болғанмен ант ете-**

мін, сендер (менен) Исраил ұрпақтары Мусадан: «Бізге де олардағыдай құдай жасап бер!», — деп сұраған нәрсесін сұрадыңдар. Ол: «Ақиқатында, сендер — надан халықсыңдар!» — деп жауап берді. Сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрын өткендердің жолына ілесесіңдер!», — деді» (әт-Тирмизи 2181, Ахмад «Муснад» 218/5).

- **«әл-Ләт пен әл-Ғуззаны көрдіңдер ме?»**: яғни сендер ұлықтап жүрген пұттарың қандай нәрсе екенін айтыңдаршы? Олар Аллаһтың ұлы аят-белгілерімен, мысалы, (Пайғамбардың ﷺ) миғражымен салыстыруға келе ме? Мүшриктер бұл пұттар оларға зиян тигізуі немесе пайда беруі мүмкін деп сенетін, сондықтан да оларға жалбарынып, құрбандық шалып, жақындауға тырысатын.
- **«Әл-Ләт»** — егер екі «т» әрпімен оқылса (әл-Ләтт), қажыларды құрма мен жарма араласқан ботқамен тамақтандыратын бір салиқалы адамның есімі. Егер бір «т» әрпімен оқылса, онда бұл — Аллаһтың есімін бұрмалау.
- **«Әл-Ғузза»** — Аллаһтың «әл-Ғазиз» есімінің бұрмаланған түрі.
- **«Манат»** — бұл не Аллаһтың «әл-Маннан» есімінің бұрмаланған нұсқасы, не Мина аймағының атауынан шыққан. Өйткені мүшриктер осы пұттың алдында көп мөлшерде құрбандық қанын төгетін.
- **«Сол кезде біз жуырда ғана күпірліктен бас тартқан әрі енді ғана дінге келген мұсылмандар едік»**: бұл олардың жасаған өтінішіне белгілі бір дәрежеде ақтау ретінде айтылған.
- **«Қаруларын соған ілетін»**: олар бұны сол ағаштан береке алу мақсатымен істейтін.
- **«Зәту Әнуәт»**: яғни “ілінген нәрселері бар ағаш”, өйткені олар оған қаруларын іліп, одан береке іздейтін.
- **«Бізге де олардағыдай бір Зәт Әнуат жасап беріңізші»**: олар құлшылықтың тек Аллаһ пен Оның Елшісінің ﷺ бұйрығымен ғана рұқсат етілетінін түсінетін, сондықтан бұл өтінішпен тікелей Пайғамбардың ﷺ өзіне жүгінді. Бірақ Аллаһтың Елшісі ﷺ оларды қатаң түрде жазғырды, және олар бұл көпқұдайшылыққа (Аллаға серік қосуға) түспеді.
- **«Сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрын өткендердің жолына ілесесіңдер»**: яғни олар не істесе, сендер де соны істейсіңдер, олар не айтса, сендер де соны айтасыңдар. Бұл ескертуде әрі болашақта орын алатын жағдай туралы хабар, әрі одан сақтандыру бар.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «ән-Нәжм» сүресінің («Сендер әл-Ләт пен әл-Ғуззаны көрдіңдер ме? Әрі үшінші — Манатты ше?» деген) аятының тәпсірі.

Екінші. Олар не сұрады? (Олар осы ағаштан тек береке алуды қалады, бірақ оған құлшылық жасау ниеті болмаған).

Үшінші. Олар бұны жасамады.

Төртінші. Олар бұл әрекет арқылы Аллаһқа жақындауды қалады, өйткені Аллаһ осыны жақсы көреді деп есептеді.

Бесінші. Егер олар мұны білмеген болса, онда олардан басқа біреу бұл жайында тіпті бейхабар болуы мүмкін. (Сондықтан адамдардың амалдарымен алданып қалмауымыз керек).

Алтыншы. Сахабалардың басқа ешкімде болмаған игі амалдары және Аллаһтың оларды кешіруіне уәде бергені бар еді. (Сондықтан оларды тек жақсылық сөзбен еске ал, өйткені оларды қорлау — Аллаһты, Оның Елшісін ﷺ және олардың өздерін қорлау болып табылады).

Жетінші. Пайғамбар ﷺ оларды ақтамады, керісінше, қатаң түрде жазғырып: «Аллаһ Ұлы! Мұның барлығы — бұрынғылардың жолы! Жаным Қолында болғанмен ант етемін, ... Сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрын өткендердің жолына ілесесіңдер!» — деп, осы үш сөйлемімен олардың талап еткен нәрселерінің ауырлығын көрсетті.

Сегізінші. Хадистің осы тарауда келтірілуінің басты себебі — Пайғамбар ﷺ олардың өтінішінің Исраил ұрпақтарының Мұсаға: «Бізге де олардағыдай құдай жасап бер», — деген сөздеріне ұқсас екенін хабарлады. (Бұл жерде, сондай-ақ, кәпірлерге сөздер мен сөйлемдерде ұқсауға тыйым салынғанын көреміз).

Тоғызыншы. Мұндай табарруктың (береке іздеудің) тыйым салынғандығы «Лә иләһә иллә-Ллаһ» сөзінің мағынасын жүзеге асырады, тіпті олар бұл нәзік мағынадан бейхабар болса да. (Бұл куәлік Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір хақ құдай жоқ екенін білдіреді, әрі береке мен игілікті Аллаһтан өзгеден сұрауға болмайды).

Оныншы. Пайғамбарымыз ﷺ үкім шығарып, шешім қабылдас бұрын ант етті, және ол мұндайды осыда белгілі бір пайда болған кезде жасайтын. (Немесе қандай да бір зиянның алдын алу үшін).

Он бірінші. Ширк үлкен және кіші болуы мүмкін, өйткені олар бұл өтініштерінің себебінен діннен шыққан жоқ.

Он екінші. Олардың «Біз жақында ғана күпірліктен бас тартқан қауым едік» деген сөздері басқа сахабалардың бұл мәселелерді білетінін көр-

сетеді. (Ал олар бұл жайында жақында ғана күпірліктен бас тартқаны үшін білмеген болатын).

Он үшінші. Кейбір адамдар мұны айыптағанымен, «Аллаһу акбар» сөзін айтуға рұқсат етілгені.

Он төртінші. Тыйым салынған нәрсеге алып баратын жолдарды жабу. (Егер бір жол жақсылыққа апарса, оны ашып, сол жолмен жүру қажет. Ал егер бір жол жамандыққа жетелесе, оны жауып, тосқауыл қою қажет).

Он бесінші. Надан адамдарға ұқсауға тыйым салынған. (Бұл ақиқаттан бейхабар болып, надандықпен әрекет ететіндердің барлығына қатысты).

Он алтыншы. Оқыту барысында қаталдық таныту.

Он жетінші. «Бұл — сендерден алдыңғы қауымдардың жолы» деген сөздерде айтылған ұлы әрі негізгі қағида. (Бұл ескерту мақсатында айтылды).

Он сегізінші. Бұл — пайғамбарлықтың ақиқаттығын дәлелдейтін белгілердің бірі, өйткені бәрі дәл Ол ﷺ айтқандай болды.

Он тоғызыншы. Аллаһ Тағала Құранда яһудилер мен христиандарды сол үшін сөккен нәрселер бізге де қатысты.

Жиыrmасыншы. Олар құлшылықтың тек әмірге негізделетінін түсініп, білген еді. Мұнда қабірдегі сұрақтарға нұсқау бар. «Раббың кім?» деген сұраққа жауап айқын. Ал «Пайғамбарың кім?» деген сұраққа келсек, пайғамбар белгісіз (жасырын) нәрселер туралы хабар бергендіктен «пайғамбар» деп аталған, ал бұл хадисте осындай бір хабар бар. Ал «Дінің қандай?» деген сұраққа келсек, бұл олардың «Бізге де олардағыдай бір Зәт Әнуат жасап беріңізші» деген сөздерінде қамтылған.

Жиырма бірінші. Кітап иелерінің жолы — дәл мүшриктердің жолы сияқты айыпталатын әрі бұрыс жол.

Жиырма екінші. Жақында ғана адасушылықтан бас тартқан адамның жүрегінде сол сенімдердің қалдықтары сақталуы мүмкін. Сондықтан ол: «Біз жақында ғана күпірліктен бас тартқан қауым едік», — деді. (Осы себепті зина жасаған адамға дүре соғылғаннан кейін оны сол қылмыс жасаған жерінен, ол күнәсына оралмауы үшін, бір жылға жер аудару керек. Адам күпірлік, ширк және күнә кең тараған жерлерден алыс болуға тиіс. Сүннет ұстанушыларының жолы — тақуа ғалымдардан ілім алу. Ал адасушылық жолын ұстанып, кейін одан бас тартып, Сүннетке ерген адамның ілімінен ғалымдар оның сенімінің түзелгеніне және онда адасушылықтың ешқандай қалдығы қалмағанына куәлік бермейінше, білім алу рұқсат етілмейді).

10. Аллаһтан басқа біреу немесе бір нәрсе үшін құрбан шалу жайлы тарау.

Не себепті втор бұл тарауды «Аллаһтан басқаға құрбан шалу — үлкен көпқұдайшылық» деп атамады?

1. Ол оқырманды дәлелден үкім шығаруға тәрбиелегісі келді, өйткені бұл ғылыми тәрбие.

2. Не болмаса Аллаһтан басқа біреуге мал шалу не рұқсат етілген, не үлкен көпқұдайшылық болуы мүмкін болғандықтан.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: **«Намазым, құрбандығым, өмірім және өлімім бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһ үшін», — деп айт. Оның серігі жоқ. Мен осыған бұйырылдым және мен мұсылмандардың алғашқысымын», — де** («әл-Әнғам» сүресі, 162-163 аяттар).

Аллаһ Тағала былай деген: **«Сондықтан Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал»** («әл-Кәусар» сүресі, 2-аят).

- **«Айт»:** мүшриктерге ең таза бірқұдайшылыққа толықтай берілгенінді жарияла.
- **«Намазым»:** денемен жасалатын құлшылықтар туралы айтылуда, олардың ең абзалы — парыз немесе нәпіл намазы.
- **«Құрбандығым»:** мал-мүлік жұмсаумен байланысты құлшылықтар. Олардың ең абзалы — Аллаһ үшін құрбан шалу.
- **«Өмірім және өлімім»:** менің тіршілігіме де, өлімімнен кейінгі жағдайыма да тек Ұлы Аллаһ қожайын.
- **«Мұсылмандардың алғашқысымын»:** бұл сөздердің екі тәпсірі бар:
 - 1) Мен — осы үмметтегі (ақиқатқа мойынсұнған) ең алғашқы мұсылманмын.
 - 2) Ислам үкімдерін ең кемел түрде орындайтын адам.
- **«Құрбан шал»:** құрбан шалуды да, намаз сияқты, тек Аллаһқа арна. Құрбандық шалу — құлшылық түрлерінің бірі.

Мал союдың түрлері

- **Аллаһ үшін болған құрбандық:** Бұл құрбан айт күнінде мал шалу, ақиқа, хады секілді мал сою. Мұндай құрбандықты Аллаһтан басқаға арнау — үлкен көпқұдайшылық.

- **Рұқсат етілген мал сою:** мысалы, жеу үшін, қонақты тамақтандыру үшін немесе етті сату үшін мал сою.

- **Аллаһтан басқа біреу үшін махаббатпен және ұлықтаумен құрбан шалу:** Бұл үлкен көпқұдайшылық. Мысалы, жындар немесе қабірлерді мекендейтін өлілер үшін құрбан шалу.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Али ибн Абу Талибтен (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі ﷺ маған мына төрт сөзді айтты: **“Аллаһтан басқа біреу үшін құрбан шалған адамға Аллаһтың лағынеті болсын. Өзінің ата-анасын лағынеттеген адамға Аллаһтың лағынеті болсын. Бидғатшыл адамға пана берген адамға Аллаһтың лағынеті болсын. Бөлінген жердің шекарасын өзгерткен адамға Аллаһтың лағынеті болсын”**» (Муслим 1978).

- **«Лағынет»:** Аллаһтың рахымынан алыстатылу. Бұл хадисте Пайғамбар ﷺ ондай адамдардың Аллаһ тарапынан қарғысқа ұшырағанын хабарлап тұр немесе Аллаһқа оларды қарғысқа ұшыратуын сұрап дұға жасауда.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Ториқ ибн Шиһабтан Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: **«Бір шыбынның себебімен бір адам Жәннатқа ал екіншісі Тозаққа түсті»**. Адамдар: «Бұл қалай, уа Аллаһтың елшісі?» — деп сұрады. Пайғамбар ﷺ: **«Бірде екі адам пұтқа табынатын әрі ешкімді сол пұтқа әлдебір нәрсені құрбан шалғызбай өткізбейтін қауымның жанынан өтіп бара жатады. Олар жолаушылардың біреуіне: «Бірдеңені құрбан шал!» — дейді. Ол: «Менде құрбан шалатын еш нәрсе жоқ қой!», — деп жауап береді. Сонда олар: «Ендеше, шыбынды болса да құрбан шал!» — дейді. Сонда ол шыбынды құрбан шалады да, оған сапарын жалғастыруға рұқсат етіледі, ал содан соң**

ол Тозаққа түседі. Содан кейін олар екіншісіне: «Бірдеңені құрбан шал!» — дейді. Ол: «Мен Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтан басқа ешкімге және еш нәрсеге құрбан шалмаймын!», — дейді. Сонда (олар) оның басын шауып тастайды да, ол Жәннатқа кіреді», — деген еді (Ахмад «әз-Зухд» кітабында 22, Ибн Аби Шәйба «Муснадта» 33028, 377/2).

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың: «Намазым, құрбандығым, өмірім және өлімім бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһ үшін» деген сөздерінің тәпсірі.

Екінші. Аллаһтың: «Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал» деген сөздерінің тәпсірі.

Үшінші. Хадистегі алғашқы лағнет — Аллаһтан өзгеге арнап құрбан шалған адамға арналған. (Өйткені бұл — ширк, ал Аллаһтың құқығы барлығынан жоғары).

Төртінші. Ата-анасына лағынет айтқан адамға лағынет. Бұған сен біреудің ата-анасын лағынеттеп, ол жауап ретінде сенің ата-анаңды лағынеттейтін жағдай да жатады. (Өйткені бұндай жағдайда бұл сенің ата-анаңның лағынеттелуіне себеп болады, әрі бұл сенің өз ата-анаңа лағынет айтқаныңмен тең).

Бесінші. Бидғатшыға пана берген адамға лағынет. Бұл — Аллаһтың құқығын бұзған адамның жазадан құтылу үшін біреуге жүгінуі. (Ал оған қолдау көрсеткен адам оны жасырғаннан да жаман. Бидғат екі түрлі болады:

1. Дінде: Жәһмилер, муғтазилер, рафидилер және басқа топтар енгізген жаңалықтар.
2. Үмметтің қоғамдық мәселелерінде: Ұрылар мен қарақшылардың қылмыстары секілді.)

Алтыншы. Жер бөлігінің шекарасын өзгерткен адамға лағынет. Бұл жерде біреудің жерін заңсыз иемдену үшін шекаралық белгілерді жылжыту туралы айтылуда.

Жетінші. Белгілі бір адамға лағынет айту мен күнәһарларға жалпылама лағынет айтудың арасындағы айырмашылық. (Белгілі бір адамға лағынет болмайды, ал күнәһарларға жалпы лағынет айтуға рұқсат).

Сегізінші. Шыбын оқиғасының ұлылығы. (Егер ол сахих болса).

Тоғызыншы. Адамның шыбын үшін Тозаққа кіруі. Ол Аллаһқа серік қосуды ниет етпесе де, өзін жайына қалдыруын қалады. (Алдыңғы

үмметтер үшін күпірлік жасауға мәжбүрлеу (икрах) ақтау себебі болмаған).

Оныншы. Мүминдер ширк күнәсінің қаншалықты ауыр екенін біледі. Себебі әлгі мүмин адам олардың талабын қабылдамай, сабыр етті және соның салдарынан қайтыс болды. Ал олар одан бұл істі тек сырттай ғана (жүрекпен қабылдамай) орындауын талап еткен еді. (Егер адам осындай талапқа көніп, сабырлық танытпаса және бұл Исламға зиян тигізетін болса, онда ол сабыр етуі керек. Тіпті кейбір жағдайларда сабыр ету оған міндетті болуы мүмкін).

Он бірінші. Тозаққа кірген адам бұған дейін мұсылман болған. Олай болмағанда, хадисте оның Тозаққа кіруінің себебі — «шыбын» деп айтылмас еді. (Оның жасаған құрбандығы Тозаққа кіруіне себеп болды).

Он екінші. Бұл хадистің мәні «Жәннат пен Тозақ сендерге аяқ киімдеріңнің бауынан да жақын» деген хадисте көрсетілген. (Мұндай хадистердің мақсаты — жақсылық жасауға ынталандыру және күнә жасаудан сақтандыру).

Он үшінші. Ең ұлы амал — жүректің амалы, тіпті пұтқа табынушылар үшін де. (Жүрек дерттерінің емі Құран мен Сүннетте бар, сондықтан жүрегінді дүниелік нәрселермен алаңдатпа).

Егер адам күпірлікке мәжбүрленсе, ол үшін қайсысы жақсы: сабыр етіп, тіпті өлтірілсе де көнбеу ме, әлде олардың талабын орындау ма?

1. Егер ол жүрекпен де, сырттай да келіскен болса, бұл — діннен шығу.
2. Егер ол тек сырттай келісіп, жүрегінде иманын сақтаса және тек өзін олардың зұлымдығынан құтқаруды көздесе, бұл — рұқсат етілген.
3. Егер ол олардың талабын әрі жүрекпен, әрі сырттай жоққа шығарып, соның салдарынан өлтірілсе, бұл — рұқсат етілген амал және сабырлықтың көрінісі. Егер күпірлікке мәжбүрлеуге көну мұсылман үмметі үшін дін жағынан зиян мен адасушылық әкелетін болса, онда сабыр ету және өлтірілсе де көнбеу — міндетті. Ал егер мұндай қауіп болмаса, онда адам тек сырттай келісіп, жүрегінде иманын сақтайды.

11. Аллаһтан басқа үшін құрбан шалатын жерде Аллаһқа құрбан шалуға болмайтындығы туралы тарау.

Автор (Аллаһ оны рахым етсін) Аллаһтан басқаға арнап құрбан шалу туралы өткеннен кейін, белгілі бір орындарда тіпті Аллаһ үшін құрбан шалудың да тыйым салынғанын түсіндірді. Бұл тараулардың осындай ретпен орналасуы бұл кітаптың керемет реттеліп жинқталғанын көрсетеді.

Мұндай әрекеттің тыйым салыну себептері келесідей:

1. Бұл кәпірлерге ұқсап-еліктеуге алып келеді.
2. Бұл басқа адамдардың осы іс-әрекетпен алданып, мүшриктердің істейтін істері рұқсат етілген деп пайымдауына мүмкін.
3. Бұл көпқұдайшылдардың өз адасушылығында бекемделуіне себеп болады, ал бұл — тыйым салынған нәрсе.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: **(Мухаммад) ол мешітте әсте намаз оқы-ма»** («әт-Тәуба» сүресі, 108-аят).

Автордың бұл тарауды келтіру себебі:

«Зиян келтіру мешіті» (Мәсжид әд-дырор) Аллаһқа бойсұнбау, күпірлікті тарату және мұсылмандар арасында алауыздық тудыру мақсатында салынған болатын. Сондықтан Аллаһ Өзінің Елшісіне ﷺ онда намаз оқуға тыйым салды, тіпті намаз тек Аллаһқа арналса да. Бұл тыйым Аллаһқа мойынсұнбаушылық жасалған жерлерде ғибадат етуге болмайтынын көрсетеді, тіпті кейін ол жерлерден күнәлі істер жойылған болса да.

Намаз — құлшылықтың бір түрі, сол сияқты құрбандық шалу да құлшылық болып табылады. Күн шығып және батып жатқанда намаз оқуға деген тыйым да дәл осы секілді, өйткенді кәпірлер осы екі уақытта күнге табынады.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Сәбит ибн Даххактан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте бір

адамның Буана деп аталатын жерде түйе шалуға нәзір бергені туралы айтылады. Ол бұл туралы Аллаһтың Елшісінен ﷺ сұрағанда, Пайғамбарымыз ﷺ: *«Ол жерде (Исламға дейінгі) надандық дәуірінде (мүшриктер қалшылық ететін) пұт бар ма еді?»* — деген сұрақ қойды. Адамдар: «Жоқ», — деп жауап берді. Ол ﷺ: *«Сол жерде көпқұдайшылдардың әлдебір мейрамдары (діни жиындары) өткізілетін бе еді?»* — деп сұрады. Адамдар: «Жоқ», — деп жауап берді. Сондай Пайғамбарымыз ﷺ: *«Онда нәзіріңді орында. Өйткені, Аллаһқа мойынсұнбау болып табылатын нәзірді, сондай-ақ адамның иелігінде болмаған нәрсеге қатысты нәзірді орындауға болмайды»* — деді. (хадисті Абу Дауд (13313) риуаят еткен, ол әл-Бухари мен Муслимнің шарттарына сәйкес сахих болып табылады).

Нәзір — ақыл-есі дұрыс, балиғатқа жеткен адамның (мукал-ләфтың) өзін өзі міндетті емес нәрсені орындаумен міндеттеуі. Оның екі түрі бар:

Аллаһ үшін жасалған нәзір.

Аллаһтан басқаларға жасалған нәзір (бұл үлкен көпқұдайшылық): Бұл, мәні жағынан, Аллаһтан өзгемен ант етуге ұқсас. Мұндай нәзір бастапқыдан жарамсыз болып саналады. Оны орындауға да, кәффәрат-өтемін жасауға да болмайды. Оның жалғыз өтеуі — шынайы тәубеге ету.

Арнайы нәзір: бұл адамның бір нәрсені өзіне міндет қылып алуы.

Жалпы нәзір: бұл барлық мұсылмандарға таралады, Аллаһ Тағала былай деген: «Олар нәзірлерін орындайды». Өйткені мұсылман адам Аллаһ бұйырған нәрселерді істеуге және тыйым салынған нәрселерді тастауға нәзір берген.

Айтылып қойылған нәзір: Оны орындау немесе ант секілді өтеу қажет.

Айтылудан бұрын: бұл Пайғамбарымыздың ﷺ тыйымына байланысты тыйым салынған амал. Егер бұда жақсылық бар болса, ол ﷺ нәзір беретін еді.

Жақсылық жасау нәзірі — мұндай нәзірлерді орындау міндетті. Егер нәзір орындалмаса, оны өтеу қажет.

Мысал: нәпіл намаз оқу туралы нәзір беру.

Күнә жасау нәзірі — мұндай нәзірлерді орындау тыйым салынған, оларды міндетті түрде бұзу керек және дәл ант сияқты өтемін жасау қажет. Мысал: өсек айтуға нәзір жасау.

Мубах (рұқсат етілген) істерге нәзір жасау — оны орындау мен өтеудің арасында таңдау еркі бар, бірақ орындау абзал.

Мысал: белгілі бір киімді киюге нәзір жасау.

Ашу мен дау кезінде жасалған нәзір — рұқсат етілген істерге нәзір жасаумен бірдей үкімде. Мысал: «Мен осы қаладан кетемін» деп нәзір айту.

Мәкрүһ (құпталмайтын) істерге нәзір жасау — орындау құпталмайды, сондықтан нәзірді бұзып, оны өтеу абзал.

Мысал: намазда басын бұруға нәзір жасау.

Белгісіз нәзір — нақты аталмаған нәзір, оны өтеу қажет.

Мысал: «Аллаһтың алдында нәзір айтамын», — деп, бірақ нақты не екендігін атамау.

- Егер нәзір Аллаһқа жасалса, ол жарамды болады. Оны орындау немесе өтеуін жасау міндетті.
- Егер нәзір Аллаһтан басқаға арналса, ол жарамсыз. Оны орындауға болмайды, оған өтем жоқ. Бірақ адам тәубе етуі керек, өйткені бұл үлкен ширкке жатады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың мына сөзінің тәпсірі: «Онда (Зиян тигізу Мешітінде) ешқашан намаз оқыма...».

Екінші. Мойынсұнбаушылық (күнәлар) кейбір мекендерге қатысты үкімдерге әсер етуі мүмкін, Аллаһқа мойынсынушылық та дәл осы сияқты. (Ширк жасалатын жерде соған ұқсас әрекетті істеуге тыйым салынады, өйткені бұл мүшриктерге ұқсау болып есептеледі).

Үшінші. Күрделі мәселелерді, олардағы түсінбеушілікті жою, үшін, Құран мен Сүннеттің айқын дәлелдері арқылы түсіндіру.

Төртінші. Муфти, егер бұл қажет болса, мәселенің егжей-тегжейін сұрауы керек. (Немесе жауап бергенде әртүрлі ықтимал жағдайларды ескеруі қажет).

Бесінші. Нәзір жасау үшін белгілі бір орынды белгілеуге рұқсат етіледі, тек егер ол жерде оны орындауға кедергі болатын нәрсе болмаса.

(Бірақ егер адамдар бұл орынды ерекше деп санай бастаса, онда бұлай істеуге болмайды).

Алтыншы. Бұрын әлдебір пұт орналасқан жерде, тіпті ол жойылғаннан кейін де, нәзір жасауға тыйым салынады.

Жетінші. Бұрын мүшриктердің мейрамдары тойланған жерде, олар тоқтатылғаннан кейін де, нәзір жасауға болмайды.

Сегізінші. Осындай жерде нәзірді орындау да тыйым салынған. (Бұл күнәға негізделген нәзір болады).

Тоғызыншы. Мүшриктердің мейрамдарына еліктеуге тыйым салынады, тіпті егер адамның мұндай ниеті болмаса да. (Шейхул-Исламның айтуынша, кәпірлерге ұқсау ниетке байланысты емес, бірақ егер ниет болса, күнә одан да ауыр болады).

Оныншы. Күнә жасауға нәзір беруге болмайды. (Мұндай нәзір жарамды болып есептеледі, бірақ оны орындауға болмайды).

Он бірінші. Адам өзі иелік етпейтін нәрсеге қатысты нәзір жасауына болмайды. (Мұндай нәзір орындалмайды. Бұған екі жағдай жатады:

- Шарифат бойынша иелік етпейтін нәрсе: (Мысалы, басқа біреудің құлын азат етуге нәзір жасау).
- Орындалуы мүмкін емес нәрсе: (Мысалы, қолын қағып, ұшуға нәзір жасау, өйткені ол оған қабілетті емес).

НӘЗІР ҮШІН ӨТЕМ АНТТЫҢ ӨТЕМІНЕ ҰҚСАС:

1. Адам үш нәрсенің бірін таңдауға құқылы:

- Мұсылман құлды азат ету.
- Он кедейді тамақтандыру.
- Он кедейді киіндіру.

2. Егер бұған шамасы жетпесе, үздіксіз үш күн ораза ұстауы қажет.

12. Аллаһтан басқаға нәзір беру — көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі жайлы тарау

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «Олар нәзірлерін орындайды» («әл-Инсан» сүресі, 7-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген: «Аллаһтың жолында не жұм-сасандар да, қандай нәзір берсеңдер де, күдіксіз, Аллаһ оны біледі» («әл-Бақара» сүресі, 270-аят).

Автор бұл аяттарды осы бапта келтіру арқылы нәзірдің салиқалы адамдардың Жәннатқа кіруіне себеп болатын амалдардың бірі екенін көрсетуді көздеді. Нәзір — ғибадат, сондықтан оны Аллаһтан басқаға арнау көпқұдайшылықтың (ширктің) көрінісі болып табылады. Сондай-ақ бұл аятта Аллаһтың әрбір нәрсені білетіні және соған сәйкес сауап, не жаза беретіндігі меңзелген.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

«Әс-Сахиха» жинағында Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: *«Кімде-кім Аллаһқа бағынуға нәзір берсе, Оған бағынсын. Ал кімде-кім Аллаһқа мойынсұнбауға нәзір берсе, нәзірін бұзсын»* (әл-Бухари 6696, Абу Дауд 3289, әт-Тирмизи 1526, Ибн Мәжаһ 2126, Ахмад «Муснадта» 41, 36/6).

Бағыну, мойынсұнбау және Аллаһтан өзгеге берілген нәзірлердің арасындағы айырмашылық

Аллаһқа бағыну нәзірі: Аллаһқа бағынуға Аллаһпен ант ету сияқты, жарамды (оны не орындау, не өтемін жасау керек). Орындау міндетті.

Аллаһқа мойынсұнбау нәзірі: Аллаһқа мойынсұнбауға Аллаһпен ант ету сияқты. Орындау тыйым салынған, оның өтемін жасау міндетті.

Аллаһтан басқаға нәзір: Аллаһтан басқамен ант ету сияқты, бастапқыдан-ақ жарамсыз. Бұдан тәубе ету міндетті. Үлкен ширк болып табылады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Нәзірді орындау міндетті. (Бірақ бұл тек Аллаһқа бағыну нәзіріне қатысты).

Екінші. Егер әлдебір іс-амалдың ғибадат болып саналатынына нұсқау болса, онда ны Аллаһтан басқаға арнау — ширк болып табылады.

Үшінші. Мойынсұнбау (күнә) жасау нәзірін орындауға болмайды. (Бұдан тыс оны бұзу әрі анттың өтемін жасау сияқты өтеу керек).

Ескерту:

Нәзір мен антқа байланысты үкімдер бір-біріне ұқсас болғандықтан, фикһ ғалымдары бұл мәселелерді көбінесе анттар мен нәзірлер туралы тарауларда бірге қарастырады.

13. Аллаһтан басқа біреуден қорғау (пана) тілеу көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі туралы тарау.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Расында, адамдардың арасындағы кейбір ерлер жындардың арасындағы кейбір ерлерге пана тілеп сиынатын еді, бірақ олар олардың үрейін одан сайын арттыратын**» («әл-Жинн» сүресі, 6-аят).

- «**Пана тілеп сиынатын еді**»: қорқатын нәрселерінен қорғаныс пен баспана сұрайтын.
- «**Олардың үрейін одан сайын арттыратын**»: жүректеріндегі қорқынышты күшейтіп, денелерін дірілге салатын. Аллаһтан басқадан пана тілеу адамға еш пайда әкелмейді, керісінше, оның үрейін арттырады. Мұндай әрекет үлкен ширк болып табылады, сондықтан да адам бастапқыда қол жеткізгісі келген нәрсесінің қарама-қайшысына тап болады.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Хауля бинт Хакимнен (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: «**Кімде-кім бір жерге тоқтап: “Аллаһтың кемел сөздеріне Оның жаратқан нәрселерінің жамандығынан сиынамын”, — десе, ол сол жерден кеткенге дейін оған еш нәрсе зиян тигізбейді**» (Мұслим 2708, әт-Тирмизи 3433, Ибн Мәжаһ 3547, Ахмад «Муснадта» 309, 388/6).

- «**Бір жерге тоқтаса**»: бұл адам сол жерде тұру үшін немесе уақытша тоқтаған кез келген орынға қатысты.
- «**Аллаһтың сөздері**»: шариғи үкімдерге де, тағдырға да байланысты болуы мүмкін.
- «**Кемел**»: бұл сөздер өз құрамына екі ұғымды қамтиды: 1) хабарларындағы шыншылдық; 2) үкімдеріндегі кемелдік пен әділеттілік.
- «**Жаратқан нәрселерінің жамандығынан**»: жамандық тікелей

Аллаһқа таңылмайды, өйткені жамандық Оның даналығымен жаратылған. Бұл тұрғыдан жаратылыстар келесідей жіктеледі: 1) абсолютті жақсылық (Жәннат, періштелер, пайғамбарлар); 2) Абсолютті жамандық (Тозақ, Ібіліс — бұлар болмысы бойынша жаман, бірақ олардың жаратылуындағы Аллаһтың даналығына қарайтын болсақ, онда олардың жаратылуында жақсылық бар); 3) өздеріне жақсылықты да, жамандықты да біріктірген жаратылыстар (адамдар, жындар, жануарлар).

- **«Оған еш нәрсе зиян тигізбейді»** — бұл уәдесін ешқашан бұзбайтынның сөзі, өйткені олар ең шыншылдың сөздері. Ал егер бұл нәрсе орындалмай жатса, онда бұл бұл аталған дұғаның кемістікті екеніне емес, осыған кедергі болатын әлдебір нәрселердің себебінен. Бұл «әл-Фатиха» сүресін оқудың шипа болып табылатындығы секілді, алайда кейбір адамдар оны оқыса да шипа ала алмай жатады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Әл-Жинн» сүресіндегі аятты түсіндіру. (Адамдардың жындардан пана іздеуі олардың үрейін арттырды).

Екінші. Бұл үлкен ширк болып табылады. (Яғни тек Аллаһ қана қорғау мен пана бере алатын жағдайларда Аллаһтан басқаға пана тілеп жүгіну үлкен көпқұдайшылық болып табылады).

Үшінші. Бұған дәлел — осы хадис. Ғалымдардың айтуынша, Аллаһтың сөздері жаратылмаған, өйткені жаратылысқа пана тілеп сиыну — ширк. (Бұл жағдайда ол үлкен көпқұдайшылық болатын еді. Сондықтан да Аллаһтың сөздері жаратылған болғанда, Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге оларға қорғау пана тілеп жүгінуді айтпас еді).

Төртінші. Бұл дұғаның қысқа болғанымен, ұлы артықшылығы. (Оны айтқан адамға сол жерде ешнәрсе зиян тигізе алмайды).

Бесінші. Егер әлдебір нәрсе жамандықты қайтарып әрі жақсылықты келтіру арқылы дүниелік пайда алып келсе, бұл оның ширк емес екеніне кәлік болып табылмайды. (Пайдаға қол жеткізу бұл істің ширк болуы мүмкін екеніне кедергі болмайды).

БАСҚА ПАЙДАЛАР:

Хадисте әдетте шарифат әлдебір көпқұдайшыл әдет-ғұрыптардың күшін жойса, оларды жақсырақ нәрселермен алмастыратынына нұсқау бар. Өйткені Исламға дейінгі надандық дәуірінде адамдар жындар-

дан қорғау мен пана сұрайтын, ал шариғат оны осы дұға сөздерімен алмастырды. Ақиқатқа шақыратын адамның ұстанатын жолы да дәл осы болуға тиіс: егер ол адамдар үшін жамандықтың әлдебір есіктерін жапса, онда бірден олар үшін жақсылыққа бастайтын басқа есіктерді ашуы керек. Бұған Құран мен Сүннетте көптеген мысалдар бар.

14. Аллаһтан басқадан құтқаруды тілеу немесе Аллаһтан басқаға дұғамен жалбарыну ширктің көрінісі екендігі жайлы тарау.

БІРІНШІДЕН БЕСІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «Және де Аллаһтан өзге саған пайда да, зиян да келтіре алмайтын нәрселерге жалбарынба. Егер олай істесең, онда, күдіксіз, сен залымдардың бірі боларсың. (Мухаммад) егер Аллаһ саған бір зиян тигізсе, одан сені Аллаһтан басқа ешкім құтқара алмайды. Ал егер Аллаһ саған бір жақсылық қаласа, Оның кеңшілігін ешкім қайтара алмайды. Аллаһ оны (Өз кеңшілігін) қалаған құлына нәсіп етеді. Ол — өте Кешірімді, ерекше Рахымды» («Юнус» сүресі, 106-107 аяттар).

Аллаһ Тағала былай деген: «Ендеше ризықты Аллаһтың қасынан іздеңдер. Оған құлшылық қылыңдар да, Оған шүкір етіңдер. Сол жаққа қайтарыласыңдар» («әл-Ғанкабут» сүресі, 17-аят).


Аллаһ Тағала басқа аятта былай деген: «Аллаһтан өзге Қияметке дейін өзіне жауап бере алмайтын біреуге дұға етіп жалбарынғандардан кім көбірек адасушы? Әрине табынғандары олардың жалбаруларынан хабарсыз» («әл-Әхқаф» сүресі, 5-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деген: «Немесе қиналғандар Өзіне жалбарынғанда дұғаларына жауап беріп, қиыншылықты айықтыратын және сендерді жер жүзіне орынбасар қылатын кім? Аллаһпен бірге басқа құдай бар ма? Өте аз еске аласыңдар» («ән-Нәмл» сүресі, 62-аят).

Әт-Табарани өз тізбегімен (иснадымен) жеткізген хабарда, Пайғамбарымыздың ﷺ заманында мұминдерге зиян тигізетін екіжүзді болғаны айтылған. Сонда олардың кейбіреулері: «Жүріңдер, Аллаһтың Елшісіне ﷺ барып, бұл екіжүздінің кесірінен құтқаруын сұрайық», — деді. Сонда Пайғамбар ﷺ: «Құтқаруды менен сұрамаңдар, құтқаруды

Аллаһ Тағаладан сұраңдар», — деп жауап берді (әт-Табарани, әл-Хайсами өзінің «Зауaid» жинағында 159/10, хадис сенімді емес, бірақ мағынасы сенімді).

- **«Жалбарынба»:** бұған кез келген құлшылық-ғибадат та (өйткені ғибадат бұл іс-амал арқылы жасалатын дұға), Аллаһ қана шамасы келетін нәрседе Аллаһтан өзге біреуге жүгіну де кіреді.
- **«Аллаһтың қасынан іздеңдер»:** яғни ризықты тек Аллаһтан іздеңдер, өйткені оған тек Ол ғана иелік етеді. Көпқұдайшылар пұттарға табынады, алайда олар ешқандай ризық бере алмайды.
- **«Оған құлшылық етіңдер»:** құлшылық-ғибадат ризық берілуінің себептерінің бірі екеніне нұсқау.
- **«Және Оған шүкір етіңдер»:** әрбір нығмет сол нығметті берген Аллаһқа жүреппен, тілмен және іс-амалмен шүкір етуді талап ететін сынақ болып табылады.
- **«Жауап беретін»:** зиянды кетіруді немесе жамандықтан құтқаруды оған шамасы келмейтін біреуден сұрау — рұқсат етілмейтін іс.
- **«Екіжүзді (мунафиқ)»:** сырттай өзін мұсылман етіп көрсеткенімен, іште күпірлікті жасыратын адам. Ол мұминдерге зиян тигізуді әдетке айналдырған.



ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Құтқаруды сұраудан кейін дұғаның айтылуы — жалпыдан кейін жекені атап өтуді болып табылады.

Екінші. Аллаһтың **«Аллаһтан өзге саған пайда да, зиян да тигізе алмайтын нәрсеге жалбарынба»** деген сөзінің тәпсірі.

Үшінші. Бұл істің үлкен ширк екеніне дәлел.

Төртінші. Егер тіпті ең салиқалы адамдардың өзі мұны біреудің разылығын іздеп жасайтын болса, залымдардың қатарына қосылады.

(Бастапқыда бұл тыйым оны жасауы мүмкін емес адамдарға қатысты айтылған, демек оны жасауы мүмкін адамдарға ол тіпті қаттырақ күшке ие).

Бесінші. Келесі аяттың тәпсірі: «Егер Аллаһ саған бір зиян тигізсе, одан сені Аллаһтан басқа ешкім құтқара алмайды» — ал егер зиянды Аллаһтан өзге ешкім кетіре алмаса, онда адам құлшылықты да, жәрдем сұрауды да тек Аллаһқа ғана арнауы керек.

Алтыншы. Бұл оған тіпті дүние тіршілігінде де пайда әкелмейді, ал бұған қоса бұл күпірлік болып табылады. (Яғни ол дүние тіршілігінде де, Ақыретте де зиянға ұшырайды).

Жетінші. Үшінші аяттың тәпсірі. («Ендеше ризықты Аллаһтың қасынан іздендер. Оған құлшылық етіндер...»).

Сегізінші. Ризықты Аллаһтан өзге біреуден сұрамау керек, дәл сол секілді, Жәннатты да тек Аллаһтан ғана сұрау қажет.

Тоғызыншы. Төртінші аяттың тәпсірі. («Аллаһтан өзге Қияметке дейін өзіне жауап бере алмайтын біреуге дұға етіп жалбарынғандардан кім көбірек адасушы?»).

Оныншы. Аллаһтан өзге біреуге жалбарынғаннан асқан адасушы жоқ. (Себебі аяттағы сұрақтың мағынасы — теріске шығару).

Он бірінші. Адамдардың Аллаһтан өзге соларға дұға етіп жалбарынатындары өздеріне жасалатын бұл дұғалардан бейхабар.

Он екінші. Мұндай дұға — өзіне дұға етілетіннің оған жалбарынатын адамдарды жек көруінің және олардың арасында дұшпандық орнауының себебі.

Он үшінші. Мұндай дұға — Аллаһтан өзгеге жасалатын құлшылық деп аталған.

Он төртінші. Құлшылықтың бұл түрін Аллаһтан өзге біреуге арнаған адамның күпірлікке түскеніне нұсқау.

Он бесінші. Бұл оның ең адасқан адамға айналуына себеп болады:

- 1) Өйткені ол Аллаһтан өзге өзіне жауап бере алмайтын біреуге жалбарынады;
- 2) Өйткені олар бұл дұға туралы мүлдем бейхабар;
- 3) Өйткені олар өздеріне жасалған құлшылықтан бас тартады.

Он алтыншы. Бесінші аяттың тәпсірі. («Немесе қиналғандар Өзіне жалбарынғанда дұғаларына жауап беріп, қиыншылықты айықтыратын және сендерді жер жүзіне орынбасар қылатын кім?»).

Он жетінші. Пұтқа табынушылардың қиын кезде жалбарынатын дұ-

ғасына тек Аллаһ қана жауап беретінін мойындағаны таңғаларлық жайт. Сондықтан қиыншылық кезінде олар басқа біреуге емес, ықыласты түрде Аллаһқа жалбарынады.

Он сегізінші. Аллаһтың Елшісі ﷺ таухид шекараларын ерекше қорғайтын әрі Аллаһқа қатысты әдепті үйрететін. (Ол үмметіне қиындыққа тап болғанда тек Аллаһқа жалбарынуды, құтқаруды Аллаһтан өзге ешкімнен сұрамауды үйретті).

Екінші бөлімге байланысты тексеріс сұрақтар (9 тарау)

Бірінші тапсырма: Нәзірдің келесі түрлерінің арасындағы айырмашылықтарды атаңыз

Аллаһтан басқаға берілген нәзір

.....
.....
.....

Күнә жасау туралы берілген нәзір

.....
.....
.....

Құлшылық жасау туралы берілген нәзір

.....
.....
.....

Екінші тапсырма: Әрбір тұжырымның қасына үкімнің (хукмның) нөмірін жаз.

(1) Рұқсат етілген; (2) Құпталмайтын (мәкрұһ); (3) Кіші күнә; (4) Үлкен күнә; (5) Кіші ширк; (6) Үлкен ширк; (7) Толығырақ түсіндіру қажет (яғни жауабы біржақты емес); (8) Міндетті (уәжіп/парыз); (9) Құпталатын (мұстахаб).

Әйеліңе деген махаббат.

Пайғамбарымызға ﷺ деген махаббат.

Аллаһпен қатар біреуді жақсы көру.

Кітап иелерінің күпірлігінде күмәндану.

Көз тиюден сақтау үшін Құранды сақтау.

Өзіне тұмар таққан адамға қарсы дұға ету.

Белгілі бір адамды лағынеттеу.

Неке жүзігін тағу.

Тұмарлар тағу.

Пайғамбардың ﷺ бөлмесіне қол тигізіп, береке сұрау.

Әжетті өтеген соң мал тезегімен немесе сүйектермен сүртіну.

Нәзір беру үшін белгілі бір орынды таңдау.

Құран оқу арқылы береке сұрау.

Кәпірлердің мейрамдарына қатысу.

Адамдардан көмек сұрау.

Жындардан қорқу.

Аллаһтан өзгеге нәзір беру.

Құран аяттарын іліп қою.

Күнә істеуге нәзір беру.

Құраннан жасалған тұмар.

Тұмар ретінде таға іліп қою.

Арабша емес тілде дұға оқу.

Әшекей ретінде жіп (бау) тағу.

Аллаһтың есімдерін арабша емес тілде айту.

Қара тасқа (Хәжар әл-Әсуадқа) қол тигізу.

Шипа табу үшін Зәмзам суын ішу.

Әлдебір пайда үшін мүлікті жою.

«Зиян тигізу мешітінің» қай жерде болғанын білу.

«Біз Пайғамбардан ﷺ пана сұраймыз» деп айту

Үшінші тапсырма: Дұрыс жауаптың қасына белгі қойыңыз.

1. «Бірқұдайшылықты түсіндіру» — бұл...

☐ Екінші бөлім

☐ Алтыншы тарау

☐ Барлық жауап дұрыс

2. «Бұл тараудан кейінгі тараулар осы тақырыпты түсіндіреді»:

☐ Кітаптың соңына дейін

☐ Бөлімнің соңына дейін

3. Автор бірқұдайшылықты қалай түсіндірді?

☐ Оған қарама-қайшы нәрселерді түсіндіру арқылы

☐ Ашық түрде түсіндіру арқылы

☐ Барлық жауап дұрыс

4. Екінші бөлімде қанша тарау бар?

☐ 5

☐ 9

☐ 8

5. «Оларды Аллаһты сүйгендей жақсы көреді» дегеніміз:

.....

6. Махаббаттың түрлері:

..... және оның үкімі:

.....

.....және оның үкімі:

.....

.....және оның үкімі:

.....

7. Аллаһ үшін кімді және нені жақсы көру керек?

..... және

..... және

8. Құраннан жасалған тұмарлардың тыйым салыну себептері:

1

2

3

4

9. Руқияның (дем салудың) рұқсат етілу шарттары:

1

2

3

4

10. «Зиян тигізу мешіті» жайлы аят не үшін «Аллаһтан басқа үшін құрбан шалатын жерде Аллаһқа құрбан шалуға болмайтындығы туралы» тарауында келтірілген?

.....

.....

11. «Олар нәзірлерін орындайды» аяты не үшін «Аллаһтан өзгеге нәзір беру — ширк» тарауында келтірілген?

.....
.....

12. Нәзірдің шариғи анықтамасы:

.....

13. «Нәзір жарамды» дегеніміз не?

.....

14. «...адам баласының иелігінде болмаған нәрсеге қатысты» деген сөздер нені білдіреді?

.....

15. «Буана» деген не?

.....

16. «Зиян тигізу» мешіті не үшін салынды?

.....

17. Аллаһқа арналған құрбандықты ширк жасалатын жерде шалуға болмайды, өйткені:

1

2

3

18. Пайғамбар ﷺ не үшін: «Құтқаруды менен сұрамаңдар» деді?

.....

19. Бидғат екі түрге бөлінеді:

1)

2)

20. «Ата-анасын лағынеттеді» дегеніміз:

.....

немесе

21. «Мен — мұсылмандардың алғашқысымын» дегеніміз:

.....

немесе

22. Аллаһтың мүшиктердің пұттары жайлы айтқан келесі сөздері сөздері нені білдіреді:

«Көрдіндер ме...» —

«Әл-Ләт» —

23. «Әл-Ғузза» — бұл

«Мәнәт» — бұлнемесе

.....

24. «Мен Аллаһтың кемел сөздеріне сыйынамын» — Аллаһтың сөздерінің түрлері қандай?

...

25. Таббаррук (береке сұрау) келесідей екі түрге бөлінеді:

1).....

2).....

Олардың араларындағы айырмашылық келесіде:

.....

26. Адамдардың білімсіздікке байланысты ақталу мәселесіндегі түрлері:

1)

2)

27. Егер адам намаз оқып, зекет беріп, ораза ұстаса, бірақ қабірлерге барып, оларға сәжде етсе, онда бұл:

☐ Үлкен күпірлік

- ☐ Кіші күпірлік
- ☐ Үлкен күнә
- ☐ Екіжүзділік

28. Көпқұдайшылық (ширк) қанша түрге бөлінеді?

- ☐ 3
- ☐ 4
- ☐ 2

29. Мал союдың түрлері қанша?

- ☐ 3
- ☐ 4

30. «Шын мәнінде менің сендер табынған нәрселеріге қатысым жоқ. Бірақ мені жаратқан Аллаһтан басқа. Өйткені Ол мені тура жолға салады» аятында неге сілтеме бар?

- ☐ «Лә иләһә иллә Аллаһ» куәлігіне
- ☐ Тек Жаратушыға ғана ғибадат ету керектігіне
- ☐ Пұттардың әлдебір нәрсені істеуге дәрменсіздігі
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс

31. «Кітапшылар» —

- ☐ Ғалымдар
- ☐ Құлшылық етушілер

32. «Монахтар» —

- ☐ Құлшылық етушілер
- ☐ Ғалымдар

33. «Олар Аллаһтан өзге өздерінің ғалымдары мен монахтарын раббы етіп алды...» деген аят көпқұдайшылықтың қай түріне нұсқайды?

- ☐ Махаббаттағы
- ☐ Бойсұнушылықтағы

34. Адамдар себептерге (құралдарға) қатысты келесі топтарға бөлінеді:

- ☐ Адамдардың екі шектен шыққан тобы және бір ортаңғы топ.
- ☐ Дұрыс ұстаным, кіші ширк және үлкен ширк.

35. Құрбандық шалу — денемен жасалатын ең ұлы ғибадаттардың бірі:

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

36. Күнәһарларды лағынеттеуге тек жалпы түрде рұқсат етіледі, ал нақты бір жеке адамдарды лағынеттеуге болмайды:

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

37. Мұсылман өз тілін лағынет сөздерін айтудан сақтау керек. Шариғи мәтіндерде лағынетке лайық екені айқын көрсетілген адамдардан басқаны лағынеттеуге болмайды:

☐ Жалпы (кәпірлерге қатысты)

☐ Арнайы (өсімқорларға қатысты)

38. Мешіттерден басқа, Аллаһ пен Оның Елшісіне ﷺ дұшпандық жасалатын жерлерде намаз оқуға болмайды:

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

39. Егер ондай орындарды өзгертіп, оларды Аллаһқа құлшылық және бағыну орындарына айналдыру мүмкіндігі болса, онда солай істеу керек:

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

40. Құба мешітіне барып, онда намаз оқу үшін сапарға шығуға рұқсат етілген:

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

41. Бұрын көпқұдайшылық жасалған жерлерге үгіт-насихат мақсатында баруға болады:

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

42. Хира үңгіріне барып, Пайғамбар ﷺ қалай және қай жерде құлшылық еткенін білу үшін сапарға шығуға рұқсат етілген:

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

43. «Миғраж» деген сөз Пайғамбардың ﷺ Меккеден Иерусалимге алып барылғанын білдіреді:

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

44. Жолда адаспас үшін қойылған белгілерді өзгерткен адам:

☐ Лағынеттелген

☐ Күнәһар

45. Изгі-салиқалы адамдардың қадір-қасиетін кемітіп, олардың қателіктерін іздейтіндер:

☐ Шектен шығушылар.

☐ Кемшіліктерге мән беріп, қорлаушылар.

☐ Орта жолды ұстанушылар.

Төртінші тапсырма: Нәзірдің үкімі жайлы толық жазыңыз.

Бесінші тапсырма:

«А» тізіміндегі терминдерді «Б» тізіміндегі анықтамалармен сәйкестендіріңіз

А	Б
---	---

- | | |
|-------------|--|
| 1. Нәзір | <ul style="list-style-type: none"> • Белгілі бір сөздерді айту. Дәлелдер сиқыр элементтері жоқ болған жағдайда оның рұқсат етілетіндігін көрсетеді. |
| 2. Мунафиқ | <ul style="list-style-type: none"> • Кейбір адамдардың ойынша, әйелді күйеуге немесе күйеуді әйелге ғашық ету мақсатында қолданылатын нәрсе. |
| 3. Руқия | <ul style="list-style-type: none"> • Балаларға жаман көзден қорғау үшін кигізілетін нәрсе. |
| 4. Дуалау | <ul style="list-style-type: none"> • Аллаһтың рахымынан алыстату. |
| 5. Тұмарлар | <ul style="list-style-type: none"> • Ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жеткен адамның өзіне өзі парыз болмаған нәрсені парыз қылуы. |
| 6. Лағынет | <ul style="list-style-type: none"> • Сырттай исламды ұстанып, іштей күпірлікті жасыратын, әдетте мұсылмандарға зиян келтіретін адам. |

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Аллаһтан басқа кімге болсын құлшылық етудің негізсіздігі (4 тарау)

Тауһид түсіндірілгеннен кейін шейх Аллаһтан басқаға ғибадат етудің негізсіздігіне нұсқайтын дәйектерді келесі төрт тарауда атап өтті:

- Пұттарға және Аллаһтан өзге әлдебіреуге, сондай-ақ Пайғамбарға ﷺ құлшылық етудің негізсіздігі;
- Періштелерге құлшылық етудің негізсіздігі, олар Адам баласының кейбір тандаулы болғандарынан басқа Аллаһқа ең жақын жаратылыстар болса да;
- Аллаһтан өзгеден шапағат сұраудың негізсіздігі және шапағат — тек Аллаһтың ғана ерекше құқығы екендігі туралы;
- Адамды тура жолға салуға тек Аллаһ қана құдіретті екендігі және Одан басқа ешкім мұны істей алмайтындығы туралы тарау.

15. Аллаһ Тағаланың «Олар ешнәрсе жаратпайтын әрі өздері де жаратылған болып табылатын біреулерді Аллаһқа серік етіп қосады ма? (Аллаһқа қосқан серіктері) оларға көмектесе алмайды, әрі тіпті өздеріне де көмектесе ете алмайды» деген сөздері туралы тарау.

Аллаһ бұл пұттардың әлсіздігін және оларға құлшылық етуге лайық емес екендігін төрт тұрғыдан көрсеткен:

- 1) Олар ештеңені жаратпайды, ал жаратпайтын нәрсе құлшылық етуге лайық емес;
- 2) Олар өздері жоқтан жаратылған, сондықтан өздерінің пайда болуы мен өмір сүруі үшін өзге нәрселерге мұқтаж;
- 3) Олар өздеріне жалбарынған адамға көмектесе алмайды;
- 4) Олар өз-өздеріне де көмектесе алмайды.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Ал сендердің Одан өзге жалбарынғандарың құрма дәнінің қабығына да иелік ете алмайды**» («әл-Фатыр» сүресі, 13-аят)

- «**Құрма дәнінің қабығы**»: құрма дәнінің үстіндегі өте жұқа қабық.
- Аллаһ Өзінен өзге әлдебіреуге құлшылық етудің негізсіздігін келесі себептермен көрсеткен:
 - 1) Олар билікке ие емес;
 - 2) Олар естімейді;
 - 3) Егер олар естиді күннің өзінде, жауап бере алмайды, өйткені бұған қабілетті емес;
 - 4) Қиямет күні Аллаһ Одан басқа құлшылық жасалған нәрселерді алып келеді, сонда олар өздеріне табынған адамдардың көпқұдайшылықтарынан бас тартатын болады.

ҮШІНШІДЕН АЛТЫНШЫҒА ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Имам әл-Бухаридің «Сахих» жинағында Әнастың келесі хадисі келтірілген: «Ухуд шайқасында Пайғамбардың ﷺ маңдайы жараланып, алдыңғы тісі сындырылған кезде, ол: «**Өз Пайғамбарын жарақаттаған қауым қалайша құтылады?**» — деп айтты. Сол кезде оған «**(Мухаммад!) Ешбір іс сенің еркінде емес...**» деген аят түсірілді» («Сахих» әл-Бухари, 772).

Әл-Бухари Ибн Умардың «Пайғамбар ﷺ таң намазының соңғы ракағатында руқұтан басын көтергенде: «**Аллаһ өзін мадақтағанның сөзін естиді. Раббымыз, Саған мақтау!**» — деп айтқан соң: «**Уа Аллаһ! Пәленшені және пәленшені лағынетте!**» — деп дұға етті. Сол кезде Аллаһ «**(Мухаммад!) Сен еш нәрсені шешпейсің...**» деген аятты түсірді» деген хадисін келтірген.

Басқа риуаятта: «Ол Аллаһтан Сафуан ибн Умайяға, Суһайл ибн Амрға және әл-Харис ибн Хишамға лағынет тіледі. Сонда Аллаһ «**(Мухаммад!) Сен еш нәрсені шешпейсің...**» деген аятты түсірді», — деп айтылған (әл-Бухари 4069, 4070).

Абу Хурайрадан былай деп баяндалған: «Аллаһтың Елшісіне ﷺ «**Жақын туыстарыңды ескерт...**» деген аяты түскен кезде, ол орнынан

тұрды да: «*Уа құрайыштықтар! Өз жандарыңды құтқарыңдар, өйткені мен сендерге Аллаһтың алдында көмектесе алмаймын! Ей Абдулмутталибтің ұрпақтары! Мен сендерге Аллаһтың алдында көмектесе алмаймын! Ей Аббас ибн Абдулмутталиб! Мен саған Аллаһтың алдында көмектесе алмаймын! Ей Пайғамбардың апасы Софийя! Мен саған Аллаһтың алдында көмектесе алмаймын! Ей Пайғамбардың қызы Фатыма! Менен қалағаныңды сұра, бірақ мен саған Аллаһтың алдында көмектесе алмаймын!*» (әл-Бухари 2753, Муслим 206, әт-Тирмизи 3184).

- «Маңдайы жараланды»: маңдайы мен беті жарақаттанды.
- «Алдыңғы тісі сындырылды»: ортадағы екі тіс «сәнәйя» деп, ал олардың жанындағы тістер «рубағийя» аталады.
- Бұл хадистер Пайғамбардың ﷺ адам екенін және оны да басқа адамдар сияқты ауыртпашылықтар басатынын көрсетеді.
- Бұл оқиғалардан ғибрат алатындар үшін насихат бар: Аллаһтың рахымынан ешкімді алыстатпау керек.
- «Сафуан ибн Умайя, Суһайл ибн Амр және әл-Харис ибн Хишам»: бұл үшеуі кейін исламды қабылдап, оны көркем түрде ұстанды. Бұл жағдай дұшпандықтың махаббатқа айналуы мүмкін екенін көрсетеді.
- Тыйым салынған нәрселер:
 - 1) Кәпірлердің арасынан біреуді нақтылап лағынеттеу. Алайда түрде лағынетуге рұқсат бар, мысалы: «Уа Аллаһ! Мұсылмандарды олардан құтқар!» — деп айту.
 - 2) Барлық кәпірлердің жойылуын сұрау. Өйткені Пайғамбар ﷺ мұндай дұға жасамаған, ал Аллаһ олардың өмір сүретінін алдын ала белгілеп қойған.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Ағраф» сүресінің 191-192-аяттары мен «Фатыр» сүресінің 13-14-аяттарының тәпсірі. (Оларда пұттарға және Аллаһтан басқаға құлшылық етудің негізсіздігі көрсетілген).

Екінші. Ухуд шайқасында орын алған оқиға. (Ол Пайғамбарға ﷺ және одан басқаға құлшылық етудің негізсіздігін көрсетеді).

Үшінші. Елшілердің ең ардақтысы ﷺ және оның артында тұрып, «Әмин» деп айтқан ізгі сахабалары оқыған құнұт дұғасы. (Бұл үммет-

те Аллаһқа олардан жақын ешкім болмаған, алайда осыған қарамастан, олар Аллаһтан көмек сұраған, ендеше олардан басқалар Аллаһқа дұға жасап, Одан көмек сұрауға тіпті мұқтаж).

Төртінші. Лағынеттелгендердің барлығы кәпірлер болатын. (Алайда Пайғамбар ﷺ оларға қатысты еш нәрсеге ие емес еді).

Бесінші. Олар кәпірлердің басым бөлігі жасамайтын нәрселерді істеді, соның ішінде: Пайғамбардың ﷺ бетін жаралау, оны өлтіруге ұмтылу, өлтірілгендер олардың жақын туыстары болғанына қарамастан олардың денелерін қорлау.

Алтыншы. Аллаһ бұл туралы келесі аятты түсірді: «(Мухаммад!) Ешбір іс сенің еркінде емес...» (Шешім Аллаһқа ғана тиесілі).

Жетінші. Содан кейін «Аллаһ не олардың тәубесін қабыл етеді, не оларды азаптайды...» деген аят түсірілді («Әли Имран» сүресі, 128-аят). Әрі расында да, Аллаһ оларға рахым етіп, олардың тәубесін қабыл алды, әрі олар иман келтірді.

Сегізінші. Қайғы-қасіреттерге тап болған кезде құнұт дұғасын оқу. (Бұл тек Аллаһ түсірген нәрселерде, мысалы, жер сілкінісі кезінде, заңдастырылған).

Тоғызыншы. Лағынеттеу дұғасында нақты адамдардың есімдері және олардың әкелерінің есімдері аталды. (Бұл рұқсат етілген).

Оныншы. Белгілі бір адамға қатысты құнұт дұғасында лағынет айту. (Бұл орын алды, содан кейін тыйым салынды).

Он бірінші. Пайғамбардың ﷺ жақын және алыс туыстарына: «Мен сендерге Аллаһтың алдында еш нәрсемен көмектесе алмаймын!» деп айтқан сөздері. Ол тіпті: «Ей Мухаммадтың қызы Фатыма! Мен саған Аллаһтың алдында еш нәрсемен көмектесе алмаймын!» — деді. Егер Елшілердің ең ардақтысы ﷺ әлемдер әйелдерінің ханымы болған өзінің қызына Аллаһтың алдында ешнәрсемен көмектесе алмайтынын айтқан болса әрі егер адам Пайғамбардың ﷺ тек шындықты айтатынына иман келтіріп, содан соң қазіргі таңда атақ-мәртебелі адамдардың жүректерін не толтырып жатқанына назар салса, адамдардың бірқұдайшылықты тастағанын әрі діннің бөгде болғанын түсінеді. (Пайғамбарға ﷺ қатысты бізге пайда әкелетін нәрсе — бұл оған иман келтіріп, ізінен ілесу. Оған деген сүйіспеншілік сезіну айыпты емес, бірақ адам өз сезімдерін үкім шығарушы етпеуі керек — ол Құран мен Сүннетке және күмәндар мен нәпсі қалаулынан сау, айқын ақылға ілесуі қажет).

16. Аллаһ Тағаланың «Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар (періштелер) өзара: «Раббыларың не айтты?» — десе: «Хақты айтты. Ол Аллаһ — аса Жоғары, тым Үлкен», — деседі», — деген сөздері туралы тарау.

- Ешбір жаратылыс, тіпті Аллаһқа ең жақын болған періштелер де, Оған серік болуға лайық емес. Өйткені олар Аллаһтың сөзін естіген кезде қорқынышқа түседі.


Періштелерге деген иман нені қамтиды?

- Олар ғайып әлеміне жататын жаратылыстар, Аллаһ оларды нұрдан жаратқан. Олар Аллаһқа толық бағынады және Оған қарсы келмейді. Олардың жаны, ақылы, денелері және жүректері бар. Біз олардың бар екеніне әрі Аллаһ бізге хабарлаған олардың істейтін істеріне, сипаттарына, есімдеріне және олар туралы хабарларға иман келтіреміз.
- **«Шошыну кеткен кезде»:** олардың жүректеріндегі үрей сейілген сәт.
- **«Ол — Жоғары»:** әһлю сунна ғалымдары Аллаһ өзінің бүкіл жаратылыстарынан:
 - 1) Өзінің болмысымен жоғары;
 - 2) Өзінің сипаттарымен жоғары;
 - 3) Өзінің билік-үстемдігімен жоғары екенін растайды.

Аяттан алынатын пайдалар

- Періштелер Аллаһтан қорқады. Аллаһ: **«Олар өздерінің үстіндегі Раббыларынан қорқады»**, — деді.
- Періштелердің жүректері бар, өйткені Аллаһ: **«Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде...»**, — деп айтты.
- Олар — тәні бар жаратылыстар, өйткені Аллаһ: **«Бүкіл мақтау Аллаһқа тән, Ол көктер мен жердің Жаратушысы, періштелерді екі, үш, төрт қанатты елшілер еткен»**, — деді.
- Олардың ақылы бар, өйткені ақылдың орны — жүрек.

- Аллаһтың сөйлеу сипаты бар және Ол қалаған кезде сөйлейді.
- Аллаһтың сөздері ақиқат екендігіне нұсқау, бұл екі нәрседе көрінеді:
 - 1) Хабарлардың ақиқаттылығы;
 - 2) Шешімдердің әділеттілігі. Аллаһ: **«Раббыңның сөзі шындық және әділдікпен толық орындалды»**, — деді.



ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Имам әл-Бухаридің «әс-Сахих» жинағында Абу Хурайрадан Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: **«Аллаһ көктердің үстінен бір істі үкім еткен кезде, періштелер Оның сөздерінің алдында бойсұнушылық-тағзым танытып, қанаттарын жинайды. Бұл олар үшін темір шынжырмен тасты соққандағы күркіреген дауыс сияқты қатты тиеді. «Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар (періштелер) өзара: «Раббыларың не айтты?» — десе: «Хақты айтты. Ол Аллаһ — аса Жоғары, тым Үлкен», — деседі»**, («әс-Сәба» сүресі, 23-аят). Ал шайтандар (Суфиян ибн Уяйна мұны саусақтарының арасын ашып қолымен көрсетті), бір-бірінің үстіне шығып, бұл сөздерді ұрланып (періштелерден) тыңдайды. Олар естіген сөзді төменгісіне жеткізіп, ең соңында ол сиқыршы не сәуегейге жетеді. Бірақ кейде жалындап жанған жұлдыз бұл шайтанды ол естігенін жеткізіп үлгермей-ақ қағып түсіреді. Алайда жұлдыз кейде үлгермей де қалуы мүмкін, сонда ол бұл шындыққа жүз өтірік қосады. Адамдар: **«Ол (көріпкел-сәуегей немесе сиқыршы) бізге пәлен күні пәлен нәрселер айтпады ма?» — деп айтады және көктерден естілген ақиқат сөз адамдарды оған сенуге мәжбүр етеді»** (Бухари 4701).

- «*Бұл оларға темір шынжырмен тасты соққандағы күркіреген дауыс сияқты*» — Мұндағы ұқсатып мысал келтіру (Аллаһтың Сөздеріне емес) періштелердің Аллаһтың сөздерін естіген кездегі қорқыныштарына қатысты. Бұл олардың Аллаһтың сөздерін естіген кездегі өте қатты қорқыныш пен құрметін көрсетеді.
- «...*түседі*»: яғни бұл дауыс оларды ес-түссіз құлатады.

Хадистен алынатын пайдалар

- Аллаһтың «сөйлеу» сипатының расталуы және Аллаһтың ұлылығының айқындалуы. Аллаһтан тек ақиқат қана түседі.
- Хадисте періштелердің қанаттары, сөйлеу қабілеті, ақылы, қорқынышы және Аллаһқа бойсұнуы бар екені расталады.
- Аллаһ жындарға аспанға көтерілуге мүмкіндік берген, әрі бұл адамдар үшін сынақ (фитна) олу үшін жасалған.
- Жындардың саны өте көп, олардың денелері жеңіл және олар ұша алады.
- Балгерлер — адамдардың арасындағы ең өтірікшілері, өйткені олар естіген шындыққа жүз өтірікті қосады.
- Сиқыршылар — адамдарға жоқ нәрсені бар етіп көрсетушілер, сондықтан олардан сақтану міндетті.
- Жындардың көктердегі сөздерді тыңдау кезеңдері:
 1. Пайғамбарлыққа дейін олар жиі тыңдай алатын.
 2. Мухаммад ﷺ пайғамбар болып жіберілген кезде, бұл оларға тыйым салынды.
 3. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін, олар қайтадан тыңдай бастады, бірақ аз мөлшерде.


ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Нәууас ибн Самған Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын баяндағаны туралы жеткізіледі: *«Аллаһ әлдебір әмірді уахи етуді қалап, айтқан кезде көктер Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың алдындағы ұлы қорқынышынан дірілдеп-сілкінеді (немесе: «күркірей түседі»). Мұны естіген көктің бүкіл мекендеушілері Аллаһтың алдында сәждеге құлай түседі де, естерінен танады. Содан кейін ең бірінші болып басын Жәбірейіл көтереді, әрі Аллаһ оған Өзі қалаған уахиін хабарлайды. Кейін Жәбірейіл періштелердің арасынан өтеді. Ол*

әрбір аспаннан өткен кезінде, сол аспанның періштелері одан: «Уа Жәбірейіл, Раббымыз не айтты?» — деп сұрайды. Жәбірейіл: “Ол ақиқатты айтты, өйткені Ол — аса Жоғары, тым Үлкен!», — дейді. Әрі олардың барлығы Жәбірейілдің айтқанын қайталайды. Осылайша, Жәбірейіл уахиді Ұлы және Құдіретті Аллаһ жеткізуді бұйырған (көктердегі және жердегі) орынға жеткізеді» (Ибн Хазм «Таухидте» 206, Ибн Аби Асим «Сунанда» 515).

Хадистен алынатын пайдалар

- Аллаһтың «қалау» (ирада) сипатын растау, ол екіге бөлінеді:
 - 1) Шариғи қалау — Аллаһтың шариғаттағы әмірлері мен тыйымдары.
 - 2) Болмыстық қалау — Аллаһтың қалауымен жаратылған барлық нәрсе.
- Жаратылыстар, тіпті жансыз заттар да, Аллаһтың ұлылығын сезінеді.
- Көктердің көптігін және әр аспанның өз періштелері бар екенін растау.
- Жәбірейілдің артықшылығы, өйткені ол уахиді жеткізуші сенімді елші.
- Аллаһтың ұлылығы мен шексіз құдіретіне нұсқау.



ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «әс-Сәба» сүресінің 23-аятын тәпсірлеу: («Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар (періштелер) өзара: «Раббың не айтты?» — десе: «Хақты айтты», — деседі...»).

Екінші. Бұл аятта көпқұдайшылықтың, әсіресе, ізгі-салиқалы кісілердің әруқтарына қатысты болған түрінің негізсіздігіне дәлел бар. Бұл аят жүректен ширктің тамырларын түбірімен шауып алып тастайтын аят деп айтылған.

Үшінші. Аллаһтың: «Олар: “Ақиқатты айтты, өйткені Ол — Аса Жоғары, Тым Үлкен ”» — деген сөзін тәпсірлеу.

Төртінші. Олардың бұл сұрақты қою себебі — Аллаһтан қатты қорқуы.

Бесінші. Жәбірейіл оларға осыдан кейін: «Ол былай деді...», — деп жауап береді.

Алтыншы. Жәбірейіл бірінші болып басын көтереді деп айтылған. (Бұл — оның артықшылығына дәлел).

Жетінші. Ол көктің барлық тұрғындарына сөйлейді, өйткені олар одан сұрайды. (Бұл — оның (Жәбірейілдің) олардың арасындағы ұлылығына дәлел).

Сегізінші. Барлық аспан тұрғындары естерінен танып құлайды.

Тоғызыншы. Көктер Аллаһтың сөзін естігенде, Оны ұлықтап, теңселіп кетеді.

Оныншы. Жәбірейіл уахиді Аллаһ бұйырған жерге жеткізеді. (Өйткені ол — сенімге лайық елші).

Он бірінші. Шайтандардың көктердегі ақиқатты ұрлап еститіндігі туралы айтылуы.

Он екінші. Олардың бірінің үстіне екіншісінің орналасуы сипатталған.

Он үшінші. Жұлдыздардың атқылауы. (Олар тыңшылық жасаған шайтанды өртеп жібереді).

Он төртінші. Кейде ағып түскен жұлдыз шайтанды атып түсіріп, ол уахиді төменге жеткізе алмайды. Ал кейде шайтан жұлдыз оған тимей тұрып, оны сиқыршының құлағына сыбырлап үлгереді.

Он бесінші. Сиқыршы кейде шындықты айта алады.

Он алтыншы. Ол шындықпен бірге жүз өтірік таратады. (Бұл — нақты сандық көрсеткіш емес, тек өтіріктің көптігіне мысал).

Он жетінші. Өтірік тек көкте естілген бір сөз ақиқат себебімен қабылданады.

Он сегізінші. Адамның жаны өтірікті қабылдауы: өйткені олар бір шындыққа жармасып, жүз өтірікті елемейді.

Он тоғызыншы. Біреуі тыңшылықпен естіген сөзді басқасына жеткізеді, жаттап алады және оны дәлел ретінде қолданады. (Өйткені бұл — олардың саудасы, ал егер олардың тауары толықтай өтірік болғанда, ол өтпейтін еді).

Жиыrmасыншы. Аллаһтың сипаттарын жоққа шығарушы әшғаримуғаттылә (сектасының) сенімдеріне қарсы Аллаһтың сипаттары бар екенін растау.

Жиырма бірінші. Олардың есінен тануы мен қорқыныштарының себебі — Аллаһтан қорқу, өйткені Ол — Шексіз Құдіретті және аса Ұлы.

Жиырма екінші. Олар Оны ұлықтап, қорыққан нәрселерінен пана сұрап, сәждеге жығылады.

17. Шапағат туралы тарау

**Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бұл тарауды
не үшін келтірді?**

- Пұттардың шапағат етуі мүмкін емес екенін көрсету үшін, өйткені кәпірлер олардың шапағат ететініне сенеді.
- Аллаһ — Өзінің білімінде, күш-құдіретінде және билігінде кемел болғандықтан, ол мына дүниелік патшаларға ұқсамайды. Өйткені бұндай патшалардың білімі, билігі мен күші шектеулі болғандықтан, олар шапағатшыларға мұқтаж болады, ал шапағатшылардың олардың алдында олардың рұқсатынсыз шапағат етуге батылдықтары жетеді.

БІРІНШІДЕН БЕСІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ Тағала былай деген: **«Раббыларының алдына жиналудан қорыққандарға ол (Құран) арқылы ескерт. Олар үшін Аллаһтан өзге бір қамқоршы да, шапағатшы да жоқ. Бәлкім олар тақуалық танытар»** («әл-Әнғам» сүресі, 51-аят).

Аллаһ Тағала тағы былай деген: **«(Мухаммад): «Шапағат тұтасымен Аллаһтың иелігінд» — де»** («әз-Зүмәр» сүресі, 44-аят).

Ол сондай-ақ былай деген: **«Оның құзырында Оның рұқсатынсыз кім шапағат ете алады?»** («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

Басқа аятта: **«Көктерде қаншалаған періште бар. Аллаһ қалап, разы болған (құлына) рұқсат бермейінше, олардың шапағаты еш нәрсеге жарамайды», — деп айтылған** («ән-Нәжм» сүресі, 26-аят).

Аллаһ Тағала былай деген: **«(Мухаммад) Оларға: «Аллаһтан өзге, көктерде де жерде де тозаңның салмағындай ешнәрсеге ие бола алмайтын, екеуінде де бір ортақтығы жоқ, сондай-ақ Аллаһқа олардың ешбіреуі көмекші де емес Құдай деп ойлағандарыңды шақырыңдар», — де. Аллаһтың қасында, рұқсат берілген біреуден басқаның шапағаты пайда бермейді. Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар өзара: «Раббың не айтты?» — десе: «Хақты айт-**

ты», — деседі. Ол Аллаһ, аса Жоғары, тым Үлкен» («әс-Сәба» сүресі, 22-23 — аяттар).

- **«Ескерт»:** ескерту дегеніміз — қорқыту мағынасын қамтитын хабар жеткізу. Аяттың мағынасы — Құран арқылы ескерт.
- **«Қаншалаған періште...»:** яғни көктерде қанша періште болса да, олардың шапағаты, тек Аллаһ рұқсат бергеннен әрі Ол шапағат жасаушығы да, шапағат шасалушыға да разы болғаннан кейін ғана болмаса, еш пайда бермейді.
- **«Шақырындар»:** олар (мүшриктер) мұны істеуге шамасыз екенін атап, шақыру немесе нұсқау. Аяттың мағынасы — оларды алып келіндер немесе өтініштерің арқылы шақырындар.
- **«Серіктестер емес» :** олар ештеңені дербес те иеленбейді және серіктес те емес.
- **«Көмекші емес»:** яғни пұттардың көмекші болу сипаты жоқ.
- Бұл аят пұттарға табынушылар үміт артқан нәрселердің барлығын теріске шығарады: олар өздігінен еш нәрсеге иелік етпейді, олар ешқандай серік те емес, көмекші де емес. Өйткені біреу саған серік болмаса да, бірақ көмектессе, одан саған бір пайда тиер еді де, әрі сен, бәлкім, оған оның қалаған нәрсесін беріп, оған жақсылық жасар едің. Ал егер осының барлығы теріске шығарылса, онда тек шапағат қана қалады. Ал Аллаһ оның да жарамсыз екенін білдірді. Сондықтан олардың шапағаты оларға еш пайда бермейді.
- Ибн әл-Қаййим бұл аят жайлы: «Бұл — жүректен ширктің тамырын түбірімен шауып алып тастайтын аят», — деп айтқан.

Шапағаттың (яғни әлдебіреудің алдында пайда келтіретін нәрсеге қол жеткізуге немесе жамандықты тойтаруға бағытталған ара түсудің (дәнекерлік) жасаудың) түрлері:

1) Құлдардың өзара жасауға шамасы жететін шапағаты.

Егер шапағат жасаушы тірі болса, оның бұған шамасы жетсе, ол дәл сол жерде болса және ол тек себеп болып саналса, онда рұқсат етіледі.

2) Шариғат тыйым салған шапағат:

- Бұл — Құранда теріске шығарылған шапағат.
- Бұл — Аллаһтан өзгеден сұралатын және тек Аллаһ қана жасай алатын нәрсе.
- Бұл — үлкен ширк болып табылады.

3) Шариғат бекіткен шапағат:

Аллаһ оны Өзіне ғана қатысты бекіткен, әрі оның шарттары келе-сідей:

- Аллаһ шапағат етуге рұқсат беруі керек;
- Шапағат етушіге Аллаһ разы болуы керек;
- Шапағат етілетін адамға да Аллаһ разы болуы керек.

«Көктерде қаншалаған періште бар. Аллаһ қалап, разы болған (құлына) рұқсат бермейінше, олардың шапағаты еш нәрсеге жарамайды»

Пайғамбарға ﷺ, барлық пайғамбарларға, періштелерге, мұсылмандарға және кішкентай балаларға тиесілі жалпы шапағат:

- Жәннаттағы дәрежелерді көтеру үшін жасалатын шапағат;
- Тозаққа лайықты болған мұсылмандардың Тозаққа кірмеуі үшін жасалатын шапағат;
- Тозаққа кірген мұсылмандар одан шығуы үшін жасалатын шапағат.

Тек Пайғамбарға ﷺ ғана тән шапағат:

- Ұлы шапағат — бұл Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ уәде еткен «Мақтаулы орын» (Мақам Махмуд);
- Пайғамбардың ﷺ көкесі Абу Талибтың азабы жеңілдетілуі үшін жасайтын шапағаты;
- Пайғамбардың ﷺ Жәннаттың есіктерінің ашылуы үшін жасайтын шапағаты.

Абу әл-Аббас (Ибн Таймия) былай деген: «Аллаһ көпқұдайшылардың үміт ететін барлық нәрсесін теріске шығарды. Ол Өзінен басқа ешкімнің әлдебір нәрсеге иелік етпейтінін, ешкімнің Оның ісіне серік те емес екенін және Аллаһта көмекшілердің де жоқ екенін хабар етті. Осылайша, тек шапағат қана қалды, алайда ол да тек Аллаһтың рұқсатымен ғана мүмкін болады. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген: **“... Олар, Аллаһтың разы болған пендесінен басқаға шапағат жасамайды”** (әл-Әнбия) сүресі, 28-аят).

Көпқұдайшылар үміт еткен мұндай шапағат Қиямет күнінде болмайды, өйткені оны Құран теріске шығарды. Пайғамбар ﷺ Қиямет күні келіп, Раббысының алдында сәжде жасап, Оны мақтап-мадақтап, шапағатты бірден сұрмайтынын айтқан. Сол кезде оған: **“Басыңды көтер, сөйле, сенің сөзің естулі болады, сұра, сұрағаныңды аласың, шапағат ет, шапағатың қабыл етіледі”** — делінеді” (хадисті әл-Бухари мен Муслим жеткізген, бұл — “Шапағат хадисі” деп аталатын хадистің бөлігі).

Бірде Абу Хурайра Пайғамбардан ﷺ: «Сіздің шапағатыңызға лайықты болатын ең бақытты адамдар кімдер?» — деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «Бұл — шын жүреппен: “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ”, — деп айтқандар», — деп жауап берді (хадисті әл-Бухари, ән-Нәсаи және Ахмад риуаят еткен). Мұндай шапағат Аллаһтың рұқсатымен тек Аллаһқа құлшылық еткендерге ғана беріледі, ал көпқұдайшылық (ширк) жасағандар оны ала алмайды.

Шапағаттың мәні — Ұлы Аллаһ Өзінің ықыласты құлдарына мейірімін төгіп, шапағат етуге рұқсат етілген адамның дұғасы арқылы олардың күнәларын кешіретіні. Бұл Пайғамбардың ﷺ дәрежесін көтеру әрі оған «Мақтаулы орын» беру үшін жасалады.

Алайда құрамында көпқұдайшылық араласқан шапағатты Құран теріске шығарды, әрі сондықтан да көптеген жерлерде тек Аллаһтың рұқсатымен жасалатын шапағат аталады. Пайғамбар ﷺ сондай-ақ шапағат тек жалғыз Аллаһқа ықыласты түрде құлшылық еткен бірқұдайшылықты ұстанушыларға ғана жасалатынын түсіндіріп берді» (Ибн Таймияның сөзінің соңы).

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Келесі аяттардың тәпсірі: («әл-Әнғам» сүресі, 51-аят, «әз-Зүмәр» сүресі, 44-аят, «әл-Бақара» сүресі, 255-аят, «ән-Нәжм» сүресі 26-аят, «әс-Сәба» сүресі, 22–23-аяттары).

Екінші. Теріске шығарылған шапағаттың сүреттемесі. (Бұл құрамына көпқұдайшылық араласқан шапағат).

Үшінші. Шариғат рұқсат етіп бекіткен шапағаттың сипаты. (Бұл бірқұдайшыл мұсылмандарға Аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың рұқсатымен және Оның шапағат жасаушылар мен шапағат жасалатындарға разылығымен жасалатын шапағат).

Төртінші. Аллаһтың алдындағы «Мақтаулы орынмен» марапатталған Пайғамбардың ﷺ ұлы шапағатының аталуы. (Бұл Махшар алаңында жиналып, есеп-хисапты күтіп тұрған адамзат үшін болады).

Бесінші. Пайғамбардың ﷺ әрекеттерінің сипаты: ол шапағат етуден бұрын сәжде жасайды, әрі тек содан кейін оған рұқсат етілген соң ғана шапағат етеді. (Бұл Аллаһ Тағаланың ұлылығына және Пайғамбардың ﷺ кемел мінезіне нұсқайды).

Алтыншы. Пайғамбардың ﷺ шапағатына лайықты болған ең бақытты адамдар. (Бұл — бірқұдайшылық пен ықыластылықты ұстанатындар).

Жетінші. Көпқұдайшылық (ширк) жасайтындарға қатысты шапағаттың болуы мүмкін емес.

Сегізінші. Шапағаттың шынайы мәнін түсіндіру. (Аллаһ Тағала — жалғыз Ол ғана Өзінің ықыласты құлдарына мейірімін төгіп, Өзі оларға шапағат етуге рұқсат еткен адамның дұғасы арқылы олардың күнәларын кешіреді. Бұл — шапағат етуге рұқсат етілген пенденің дәрежесін көтеру әрі оған мақтаулы орын беру үшін жасалады).

18. Аллаһ Тағаланың «(Мухаммад,) расында, сен жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың» деген сөздері туралы тарау.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Сәғид ибн әл-Мусайибтен (Аллаһ оған разы болсын) оның әкесі (әл-Мусайиб ибн Хазнның (Аллаһ оған разы болсын)) былай дегені жеткізіледі: «Абу Талиб өлім тұсында жатқан кезінде оған Аллаһтың Елшісі ﷺ келді. Ол оның жанында Абу Жәһл ибн Хишам мен Абдуллаһ ибн Абу Умайя ибн әл-Муғираның тұрғанын көрді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ Абу Талибке: *«Уа көкем! “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ” деп айт! Осы сөзді Аллаһтың алдында сен үшін дәлел ретінде қолдануға тырысамын»,* — деді. Сол кезде Абу Жәһл мен Абдуллаһ ибн Абу Умайя: “Ей Абу Талиб! Сен шынымен-ақ Абдул-Мутталибтің дінінен бас тартпақсың ба?” — деп бір дауыспен айтты. Пайғамбар ﷺ өз көкесінен қайта-қайта осы сөзді айтуын сұрап жатты, ал олар өз сөздерін қайталап тұрды. Абу Талиб өзінің соңғы сөздерін айтпады және осы әрекетімен ол Абдул-Мутталибтің дінінен бас тартпайтынын және «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» деп айтудан бас тартқанын растады. Сол кезде Пайғамбарымыз ﷺ: *“Аллаһпен ант етемін! Маған тыйым салынғанға дейін сен үшін міндетті түрде кешірім сұрай беремін!”* — деді.

Сонда Аллаһ Тағала былай деп айтылған аяттарды түсірді: **«Пайғамбарға және мүминдерге мүшриктер үшін олар Тозақтық екендігі өздеріне белгілі болғанна кейін жарылқау тілеулеріне болмайды, тіпті олар жақындары болса да»** («әт-Тәубә» сүресі, 113-аят).

Ал Абу Талибке қатысты Аллаһ Тағала (Пайғамбарымызға ﷺ) мына аятты түсірді: **«Расында, сен жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың. Бірақ Аллаһ кімді қаласа, соны тура жолға салады. Сондай-ақ Ол тура жолмен жүрушілерді жақсы біледі»** («әл-Қасас» сүресі, 56-аят).

Тура жолға салудың түрлері (хидая)

Тура жолға нұсқау — бұған Пайғамбар ﷺ иелік етеді:

«Ақиқатында, сен тура жолға бастайсың (тура жолды көрсетесің)».

Тура жолға салу — бұған тек Аллаһ ие:

«Ақиқатында, сен жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың...».

- Шейх (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бұл тарауды (Аллаһтан басқа) ешкімнің тура жолға сала алмайтынын және Аллаһ бұйырған нәрселерге бағыттай алмайтынын түсіндіру үшін келтірген.
- Түсініксіздік: Пайғамбар ﷺ қалайша Абу Талибты жақсы көрді, ол кәпір еді ғой? Бұл аятта: (1) «Сен (олардың тура жолға түсуін) жақсы көргендеріңді» деген мағына меңзеледі, әрі бұл — ең дұрыс пікір; (2) бұл жерде «Сен (табиғи сүйіспеншілікпен) жақсы көргендеріңді» деген мағына айтылып тұр, ал бұл рұқсат етілген жақсы көру; (3) «Сен (кәпірлерді жақсы көруге тыйым салынғанға дейін) жақсы көргендеріңді» деген мағына айтылған.
- «Оған Аллаһтың Елшісі ﷺ келді» — бұл мұсылмандықты қабылдайды деген үміт болған жағдайда кәпірлерді зиярат етудің мұстахаб екендігіне дәлел.
- «**Уа көкем**» — мұндай жүгіну жақсы көруге нұсқайды. Бұл — шақырудағы даналықтың белгісі.
- Қалайша бұл хадисті ғалымдардың «Өлім аузында жатқандарға «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» деген куәлікті, оларға тікелей: «Айт!», — демей, еске салу керек» деген сөздерімен үйлестіруге болады?

Жауап: Абу Талиб кәпір еді. Егер оған «Айт!» деп бұйырылып, ол одан бас тартса, ол өз күпірлігінде қала берер еді, әрі сондықтан да бұл сөздерді айтуға тікелей нұсқау оған еш зиян келтірмейтін. Ал мұсылманға келер болсақ, оған бұлай, яғни тікелей: «Айт!», — деу зиянын тигізуі мүмкін.

- «Өлім тұсында болғанда» — яғни онда өлім белгілері көрініс тапқан, бірақ өзі әлі өлмеген. Бұл жағдайда тәубесі қабыл етіле ме?

Дұрыс пікір: Ол қабыл етілмейді, себебі:

1. «Ал жамандықты өздеріне өлім келгенге дейін істеп: **«Енді шы-**

найы тәубе қылдым» деген және кәпір болған халде өлгендердің тәубесі қабыл емес...» («ән-Ниса» сүресі, 18-аят).

2. Пайғамбар ﷺ: «...сен үшін дәлел ретінде қолдануға тырысамын» — деді, бірақ бұл сөздер оған көмектеседі деп айтқан жоқ.

- Тек Пайғамбарға ﷺ ғана өз көкесі үшін, ол кәпір болса да, шапағат етуге рұқсат берілген.
- Әл-Мусайиб пен Абдуллаһ ибн Абу Умайя (Аллаһ оларға разы болсын) Исламды қабылдады, ал Абу Талиб пен Абу Жәһл қабылдамады.
- Хадисті жеткізушілердің «Ол (Абу Талиб) өзінің дінінде...» деп, деп оның сөздерін «мен» деген есімдігі арқылы жеткізбеуі, олардың таухидке деген беріктігін көрсетеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Ақиқатында, сен қалағаныңды тура жолға сала алмайсың...» деген аяттың тәпсірі («әл-Қасас» сүресі, 56-аят).

Екінші. «Пайғамбарға және мүминдерге мүшриктер үшін олар Тозақтық екендігі өздеріне белгілі болғанна кейін жарылқау тілеулеріне болмайды, тіпті олар жақындары болса да» деген аяттың тәпсірі («әт-Тәуба» сүресі, 113-аят). (Күпірлікте өлгендерге қайғырып, оларға көңіл айту тыйым салынған).

Үшінші. Бұл өте маңызды мәселе. Пайғамбардың ﷺ: «“Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ», — деп айт» деген сөздерін түсіндіру әрі бұл жайлы білеміз (әрі оны мағынасы «Аллаһтан басқа жаратушы жоқ», немесе «Аллаһтан басқа құдай жоқ») дейтін адамдардың пікірлерін жоққа шығару. (Абу Талиб бұл куәліктің дұрыс мағынасы: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» екенін білгендіктен оны айтудан бас тартты, керісінше болғанда, ол Аллаһтың Жаратушы әрі басты Құдай деп сенгендіктен осы куәлікті айта салатын.)

Төртінші. Абу Жәһл және оның жанындағылар Пайғамбардың ﷺ өлім тұсындағы адамға: ««Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ», — деп айт», — деп не айтқысы келгенін білді, сондықтан бұл сөздерді айтқызуға кедергі жасады. Аллаһ Діннің негіздерінен Абу Жәһл түсінген нәрселерді түсінбеген адамдарды масқараласын.

Бесінші. Пайғамбардың ﷺ өз көкесін Исламға шақыруда көрсеткен ыждағаттылығы:

1) Туысқандық байланысы үшін;

2) Ол Пайғамбарға ﷺ және Исламға белгілі бір деңгейде көмектескендіктен (бұл үшін оған алғыс білдіру қажет болса да, бірақ ол өз күпірлігі үшін айыпталады).

Алтыншы. Кейбіреулердің Абу Талиб пен оның ата-бабалары мұсылман болған деп жалған айтуын теріске шығару. (Олардың діні — күпірлік еді).

Жетінші. Пайғамбар ﷺ оған кешірім сұрағанымен, бұл оған көмектеспеді, ол кешірілмеді, ал Пайғамбарымызға ﷺ бұл тыйым салынды. (Шешім Аллаһтың қолында).

Сегізінші. Жаман ортаның адамға тигізетін зияны.

Тоғызыншы. Ата-бабалар мен атақты кісілерді шектен тыс ұлықтаудың зияны.

Оныншы. Өтірікшілердің бұл мәселедегі келтіретін күмәндары, өйткені Абу Жәһл де мұны дәлел ретінде келтірді.

Он бірінші. Адамның амалдары соңы бойынша бағаланатынына нұсқау. Егер Абу Талиб ислам куәлігі сөздерін айтқанда, бұл оған пайда әкелер еді.

Он екінші. Күмәнға берілушілердің жүрегіндегі бұл (ата-бабалардың жолын ғана ұстану керек деген) күмәннің қаншалықты күшті екеніне ой салу. Себебі бұл аталған оқиғада олар Пайғамбармен ﷺ ол ислам куәлігін тоқтамай жеткізіп, өз шақыруын қайталай берсе де, олар онымен тек осыны алға тарту арқылы тартысқан еді. Бұл күмәннің үлкендігі әрі күштілігі себебінен олар тек сонымен ғана шектелген еді (Бұл күмән — өткендер мен ата-бабаларды тым қатты дәріптеу).

Үшінші бөлімге қатысты тексеріс сұрақтар (4 тарау)

Бірінші тапсырма: бұл бөлімде келтірілген тарауларды және олардың осы кітапта келтірілу себебін жазыңыз:

Тараудың аты:	Автор оны келтіруінің себебі:
1.	
2.	
3.	
4.	

Екінші тапсырма: Төмендегі амалдардың үкімін анықтаңыз:

(1) Рұқсат етілген. (2) Рұқсат етілмеген. (3) Үлкен ширк. (4) Мұстахаб/сунна.

Өлгендерден (әруақтардан) шапағат сұрау — (...)

Аллаһқа Пайғамбардың ﷺ дәрежесі арқылы жақындау (тәуәссул жасау) — (...)

Көпқұдайшыл науқасты зиярат ету — (...)

Өлім аузында жатқан адамға ислам кәлимасын еске салу — (...)

Белгілі бір адамдарды лағынеттеу — (...)

Кәпірлердің барлығын лағынеттеу — (...)

Үшінші тапсырма: Дұрыс жауаптың қасына тиісті белгіні қойып, сөйлемді толықтырыңыз:

1) «Таухид кітабының» үшінші бөлімі — бұл:

☐ Таухидті түсіндіру

☐ Аллаһтан басқаға құлшылық етудің негізсіздігін түсіндіру

2) Үшінші бөлімнің тараулар саны:

☐ 5

☐ 4

☐ 6

3) «Олар ешнәрсе жаратпайтын әрі өздері де жаратылған болып табылатын біреулерді Аллаһқа серік етіп қосады ма?» деген аяттағы сұрақ айыптауды білдіре ме?

☐ Иә

☐ Жоқ

4) Аллаһ Тағала жоғарыдағы аятты пұттарға құлшылық етудің әлсіздігін қанша жақтан түсіндірді?

☐ 4 жақтан

☐ 3 жақтан

5) «Ал сендердің Одан өзге жалбарынғандарың» деген аяттағы «дұға» сөзі не мағынаны білдіреді?

☐ Тілеп сұрау мағынасындағы дұға

☐ Құлшылық мағынасындағы дұға

☐ Екеуі де

6) Біз кәпірлердің жетекшілерінен басқа ешбір адамды Аллаһтың рахымынан алыстатпаймыз:

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

7) Автордың «лағынеттелгендер кәпір еді» деген сөздері олардың күпірлігін жариялау мағынасын білдіреді:

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

8) Автордың «Елшілердің мырзасы жасаған құнұт дұғасы» деген сөздері нені білдіреді?

☐ Құнұт дұғасының рұқсат етілгенін

☐ Бұл үммет ішінде Аллаһқа ең жақын болған адам — Пайғамбар ﷺ және оның сахабалары еді, бірақ олар да Аллаһтан көмек сұрайтын

9) Біз Аллаһқа кәпірлерге қарсы қалай дұға етеміз?.....

.....

10) «Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде» деген сөз олардың жүрегінен кететін:

- ☐ Кенеттен пайда болатын қорқынышты меңзейді
- ☐ Тұрақты қорқынышты меңзейді

11) «Ол осы ақиқатқа жүз өтірік қосады» деген сөз:

- ☐ Артық сілтеуді білдіреді
- ☐ Нақты санды білдіреді

12) «Және көктерде қаншама періште бар...» деген аят шапағат-тың үш шартын білдіреді:

- ☐ Дұрыс
- ☐ Бұрыс

13) Ішінде ширк араласқан кез келген шапағат:

- ☐ Шариғат бойынша теріске шығарылады
- ☐ Ширк болып саналады
- ☐ Екі жауап та дұрыс

14) Шапағат — бұл Аллаһқа шапағат етілген адамға қатысты көмек беру деген емес, өйткені бұл мүмкін емес:

- ☐ Дұрыс
- ☐ Бұрыс

Алайда Аллаһ тағала шапағатты келесі нәрселер үшін орнатты:

- ☐ Шапағатшыға құрмет көрсету
- ☐ Шапағат жасалған адамға пайда беру
- ☐ Екі жауап та дұрыс

15) Ширктің тамырын жүректен шауып тастайтын аят:

16) Тура жолға салудың (хидая) түрлері:

Орнатылған:
Жоққа шығарылған:

17) «Ақиқатында, сен қалағаныңды тура жолға сала алмайсың...» деген аяттың мағынасы:

- ☐ Сен олар үшін тура жолды жақсы көрген (қалаған) кісілерге

- ☐ Табиғи сүйіспеншілік
- ☐ Аят кәпірлерге деген сүйіспеншілікке тыйым салынғанға дейін түсті
- ☐ Барлық жауап дұрыс

18) «Абу Талиб өлім ауызында болғанда...» яғни:
 немесе

19) Абдул-Мутталибтің діні:

- ☐ Ширк және пұттарға құлшылық ету
- ☐ Христиандық
- ☐ Отқа табынушылық

20) «Осы сөзді сен үшін Аллаһтың алдында дәлел ретінде қолдануға тырысамын» деген сөздің мағынасы:

- ☐ Аллаһтың алдында сен үшін дәлел ретінде келтіремін
- ☐ Аллаһтың алдында сен үшін тартысып, дауласып тұрамын

21) Өлім аузында жатқан адамға «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп шәһадатты еске салу сүннет болып табылады, өйткені Пайғамбар ﷺ өз көкесіне осылай айтқан:

- ☐ Дұрыс
- ☐ Бұрыс

22) Ал ғалымдардың «Өлім аузында жатқан адамға шәһада сөздерін еске салу шариғатта бар, бірақ оған «айт» деп тікелей айту жоқ» деген сөздерімен бұл қалай үйлеседі?

23) Хадис риуаят етуші «Ол (өз дінінде) қалды» деп айтты, бірақ «Ол: «Мен (өз дінім бойынша) қалдым», — деді», — деп неге айтпады?

24) Пайғамбарымыздың ﷺ көкесі Абу Талибты Исламға шақыруға не себеп болды?

- ☐ Туыстық жақындығы
- ☐ Оның Пайғамбарға ﷺ және Исламға көмектескені
- ☐ Екі жауап та дұрыс

25) Ата-бабалар мен атақты адамдарды ұлықтау қашан айыпталады?

- ☐ Кез келген жағдайда
- ☐ Егер олар жалған жолда болса

Төртінші тапсырма: сызбаны толтыр

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ.

Адам баласының күпірлігінің себебі (4 тарау)

Шейх бұл бөлімді біз ширктен сақтануымыз үшін оның шығу себептерін түсіндіруге арнады. Сондай-ақ, бұл бөлім «Неліктен кейбір қауымдарда күпірлік пайда болады?» деген сұраққа жауап беру үшін де жазылды.

Шейх бұл сұраққа үш тарауда жауап берді, ал төртінші тарау (осы кітаптың осы бөлімінде) Пайғамбардың ﷺ ширкке апаратын барлық жолдарды жапқандығы туралы баяндайды.

19. Адамдардың күпірлігі мен олардың діннен шығуының себебі ізгі-салиқалы адамдарды шектен тыс ұлықтау екендігі туралы тарау.

Бұл себептердің ең үлкені әрі ең қауіптісі болып табылады. Адамзат тарихында орын алған алғашқы ширктің себебі де ізгі-салиқалы адамдарға қатысты артық кетушілік еді.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аса Жоғары әрі Құдіретті Аллаһ Тағала былай деді: «Ей Кітап иелері! Діндерінде шектен шықпандар әрі Аллаһқа қатысты тек шындықты айтыңдар» («ән-Ниса» сүресі, 171-аят).

Имам әл-Бухари өзінің «Сахих» жинағында Аллаһ Тағаланың: «**Және олар: «Құдайларыңды тастамандар; Уад, Суағ, Яғус, Яғуқ және Насырды әсте тастамандар»,** — деді. Расында олар көпшілікті адастырды» деген сөздеріне Ибн Аббастың (Аллаһ оған разы болсын) тәпсірін келтіреді. Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Бұл — Нух пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қауымындағы ізгі-салиқалы адамдардың есімдері еді. Олар қайтыс болғанда, шайтан олардың қауымына өздерінің жиналатын орындарында оларға ескерткіштер орнатып, оларды солардың есімдерімен атауға иландырды.

Олар осыны істеді, алайда алғашында олар осы ескерткіштерге табынбайтын, бірақ сол мүсіндерді қойған адамдар қайтыс болып, білім ұмытылғаннан кейін, адамдар оларға табына бастады» (әл-Бухари 4920).

Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деді: «Кейбір ізгі сәләфтарымыз былай баяндаған: “Олар (ізгілер) қайтыс болған соң, адамдар олардың қабірлерін ұлықтай бастады, кейін олардың мүсіндерін жасады, ал уақыт өте келе оларға табынатын болды”».

- **«Ей Кітап иелері!»:** яһудилер мен христиандар. Яһудилерге Таурат, ал христиандарға Інжіл түскен.
- **«Діндерінде шектен шықпандар»:** әлдебіреуді мақтап-мадақтауда да, қаралап-айыптауда да шектен шықпандар. Христиандар Исаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қатысты шектен шығып: «Ол — Аллаһтың ұлы», «Үштіктің үшіншісі», — деді. Яһудилер керісінше, оған қатысты шектен шығып, оны зинадан туылған деп қаралады.
- **«Шайтан оларды... иландырды»:** оларға сыбырлап уәс-уәстады.
- **«Оларға ескерткіштер орнатып...»:** ағаштан немесе тастан жасалған кез келген мүсіндер меңзелген. Шайтан оларды алдап: «Оларға қарап, ғибадаттарыңдағы құлшыныстарыңды арттырасыңдар», — деді. Бірақ олардың іс-әрекеттері шарифатқа қайшы болды. Өйткені іс-амалдың дұрыс болуына тек дұрыс ниет жеткіліксіз, амал да шарифатқа сәйкес болуы керек. Олардың мақсаттары дұрыс, алайда амалдары бұрыс болды.
- **«Олар қайтыс болған соң»:**яғни бұл мүсіндерді тұрғызған адамдар қайтыс болған соң.
- **Нухтан (оған Аллаһтың сәлемі болсын) бұрын өмір сүрген қауымдар (шарифатқа қайшы келетін) үш амал жасайтын:**
 - «Оларға мүсіндер тұрғызды»: бұл сурет салудың және мүсін жасаудың қаншалықты қауіпті екенін көрсетеді.
 - «Қабірлерін ұлықтады».
- **«Ұзақ уақыт өткенде»:** пайғамбарлықтың уақыты алыстап, білім ұмытылып кеткеннен кейін үлкен ширк пайда болды. Сондықтан дұрыс білім мен соған сәйкес амал жасау қатар жүрмесе, осындай жағдайлар қайталана береді.

ШЕКТЕН ШЫҒУДЫҢ ЗИЯНДАРЫ

- Шектен тыс ұлықтау ұлықталған адамды шынайы орнынан жоғары көтеріп жібереді, ал шектен тыс сөгу сөгіс білдірілетінді лайықты орнынан төмендетіп жібереді.
- Бұл шектен тыс ұлықталатынға табынуға алып келеді.
- Бұл адамдарды Аллаһты ұлықтаудан алыстатады, өйткені жүрек не ақиқатқа, не жалғанға толады.
- Егер адам оның көзінше ұлықталатын болса, бұл оның өзімен сүйсінуіне келтіреді. Егер адам оның көзінше шектен тыс датталатын болса, бұл дұшпандық пен жамандыққа әкеледі.

Адамдар ізгі-салиқалы адамдарға деген қарым-қатынасы бойынша келесі түрлерге бөлінеді:

Орта жолды ұстанушылар — олар артық кетушілікке де, кемсітуге де жол бермейді. Бұл — Сүннетті ұстанушылар.

Сөгіс білдіруде шектен шығушылар — мысалы, яһудилердің Исаны (оған Аллаһтың сәлемі болсын) шектен тыс қаралауы.

Шектен тыс мақтап-мадақтаушылар — мысалы, христиандардың Исаны (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһтың ұлы деп шектен тыс ұлықтаулары.

ҮШІНШІДЕН БЕСІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Умар (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін баяндаған: *«Мені христиандар Мариямның ұлын ұлықтайтындай ұлықтамаңдар, өйткені мен құлмын. Сондықтан: «Аллаһтың құлы әрі Елшісі», — деп айтыңдар»* (Бухари 3445, Ахмад 55, 47, 24, 23/1).

Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: *«Діндеріңде шектен шығудан сақтаныңдар, өйткені, сендерден бұрынғыларды дінде шектен шығулары опат етті!»* (Ахмад «Муснадта» 347 215/1, Ибн Мәжаһ 4029, Ибн Хазм 2867, Хаким 466/1).

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деген хадисін жеткізген: «**Шектен шығушылар құрыды!**». (Ол бұл сөзді үш рет қайталады) (Муслим 2680, Абу Дауд 4608, Ахмад 386/1).

- «**Мені ... ұлықтамаңдар**». ұлықтау дегеніміз мақтауда шектен шығу, ол христиандардың өз пайғамбарларын жоғарылатқандай немесе одан азырақ болуы мүмкін.
- «**Аллаһтың құлы әрі Оның елшісі**»: бұл екі сипат Пайғамбар ﷺ үшін ең шынайы әрі ең құрметті сипаттар болып табылады.
- «**Шектен шығу**»: бұл мадақтауда, құлшылықта немесе амалдарда шектен шығу, шекарадан асып кету.
- Не нәрседегі шектен шығу оларды опат қылды?
— Дінде.
— Денеде.
- Шектен шығудың көптеген түрлері бар: ақидада, құлшылықта, қарым-қатынастарда, дәстүрлерде. Бірақ Аллаһтың діні — шектен шығу мен салғырттықтың арасындағы орта жол.
- «**Шектен шығушылар**»: бұл өз сөздері мен амалдарында шамадан тыс тереңдеп, даңғойлыққа ұрынғандар. Діндегі шектен шығу — асыра сілтеу болып табылады және бұл — опат болудың себептерінің бірі.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Кімде-кім осы және келесі екі тарауды түсінсе, соған Исламның адамдар арасында қаншалықты бөгде болып қалғаны айқын болады, сондай-ақ ол Аллаһтың Құдіреті мен Оның жүректерді қалай бұратынының ғажайыптығын көреді.

Екінші. Жер бетіндегі алғашқы ширк ізгі-салиқалы кісілерді лерді шектен тыс ұлықтау салдарынан пайда болды.

Үшінші. Пайғамбарлардың дініндегі ең бірінші бұрмаланған нәрсені (ал бұл ширктің пайда болуы) әрі оның себебін (ал бұл ізгі-салиқалы кісілерді шектен тыс ұлықтау), сондай-ақ Аллаһ Өз пайғамбарларын дінін тазарту үшін жібергенін білу.

Төртінші. Адамдар дінге жаңалықтар енгізеді, ал шариғат пен адамның табиғаты мұны жоққа шығарады.

Бесінші. Бұл [ширктің және бидғаттардың] пайда болу себебі — ақиқат пен жалғанның араласуы. Алдымен ізгілерге деген сүйіспеншілік

пайда болды. Кейін ғалымдар осыда игілік болады деп ойлаған нәрселерді істеді, бірақ кейінгі ұрпақтар олар басқа нәрсені меңзеген деп санай бастады. (Кімде-кім дінді бидғат арқылы күшейткісі келсе, оның зияны пайдасынан көп болады).

Алтыншы. «Нух» сүресінің 23-аятының тәпсірі. (Онда олардың бір-біріне жалған нәрсені өсиет еткені айтылған.)

Жетінші. Адамның табиғаты — жүрегінде ақиқаттың азайып, жалғанның күшейе беруінде, тек Аллаһ мейірім еткендерден басқа.

Сегізінші. Кейбір салиқалы сәләфтардың бидғаттар күпірлікке апаратыныны туралы айтқан сөздері осыған дәлел болады. (Бірақ күпірліктің басқа да себептері бар.).

Тоғызыншы. Шайтан бидғаттың қандай салдарға апаратынын біледі, тіпті бидғат жасаушы жақсылықты көздесе де.

Оныншы. Жаратылыстарды ұлықтауға тыйым салатын жалпы қағиданы білу және оның зиянды салдары қандай болатынын түсіну.

Он бірінші. Қабірлердің басына барып, ізгі амалдарды орындаудың зияны. (Бұл оларды құлшылық нысанына айналдыруға әкеледі).

Он екінші. Мүсін жасау тыйым салынған амал екендігін білу және оларды жоюдың даналығын түсіну. (Бұл ширкке апаратын жолдарды жабу үшін жасалады).

Он үшінші. Нух пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қауымындағы ізгі-салиқалы адамдар туралы бұл оқиғаның маңыздылығы және адамдардың оған немқұрайлы қарауы.

Он төртінші. Ең таңғаларлық нәрсе — бидғатшылар бұл оқиғаны Құран мен хадистерден оқып, оның мәнін түсінгенімен, Аллаһ олардың жүректерін бұрып жібергені соншалық, олар Нух қауымының амалдарын ең жақсы құлшылық деп санады. Олар Аллаһ пен Оның Елшісі ﷺ тыйым салған және адамның жаны мен мал-мүлкін хәлал қылатын күпірлікті қабылдады.

Он бесінші. Олардың тек шапағат сұрауды қалағандығына, (бірақ соның өзінде ширкке түсті).

Он алтыншы. Олар ғалымдар ізгі-салиқалы адамдардың бейне-мүсіндерін жасатқанда, олар мұны (шапағат сұрау үшін) жасады деп ойлады. (Кейінгі ұрпақ та осындай және тіпті бұдан да зор адасушылыққа түсті.)

Он жетінші. Пайғамбарымыздың ﷺ «**Мені христиандар Мариям ұлын ұлықтағандай ұлықтамаңдар...**» деген сөзі — ең үлкен ескерту. Бізге анық хабар мен үгіт алып келген Пайғамбарымызға Аллаһтың

иглігі мен сәлемі болсын! (Пайғамбарымыз ﷺ шектен шығуға қатаң тыйым салды, бірақ соған қарамастан, бұл үмметтің кейбір бөлігі шектен шығып, тіпті одан да ауыр адасушылыққа түсті.)

Он сегізінші. Пайғамбар ﷺ шектен шығушылардың опат болатынын (біз бұдан сақтануымыз үшін) ескерткен.

Он тоғызыншы. Бұл хикаяда олардың мүсіндерге білім жоғалғаннан бұрын табынбағандарына нұсқау бар. (Осыдан білімнің маңыздылығы және оның жоғалуының қауіптілігі айқын көрінеді.)

Жиыrmасыншы. Білімнің жоғалуына себеп — ғалымдардың қайтыс болуы. (Бұл ең үлкен себептердің бірі. Сонымен қатар, немқұрайлылық, дүние істеріне берілу және білімге көңіл бөлмеу де осыған әкеледі.)

20. Ізгі адамдардың өздеріне құлшылық ету ғана емес, тіпті олардың қабірлерінде Аллаһқа құлшылық етудің қатты сөгіске лайық амал екендігі жайлы тарау.

- Шейх бұл тарауды адамдар үшін діннің жат болғандығын және олардың бірқұдайшылықтан алшақтағанын, сондай-ақ ізгі-салиқалы адамдардың қабірлерінде Аллаһ Тағалаға құлшылық ету Аллаһқа серік қосуға алып баратын себепке айналмауы үшін, бұған тыйым салынғандығын саған баяндап беру үшін келтірді.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Имам әл-Бухари мен имам Муслимнің «әс-Сахих» жинақтарында Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисте Умму Сәләманың (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісіне ﷺ өзінің Эфиопияда бір шіркеу мен ондағы суреттерді көргені туралы айтып бергені туралы жеткізіледі. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ оған былай деген еді: **«Олардың ішінен бір салиқалы адам немесе Аллаһтың ізгі құлы қайтыс болса, олар оның қабірінің үстіне ғибадатхана тұрғызып, онда осы суреттерді салады. Олар — Аллаһтың алдындағы жарататылыстардың ең жамандары»**. Олар екі бүлікті біріктірді: қабірлердің бүлігі және бейнелердің бүлігі (әл-Бухари 427, Муслим 528, Ахмад 51/2).

- «Олар екі бүлікті біріктірді» — бұл Ибн Таймияның (Аллаһ оны рахымына бөлесін) сөзі. Бұл нәрсе бүлік (фитна) деп аталған, өйткені ол — адамдардың діннен алыстауына себеп болатын нәрсе.
- Қабірлерге қатысты негізгі үкім — оларды құрылыстардың ішінде емес, ашық жерде жасау, өйткені бұл оларды ширкке апаратын жолға айнарудан сақтайды.
- Қабірлердің бүлігі мүсін-бейнелерден де қауіпті, себебі:
 - Қабірлер барлық жерде бар, ал мүсін-бейнелер барлық жерде бола бермейді.
 - Қабірлердің жанында адамды ерекше сезімдер билейді, мысалы, үрей мен қорқыныш.

ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Имам әл-Бухари мен Муслим, Айша (анамыздың) және Абдуллаһ ибн Аббастың, Аллаһ оларға разы болсын, сөздерінен былай деп жеткізілген: «Аллаһтың Елшісінің ﷺ жан тапсыруы жеткен кезде жамылғысын бетіне жаба бастады да, ал (дем алуы) қиындаған соң, оны бетінен алып тастады, әрі ол осындай күйінде: **«Өз пайғамбарларының қабірлерін ғибадат орындарына айналдырған яһудилер мен христиандарды Аллаһ лағынеттесін!»**, — деп, (мұсылмандарды осы адамдар) істеген нәрселерді қайталаудан сақтандырып ескертті. Әрі егер осы болмағанда, оның қабірі ашық жерге жасалатын еді. Алайда (адамдар) оның қабірін мешітке айналдырады деген қауіптен бұл жасалмады» (әл-Бухари 435, Муслим 531).

Имам Муслим Жундуб ибн Абдуллаһтың (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндағанын жеткізген: «Мен Пайғамбардың ﷺ қайтыс болуынан бес күн бұрын былай деп айтқанын естідім: **“Мен Аллаһтың алдында сендердің араларыңнан сүйіктім болуынан тазамын. Аллаһ Ибраһимді Өзінің сүйіктісі еткеніндей, мені де Өзінің сүйіктісі етті. Егер мен үмметімнің ішінен өзіме сүйікті дос таңдап алғанымда, онда Абу Бакрды таңдар едім.**

Расында, сендерден бұрыңғылар өз пайғамбарларының қабірлерін мешіттерге (ғибадатханаларға) айналдырды. Бірақ сендер қабірлерді мешіттерге айналдырмаңдар, өйткені мен сендерге мұны тыйым саламын”» (Муслим 532).

Бұл хадистер көрсеткендей, Пайғамбар ﷺ өмірінің соңында бұл іске қатаң түрде тыйым салды және мұндайды жасайтындарға тіпті лағынет айтты. Ал қабірлердің жанында намаз оқу да осыған жатады, тіпті қабірдің үстіне мешіт құрылмаған болса да. Әрі Айшаның (Аллаһ оған разы болсын): «Алайда (адамдар) оның қабірін мешітке айналдырады деген қауіптен бұл жасалмады» сөздерінің мән-мағынасы да дәл осыда. Әрине, сахабалар оның қабірінің айналысына мешіт құрған емес. Әрі әлдебір орын онда намаз оқу үшін мақсат етіп алынса, сол оның мешіт етіп алынғаны болып саналады. Бұдан қалса, намаз орындалатын кез-келген орын мешіт (масжид, сәжде жасалатын орын) деп аталады, бұл туралы Пайғамбар ﷺ: **«...Жер мен үшін масжид (мешіт, намаз оқылатын орын), таза әрі тазартушы етілді»**, — деп айтты (әл-Бухари 1/369, 370 және 444, Муслим (521)).

- «Аллаһтың Елшісі ﷺ ажал аузында жатқанда»: яғни өлім періштесі оның жанын алуға келген кезде.
- «Жамылғысын бетіне жапты»: бұл өрнектелген киім болатын.
- «**Аллаһтың лағынеті**»: яғни Оның рахымынан қуылу және мақұрым қалу. Бұл Аллаһ жайлы хабар, алайда Пайғамбарымыз ﷺ оларға қарсы дұға еткендігі де болуы мүмкін.
- «**Қабірлерін ғибадат орындарына айналдырған**»: бұл жерде не оларға сәжде ету арқылы, не олардың үстінде мешіт салу арқылы ғибадат орындарға айналдыру меңзелген.
- «Ашық жерге жерлейтін еді»: яғни оның ﷺ қабірі оның үйінен тыс жерге, мысалы, әл-Бақиғ зиратына қойылар еді.

Неліктен Пайғамбар ﷺ бөлменің ішінде жерленді, бірақ ешкім бөлмені қабірден артық деп санамайды?

- Оның ﷺ мына сөздеріне байланысты: «**Пайғамбарлар қайтыс болған орындарында жерленеді**».
- «Ол қорықты» (حَشِيَ — хашия, الخاء әрпінің үстінде фатха): Яғни Пайғамбар ﷺ адамдардың оның қабірін мешітке айналдырып жіберуінен қорықты.
- «Олар қорықты» (خُشِيَ — хушия, الخاء әрпінің үстінде дамма): Яғни сахабалар адамдардың Пайғамбар ﷺ қабірін пұтқа айналдырып жіберулерінен қорықты. Осылайша, олар бірқұдайшылықты жүзеге асыруға тырысты.

Біз Пайғамбарымыздың ﷺ қабірі мешіттің ішінде деп айтатын адамдардың сөздерін қалай теріске шығарамыз?

- 1) **Жалпы теріске шығару**: бұл нәрсе муташабих (анық емес) болып табылады, ал біз Құран мен Сүннеттен мухкам (анық) нәрселерді алуымыз қажет. Біз мұндай адамға: «Сен мухкам нәрсені қалдырып, муташабихке ілесетін адамсың, біз сені тыңдамаймыз», — деп айтамыз.
- 2) **Егжей-тегжейлі теріске шығару**:
 - Мешіт қабірдің үстіне салынған жоқ, алайда мешіт Пайғамбарымыз ﷺ тірі кезінде салынған болатын.
 - Пайғамбарымыз ﷺ мешітте жерленген жоқ, алайда ол мешіттен тыс орналасқан өзінің үйінде жерленді.
 - Сахабалар оның ﷺ жерленген бөлмесін мешіттің ішіне енгізуге

қарсы болды, бірақ бұл олардың көбісі қайтыс болғаннан кейін жасалды.

- Қабір мешіттің ішінде емес, ол жеке бөлмеде орналасқан, әрі мешіт оның үстіне салынбады. Сондай-ақ қабір үш қабырғамен қоршалған, әрі олар намаз оқушы адамдар өздері мен қыбланың арасында Пайғамбардың ﷺ қабірін қоя алмайтындай етіп салынған.
- Пайғамбарымыздың ﷺ мешітінің басқа мешіттерге қарағанда ерекшелігі бар — онда намаз оқудың артықшылығы бар, оған сапар жасау рұқсат етілген.

Ескерту: **الخَلَّةُ** (әл-хуллә) — махаббаттың ең жоғары дәрежесі. Ол Аллаһтың жаратылыстарынан тек екі адамға ғана нәсіп етілді — Ибраһимге (оған Аллаһтың сәлемі болсын) және Мухаммадқа ﷺ. Сондықтан көпшілік адамдардың Ибраһим «халилу-Ллаһ» (махаббаттың ең жоғары дәрежесі), ал Мухаммад ﷺ «хабибу-Ллаһ» (махаббаттың әдеттегі дәрежесі) деп атайтын сөздері ұлы надандық пен қателік болып табылады, өйткені олар осы сөздерімен оны Ибраһимнен төмен қойып, Пайғамбар ﷺ мен басқа адамдардың арасын бөлмегендей болады. Мысалы, Аллаһ ізгі амал жасаушыларды жақсы көреді. Сондықтан Пайғамбарымызды ﷺ «хабибу-Ллаһ» деп атаған адам қателеседі.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Ахмад жеткізушілердің жақсы тізбегімен Ибн Масғудтан Пайғамбардың ﷺ: **«Адамдардың ішіндегі ең жамандары — солардың өмір сүру кезінде Қиямет басталатын (адамдар) және қабірлерді мешіттерге айналдыратындар»**, — деп айтқаны туралы хадисін жеткізген. Бұл хадисті сондай-ақ Абу Хатим де “әс-Сахихта” жеткізген (Ахмад «Муснадта» 435/1, Ибн Хиббан өзінің жинағында 340).

- **«Адамдардың ішіндегі ең жамандары»:** бұл адамдардың дәрежелері әртүрлі екенін және олардың кейбірі басқаларға қарағанда жамандығы көбірек екенін көрсетеді.

Тараудың қорытындысы

Көпқұдайшылықтан және оған апаратын барлық жолдардан аулақ болып сақтану, ізгі-салиқалы адамдардың қабірлерінің жанында Аллаһқа ғибадат ететіндерге сөгіс білдіру керек, әрі бұл намазды да, басқа құлшылық түрлерін де қамтиды. Кімде-кім әлдебір қабірдің жанында

берілген садақа басқа жердегі садақадан артық деп санаса, онда ол бұл қабірді мешітке айналдырғанмен тең болады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһ Елшісінің ﷺ қабірлердің үстіне мешіт салып, сол жерлерде Аллаһқа ғибадат ететіндер туралы айтқан сөздері, тіпті олар бұл істі жақсылық ниетімен жасаса да. (Бұл іс ниетке тәуелді емес, өйткені оның тыйым салынуы тікелей іс-әрекеттің өзімен байланысты. Көпқұдайшылдарға ұқсап-еліктеу мәселесі де дәл осындай).

Екінші. Мүсін жасауға тыйым салу және оны істейтіндерді айыптау. (Әсіресе, егер олар адамдар арасында құрметке ие тұлғалардың, мысалы, билеушілердің, ата-бабалардың немесе шариятта қадірлі саналатын әулиелер мен ізгілердің бейнелері болса).

Үшінші. Пайғамбарымыздың ﷺ бұл мәселеге қатысты нұсқауынан алынатын маңызды сабақ. Ол алдымен сахабаларына бұл істің қауіптілігін түсіндірді, содан кейін қайтыс болуына бес күн қалғанда оларға айтқан нәрселерін айтып, қайта ескертті. Тіпті өлім арпалысы кезінде де бұл мәселеге тоқталды.

Төртінші. Пайғамбарымыз ﷺ өзінің қабірі пайда болмай-ақ, оның үстінде осындай нәрселердің жасалуына тыйым салған болатын.

Бесінші. Бұл яһудилер мен христиандардың өз пайғамбарларының қабірлеріне қатысты салты мен әдеттері болып табылады.

Алтыншы. Пайғамбар ﷺ оларды бұл істері үшін лағынеттеді.

Жетінші. Осынысымен ол ﷺ бізді өз қабіріне қатысты алдын ала ескертті.

Сегізінші. Пайғамбардың ﷺ жабық жерде жерленуінің себебі. (Адамдардың оған құлшылық етіп кетуінен қорқу, сондай-ақ әрбір пайғамбар қайтыс болған жерінде жерленуі).

Тоғызыншы. Қабірді мешітке айналдырудың мәні. (Оның үстіне мешіт тұрғызу немесе оның үстінде намаз оқу, немесе басқа да ғибадат түрлерін орындау).

Оныншы. Ол ﷺ қабірлерді мешіттерге айналдыратындарды Қиямет күнін тірі күйде қарсы алатын (ең жаман) адамдармен бірге атап, көпқұдайшылыққа апаратын жолды ол әлі пайда болмай тұрып-ақ нұсқады және оның ақырғы салдарын да көрсетті.

Он бірінші. Аллаһқа қайтуынан бес күн бұрынғы құтпасында Пайғамбар ﷺ ең адасқан бидғатшылардың екі ағымын жоққа шығарды. Кейбір ғалымдар тіпті оларды (исламдағы) 72 адасқан топтың қата-

рына қоспаған. Бұл — жәһмилер мен рафидилер. Дәл осы рафидилердің кесірінен мұсылмандар арасында көпқұдайшылық пен қабірлерге табыну пайда болды, әрі олар алғашқылардың бірі болып қабірлердің үстіне мешіттер сала бастады.

Он екінші. Пайғамбарымыздың ﷺ жан тапсыру кезіндегі қиналуы.

Он үшінші. Пайғамбарымызға ﷺ көрсетілген ұлы құрмет — Аллаһтың сүйіктісі (холилі) болу мәртебесі.

Он төртінші. Хуллә (сүйіспеншіліктің ең жоғары дәрежесі) махаббаттан (жай ғана сүюден) жоғары екендігі туралы түсіндірме.

Он бесінші. Абу Бакр әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ ең абзал сахабасы екендігіне нұсқау. (Иман мен ізгі амалдардағы артықшылық нәсілдік артықшылықтан жоғары. Егер нәсілдік артықшылық басым болғанда, онда Али Абу Бакрден жоғары болар еді).

Он алтыншы. Оның (Абу Бакрдің Пайғамбарымыздың ﷺ қайтыс болғанынан кейінгі) халифалығының дәлелі.

21. Ізгі-салиқалы адамдардың қабірлеріне шектен тыс құрмет көрсету оларды Аллаһтан басқа құлшылық етілетін пұттарға айналдыратыны туралы тарау.

- Бұл — көпқұдайшылықтың (ширктің) пайда болуының үшінші себебі, өйткені мұндай шектен шығу ақыр соңында осы қабірлерге немесе сол жерде жерленгендерге ғибадат етуге алып келеді. Шектен шығу — бұл мақтау немесе айыптауда шектен асып кету.
- Адамдар қабірлерге деген қатынасында екі шектен шыққан және бір ортаңғы топқа бөлінеді: бір топ оларды құлшылық ету нысанына айналдырып, үстіне құрылыстар салып шектен шығады; екіншісі — қабірлерге құрмет көрсетуде немқұрайлылық танытып, олардың үстіне отырады немесе оларды қазып тастайды. Ал ақиқат осы екі ұстанымның ортасында — қабірлерге лайықты құрмет көрсету, бірақ оларға ғибадат жасауға алып келетіндей етіп ұлықтамау.

БІРІНШІДЕН ТӨРТІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Имам Мәлик өзінің «әл-Муатта» жинағында мына хадисті келтіреді: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: **“Уа Аллаһ! Менің қабірімді құлшылық жасалатын пұтқа айналдырма! Ақиқатында, өз пайғамбарларының қабірлерін ғибадат орындарына (мешіттерге) айналдырған қауымдарға Аллаһтың қаһары қатты”**» (Мәлик «Муатта» 85, Ахмад «Муснад» 246/2).

Ибн Жәрир әт-Тобари (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Мансурдан Мужәһидтің Аллаһ Тағаланың: **«Ләт пен Уззаны көрдіңдер ме?»** («ән-Нәжм» сүресі, 19-аят), — деген сөздері туралы: «Ол (Ләт) оларға жармадан «сиуик» (деп аталатын ботқа) жасап беретін еді, ал ол өлген соң адамдар оның қабіріне қарап, үнемі соған келіп, оңашаланып, яғни сонда құлшылық жасайтын болды», — деп айтқандығы туралы Суфиянның хадисін жеткізді. Тура осыны Абу Жәуза да Ибн Аббастан оның: «Ол қажыларға жармадан «сауик» пісіріп беретін еді», — деп айтқанын жеткізген.

Ибн Аббас сондай-ақ былай деген: «Аллаһ Елшісі ﷺ қабірлерді зиярат ететін әйелдерді, олардың үстіне мешіт тұрғызатындарды және қабірлерге шырақ жағатындарды лағынеттеді». Бұл хадис «әс-Сунан» жи-

нақтарында келтірілген (Абу Дауд 3236, әт-Тирмизи 320, Ибн Мәжәһ 1575, Ахмад «Муснадта» 337, 324, 287, 229/1).

- **«Аллаһтың қаһары...»:** бұл Аллаһтың шынайы сипаты, бірақ ол жаратылыстардың қаһарына ұқсамайды.
- **«Пайғамбарларының қабірлерін мешітке айналдырғандар...»:** яғни олардың үстінде сәжде жасау немесе сол жерге мешіт салу арқылы.
- Пайғамбар ﷺ қабірін табыну нысанына айналдырмау туралы дұғасы қабыл болды ма, әлде Аллаһтың даналығымен басқаша шешілді ме?

Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «Ақиқатында, Аллаһ оның дұғасын қабыл етті, және оның қабірін пұтқа айналдырғандар туралы ешбір дерек жоқ. Керісінше, оның қабірі үш қабырғамен қоршалған».

«Жаратушы Раббымыз оның дұғасын қабыл етті

Және оның қабірін үш қабырғамен қоршады».

Шынымен де, Пайғамбарымыздың ﷺ қабіріне қатысты шектен шыққандар да бар, алайда олар оның қабірінен пұт жасауға дейін жетпеді.

- **«Ләт пен Ғуззаны көрдіңдер ме?»:** яғни олар Пайғамбардың ﷺ Миғраж түні көрген ұлы аят-белгілерімен салыстырғанда түк емес.
- **«Сауиқ ботқасы»:** қажыларға әзірленетін қуырылған, ұнтақталған арпа жармасы мен құрма араласқан тағам.
- **«Шырақ жағушыларды»:** Қабірлерге күндіз-түні шам-шырақ жағу — оларды ұлықтаудың бір түрі.
- Әйелдердің қабірлерді зиярат етуі — қабірлердің үстіне мешіт салу және онда шырақ жағу секілді үлкен күнәлар қатарына жатады. Бұндайды істегендер Аллаһтың лағынетіне ұшырайды.
- Қабірлерді зиярат ету түрлері:
 - 1) Шариғатқа сай зиярат — қабірді зиярат ету мақсатында арнайы сапарға шықпау; зиярат жасаған кезде Ақыретті еске алып, қайтыс болған адам үшін және басқа қайтыс болғандар үшін Аллаһтан кешірім-жарылқау тілеу.
 - 2) Егер адам өлгендерден әлдебір нәрсе сұраса, бұл — көпқұдайшылық (ширк) болады.

3) Егер ол Аллаһтан қабірдің қасында тұрып сұраса, бұл — бидғат (дінге енгізілен жаңалық) болады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Не нәрсе пұт екендігін түсіндіру. (Аллаһтан басқаға құлшылық етілетін нәрселердің барлығы, мейлі ол қабірлер, не басқалар болсын, пұттар болып саналады).

Екінші. «Құлшылық-ғибадат» ұғымының анықтамасы. (Құлшылық ету — құлшылық етілетін нәрсеге қорқынышпен, үмітпен, махаббатпен және тағзым-ұлықтаумен кішірейіп, мойынсұну).

Үшінші. Пайғамбар ﷺ тек шын мәнінде орын алуы мүмкін нәрселерден ғана Аллаһқа пана сұрап сиынған.

Төртінші. Сондай-ақ, ол ﷺ өз дұғасында пайғамбарлардың қабірлерін мешітке айналдыру туралы айтқан.

Бесінші. Аллаһтың қаһарының қатты екендігі туралы ескерту.

Алтыншы. Ең маңызды мәселелердің бірі — (ежелгі) арабтардың ең үлкен пұттарының бірі болған әл-Ләтқа құлшылық етудің себебін білу.

Жетінші. Бұл пұттың шын мәнінде ізгі-салиқалы адамның қабірі болғанын білу.

Сегізінші. Әл-Ләт — сол қабірде жатқан адамның есімі, әрі бұл есімнің мағынасын түсіндіру.

Тоғызыншы. Қабірлерді үнемі әрі тұрақты түрде зиярат ететін әйелдерге айтылған лағынет.

Оныншы. Қабірлерде шырақтар жағып, оларды жарықтандыратындарға айтылған лағынет.

Маңызды мәселе: Ізгі-салиқалы кісіледірдің қабірлеріне қатысты шектен тыс құрмет оларды әл-Ләттің қабірі секілді пұтқа айналдырады.

Мәселе: Егер әйел Мәдинадағы Пайғамбар ﷺ мешітіндегі Раудаға барып, намаз оқыса және қабір оған жақын болса, ол тоқтап, сәлем беруіне болады — бұған тыйым салынбаған. Алайда, ер адамдар арасында тар жерде болудан аулақ болу жақсырақ, өйткені оны көрген адамдар әйелдерге қабірді зиярат етуді мақсат ету рұқсат етілген деп ойлап қалмауы үшін.

22. Ардақты Пайғамбарымыздың ﷺ бірқұдайшылықтың қолсұғылмаушылығын қалай қорғағаны және көпқұдайшылыққа апаратын кез келген жолды жапқаны туралы тарау.

Шейх бұл тарауды Пайғамбар ﷺ бірқұдайшылықты мықты қорғау үшін, оның шекараларын бұзуға апаратын барлық жолдарға бөгет қойғандығын әрі ширкке бастайтын ешбір есікті ашық қалдырмағанын, керісінше, күпірлікке (көпқұдайшылыққа) жетелейтін барлық жолдарды мүлде жауып тастағанын түсіндіру үшін келтірді.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**Расында сендерге өз араларыңнан шыққан бір Елші келді. Оған сендердің қиналғандарың ауыр тиеді. Ол сендерге өте ынтық, мүминдерге өте жұмсақ, рахымды. (Мухаммад) сонда, егер олар сенен теріс бұрылса: «Маған Аллаһ жеткілікті, Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ, мен тек Оған ғана тәуекел етемін, өйткені Ол — ұлы Аршының Раббысы», — де»** («әт-Тәуба» сүресі, 128-129).

Абу Хурайра Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін баяндаған: *«Үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар және менің қабірімді адамдар оған әрдайым келіп жаналатын орын етпеңдер. Маған салауат айтыңдар, өйткені сендер қай жерде болсаңдар да, сендердің салауаттарың маған келіп жетеді»* (Абу Дауд 3422, имам Ахмад «Муснадта» 367/2, шейх әл-Әлбани «Сахих әл-жәмиғ» еңбегінде (7226) хадистің сахихтығын растаған).

- «**Расында сендерге өз араларыңнан бір Елші келді**»: бұл сөйлем үш түрлі тәсілмен күшейтілген: жасырын антпен; «ләм» демеулігімен; «қод» демеулігімен.
- «**Өз араларыңнан шыққан**»: яғни: 1) ол — сендер сияқты адам, бірақ ол сендерден оған Уахи түсірілгендігімен ерекшеленеді; 2)

басқа бір қырағатта «мин әнфасикум» деген тіркес «сендердің арасыңдағы ең құрметті және ең тақуа адам» деген мағына береді.

- **«Оған сендердің қиналғандарың ауыр тиеді»:** сендерге ауыр тиген нәрсе ол үшін де ауыр, сондықтан да ол адамдарға жеңіл ханифия дінімен жіберілді.
- **«Ол сендерге өте ынтық»:** Ол сендерге пайда келтіру үшін бар күшін салады.
- **«Мүминдерге өте жұмсақ, рахымды»:** бұл аятта (Құраннан тыс жағдайда) сөйлем сөңыңында келуге тиіс болған «мүминдерге» сөзі сөйлемнің басында келтірілген, ал бұл шектеуді, яғни ол мүминдерге жұмсақ, рахымды, ал кәпірлерге қатал деген мағынаны білдіреді. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген: **«Мухаммад — Аллаһтың Елшісі. Онымен бірге болғандар кәпірлерге қатал, бірақ өзара мейірімді».**
- **«Егер олар сенен теріс бұрылса»:** Бұл аятта: «Егер сен олардан теріс бұрылсаң», — деп айтылмауының екі себебі бар: 1) мұндай жағдайда бұл құпталмайтын амал болар еді; 2) есімдіктің ауысуы арқылы тыңдаушының назарын қарату үшін.
- **«Маған Аллаһ жеткілікті»:** олардың сенен теріс бұрылуы сені қайғыртып-мұңайтпасын, жүрегіңмен және тіліңмен: «Маған Аллаһ жеткілікті», — деп айт.
- **«Үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар»,** яғни: 1) үйлеріңде намаз оқуды тастамаңдар; 2) үйлеріңе мәйіттерді жерлемендер.
- **«Менің қабірімді адамдар оған әрдайым келіп жаналатын орын етпеңдер»:** яғни оны үнемі жыл сайын, ай сайын немесе апта сайын зиярат ететін орынға айналдырмаңдар. Алайда қабірлер белгілі бір себептермен ғана зиярат етіледі, мысалы, сапардан оралғанда немесе Ақырет өмірін еске алу үшін.
- **«Маған салауат айтыңдар»** — الصلاة «Соләт» — Аллаһтың өз құлына деген салауаты — бұл Аллаһтың оны ең жоғары қоғамда мақтауы.
- **«Сендердің салауаттарың маған келіп жетеді»:** Себебі Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Расында, Аллаһтың жер бетінде кезіп жүретін періштелері бар, олар менің үмметімнің сәлемдерін (салауаттарын) маған жеткізіп тұрады».** Сондықтан да оның ﷺ қабірінің алдына шектен тыс шоғырланып, өзара сығылысудың еш қажеті жоқ.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Али ибн әл-Хусайн (Аллаһ оған разы болсын) бірде Пайғамбардың ﷺ қабіріне жиі келіп, сол жерде Аллаһқа дұға ететін бір кісіні көрді. Ол оған мұны жасауға тыйым салып: «Саған менің әкем (әл-Хусайн ибн Али) өз әкесінен (Али ибн Абу Талибтен) естіген нәрсені айтып берейін бе? Ол Пайғамбардың ﷺ былай дегенін естіген: **“Менің қабірімді адамдар оған әрдайым келіп жаналатын орын етпеңдер және үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар. Маған салауат айтыңдар, өйткені сендер қай жерде болсаңдар да, сендердің салауаттарың маған жетеді”** — деді» (Бұл хадисті әл-Мақдиси “әл-Мухтарда” келтіреді).

- «Ол жерде Аллаһқа дұға ететін»: ол қабірдің жанында Аллаһқа жасалған дұғаның ерекше артықшылығы бар деп ойлап, осылайша ширктің есігін ашты.
- **«Қай жерде болсаңдар да»**: маған қай жерде болсаңдар да салауаттарыңды айтыңдар әрі сендердің салауаттарың маған жетеді. Сондықтан маған салауат айту немесе мен үшін дұға ету үшін менің қабіріме барудың қажеті жоқ.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «әт-Тәуба» сүресінің 128-ші және 129-аяттарының тәпсірі. («Расында, сендерге өз араларыңнан шыққан бір Елші келді...»).

Екінші. Пайғамбар ﷺ өзінің үмметін бірқұдайшылықтың шекараларын бұзудан сақтандырды. («Үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар...», — деді).

Үшінші. Пайғамбарымыздың ﷺ бізге деген қамқорлығы, жанашырлығы және мейірімділігіне нұсқау. (Бұл «әт-Тәуба» сүресіндегі аяттан алынған).

Төртінші. Пайғамбардың ﷺ қабірін зиярат ету — ең ізгі амалдардың бірі (өйткені осы арқылы оған сәлем беру жасалады, ал оған сәлем беру — үмметінің оған қатысты міндеті болып табылады, әрі ол басқа адамдардың алдындағы міндеттерден жоғары) болуына қарамастан, Ол өзінің қабірін зиярат ету үшін арнайы сапарға шығуға тыйым салды.

Бесінші. Қабірлерге жиі барудың тыйым салынғандығы.

Алтыншы. Пайғамбарымыздың ﷺ нәпіл (сүннет) намаздарын үйлерде орындауға үндеуі.

Жетінші. Олар (сахабалар) қабір жанында намаз оқуға болмайтынын жақсы білетін.

Сегізінші. Бұған себеп — оған жасалған дұғалар мен сәлемдер қай жерде айтылса да, тіпті алыстан болса да, оған жететіндігі. Сондықтан оған жақындауды көздейтін адамдар ойдан шығарған амалдарға қажеттілік жоқ (Али ибн әл-Хусайн әлгі адамға былай деген: «Сен де, Андалусиядағы адам да тең дәрежедесіңдер»).

Тоғызыншы. Пайғамбар ﷺ барзах өмірінде өз үмметінің амалдарынан хабардар болады — оған айтылған салауаттар мен сәлемдер оған жеткізіледі.

БЕСІНШІ БӨЛІМ.

**Бұл үмметте ширк болмайды деп
айтқандардың дәйектерін теріске шығару
(1 тарау).**

23. Бұл үмметтің бір бөлігі пұттарға табынатындығы жайлы тарау

- Шейх бұл тарауды «Бұл үмметте ширк болмайды, өйткені ол одан қорғалған» дегендерге қарсы дәлел ретінде келтірді. Олар осы сөздерінде Пайғамбарымыздың ﷺ мына сөздеріне сүйенеді: **«Ақиқатында, шайтан Араб түбегіндегі намаз оқушылардың оған құлшылық етуінен күдер үзді».**
- Олардың күмәніне жалпы жауап: бұл — муташибих (мағынасы анық емес) дәлелге сүйеніп, мухкамды (мағынасы анық нәрсені) тастау.
- Толық жауап:
 - 1) Шайтан үмітін үзді деген хабар мұның болмайтынын білдірмейді.
 - 2) Ол намаз оқушылардан үмітін үзді, бірақ намаз оқымағандардан үмітін үзген жоқ. Ал намаз оқушы — бірқұдайшыл адам.
 - 3) Бұл түсінік Құран мен Сүннеттің көптеген мәтіндеріне қайшы келеді.
 - 4) Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) Араб түбегіндегі діннен безген (муртадтармен) олардың ширктері үшін соғысты.
 - 5) Қалыптасқан өмірлік тәжірибе бұған керісінше куәлік етеді. Мысалы, Араб түбегінде Аллаһтан басқаға құрбандық шалыну фактілерін көруге болады.
 - 6) Бұл — шайтанның жүрегінде орын алған нәрсе, бірақ ол Адам ұрпағын адастыруын тоқтатпады.
 - 7) Бұл жағдай көптеген жеңістерден кейін орын алды, сол кезде адамдар Аллаһтың дініне топ-топ болып кірді.

8) Ғалымдар адамның діннен шығуына себеп болатын амалдарды атап өткен, әрі бұл амалдарды жасау адамды, тіпті ол Араб түбегінде болса да, діннен шығарады.

- Егер біреу Мусайлима пайғамбар деп айтса, ол күпірлікке түседі. Әрі оған, осы орайда, ислам куәлігі көмектеспейді. Ал ендеше біреу әт-Тижәниді немесе басқаларды Аллаһтың дәрежесіне дейін көтерсе, ол қалайша кәпір болмайды? Бұл, расында, таңқаларлық жағдай!

Неліктен шейх бұл тарауда оның айтқанына дәлел емес секілді көрінген екі аятты келтірді?

- Шейхтің көздегенін Абу Сағидтің хадисі арқылы ғана түсінуге болады. Осы кезде аяттар тараудың мазмұнына толықтай сәйкес келеді.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: **«(Мухаммад) сондай өздеріне Кітаптан үлес берілгендерге қарамайсың ба? Олар жибт пен тағұтқа иман келтіреді де, кәпірлерді: «Бұлар мүминдерге қарағанда дұрысырақ жолда», — дейді»** (Йһудилердің бір тобы, кәпірлерді мұсылмандарға қайрап салу үшін Меккеге барып: **«Сендердің жолдарың Мухаммадтың жолынан тура», — деген болатын**) («ән-Ниса» сүресі, 51-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген: **«(Мухаммад, оларға) былай деп айт: «Сендерге Аллаһтың қасында жаза тұрғысынан бұдан да жаманын хабарлайын ба? Олар — Аллаһ оларды лағынеттеп, оларға ашуланған және оларды маймылдар мен доңыздарға айналдырғандар және тағұтқа табынғандар. Міне солар — орны жаман және тура жолдан мүлде адасқандар»** («әл-Мәйда» сүресі, 60-аят).

- **«Өздеріне Кітаптан үлес берілгендерге»:** Оларға Кітап түгел берілмеді, өйткені олар күнәларының себебінен одан айырылды.
- **«Қарамайсың ба»:** осы сөз бағытталатынның әрбіріне растауды әрі таң қалуды білдіретін сұрақ.
- **«Олар жибт пен тағұтқа иман келтірді»:** яғни оларды шындық деп санап, мойындап, жоққа шығармайды.

Бірінші аяттан алынатын пайдалар:

- Кітаптан бір бөлігі берілген адамдардың, кейін жибт пен тағұтқа иман келтіруі таңқаларлық нәрсе.
- Білім адамды күнәдан қорғамайды.
- Жибт пен тағұттан бас тарту міндетті, оларды шындық деп қабылдау рұқсат етілмейді.
- Бұл үмметтің ішінде жибт пен тағұтқа иман келтіргендер бар, бұл Исраил ұрпақтарындағы жағдайға ұқсас.

Екінші аяттан алынатын пайдалар:

- Пікірталас жүргізудің әрі бұлтартпас дәлел келтірудің рұқсат етілгендігі. Яһудилер өздерінің арасында Аллаһтың қаһары мен лағынетіне ұшырап, маймыл мен доңыздарға айналдырылған адамдар болғанын білетін. Әрі егер олар осыны мойындай тұра мұсылмандарды мазақ еткен болса, онда біз оларға: **«Нағыз мазаққа лайықтылар — бұл сендердің араларындағы Аллаһтың азабына ұшырағандар»**, — деп жауап береміз.
- Адамдардың Аллаһ алдындағы дәрежесі олардың иманына, оның артуына немесе кемуіне әрі осыдан туындайтын нәрселерге байланысты болады.
- Яһудилердің жағдайының мүшкілдігі. Олар Аллаһтың лағынетіне ұшырады. Оларға Аллаһтың қаһары түсті. Олардың кейбірі маймылдар мен доңыздарға айналдырылды. Олар тағұтқа құлшылық етті.
- Аллаһтың Өз қалауымен жасайтын іс-амалдарын, мысалы, Оның лағынеттейтінін және қарһарланатынын әрі қалағанын жасауға құдіреттілігін растау.
- Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Ақиқатында, Аллаһ хайуанға айналғандардың ұрпағын қалдырмаған»**, — ал маймылдар бұдан бұрын да болған.
- Жаза істелген күнәға сәйкес болады. Яһудилер сырттай рұқсат етілген болып көрінетін, бірақ шын мәнінде харам болған істі істеді. Аллаһ оларды осы күнәларына сай жазалады, (өйткені маймылдар да сырттай адамға ұқсағанымен, бірақ шын мәнінде хайуан болып табылады).
- Яһудилер тағұтқа құлшылық етті, және олардың әлі күнге дейін оған табынатындығына күмән жоқ.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «Олардың (Кітап иелерінен болған сол қауымның) іс басындағылары: “Біз міндетті түрде олардың үстіне мешіт (ғибадатхана) тұрғызамыз” — деді» («әл-Кәһф» сүресі, 21-аят).

- Үңгір адамдарының оқиғасында Аллаһтың құдіретін дәлелдейтін аят-белгілер туралы хикая бар.
- Қабірлердің үстіне мешіттер салынуының себептерінің бірі — соларда жерленгені адамдарға деген шектен тыс құрмет көрсету.
- Қабірлерге қатысты шектен шығу, тіпті аз мөлшерде болса да, одан да үлкеніне алып келуі мүмкін.

ТӨРТІНШІ ЖӘНЕ БЕСІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Абу Сағидтың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен оның былай деп айтқаны жеткізіледі: “(Бірде) Пайғамбар ﷺ былай деді: **«Ақиқатында, ант етемін, сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрын өмір сүргендердің жолдарына ізбе-із және шынтақ-шынтақпен ілесетін боласыңдар. Тіпті егер олар кесірткенің ініне кіріп кетсе де, сендер де міндетті түрде солардың ізінен еріп кететін боласыңдар!»** Біз: «Уа Аллаһтың Елшісі, сіз яһудилер мен христиандарды меңзеп тұрсыз ба?» — деп сұрадық, ал ол: **«Басқа кімді?!»** — деп жауап берді” (әл-Бухари, 3456; Муслим, 2669).

Муслим сондай-ақ Саубаннан (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқаны жеткізеді: **«Ақиқатында, Аллаһ менің алдыма жерді жайып тастады да, мен оны шығыстан батысқа дейін (түгел) көрдім. Әрі шындығында да, менің үмметім маған көрсетілген нәрсенің үстінен билік алады. Және маған екі: ақ және қызыл қазына берілді. Мен Раббымнан Ол менің үмметіме құрғақшылық жіберіп, оларды опат етпеуін және өз қатарларынан болған дұшпаннан өзге ешкім олардың үстінен жеңіске жетпеуін және олардың жерін иемденбеуін сұрадым. Және Раббым: «Уа Мухаммад! Ақиқатында, егер Мен бір нәрсені шешсем, ол міндетті түрде болады. Ақиқатында, Мен сенің үмметіңе құрғақшылық жіберіп опат етпейтінімді сыйладым. Әрі олар бірін-бірі өлтіріп және тұтқындай бастамайынша, Мен олардың өздерінің ішіндегі дұшпандарынан өзге дұшпандарына үмметіңнің үстінен билік**

алуына жол бермеймін, тіпті оларға қарсы жердің барлық бөлігінен әскер жиналса да!» — деп жауап берді» (Муслим 2889).

Әл-Баркани өзінің жинағында келтіретін нұсқада былай деп қосылған: *«Расында, мен үмметімде адасушылыққа салатын имамдардың пайда болуынан қауіптенемін. Егер олардың төбесінен қылыш түссе, онда ол Қияметке дейін көтерілмейді (қайта алынбайды). Әрі менің үмметімнің бір тайпасы көпқұдайшылдарға қосылмайынша және олардың бір бөлігі пұттарға құлшылық ете бастайынша (Қиямет) Сағаты келмейді. Әрі менің үмметімде отыз өтірікші дүниеге келеді. Олардың әрқайсысы өзін пайғамбармын деп жариялайды, ал (шындығында) мен — пайғамбарлардың соңғысымын, әрі менен кейін пайғамбар болмайды. Бірақ менің үмметімде үнемі ақиқатты ұстанатын әрі жеңіске жететін бір топ адамдар болады, және оларды көмексіз қалдырғандар оларға Аллаһтың әмірі келмейінше зиян тигізе алмайды».*

- **«Жолдарына»:** «Санан» (سَنَّ) сөзі «син» әрібінің үстінен фатха (ə) харакаты арқылы келсе, «жол» деген мағынаны білдіреді, ал дамамен, яғни «сунан» (سُنَّ) болып келсе, онда ол «тариқат» (яғни діни жол, дәстүр) дегенді білдіреді.
- **«бұрын өмір сүргендердің жолдарына ізбе-із және шынтақ-шынтақпен ілесетін боласыңдар»:** арабшада «жебенің қауырсынын түзету» деп айтылған: الفذة — жебенің қауырсыны. Бұл тіркес дәлме-дәл ұқсастықты білдіретін метафора ретінде қолданылған.
 - 1) Бұл үмметтің бір бөлігі пұттарға табынатын болады, өйткені бұл — бұрынғы қауымдардың жолы, ал мұсылмандар оларға еріп кетеді.
 - 2) Бізге дейін өткен нәрселерді білу керек, өйткені олардан сақтану міндетті. Оның көп бөлігі Құран мен Сүннетте бар, және біз Аллаһқа мойынсұнбауда бұрынғы үмметтерге ермейміз.
 - 3) Сахабалар бізге тура жол келгеннен кейін, біз өзімізден бұрын өткендердің жолына түсіп кетеміз бе деп қорыққан.
 - 4) Адамдар мен пайғамбарлықтың арасы алыстаған сайын, олар ақиқаттан да алшақтай береді.
- **«жайып тастады»** — бір жерге топтастырып қою деген мағына береді. **«Қызыл және ақ қазына»** — алтын мен күміс, яғни Хосрой

(деп аталатын парсы патшалары) мен Қайсар (деп аталатын Византия патшаларының) қазыналары.

- **«Мен Раббымнан сұрадым»** — Пайғамбар ﷺ үш нәрсе сұрады, олардың екеуі оған беріліп, біреуі берілмеді:
 - 1) Аллаһ бұл үмметті оларға табиғи апат жіберіп, тұтастай жоқ етпеуін, әрі оларды құрғақшылық пен өнімсіздік толық қамтымауын сұрады.
 - 2) Кәпірлер ислам үмметінің үстінен толығымен билік құрмауын сұрады.
 - 3) Үммет өзара соғыспауын сұрады — бірақ бұл сұрағаны оған берілмеді.
- **«Адасушылыққа салатын имамдар»** — мұнда адасушылыққа салатын имамдардың қауптілігі ғана айтылған. Жалпы имамдар (басшылар) екі түрлі болады:
 - 1) Жақсылыққа бастаушы: **«Әрі олар сабыр етіп, аяттарымызға нақ сенген кезде, өз араларынан әмірімізбен тура жол көрсететін басшылар жасадық»**.
 - 2) Жамандыққа бастаушы: **«Оларды тозаққа шақыратын басшылар еттік. Сондай-ақ оларға Қиямет күні көмек берілмеймейді»** («әл-Қасас» сүресі, 24-аят).
- **«Әрі егер олардың төбесінен қылыш түссе, онда ол Қияметке дейін көтерілмейді (қайта алынбайды)»**: бұл Усманның (оған Аллаһ разы болсын) өлтірілуінен басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.
- **«Және олардың бір бөлігі пұттарға құлшылық ете бастамайынша»**: яғни менің үмметімнен кейбір топтар пұттарға табынғанға дейін.
- **«Отыз өтірікші»** — бұл не олардың көптігін білдіреді, не олардың санының отызбен шектелетінін көрсетеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «ән-Ниса» сүресінің 51-аятын тәпсірлеу. («Олар жибт пен тағутқа иман келтіреді...»).

Екінші. «әл-Мәйда» сүресінің 60-аятын тәпсірлеу. («Олар тағутқа табына бастады...»).

Үшінші. «әл-Кәһф» сүресінің 21-аятын тәпсірлеу. («Біз олардың үстінен

мешіт тұрғызамыз», және бұрынғы қауымдар пұттарға табынғандықтан, біздің үммет те солай жасайды).

Төртінші. «Жибт пен тағутқа иман келтіру деген не?» деген маңызды сұрақ. Бұл жүректегі сенім бе? Әлде оларға тек сырттай еліктеп, бұны жек көріп, оның жарамсыздығын білу ме? (1. Егер адам олармен келісіп, осыны ақиқат деп санаса, онда ол кәпір болады. 2. Егер тек сырттай ұқсап, бірақ ақиқат деп санамаса, кәпір болмайды).

Бесінші. Олардың күпірлігі белгілі болған кіпірлерді мұсылмандарға қарағанда тура жолда деп айтуы. (Бұндай сөздерді айту күпірлік және діннен шығу (ридда) болып табылады. Өйткені бұл күпірлікті иманнан жоғары қою болып саналады).

Алтыншы. Бұл тараудың мақсаты: Аллаһқа серік қосу бұл үмметте сөзсіз пайда болады, бұған Абу Сағид жеткізген хадис дәлел болады. (Бұл сақтандырып ескерту ретінде айтылған).

Жетінші. Оның бұл нәрсе орын алады деп айтуы бұл үмметтің үлкен бір бөлігі пұттарға табынатынын білдіреді.

Сегізінші. Ең таңғаларлық нәрсе — өздерін пайғамбар деп жариялаған адамдардың пайда болуы. Мысалы, әл-Мухтар екі куәлікті (ислам шаһадасын) айтқан, өзін осы үмметтенмін деген, Мухаммад ﷺ — Аллаһтың шынайы елшісі деп мойындаған, Құран — ақиқат деген, тіпті Мухаммад ﷺ пайғамбарлардың соңғысы екенін мойындаған. Бірақ мұның барлығы үлкен қарама-қайшылық болды. Әл-Мухтар (Ибн Абу Убайда әс-Сақафи) сахабалар дәуірінің соңында шықты, және оған көп адам ерді.

Тоғызыншы. Бұрынғы қауымдарда ақиқат толықтай жоғалып кетсе де, бұл үмметте ол ешқашан толығымен жойылмайды, өйткені Қияметке дейін ақиқатты ұстанатын бір топ үнемі болады деген жақсы хабар.

Оныншы. Жеңісті топтың саны аз болса да, оларға қарсы шыққандар мен оларды қолдаусыз қалдырғандардың оларға зиян тигізе алмайтындығында көрініс табатын ұлы аят-белгі.

Он бірінші. Бұл — Қиямет күнінің (жақындағанының) белгісі.

Он екінші. Бұл тарауда ұлы аят-белгілер айтылған, олардың ішінде:

– Пайғамбарымыздың ﷺ Аллаһтың оған шығыстан батысқа дейінгі жерді көрсеткені жайлы хабар әрі оның ﷺ мұны түсіндіргені. Бұл шынымен де орын алды, осы орайда бұл жерде оңтүстік пен солтүстік жайлы ештеңе айтылмаған.

– Оған ﷺ екі қазына берілгені туралы хабар.

– Аллаһ оның ﷺ өз үмметі үшін жасаған екі дұғасын қабыл етіп, үшіншісін қабылдамағаны туралы хабар.

– Қылыштың үмметке түсіп, қайта көтерілмейтіні туралы хабар.

– Мұсылмандардың бір-бірін өлтіріп, тұтқынға алатыны туралы хабар.

– Оның өз үмметі үшін адастыратын имамдардың пайда болуынан қорқуы.

– Бұл үмметте жалған пайғамбарлардың пайда болатыны туралы хабар.

– Бұл үмметте жеңімпаз топтың әрдайым болатыны туралы хабар.

Бұл айтылғанның барлығы дәл осылай орын алды, ал бастапқыда ешкім мұны тіпті елестете де алмайтын еді.

Он үшінші. Пайғамбардың ﷺ өз үмметі үшін қорыққан нәрсесі — адастыратын имамдардың пайда болуы.

Он төртінші. Пұттарға табынудың мәніне нұсқау. (Бұл тек оларға рукуғ пен сәжде жасаумен шектелмейді, алайда, сонымен қатар, адасқандарға еруді де қамтиды).

Төртінші және бесінші бөлімдерге қатысты тексеріс сұрақтар (5 тарау)

Бірінші тапсырма: бірын және олардың кітапқа сәйкестігін көрсетіңіз.

Тараудың атауы Тараудың келтірілу себебі

- 1
- 2
- 3
- 4
- 5

Екінші тапсырма: дұрыс жауапты белгілеңіз немесе сөйлемді толықтырыңыз.

1) Ізгі-салиқалы адамдарға шектен тыс құрмет көрсету — ежелгі және жаңа ширктің негізі.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

2) Шектен шығу — бұл

Оның зиянды салдарларының бірі:

3) Қабірлердің бүлігі (фитнасы) пұттар бүлігі (фитнасы) сияқты немесе одан да ауыр.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

4) Қабірлерді сәндеу, оларға шырақтар жағу, оларды сылақтау, оларға жазулар жазу, күмбездер салу, оларды жапқыштармен жабу, оларды аралап жүрушілерге көмектесу, қабір қызметшілеріне (мысалы, шырақшыларға) ақы төлеу — мұның бәрі:

☐ міндетті ☐ тыйым салынған

5) Автор Пайғамбарымыздың ﷺ қабірін зиярат ету ең ізгі амалдардың бірі деп айтты.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

6) Пайғамбарымыздан ﷺ қалған естелік заттарды іздеу:

- ☐ мұстахаб
- ☐ харам
- ☐ бұған қатысты әртүрлі үкімдер бар

7) Пайғамбардың ﷺ өз үмметі үшін қорқуы тек қатысты болды.

8) Автордың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бұл үмметтің бір бөлігі пұттарға табынатыны туралы тарауда үш аятты келтіруінің себебі:

- ☐ олардың бұл тарауға қатысы жоқ;
- ☐ бұл тек хадис арқылы анықталады;
- ☐ кейбір кітап нұсқаларында қателік бар.

9) Адамдар ізгі-салиқалы адамдарға деген қарым-қатынастарында келесі топтарға бөлінеді:

- ☐ екі шектен шыққан топ және орта жолды ұстанушылар
- ☐ шектен шыққандар және немқұрайлық танытқандар

10) Изгі-салиқалы адамдарға деген сүйіспеншілік олар үшін дұға ету, оларды қорғау және олардан білім алу арқылы көрінуге тиіс.

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

11) Изгі-салиқалы адамдарға деген шектен тыс құрмет көрсету — күпірліктің жалғыз себебі емес, бірақ ол ең қауіптілерінің бірі.

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

12) Ғибадатта шектен шығу болуы мүмкін бе?

- ☐ Иә
- ☐ Жоқ

13) Егер адам Аллаһқа құлшылық етуді тек салиқалы адамдардың үлгі-өнегесін көргенде ғана есіне алатын болса, онда оның ғибадаты кемшілікке ие немесе мүлде жарамсыз.

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

14) «Аллаһтың құлы және Оның Елшісі» — Пайғамбардың ﷺ ең шынайы және ең құрметті сипаттамасы.

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

15) Шектен тыс дәріптеу — бұл

Оның мысалдары:

16) «Мені шектен тыс жоғарылатпандар» — бұл христиандардың шектен тыс құрмет көрсетуін де, сонымен қатар, одан төмен дәрежедегі әрекеттерді де қамтиды.

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

17) Шектен шығу келесі нәрселерде болуы мүмкін:

- ☐ мақтауда ☐ ғибадатта
☐ амалдарда ☐ аталғандардың барлығында

18) «Шектен шыққандар» деген кімдер?

19) «Опат болды» деген сөздер қандай мағынада келген?

- ☐ дінде опат болу
☐ дененің опат болуы
☐ екі жауап та дұрыс

20) Аллаһтың діні — шектен шығу мен немқұрайлықтың ортасында.

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

21) Шектен шығу келесі нәрселерде болуы мүмкін:

- ☐ сөздерде ☐ сөйлемдерде ☐ екеуінде де

22) Үммет бірауыздан Хусайннің (Аллаһ оған разы болсын) бір басы бар екенін біледі, бірақ шын мәнінде (адамдар арасында) оған қатысты етілетін бестен астам бастар бар.

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

23) Жер бетіндегі алғашқы ширк пайда болған қауым қай пайғамбарға қатысты?

- ☐ Адам ☐ Нух ☐ Ибраһим

24) Пайғамбарлардың діндерінде ең бірінші өзгерген нәрсе — ширк, және оның себебі — әулиелерге деген шектен тыс құрмет.

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

25) Егер кімде-кім бидғаттар арқылы дінді қолдағысы келсе, оның зияны пайдасынан көбірек болады.

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

26) Адамдар белгілі бір уақыттарда (апта сайын немесе жыл сайын) қайталанатын, бірақ шариғатқа сәйкес келмейтін нәрсені «ид» деп қабылдауы:

- ☐ бидғат ☐ рұқсат етілген ☐ сүннет

27) Бидғаттар — ширктің себебі.

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

28) Білімнің жоғалу себебі:

- ☐ ғалымдардың қайтыс болуы
☐ немқұрайлылық
☐ одан бас тарту
☐ қате

29) Қабірлерге бару келесідей болуы мүмкін:

- ☐ шариғатқа сай ☐ бидғат
☐ көпқұдайшылық ☐ жоғарыда аталған барлық жауап дұрыс.

30) Қайтыс болған адамға (дұға еті арқылы) пайда тигізу және (өлімнен) ғибрат алу мақсатымен қабірлерге бару бидғат болып табылады:

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

Ал қайтыс болғандардан пайда алу үшін қабірлерге бару шариятқа сәйкес келеді:

- ☐ дұрыс ☐ қате

31) Адамдарды діннен бет бұрғызатын нәрселердің барлығының ортақ атауы:

- ☐ фитна (бүлік) ☐ бидғат ☐ бұрмалау

32) «Яһудилерге Аллаһтың лағынеті» деген сөздер:

- ☐ оларға қарсы дұға
☐ Аллаһтың оларды лағынеттегені туралы хабар
☐ екеуі де болуы мүмкін

33) Қабірлерді мешіттерге айналдыру келесідей орын алады:

- ☐ олардың үстінде сәжде жасау арқылы
☐ олардың үстіне мешіт салу арқылы
☐ екі жауап та дұрыс

34) Хадисте حثي (қорқыныш) сөзі айтылған нұсқа нені білдіреді:

- ☐ Пайғамбардың ﷺ қорқынышын
☐ Сахабалардың қорқынышын

35) Пайғамбарымыздың ﷺ қабірі не себепті ашық жерде орналаспаған:

- ☐ сахабалардың қорқынышынан
☐ оның (адамдар қабірді мешітке айналдырады деген) қорқынышынан
☐ әрбір пайғамбар қайтыс болған жерінде жерленеді
☐ жауаптардың барлығы дұрыс

36) «أبرز» (ашық жерде емес) деген сөздің мағынасы:

37) Пайғамбарымыз ﷺ — Аллаһтың сүйіктісі (хабибі) деген сөздің үкімі:

- ☐ рұқсат етілген

- ☐ бұл сөздер — оның дәрежесін төмендету
- ☐ бұл құпталады

38) «Ибраһим — Аллаһтың холилі, ал Мухаммад ﷺ — Аллаһтың хабибі» деген сөздер:

- ☐ рұқсат етілген
- ☐ мұстахаб
- ☐ рұқсат етілмеген

39) Аллаһтың ең жоғарғы дәрежедегі махаббаты (хулля) тек кімге қатысты бекітілген:

- ☐ Ибраһим пайғамбарға
- ☐ Ибраһим мен Мухаммадқа ﷺ
- ☐ оларға және басқаларға

40) Қабірдің үстіне мешіт салған адам:

- ☐ қабірді басқа жерге көшіруі керек
- ☐ мешітті бұзып, қабірді сол жерде қалдыруы керек

41) Намазды оқуға болмайды: (бұл жерде қабір жайлы айтылған)

- ☐ оған қарап
- ☐ оның үстінде
- ☐ оның ішінде
- ☐ барлық жауаптар дұрыс

42) Адамдар не нәрседі ерекшеленеді:

- ☐ жақсылықта
- ☐ жамандықта
- ☐ екі жауап та дұрыс

43) Ең жаман адамдар:

- ☐ Қиямет сағаты олар тірі кезде басталатын адамдар
- ☐ қабірлерді мешіттер еткендер

☐ екі жауап та дұрыс

44) Адам не нәрседен алыстау қажет:

☐ көпқұдайшылықтан

☐ оған апаратын жолдардан

☐ екеуінен де алыс болу қажет

45) Қабірлердің жанында садақа берудің ешқандай зияны жоқ, өйткені тыйым тек намазға қатысты:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

46) Көпқұдайшылдарға ұқсау қай жағдайда үлкен күнә болады?

☐ егер адам оларға ұқсағысы келсе

☐ ол ұқсағысы келсе де, келмесе де, кез-келген жағдайда

47) Пайғамбарымыз ﷺ қай кезде қабірлерді мешіттерге айналдырудан сақтандырған?

☐ өмір барысында

☐ қайтыс болуына бес күн қалғанда

☐ жан тапсырып жатқан кезде

☐ барлық жауаптар дұрыс

48) Иман және салиқалы амалдардағы артықшылық туыстық артықшылықтан жоғары:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

49) «Менің қабірімді табынатын пұт қылма»:

☐ Пайғамбарымыздың ﷺ дұғасына жауап берілді

☐ Аллаһ Өзінің даналығымен тағдырға басқа нәрсені жазды

50) Әйелдердің қабірлерді зиярат етулері — үлкен күнә:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

51) Пайғамбарымыз ﷺ:

- ☐ біркұдайшылықтың шекараларын қорғаған
- ☐ көпқұдайшылыққа апаратын жолдарды жапқан
- ☐ екі жауап та дұрыс

52) «Үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар», яғни:

- ☐ адамдарды онда жерлемендер
- ☐ онда (нәпіл) намаз оқуды қалдырмаңдар
- ☐ екі жауап та дұрыс

53) Пайғамбарымыздың ﷺ қабірін зиярат ету үшін арнайы сапарға шығуға болмайды және біз оны үнемі зиярат етпеуіміз қажет:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

54) Пайғамбарымызға ﷺ салауат қай жерде жасалады?

- ☐ оның қабірінің жанында, сондай-ақ Мәдинаға келгендерге оған сәлем беру бекітілген
- ☐ кез-келген жерде (сен және Андалусияда болған адамның арасында айырмашылық жоқ).

55) «Мені қабірімді жиі жиналатын орынға айналдырмаңдар», яғни

56) Бұл үмметте көпқұдайшылық пайда болмайды, және ол одан қорғалған:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

57) «Кітаптың бір бөлігі берілгендердерге қарамайсыңба...»: оларға бүкіл Кітап берілген жоқ, өйткені олар күнәларының себебінен бұдан мақұрым болды:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

58) Білімнің өзі ғана оның иесін күнәлардан сақтамайды:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

59) Қазіргі кездегі маймылдар мен доңыздар бұрын адам кейпінде болып, кейін өзгертілгендерден тараған ба?

☐ иә

☐ жоқ

60) Қабірлерге қатысты шектен шығу, тіпті аз мөлшерде болса да, одан да үлкен нәрсеге апаруы мүмкін.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

61) Біздің үмметіміздегі күнә атаулының бәрінің алдыңғы үмметтерде негізі болған.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

62) Егер үммет бөлініп, бір-бірімен соғыса бастаса, Аллаһ олардың үстінен кәпірлерді билеуші етеді.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

63) Имамдар (басшылар) келесі топтарға бөлінеді:

☐ тек жақсылықта ғана

☐ әрі жақсылықта, әрі жамандықта

64) Үммет үшін ең үлкен қауіп — бұл:

☐ жамандықтағы имамдар

☐ яһудилер мен христиандардың жолымен жүру

65) Аллаһ Елшісінің ﷺ мына нәрселерге қатысты дұғасы қабыл болды:

.....

.....

Ал мына нәрсеге қатысты қабыл болмады:

Алтыншы бөлім

Шайтани амалдар (7 тарау)

24. Сиқыр жайлы тарау

- Сиқыр жасау тек көпқұдайшылық арқылы ғана мүмкін болады, өйткені шайтандар адамға тек өздеріне пайда әкелетін нәрсе үшін қызмет етеді, ал бұл — адамдарды тура жолдан адастыру, оларды көпқұдайшылық пен күнәларға жетелеу.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: **«Расында, олар осыны иемденгендерге (Аллаһтың Кітабының орнына сиқыр үйренгендерге) Ақыретте несібе жоқтығын білді»** («әл-Бақара» сүресі, 102-аят).

Ол сондай-ақ былай деген: «Олар жибт пен тағутқа иман келтіреді» («ән-Ниса» сүресі, 51-аят).

Умар (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: **«Жибт — бұл сиқыр. Тағут — бұл шайтан»**.

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «Тағуттар — бұл оларға шайтан түсетін сәуегей-көріпкелдер, әрі әр (тайпада) бір-бір көріпкелден бар болатын».

- **«Осыны иемденгендерге»**, яғни осыны оқып-үйренгендерге.
- **«Тағут — шайтан»** — бұл нақты мысалдар арқылы берілген түсіндірме, өйткені «тағут» ұғымы шайтаннан да кең мағынаны қамтиды.

**«Ақыретте үлес жоқ» деген сөз толықтай жоққа шығаруды
білдіре ме, әлде жартылай ма?**

Бірінші пікір: Құрандағы «қорқытып ескерту» аяттары дәл сол күйінде қалдырылуы керек. Оларды кешірім туралы аяттармен біріктіруге тырыспау керек, өйткені бұл адамдарды қорқыту келген аяттардың мән-мағызына жеңіл-желпі қарамауы үшін. Әрі бұған Аллаһтың мына сөзі дәлел болады: **«Біз аяттарымызды тек қорқытып-ескерту үшін ғана жібереміз»** («Исра» сүресі, 59-аят).

Екінші пікір: «Қорқытып-ескерту» аяттарын «кешірім» аяттарымен біріктіру керек. Мұндай жағдайда «Ақыретте үлесі жоқ» деген сөздің мағынасы келесідей болады:

- **Жартылай жоққа шығару:** Егер адам дәрілер мен эликсирлер қолданса.

- **Толық жоққа шығару:** Егер адам сиқыр жасау кезінде шайтанды қолданса.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ


Абу Хурайраның (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың ﷺ: **«Жеті опат етуші күнәны (жасаудан) аулақ болыңдар»**, — деп айтқаны жеткізіледі. (Адамдар): «Уа Аллаһтың елшісі, олар не (күнәлар)?» — деп сұрады. Ол былай деді: **«Аллаһпен бірге басқаларға құлшылық ету (ширк), сиқыр, Аллаһ қақысыз өлтіруге тыйым салған адамды өлтіру, өсімқорлықпен тапқанды жеу, жетімнің малын жеу, шайқас майданынан қашу және зинақорлық ойына да кіріп шықпайтын мүмин әйелдерді зинақорлықта айыптау»** (Бухари 2766, Муслим 89, Абу Дауд 2874). 22222

- **«Аулақ болыңдар»**, яғни оларды тастап, олар бір жақта, ал біз басқа жақта болатындай алыстандар.
- **«Жеті»**: бұл шектеу емес, өйткені басқа да опат етуші күнәлар бар.
- **«Өсімқорлықпен табылғанды жеу»**, яғни өсімқорлықпен табылған ақшаны тамақ үшін де, басқа нәрсе үшін де алмаңдар. Рибә


(өсімқорлық, пайыздық өсім) — айырбас негізінде тең болуы тиіс нәрселердегі (мысалы, алтын мен күмістегі) айырмашылық, немесе өзара айырбас келісіндегі белгілі бір мерзімге кейінге шегеру үшін қосымша пайда алу. Рiba екі түрге бөлінеді: «риба әл-фадль» (үстеме қосу) және «риба ән-нәсия» (кейінге шегеру үшін пайыз қосу).

- **«Жетімнің малын жеу»:** жетім деп әкесі қайтыс болған, балиғатқа толмаған бала аталады, мейлі ол ұл, мейлі қыз болсын.
- **«Шайқас майданынан қашу»:** екі әскери жасақ кездесіп, кәпірлермен шайқасқан кезде шайқас майданынан қашу.
- **«Пәк мұмин әйелдерге зина жасады деп жала жабу»** — азат (күн емес), арлы мұсылман әйелдерін зина жасады деп айыптау.

«Аллаһ тыйым салған жанды өлтіру» — мұндай жандар төрт топқа бөлінеді:



«Ислам қасымен ғана (өлім жазасына кесілетіндер)» — олар үш түрлі болады



Соғыс майданынан шегінуге рұқсат етілетін үш жағдай:

Егер кәпірлердің саны мұсылмандардан екі есе көп болса: бұл жағдайда қашуға рұқсат етіледі.

«Жасаққа қосылу үшін»: қажеттілік себебінен басқа жасаққа қосылу, алайда бұл әскерге зиян келтірмеуі шарт.

«Шабуыл жасау үшін кері бұрылу»: мысалы, әскери жағдайды реттеу, қару-жарақты әзірлеу немесе дұшпанға басқа жақтан шабуыл жасау үшін кері бұрылу.

ТӨРТІНШІДЕН ЖЕТІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Жундубтың хадисінде Аллаһ Елшісінің ﷺ: **«Сықыршы қылыштың соққысымен жазаланады»**, — деп айтқандығы жеткізіледі. Бұл хадисті әт-Тирмизи жеткізіп, шындығында бұл Жундубтың өзінің сөздері деп айтқан (әт-Тирмизи 1460, әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубрада» 136/8, Хаким «Мустадракта» 360/4).

Әл-Бухаридің «Сахихында» Бәжәлә ибн Абаданың былай деп айтқан хадисі келтіріледі: «Умар ибн әл-Хаттаб (оған Аллаһ разы болсын): «Әрбір еркек немесе әйел сықыршыны өлтіріндер», — деп жарлық шығарды, әрі біз олардың үшеуін өлтірдік» (әл-Бухари 3156, Ахмад «Муснад» 190/1).

Хафса оны сықырлаған өзінің күңін өлтіруді бұйырды, әрі ол өлтірілді. Тура осы Жундубтың атынан да жеткізілген (Мәлик «Мууатта» 872/2). Ахмад осы сияқты (хабарлар) Пайғамбардың ﷺ үш сахабасынан жеткізілгенін айтқан.

Сиқыршының үкімі қандай?

Бірінші пікір (Мухаммад ибн Абдул-Уаххабтың пікірі, Аллаһ оны рахымына бөлесін):

Барлық сиқыршылар — кәпірлер, олар міндетті түрде өлтіріледі, ал олардың тәубесі — Аллаһтың алдында болады.

Екінші пікір (имам әш-Шәфиғидің пікірі, Аллаһ оны рахымына бөлесін):

Егер сиқыр дәрілер және шөптер арқылы жасалса: оны жасаған адамның үкімі қарақшыға тең, шарифаттық жаза ретінде өлтіріледі, бірақ ол мұсылман болып саналады.

Егер сиқыр шайтан арқылы жасалса: оны жасаған адам муртад (діннен шыққан) болады, одан тәубе талап етіледі. Егер тәубе етсе — мұсылман ретінде шарифат жазасы бойынша өлтіріледі. Егер тәубе етпесе — кәпір ретінде өлтіріледі.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «әл-Бақара» сүресінің 102-аятының тәпсірі. («Расында, олар осыны иемденгендерге (Аллаһтың Кітабының орнына сиқыр үйренгендерге) Ақыретте несібе жоқтығын білді»).

Екінші. «ән-Ниса» сүресінің 51-аятының тәпсірі. («Олар «жибт» пен «тағутқа» сенеді»).

Үшінші. «Жибт» пен «тағут» сөздерінің мағынасы және олардың айырмашылығы. (Жибт — әлдебір игіліктен жұрдай нәрсе, мысалы, сиқыр және с.с.. Тағут — оған қатысты пенде құлшылықта, ілесуде немесе бағынуда шектен шығатын барлық нәрсе).

Төртінші. Тағут жын да, адам да болуы мүмкін. (Егер «тағут» сөзі еш нәрсемен нақтыланбаған болса, онда ол жындардан болған шайтанды білдіреді, ал балгер — адамдардан болған шайтан).

Бесінші. Жеті ерекше тыйым салынған күнәларды білу.

Алтыншы. Сиқыршы — кәпір болып табылады.

Жетінші. Ол тәубеге шақырылмай-ақ өлім жазасымен жазалады.

(Егер елбасшыға ол туралы хабар жетсе, онда ол тәубе талап етілмей өлтіріледі. Ал егер ол кәпір болса, одан тәубе (Исламға кіру) талап етіледі).

Сегізінші. Егер бұл нәрселер Умардың (Аллаһ оған разы болсын) заманында мұсылмандар арасында орын алған болса, онда одан кейінгі заман туралы не айтуға болмақ?!

Елбасшы сиқыршыларды өлім жазасымен жазалайды деген сөз — шариғи ерелерге сәйкес болып табылады, өйткені олар жер бетінде бұзақылық таратады әрі олардың бұзақылығы — ең жаман бұзақылықтардың бірі. Әмірші оларды өлтіруге міндетті және оған бұдан бас тартуға рұқсат етілмейді, өйткені егер мұндайлар тірі қалдырылса, олардың бұзақылығы өз елдерінде де және басқа жерлерде де таралады. Ал егер олар өлтірілсе, онда адамдар олардың жамандықтарынан аман болады және сиқыршыларға жүгінбейтін болады.

25. Сиқырдың кейбір түрлері жайлы тарау

Шейх сиқыр туралы айтқаннан кейін, сіз оның әр түрлі болатынын біліп, олардан сақтануыңыз үшін, сиқырдың кейбір түрлерін түсіндірді.

БІРІНШІДЕН БЕСІНШІГЕДЕЙІН ДӘЛЕЛДЕР

Ахмад: «Бізге Мухаммад ибн Жәфар, ал ол Ғауфтан [ибн Абу Жәмийля], (ол) Хайян ибн әл-Ғаләдан, (ол өз кезегінде) Қатон ибн Қабийсодан, ал ол өзінің әкесінен [Қабийсо ибн Мухориқтан], ол Пайғамбардың ﷺ былай дегенін естінені туралы жеткізген: **«Ғияфа, торқ және ырым (тыяра) жибтке (сиқырға) жатады»** (Ахмад «Муснадта» 477/3, Абу Дауд 3907, Ибн Хиббан 1426).

Ғауф былай деді: «Ғияфа — бұл құстарды үркітіп (олардың қай жаққа қарай ұшуының бағытына қарап әлдебір істің сәтті немесе сәтсіз болуын жору), ал торқ — бұл жерге сызықтар сызу (арқылы жору)».

Әл-Хасан әл-Басри: «Жибт — шайтанның жаңғырығы (шақыруы, уәс-уәсі)», — деген (бұл хабардың жеткізушілер тізбегі жақсы, Абу Дауд, ән-Нәсаи және Ибн Хиббан оны «Сахихтарында» тура осы риуаятшылар арқылы жеткізеді)

Ибн Аббастан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: **“Кімде-кім жұлдызнаманың (астрологияның) әлдебір тармағын үйренсе, сол сиқырдың бір тармағын үйренді. Әрі ол жұлдызнаманы (астрологияны) қаншалықты көп үйренсе, сиқырды да соншалықты көп үйренеді”**» (Абу Дауд 3905, Ибн Мәжаһ 3726, Ахмад «Муснад» 277/1, 311. Абу Дауд хадистің жеткізушілер тізбегін сенімді деген).

Имам ән-Нәсаи Абу Хурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) мына хадисті келтіреді: «Кімде-кім түйін байлап, оған түкірсе немесе үрлесе, сол сиқыр жасады. Ал кімде-кім сиқыр жасаса, сол көпқұдайшылық

жасаған болады. Әрі кімде-кім өзіне әлдебір нәрсені іліп алса, соған тапсырылады» (әт-Тирмизи 2073, Ахмад 310, 311/4, Хаким 216/4).

Ибн Масғудтан (оған Аллаһ разы болсын) жеткізілетін хадис: “Пайғамбар ﷺ былай деді: **«Сендерге сиқырға не жататыны туралы айтып берейін бе? Бұл адамдар арасында өсек тарату»**” (Муслим 2606).

Әл-Бухари мен Муслим Ибн Умардан Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: **«Расында, шешендік өнерде сиқыр бар»** (Бухари 5146, Муслим 869).

- **«Ғияфа»:** [Арабтар бал ашып,] құстарды үркітіп, [олардың қай бағытқа ұшқанына қарай] оны жақсы немесе жаман белгі деп санаған. Ал бұл — іс-әрекеттердегі ырымшылдықтың көрінісі.
- **«Торқ»:** сиқыр мен бал ашу үшін жерде сызықтар сызу.
- **«Тыяра»:** адамның көрген немесе естіген нәрсесіне қатысты, мейлі ол уақытпен немесе орынмен байланысты болсын, ырымдауы (мұны жамандық белгісі деп жоруы).
- **«Шайтанның жаңғырығы»**, яғни шайтанның азғыруы. Бұл — шайтанның жүрекке салатын ойлары мен сыбыры.
- **«Сиқыр»** (العضه): адамдарды араздастыру және бөлу дегенді білдіреді. Бұл хадис сиқыр жайлы тарауда келтірілгенінің себебі — әрбір өсекшінің және сиқыршының мақсаты дәл осы, ал өсекшінің зияны сиқыршының зиянынан да үлкен.

Жұлдыздар туралы білім екіге бөлінеді:

Астрология (жұлдызнама): жұлдыздар Жердегі әлдебір нәрселерге әсер етеді деп сену. Ол екі түрге бөлінеді:

1. **Кіші ширк** — адамның жұлдыздарды себеп деп санап, Аллаһ оларды ғайыпты білудің себебі еткен деп сенуі.
2. **Үлкен ширк** — адамның жұлдыздар әлдебір нәрселерге өздігінен әсер етеді әрі пайда немесе зиян келтіреді деп сенуі.

Астрономия — жұлдыздардың орналасуын немесе қозғалуын бағыттар мен уақытты, мысалы, қыбыла бағытын анықтау үшін қолдану. Ол екіге бөлінеді:

1. **Рұқсат етілген** — оны уақыт пен орынды анықтау үшін қолдану: «Ол белгілерді жаратты. Ал жұлдыздар арқылы олар тура жолды табды».

2. **Міндетті** — онсыз парызды орындау мүмкін болмаған жағдай, мысалы, шөл далада болып, қыбыла бағытын анықтау қажеттігі.

- **«Шешендік»:** ақылды шатастырып немесе ойды өзгерте алатын шешендік екіге бөлінеді:
 1. мақталатын — шындықты бекіту және жалғандықтың негізсіздігін көрсету мақсатында қолданатын;
 2. айыпталатын — ақиқатты теріске шығарып, жалғанды бекіту мақсатында қолданатын.
- Шешендік пен сиқырдың қандай байланысы бар? Жалғанды шешендік пен сиқыр — екеуі де заттардың мәнін өзгертеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Ғияфа [құстарды үркітіп бал ашу], торқ [жерге сызық сызу] және тыяра [ырымшылдық] — жибт [шайтанның азғыруы].

Екінші. Ғияфа» [құстарды үркітіп бал ашу] және «торқ» [жерге сызық сызу] ұғымдарының мағынасы.

Үшінші. Жұлдызнама — сиқырдың бір түрі болып табылады.

Төртінші. Түйін түйю және түйінге түкіру де осыған жатады.

Бесінші. Адамдар арасындағы өсек те осыған кіреді. (Себебі өсекшілер адамдарды дәл сиқыршылар секілді ажыратады).

Алтыншы. Шешендіктің кейбір түрлері де осыған жатады. (Себебі шешен адам біреуді райынан қайтаруы немесе оның құмарлығын қоздыруы мүмкін).

26. Көріпкел-балгерлер және соларға ұқсас адамдар жайлы тарау.

Бұл (тарау) — тарауларды реттеудің ең жақсы тәсілі: шейх сізге сиқырды және оның кейбір түрлерін түсіндірген соң, енді жердегі сызықтарға қарап (басқа да тәсілдермен) бал ашатын көріпкел-балгерлер мен жұлдызнамашылар туралы баяндап, оларға жүгінудің үкімін және бұл қалай жүзеге асатынын түсіндіруге кірісті.

БІРІНШІДЕН ТӨРТІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Муслим Пайғамбардың ﷺ әйелдерінің бірінен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені туралы хадисін жеткізеді: **«Кімде-кім балгерге келіп, одан әлдебір нәрсе туралы сұраса, оның қырық күн намазы қабыл болмайды»** (Муслим 2230, Ахмад «Муснадта» 68/4, 380/5).

Абу Хурайра (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ келесі айтқандарын жеткізді: **«Кімде-кім сәуегейге (кәхин) келіп, оның айтқандарына сенсе, ол сонысымен Мухаммадқа түсірілгенге күпірлік танытты»** (Ахмад, 2/408, 476; Исхақ ибн Рахауайх «Муснадта», 482; әл-Бухари «әт-Тарих әл-Кабирде», 3/16; әд-Дарими, 1/275; Абу Дауд, 3904; әт-Тирмизи, 135; ән-Нәсаи «Сунан әл-Кубрада», 9016, 9017; Ибн Мәжаһ, 639).

Әл-Хаким Абу Хурайрадан Бухари мен Муслимнің талаптарына сәйкес келетін, онда Пайғамбар ﷺ: **«Кімде-кім балгерге (ғарроф) немесе сәуегейге (кәхин) келіп, оның айтқанына сенсе, ол сонысымен Мухаммадқа түсірілгенге күпірлік танытты»**, — деп айтқан хадисін келтіреді. Әл-Хаким мен төртеуі жеткізген («төртеуі» дегенде — Абу Дауд, ән-Нәсаи, әт-Тирмизи және Ибн Мәжаһ меңзеледі).

Абу Яғлә осыған ұқсас мауқұф хадисті жақсы иснадпен Ибн Масғудтан келтіреді.

- **«Кімде-кім балгерге келіп, одан әлдебір нәрсе туралы сұраса»:** яғни онымен бір мәжіліске қатысса, оған біреуді жіберсе, оған хат жолдаса, оның арналарына кірсе немесе олардың ішінде жұлдыз жорамалдары бар журналдарын сатып алса, не олар айтқан нәрселерді тыңдаса, — мұның барлығында ұлы зиян бар.
- **«...оның қырық күн намазы қабыл болмайды»:** егер адам балгерге барып, оған тіпті сенбесе де, жасаған күнәсінің себебінен намаздан сауап алмайды.
- **«Мухаммадқа түсірілгенге күпірлік танытты»:** яғни Құранға күпірлік танытты, өйткені онда былай делінген: **««Көктер мен жердегі көместі Аллаһтан басқа ешкім білмейді. Олар қашан тірілтілетінін білмейді», — деп айт»** («Ән-Нәмл» сүресі, 65-аят). Балгер-сәуегей ғайыпты біледі деп сенген адам діннен шығаратын үлкен күпірлікпен кәпір болады. Егер ол бұл туралы білімсіз болып, бірақ Құранда жалған нәрсе жоқ екеніне айқын сенсе, онда оның күпірлігі кіші күпірлік болады. Әдетте адамдар балшыларға сенбейді, бірақ бастарына әлдебір нәрселер түсіп жатса, сенеді.
- **«Балгерге (ғарроф)»:** бұл атау бал ашатындарға, жұлдызнамашыларға, жерде сызықтар сызу арқылы бал ашатындарға және әртүрлі әдістермен ғайыпты білеміз деп айтатын осындай адамдарға қатысты.

БЕСІНШІ ЖӘНЕ АЛТЫНШЫ ДӘЛЕЛДЕР

Имран ибн Хусойн Пайғамбардың ﷺ келесі сөздерін жеткізген: **«Әлдебір нәрсені жаман ырым деп санайтын немесе сол ырымдарға сенетін, балгерлікпен айналысатын немесе соларды тыңдайтын, сиқыршылық жасайтын немесе сиқырдың көмегіне жүгінетін адам — бізден емес. Ал сәуегейге келіп, оның айтқандарына сенген адам, сонысымен Мухаммадқа түсірілгенге күпірлік танытты»** (әл-Баззар, 3578 және әт-Табарани «әл-Кабирде», 18/162).

Тура осындай хадисті әт-Тобарани де «әл-Әусатта» Ибн Аббастан жақсы иснадпен келтіреді, бірақ онда **«Ал сәуегейге келіп...»** деген сөздерден басталатын оның аяқ жағы жоқ (әт-Тобарани «әл-Әусат», 4262. Ибн Ғади «әл-Кәмилде», 3/339 және басқалар).

Әл-Бағауи былай деді: «Балгер (ғарраф) — бұл белгілі бір белгілер арқылы шынайы фактілерді білетінін және ұрланған, жоғалған, т.с.с. зат-

тың қайда екенін көрсете алатынын мәлемдейтін адам». Сондай-ақ: «Бұл — сәуегей», — деп те айтылған. Сәуегей (кәхин) деп болашақта не болатынын хабарлайтын адам аталады. «Ол адамның ойындағы құпия ойлар туралы хабарлайтын адам», — деп те айтылған.

Абу әл-Аббас ибн Таймия былай деді: «Балгер (ғарраф) — бұл сәуегейді (кәхин), жұлдызнамашыны (мунәжжим), топырақпен бал ашатынды (роммәл), яғни осындай жолдармен (ғайып) нәрселерді білемін деп айтатынның әрбірін біріктіретін атау» (Қз.: «Мәжмуғ әл-Фатауа», 35/173, 193).

- **«Әлдебір нәрсені жаман ырым деп санайтын»:** бұл осыны өзі немесе басқалар үшін жасайтын адамдарға қатысты.
- **«сол ырымдарға сенетін»:** яғни ол осыны өзіне әмір ететін әрі өзі шін осыған разы болатын адам.
- **«Сиқырдың көмегіне жүгінетін адам»:** өйткені кейбір адамдар өздерінің жұбайларына шағымдан кісілерге: «Мен маған сиқыр жасап беремін, ал сен ештеңе істемейсің», — деп айтады, әрі әлгі шағымданушылар өздеріне бұл үшін күнә болмайды деп ойлайды.

ЖЕТІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аббас әріптер (сандар) арқылы сәуегейлік жасайтын және жұлдыздарға қарайтындар (бал ашатындар) туралы: «Мен осы нәрселермен айналысатындардың біреуі болса да Аллаһтың алдында жақсы үлеске ие бола алады деп ойламаймын», — деп айтқан (Ибн Уахб «әл-Жәмиғ», 690; Абду-р-Раззақ, 19805; әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубра», 8/139 және басқалар).

- Нумерологияны оқып-үйрену екіге бөлінеді:
 1. Рұқсат етілген — әріптік-сандық есептеулер үшін қолдану және осыған ұқсас мақсаттарда пайдалану. Ғалымдар әрдайым күндерді осылай жазып отырған.
 2. Тыйым салынған — оны жұлдыздардың қозғалысымен, олардың шығуы және батуымен байланыстыру.

Балгерлер мен көріпкелдерге сұрақ қоюдың үкімі

1. Тек сұрау — үлкен күнә, өйткені Пайғамбар ﷺ былай деген: «...соның намазы қырық күн бойы қабыл етілмейді».	2. Сұрап, сену — үлкен күпірлік, өйткені бұл Құранды теріске шығару болып табылады.	3. Сынау үшін сұрау — рұқсат етілген, егер адам оның сөзін қабылдау үшін емес, оның шындығы мен жалғандығын айқын ету үшін сұраса, және осыны жасауға қабілетті болса.	4. Оның әлсіздігі мен өтірігін әшкерелеу үшін сұрау — бұл рұқсат етілген немесе міндетті болып табылады, егер адам мұны жасауға қабілетті болса.
--	---	--	--

СИҚЫРШЫЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

- | | |
|--|--|
| <p>1) Шарифатқа сай дем салуға (руқияға) қайшы келетін әрекеттер жасау.</p> <p>2) Түйіндер түйіп, оларға үшкіру.</p> <p>3) Жеке-жеке әріптер мен түсініксіз сөздер жазу.</p> <p>4) Әйелді немесе еркекті жақсы көргізу немесе жек көргізу үшін дауалау.</p> <p>5) Жұлдыздарға қарап болжам айту.</p> <p>6) Алақан немесе кесеге қарап бал ашу.</p> | <p>7) Анасының есімі туралы сұрау секілді сұрақтар қою.</p> <p>8) Ғайыпты білемін деп мәлімдеу.</p> <p>9) Ауырған адамға шарифатқа қайшы нәрселерді бұйыру, мысалы, намазды тастау немесе құрбандық шалғанда Аллаһты еске алмау.</p> <p>10) Аурудың емделуін Аллаһтың емес, өзінің ықпалымен байланыстыру.</p> <p>11) Оның шайтанның жақындарынан болуы.</p> |
|--|--|

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Балгердіңсөзіне сену Құранға деген иманмен сыйыспайды. (Бұл күпірліктің ең үлкен түрлерінің бірі).

Екінші. Мұның күпірлік екендігін түсіндіру.

Үшінші. Балгерле бал ашқызатын адамдар туралы. (Олар да балгерсәуегейлер секілді, өйткені Пайғамбарымыз ﷺ олардан бас тартқан).

Төртінші. Ырым жасататын адамдар туралы.

Бесінші. Сиқыр жасататын адамдар туралы. (Өйткені олар да жазалануында сиқыршылармен бірдей).

Алтыншы. Нумерологияны оқып-үренетіндер туралы. (Бұл мәселені түсіндіру қажет).

Жетінші. Сәуегей (кәхин) мен балгер (ғарроф) арасындағы айырмашылық.

27. Сиқырды кетіру жайлы тарау

Кітаптың тараулары өте жүйелі түрде орналасқан. Шейх сиқыр туралы баяндағаннан кейін одан құтылу жолдарын да айтып өтуді жөн көрді. Сиқырдан шарифатқа сай әдістермен құтылуда Аллаһтың Дида-рын қалаған адам үшін үлкен игілік бары сөзсіз.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Жәбир (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндайтын: “Аллаһтың Елшісінен ﷺ нушра (сиқырды басқа бір сиқырдың көмегімен кетіру) туралы сұрағанда, ол: **«Бұл шайтанның істерінің бірі»**, — деп жауап берді” (Ахмад, 3/294; Абу Дауд, 3868).

Абу Дауд былай деді: “Бұл туралы Ахмадтан сұрағанда, ол: «Ибн Масғуд бұған толығымен тыйым салатын», — деп жауап берген”.

- **Нушра** (сиқырды басқа сиқыр арқылы кетіру): исламға дейінгі жәһилиет дәуірінде белгілі болған және қолданылған.
- **«Бұл шайтанның істерінің бірі»**: мұны шайтанға телу оның жиіркенішті әрі тыйым салынған іс екенін айқындай түседі.
- **«...тыйым салатын»**: саләфтардың (алғашқы мұсылмандардың) тілінде «كره» (кәриһа) сөзі тыйым салынғандыққа нұсқайтын.
- **«Толығымен тыйым салатын»**: яғни шайтанның істеріне жататын және басқа сиқырдың көмегімен жасалатын нушраға тыйым салатын.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Әл-Бухари Қатаданың мына хадисін жеткізген: «Мен Ибн әл-Мусайябтан: «Сиқырланған әрі (сондықтан да) әйеліне жақындай алмайтын адамды емдеумен айналысуға болады ма, әлде бұған тыйым салынған ба?» — деп сұрадым. Ол: «Бұда әлдебір айыпты нәрсе жоқ, өйткені ол осынысымен игілік жасауды қалап жатыр, ал пайдалы нәрсеге тыйым салынбайды», — деп жауап берді».

- طَب «Тыбб» — сиқырдың бір атауы. Араб тілінде طَب «тыбб» сөзі науқасты емдеуді де білдіреді, алайда бұл жерде сиқыр «жақсы нәтижеге үміттену» мағынасында солай аталған, мысалы, араб тілінде кейде әлдебір нәрсе шағып алған адамды «сау», ал сынған нәрсені «бүтін» деп те айтып жатады.
- «...әйеліне жақындай алмайтын адамды» — яғни ол ешқандай ауруға шалдықпаған болса да, бірақ сиқырдың әсерінен әйелімен жақындасуға қауқарсыз болып қалады. Бұл сиқырдың бір түрі.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Сондай-ақ әл Хасан әл-Басридің: «Сиқырды тек сиқыршы ғана кетіреді», — деп айтқаны жеткізіледі (Ибн әл-Жәузи «Жәмиғ әл-Масанид»).

Ибн әл-Қаййим былай деді: «Сиқырланған адамнан сиқырды алып тастау екі түрлі болады: біріншісі — (сиқырды) өзі сияқты сиқырмен (кетіру). Бұл шайтанның амалдарының бірі болып табылады, әрі әл-Хасанның сөздерінде (дәл осы) меңзеледі. Мұнымен сиқырды кетіруші де, сиқырланған адам да шайтанға оған сүйікті болған іс арқылы жақындайды, әрі сиқыр осылайша кетіріледі; екіншісі — сиқырды (шариғи) дем салумен (рукиямен), Аллаһқа дұға етумен әрі басқа да рұқсат етілген тәсілдермен кетіру».

«Сиқыр басқа сиқырмен емделеді ғой» дейтін адамға не айтамыз?

- 1) Бұл Құранға, Сүннетке және сахабалар мен ізгі саләфтардың (Аллаһ оларға разы болсын) ұстанған жолына қайшы келеді.
- 2) Бұда Құранмен және пайғамбарлық Сүннетте белгіленген дұғалармен емдеуге немқұрайлы қарау бар.
- 3) Бұл — сиқыр мен сиқыршыларды қолдау және олардың адамдар арасында таралуына жәрдемдесу.
- 4) Бұл — нақты бекітілген, яғни Құранмен және Сүннетте келген дұғалармен емдеудің орнына, негізсіз болған сиқырмен емделуге жүгіну.
- 5) Кімде-кім сиқырды басқа сиқыр арқылы емдесе немесе сондай жолмен емделсе, ол сиқырдан құтылу үшін міндетті түрде шайтанға ұнамды істерді жасау арқылы оған жақындауы қажет болады.

- 6) Егер сиқырланған адам сабыр етсе, оған Жәннат нәсіп етіледі, бұл туралы Пайғамбар ﷺ хабарлаған.
- 7) Сиқырды басқа сиқырмен кетіру — тек сиқырланған адамға жаңа сиқырды қосу болады.
- 8) Пайғамбарымызға ﷺ сиқыр жасалған болатын, бірақ ол сиқырмен емделмеген, керісінше, шариғатқа сай тәсілдермен емделген.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Сиқырды басқа сиқырмен емдеуге тыйым салынғандығы.

Екінші. Түсінбеушілікті жою үшін тыйым салынған нәрсемен мен рұқсат етілгеннің арасындағы айырмашылықты түсіндіру.

(Нушраны — сиқырды кетіруді — рұқсат еткендердің сөздері оның дұғалар, Аллаһқа жалбарыну және дәрілер арқылы жасалатын түріне қатысты. Ал тыйым салғандардың сөздері оның басқа сиқырмен емделуіне қатысты. Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі).

28. Ырымдарға қатысты (шариғатта) не келгендігі жайлы тарау

- Ырымдарға сену бірқұдайшылыққа қайшы келеді:
 1. Өйткені оған сенген адам Аллаһқа тәуекел етпейді, керісінше, Одан басқаға сүйенеді.
 2. Өйткені ол болмыста жоқ нәрсеге сүйенеді, ал бұл — адасу және елес, ал таухид — құлшылық және Аллаһтан көмек сұрау.
- «Ырымшылдық» (*татаййур*) — адамның көргеніне, естігеніне немесе білгеніне сүйене отырып, белгілі бір орынға немесе уақытқа қатысты оны жаман белгі деп санау:
 1. Көргеніне қатысты: мысалы, қара түсті құсты (немесе мысықты) көруді жаман белгі деп санау.
 2. Естігеніне қатысты: мәселен, бір адам маңызды іс жайлы ойлап отырғанда, басқа біреудің: «Әттең-ай, бәле ғой!...» — дегенін естіп, мұны жаман белгі деп қабылдауы.
 3. Білгеніне қатысты: мысалы, белгілі бір күндерді, айларды, жылдарды немесе жерлерді жаман белгі деп санау.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**Ақиқатында, олардың сәтсіздіктері тек Аллаһ тарапынан. Бірақ олардың көбі білмейді**» («әл-Әғраф» сүресі, 131-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген: «(Елшілер оларға): «**Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз істегендеріңнен). Өздеріңе жасалған ескертуді жаман ырым деп санайсыңдар ма? Олай емес. Сендер шектен шығушы қауымсыңдар**», — деді» («Я Син» сүресі, 19-аят).

- «...олардың сәтсіздіктері тек Аллаһ тарапынан», яғни олардың бастарына құрғақшылық пен аштық келуі — Аллаһтың қалауымен болған нәрсе, және Ол — мұны алдын ала тағдырға белгілеп қойған. Әрі бұл Муса мен (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оның қауы-

мына байланысты емес, керісінше, олар (яғни мұсылмандар) береке мен жақсылықтың себебі болып табылады.

- «**Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз істегендеріңнен)**», яғни сендермен бірге қоса жүреді. Әрі бастарыңа келіп тиген нәрселер — өз істеріңнің нәтижесі мен салдары, әрі оның себебі — өздерің.
- Бұл аяттар арасында қарама-қайшылық жоқ: біріншісі — мұның барлығы Аллаһтың тағдыры екенін көрсетсе, екіншісі — мұның себебі олардың өздерінде екенін және, шын мәнінде, олардың жаман ырымдары олармен бірге, яғни оларға қабаттасып жүретінін көрсетеді.

ҮШІНШІ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Абу Хурайра Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: *«Індет өздігінше тарамайды, жаман ырымдар (ешбір нәрсеге) ықпал етпейді, жапалақтың жылауы — өтірік, сапар айының сәтсіз екені де — өтірік»* (әл-Бухари, 5757, Муслим, 2220, 102). Муслимнің келтіретін нұсқасында келесідей қосымша бар: *«...Жұлдыздар (әлдебір нәрсеге) әсер етпейді әрі жауыз рухтар да (тылсым күштер де еш нәрсеге) әсер ете алмайды»* (Муслим 2220, 102).

Әнастан (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: *«Індет өзінен-өзі тарамайды, жаман ырымдар әлдебір нәрселерге ықпал етпейді, әрі маған жақсы белгі (нышан) ұнайды»*. Одан: *«Ал жақсы белгі (нышан) деген не?»* — деп сұрағанда, ол: *«Жақсы сөз»*, — деп жауап берді (әл-Бухари, 5756. Муслим, 2224).

- *«Індет өздігінше тарамайды»*: Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) надандық дәуіріндегі адамдардың аурулардың өздігінен жұғады деген сенімдерін жоққа шығарды. Яғни ауру — тек Аллаһтың қалауымен ғана жұғады.
- *«...жапалақтың жылауы — өтірік»*: яғни арабтар белгілі бір құсты көргенде, сапарға шықпайтын немесе басқа да істерінен бас тартатын.
- *«...сапар айының сәтсіз екені де — өтірік»*: мұнда үш мағына бар:
 1. Арабтар сапар айын сәтсіз деп санап, некелесуден немесе маңызды істерден бас тартатын.

2. Сапар деп олар түйелердің іш ауруын атайтын әрі оны жұқпалы деп санайтын.

3. Олар харам айлар мен сапар айының орындарын өзара ауыстырып, харам айларда соғысуға рұқсат беретін.

- **«Жұлдыздар (әлдебір нәрсеге) әсер етпейді»:** Кейбір арабтар Айдың және оған қатысты жұлдыздардың орналасуына қарап, белгілі бір жұлдыздарға қатысты: «Біз бұл жұлдызда жақсылық жоқ деп ойлаймыз», — ал басқалары болса керісінше: «Бұл бақыт пен жақсылықтың жұлдызы», — дейтін.
- **«...әрі жауыз рухтар да (тылсым күштер де еш нәрсеге) әсер ете алмайды»:** арабтар сапарға шыққанда олардың алдыларынан шайтандар шығып, жүректеріне үрей салатын, сонда олар сапарларынан бас тартатын.
- Пайғамбар ﷺ теріске шығарған нәрсе — бұл нәрселердің өздігінше болуы емес, алайда олардың әлдебір нәрсеге әсер етуі. Пенде өзінің қалаған нәрселеріне сеніммен ұмтылып, жүрегінде күмәнсіз Аллаһқа тәуекел етуі және Ол туралы жаман ойда болмауы тиіс.
- Бұл мәтіндер мен Пайғамбардың ﷺ: **«Егер бір нәрседе жаман ырым бар болса...»** деген хадисінің арасында қайшылық жоқ, өйткені:

1) Бұл хадис — мағынасы анық емес (муташабих), ал жаман ырымды айыптайтын және оны ширк деп көрсететін мәтіндер — мағынасы айқын (мухкам).

2) Кез келген жаман ырым — айыпталатын нәрсе, ал шынайы түрде пайда беретін де, зиянды қайтаратын да — жалғыз Аллаһ.

3) Пендеге Аллаһтың тағдырының бірінен екіншісіне қашу рұқсат етілген, яғни себептерге сүйеніп әрекет ету бекітілген, бірақ ырымға сенуге болмайды.

4) Хадистегі жаман ырым оған сенетінге байланысты айтылған, ал Аллаһқа тәуекел етіп, ырымға сенбейтіндерге оның қатысы жоқ.

5) Кімде-кім Аллаһтан өзге нәрседен қорықса, ол соған бағынышты болады. Дәл сол секілді, кімде-кім Аллаһтан басқа біреуді жақсы көрсе, сонымен сыналады, ал кімде-кім Аллаһтан басқаға үміт етсе, ол соның көмегінсіз қалады. Мұны Ибн әл-Қаййим (Аллаһ оны рахым етсін) айтқан.

БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

Абу Дауд, Аллаһ оны рахым етсін, сенімді иснадпен Уқба ибн Амирдің (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндаған хадисін келтіреді: «(Бірде адамдар) Аллаһ Елшісінің ﷺ қасында жаман ырымдар туралы әңгіме қозғағанда, ол былай деді: **“Оның ең жақсысы — игі нышан әрі ол мұсылманды (ойлаған істерінен) кері бұрмайды. Ал егер әл-дебіреуің өзіне ұнамайтын қандай да бір нәрсені көрсе: «Уа Аллаһ, Сенен басқа ешкім жақсылық келтірмейді, әрі Сенен басқа ешкім жамандықты қайтармайды! Әрі Сенен басқа ешкімнен күш те, қуат та жоқ!»** — деп айтсын” (Абу Дауд, 3719).

ЖАҚСЫЛЫҚ НЫШАНЫ МЕН ЫРЫМ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

ЖАҚСЫЛЫҚ НЫШАНЫ	ЫРЫМ
Бұл — адамның еститін немесе көретін, оны жақсы іске ынталандыратын сөздер мен әрекеттер.	Бұл — адамның көргені, естігені немесе білгені негізінде қандай да бір жерге немесе уақыт кезеңіне қатысты жаман ырым деп сенуі.
Аллаһқа деген тәуекелді күшейтеді.	Аллаһқа деген тәуекелді азайтады.
Мұстахаб болып табылады.	Егер адам оны себеп деп санаса, бұл — кіші ширк (көпқұдайшылық). Егер оның өздігінен әсер ететініне сенсе, бұл — үлкен ширк болып саналады.
Бұл Аллаһ жайлы жақсы ой.	Бұл Аллаһ жайлы жаман ой.
Бұл — таза бірқұдайшылықты жүзеге асырған мұсылманға тән сипат.	Бұл екіжүзділер мен кәпірлерге тән сипат.

Олар адамның осыған күш салып немесе арнайы ұмтылыс жасауынсыз-ақ орын алады.	Адам оған саналы түрде ұмтылуы мүмкін, мысалы, құстардың ұшу бағытына қарап бал ашу сияқты.
Көргенің немесе естігенің — қандай да бір істі бастауға немесе тоқтатуға себеп болмады, ол тек қуаныш пен жігер береді.	Бұл — көргеніңе немесе естігеніңе сүйеніп, қандай да бір істі орындауыңа немесе оны тастауыңа себеп болатын нәрсе.
Адамның Аллаһқа тәуекел етуіне әкеледі.	Адамды Аллаһқа емес, ырым-жырымдарға тәуекел етуге итермелейді.

- Бірінші мысал: Бір адам үйленгісі келіп, қыздың есімін сұрайды. Егер оған қыздың аты «Һана» (هنا), яғни «жеңілдік» деп айтылса, ол үйленеді. Басқа біреу де қыздың атын сұрайды, егер оған «Сохра» (صخرة), яғни «жартас» деп айтылса, ол үйленуден бас тартады. Бұл екі жағдай да ырымшылдыққа жатады, өйткені ырымның қандай да бір істі істеуге немесе бас тартуға себеп болуы.
- Екінші мысал: Бір адам үйленуге нақты шешім қабылдаған соң, қыздың атын сұрайды. Егер оның аты «Суғад» (سعاد), яғни «бақыт» болса, ол қуанады. Бұл — жақсы нышанға жатады, өйткені ол шешіміне әсер етпейді, тек қуаныш сыйлайды.
- Кейбір адамдар Құран Кәрімді ашып, одан жорамал жасайды: егер онда Тозақ туралы аят көрсе, оны жаман белгі деп есептейді; ал егер Жәннат туралы аят көрсе, оны жақсылыққа жориды. Бұл — исламға дейінгі надандық дәуіріндегі адамдардың жебемен бал ашқаны секілді.
- «Уқба ибн Амир»: Кейбір деректерге сәйкес, дұрысы — ‘Уруа ибн Амир.
- “Мұсылманды ісінен қайтармайды” деген сөзден түсінетініміз: кімде-кім ырымшылдықтың кесірінен өз ісінен бас тартса, ол шынайы мұсылман болмайды.
- “Күш-қуат тек Сенде” деген сөздегі “би-” (الباء) бөлшегі үш түрлі мағына береді: 1) “фи-” (في) мағынасында, яғни ішінде; 2) жәрдем сұрау мағынасында; 3) себепке нұсқайды.

Адамдардың ырымдарға қатысты түрлері

Өз ісін жалғастырады, бірақ жүрегінде жамандықтың болуынан қорқынышпен қысылу бар: Мұндай адам — күнәһар.

Ырымға сеніп, істі тастайды: егер оны жәй себеп деп есептесе — онда бұл кіші ширк; егер оны өз бетінше әсер етуші күш деп санаса — үлкен ширк болады.

Аллаһқа тәуекел етіп, ісін жалғастырады: бұл — нағыз мұминдердің жағдайы, әрі бұл — негіз.

АЛТЫНШЫДАН СЕГІЗІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Ибн Масғуд (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ келесі хадисін баяндайтын: **«Ырымдарға сену — ширк! Ырымдарға сену — ширк! Ырымдарға сену — ширк!»** Содан соң ол (Ибн Масғуд): **«Ал біздің әрбірімізде... Алайда оны Аллаһқа тәуекел кетіреді»**, — деп қосты. Абу Дауд пен әт-Тирмизи жеткізген сенімді хадис. Соңғы сөздерді Ибн Масғуд айтқан (Абу Дауд 3910, әт-Тирмизи 1614).

Ахмад (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Ибн Амрдың (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардан ﷺ жеткізген мына хадисін келтіреді: **«Кімде-кім әлдебір істі жаман ырымның себебімен тастаса, сол көпқұдайшылық жасады»**. Адамдар: «Ал мұның өтемі қандай, уа Аллаһтың елшісі?», — деп сұрады. (Сонда) ол: «Сендер: **«Уа Аллаһ! Сенің жақсылығыңнан басқа жақсылық жоқ, әрі Сенің жамандығыңнан басқа жамандық жоқ, және Сенен басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ»**, — деп айтуларың керек», — деп жауап берді (Ахмад 220/2).

Ол сондай-ақ әл-Фәдл ибн әл-Аббастан мына хадисті де келтіреді: **«Ырым — бұл сені әлбір іс-әрекетке итермелейтін немесе одан бет бұрғызатын нәрсе»** (Ахмад 213/1).

- **«Ал біздің әрбірімізде...»**, яғни әрбір адам белгілі бір белгілерге мән беруі мүмкін. Бұл — жаман нәрселерді елемей, құрамында ширк бар сөздерді тастау және сөйлеген сөздерде таухидті (бірқұдайшылықты) жүзеге асыру. Тіпті күпірлік сөзін айтқанның әрбірі осынысымен кәпір бола бермесе де..

- «Алайда оны Аллаһқа тәуекел ету кетіреді» — бұл Аллаһқа шынайы тәуекел ету, яғни пайдалы нәрсеге қол жеткізуде және зиянды нәрседен сақтануда Оған ғана сенім арту, сондай-ақ Аллаһ себеп еткен себептерді орындау.

Ырымшылдықтан қалай құтылуға болады?

- 1) Біркұдайшылықты шынайы түрде ұстану, өйткені Аллаһқа тәуекел ету арқылы адам ырымшылдықтан арылады және жүрегі тыныштық табады.
- 2) Пайғамбар ﷺ үйреткен дұғаны оқу: **«Уа Аллаһ! Сенің жақсылығыңнан басқа жақсылық жоқ, әрі Сенің жамандығыңнан басқа жамандық жоқ, және Сенен басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ».**
- 3) Жаман ырымдарға сенбеу әрі әлдебір жаман белгілерге көңіл бөлмеу, әлдебір нәрсені жақсы ырым деп емес, жақсылық нышаны деп көру.
- 4) Алғашқы қиындыққа тап болғанда істі бірден тастамай, оны Аллаһ жолды ашқанға дейін қайталап талпыну.

ЖЕРЕБЕ МЕН ЖЕБЕ АРҚЫЛЫ БОЛЖАУ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ	
ЖЕРЕБЕ	ЖЕБЕ АРҚЫЛЫ БОЛЖАУ
Рұқсат етілген.	Үлкен күнә болып табылады, құмар ойындарының бір түрі.
Ол арқылы шариғат мақсаттарына қол жеткізіледі.	Ол арқылы шариғат мақсаттарына қол жеткізілмейді.
Құқықты кім иеленетінін анықтау үшін қолданылады, алайда егер онсыз шешілсе, әркімнің оған құқығы болар еді.	Жақсы мен жаманды айыру үшін қолданылады және ғайыпты (жасырын білімді) білуге талпынуға ұқсас, өйткені мұнда сәттілікке сүйену бар.
Біркұдайшылдарға тән.	Көпқұдайшылдарға тән.

Бұған мысал ретінде бірінші сапта намаз оқу немесе азан айту құқығын анықтау үшін жеребе тартуды келтіруге болады.	Бұған мысал — тиын лақтырып, істеу не істемеу арасында таңдау жасау.
Егер құқықты теңдей бөлісу мүмкін болмаса, жеребе тарту арқылы кімге тиесілі екенін анықталады.	Егер құқықты теңдей бөлісу мүмкін болса, оны осындай жолмен анықтау — харам.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың келесі сөздеріне нұсқау: «Ақиқатында, олардың сәтсіздіктері тек Аллаһ тарапынан. Бірақ олардың көбі білмейді» («әл-Ағраф» сүресі, 131-аят) және «(Елшілер оларға): «Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз істегендеріңнен). Өздеріңе жасалған ескертуді жаман ырым деп санайсыңдар ма? Олай емес. Сендер шектен шығушы қауымсыңдар», — деді» («Я Син» сүресі, 19-аят). (Бұл аяттар арасында қарама-қайшылық жоқ).

Екінші. Үндетті теріске шығару. (Яғни олардың өздігінше (Аллаһтың қалауынсыз-ақ, таралуын терсіке шығару, өйткені олар себеп қана).

Үшінші. Ырымдарды жоққа шығару. (Бұл жерде аталған нәрселердің (мысалы, жапалақтың дауысы) өзі емес, олардың әсері жоққа шығарылады).

Төртінші. Жапалаққа қатысты ырымдардың жоққа шығарылуы. (Арабтар оны жаман белгі санаған).

Бесінші. Сапар айының жамандық әкелетініне сенудің жоққа шығарылуы (Уақыт кезеңдері Аллаһтың тағдырына әсер етпейді. Сапар айы да басқа уақыттар сияқты — онда игілік те, жамандық та алдын ала белгіленген. Алайда кейбір адамдар өз ісі сапар айында аяқталса: «Ісім игі айда бітті», — деп айтады. Бұл — бидғатты бидғатпен, надандарды басқа надандықпен «емдеу», өйткені бұл ай — қайырлы немесе жаман ай болып табылмайды).

Алтыншы. Жақсы нышан жоғарыда айтылғандарға жатпайды, керісінше, ол құпталатын амал болып табылады.

Жетінші. «Жақсы нышан» ұғымының түсіндірмесі. (Бұл адамның мақтаулы іс жасауына жігер беретін нәрсе).

Сегізінші. Егер осыдан (ырымдардан) болған әлдебір нәрсе адам жү-

регіне келіп қалса да, бірақ адам оны айыптаса, бұл оған зиян тигізбейді, керісінше, Аллаһ оған тәуекел ету арқылы одан құтылуды нәсіп етеді.

Тоғызыншы. Осы нәрсені өзінен байқаған адам айтатын сөзге нұсқау. («Уа Аллаһ, Сенің жақсылығыңнан өзге жақсылық жоқ...»).

Оныншы. Жаман ырымға сенудің ширк (Аллаһқа серік қосу) екенін түсіндіру. (Егер адам оның өзі өздігінше әсер етеді деп сенсе — бұл үлкен ширк, ал егер оны тек себеп деп білсе — бұл кіші ширк).

Он бірінші. «Айыпталатын жаман ырым» ұғымының түсіндірмесі. (Бұл сізді бір нәрсені жасауға немесе одан бас тартуға мәжбүрлейтін нәрсе).

29. Жұлдыздар жайлы білім (тәнжим) туралы тарау.

Жұлдыздар туралы білімдер астрология да (жұлдыздардың әсері) және астрономия да (жұлдыздардың қозғалысы) туралы болғандықтан, шейх мұны көпқұдайшылық деп айтпады.

БІРІНШІДЕН ҮШІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Әл-Бухаридің «әс-Сахихында» келесі хадис келтіріледі: «Қатада (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: «Аллаһ осы жұлдыздарды үш себеппен жаратты: олармен аспанды безендіру үшін, олармен шайтандарды ұрып түсіру үшін, сондай-ақ олар адамдар үшін бағыт нұсқаушы белгі болуы үшін. Ал кімде-кім олар тағы да басқа нәрселер үшін жаратылған деп сенсе, ол қателесті, (діндегі) өз үлесінінен айырылды, әрі өз мойнына өзінде ол туралы білімі болмаған нәрсені жүктеді»» (әл-Бухари (мұғалләк түрінде) 614).

Қатада (оған Аллаһ разы болсын) айдың жұлдыздарға қатысты орналасуын (айдың фазаларын) зерттеуге тыйым салатын. Мұны, сондай-ақ, бұл туралы Харб (Аллаһ оны рахымына бөлесін) жеткізгендей, Ибн Ғуяйна да рұқсат етпейтін.

Бірақ Ахмад пен Исхақ мұны рұқсат ететін.

- Салиқалы сәләфтардың жұлдыздардың орналасуын зерттеуге тыйым салу туралы сөздері астрологияға қатысты.
- Жұлдыздардың орналасуын зерттеудің рұқсат етілгендігі туралы салиқалы сәләфтардың айтылғанның бәрі астрономияға қатысты.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Абу Муса (әл-Әшғари) (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндайтын: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: *«Үш топ адам Жәннатқа кірмейді: маскүнемдер, туысқандық қатынастарды үзетіндер және сиқырға сенетіндер»»* (Ахмад 399/4, Ибн Хиббан 1380, 1381).

- **«Жәннатқа кірмейді»:** бұл қорқытып-ескерту хадистерінің қатарына жатады. Біз оларды өз күйінде қалдырамыз және (кешірім мен Жәннат) уәде етілген басқа мәтіндермен қарама-қарсы қоймаймыз, өйткені бұл тыйым салынған нәрселерден тыюда әсерлірек.
- **«Маскүнем»:** мас қылатын сусындарды (хамр) көп ішетін адам. Хамр — ақыл-ойды тұмандатып, қуаныш пен қозу сезімдерін әкелетін кез келген ішімдік.
- **«Туыстық байланыстарды үзуші»:** «әр-рохим» (الرحم) — туыстық байланыс. Шарифатта оның шекарасы нақты анықталмағандықтан, ол шарифатқа қайшы келмейтін әдет-ғұрыпқа қайтады.
- **«Сиқырға (астрологияға) сенуші»:** бұл хадистің осы бапта келтірілуінің мақсаты, яғни астрология сиқырдың бір түрі. Болып табылатынында.

ҮЛКЕН КҮНӘЛАР (КӘБӘИР) ЖАЙЛЫ

- **«Кәбәир» (үлкен күнәлар) ұғымының анықтамасы.** Шейхул-ислам (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деді: «Үлкен күнәлар — олар үшін Аллаһ тарапынан арнайы жаза бекітілген барлық істер». Бұл жаза — лағынет, ашу, (Аллаһтың рахымынан) алыстату, мұндай әрекетті жасаған адамнан бас тарту, олардың кәпір немесе мушрик екеніне, мұсылман емес екеніне немесе олардың нашар жануарларға теңелгеніне нұсқау жасау.
- **Оларды жасаушының үкімі.** Ол өзінің иманының себебінен мұсылман, ал жасаған күнәсінің себебінен пасық болып табылады әрі — Аллаһтың қалауының астында болады: Ол қаласа — оны кешіреді, ал қаласа — азаптайды.
- **Үлкен күнәлар белгілі бір санмен шектеле ме, жоқ па?** Олар нақты санмен емес, жоғарыда аталған анықтамамен шектеледі.
- **Қайсысы ауыр: үлкен күнәлар ма, әлде кіші ширк па?** Күнәлар (ауырлық дәрежесіне қарай) бөлінеді: алдымен — кіші күнәлар, содан кейін — үлкен күнәлар, содан кейін — кіші ширк, ал ең соңында — үлкен ширк. Аллаһ Тағала былай деді: «Аллаһ өзіне серік қосылуды кешірмейді де, бұдан өзге (күнәларды) қалаған кісіне кешіреді» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят). Сондай-ақ Ибн Масғуд та (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Мен үшін Аллаһпен жалған ант ету — шындықты айтып болса да, бірақ Одан өзге нәрсемен ант етуден жақсырақ», — деген.

- Үлкен күнәлар ізгі-салиқалы амалдар жасау себебімен кешіріле ме? Жоқ, олардан арылу үшін міндетті түрде тәубе жасау қажет. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: ««Егер жоқтау айтатын әйел қайтыс болғанға дейін тәубе етпесе, Қиямет Күні қара шайырдан киім киген және үстін қатпар (қышыма-қотыр) қаптаған күйінде қайта тіріледі», — әрі ол сондай-ақ былай деген: «Жұма (намазына қатысу) одан бұрынғы жұма арасындағы күнәларды өшіреді..., егер адам үлкен күнәлардан аулақ болса».
- Егер адам кейбір күнәлары үшін тәубе етіп, басқаларын тастамаса, оның тәубесі қабыл бола ма? Иә, тек кейбір күнәларға жасалған тәубе қабыл болады, бірақ адам барлық күнәларын тастауға міндетті.
- Үлкен күнәларды жасаған адамдарды жақсы көру керек пе, әлде жек көру керек пе? Біз оларға қатысты имандарының дәрежесіне сәйкес жақсы көру және күнәларының дәрежесіне сәйкес жек көру танытуымыз керек әрі үлкен күнәларды жасап жатқан адамдармен бірге болмауымыз қажет.
- Үлкен күнәлардың дәрежелері әртүрлі ме? Иә, әртүрлі. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: «Сендерге үлкен күнәлардың ең үлкендері туралы хабарлайын ба?»
- Үлкен күнәлар жасаушы адамды қалай атаймыз?
Ол — иманы себебінен мүмин (мұсылман), ал күнәларының себебінен пасық (бұзақы-күнәхар) болады. Ол — иманы толықсыз, кемістікті мүмин (мұсылман). Біз муржилер сияқты: «Ол — толық иман иесі», — деп айтпаймыз және хауриждер сияқты: «Ол — кәпір», — деп те айтпаймыз.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Жұлдыздардың жаратылу даналығы. (Аспанды көркемдеу, шайтандарды ұрыптүсіру және жолаушыларға бағыт көрсету).

Екінші. Жұлдыздарға бұдан басқа мағына беретіндерді теріске шығару. (Астрология).

Үшінші. Аспан денелерінің орны туралы білімге қатысты ғалымдардың пікірлері әртүрлі болғанын атап өту.

Төртінші. Сиқырдың негізсіз (дұрыс емес) екенін білсе де, алайда сиқырға жататын әлдебір нәрселерге сенетін адамға қатысты келген қорқыту.

30. Жұлдыздардан жаңбыр тілеу туралы тарау

1) Үлкен ширк — егер адам жаңбыр сұрап жұлдыздарға жалбарынса немесе олардың адамдардың қажетін өтейтіндігіне сенсе.

2) Кіші ширк — егер ол жұлдыздарды тек себеп деп санап, ал жаңбырды жарататын және жаудыратын Аллаһ деп сенсе.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: **«(Ақиқатты) жасынға шығаруларыңды өздеріңе ризық-несібе етесіндер ме?»** («әл-Уақиға» сүресі, 82-аят).

Абу Мәлик әл-Әшғари (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін баяндаған: **«Менің үмметімде адамдар соларды тастамай ұстанатын төрт нәрсе (Исламға дейінгі) надандықтың (жәһилиеттің) істерінен болып табылады: шыққан текпен мақтану (немесе ата-бабаларының ұстанғанымен тәкаппарлану), өзгенің шыққан тегін қаралап-кемсіту, жаңбырдың жаууын жұлдыздармен байланыстыру және өлілерге жоқтау айту».** Содан соң ол: **«Егер жоқтау айтатын әйел қайтыс болғанға дейін тәубе етпесе, Қиямет Күні қара шайырдан (немесе балқытылған мыстан) киім киген және үстін қатпар (қышыма-қотыр) қаптаған күйінде қайта тіріледі»,** — деп қосты (Муслим, 934).

- **«(Ақиқатты) жасынға шығаруларыңды»:** бұның Аллаһтан екенін теріске шығарып, оны басқаға телитіндерінді.
- **«Төрт нәрсе»:** бұл сан шектеуді білдірмейді, өйткені бұған ұқсас көптеген нәрселер бар, бірақ Пайғамбарымыз ﷺ білімді жинақтап, оны түсінуді және есте сақтауды жеңілдету үшін осылай атады.
- **«Жәһилиет»:** Пайғамбар ﷺ жіберілгенге дейінгі надандық дәуірі. Бұл термин осы сипаттардан жирендіру үшін қолданылған, өйткені олардың әрқайсысы надандық пен азғындықтың белгісі.
- **«...тастамай ұстанатын»:** бұл оларды рұқсат ету емес, керісінше, ескерту және сақтандыру.

- «...шыққан текпен мақтану»: өзінің абыройы мен үстемдігі себебінен өзін өзгелерден жоғары қою. Алайда әлдебір нәрсені мақтаныш ету тәкәппарлыққа алып келмейтін және басқаларды кемсітіп-менсінбеуге жол бермейтін тақуалықпен бірге болуы да мүмкін. Мысалы, Аллаһ Тағала өз пендесіне игіліктерін арттырған сайын, бұл оның бойында ақиқат алдында кішірейіп басқа адамдарға қатысты кішіпейіл болуды тек арттыра беретін жағдай.
- «өзгенің шыққан тегін қаралап-кемсіту»: мысалы: «Сен тері илеушінің баласысың», — деп біреудің шыққан тегін қорлау.
- «жаңбырдың жаууын жұлдыздармен байланыстыру»: бұл осы хадистің осы бапта келтірілуінің себебі. Бұл сөз тіркесінің мағынасы — жаңбырдың жаууын жұлдыздармен байланыстыру.
- «Жоқтау айтушы әйел»: қайтыс болған адамды дауыстап жылап жоқтайтын әйел.
- «Тіріледі»: қабірінен тірілтіліп тұрады. «Киім»: ұзын киім. «Қарашайыр»: шайыр немесе балқыған мыс деген мағынаны білдіреді.
- «...үстің қатпар (қышыма-қотыр) қаптаған күйінде қайта тіріледі»: адамның денесінің кез келген жанасуға қатты қышумен әсер ететін тері ауруы. Бұл сөздің мағынасы — оның бүкіл денесін қышыма қаптайтыны. Егер шайыр (немесе балқыған мыс) пен қышыма қосылса, бұл жағдай азапты одан сайын күшейтеді. Бұл — оның басына түскен қайғы-қасіретке сабыр етпегені үшін берілетін жаза, өйткені жаза амалға сәйкес болады.

Қиямет күні (Яуму-л-Қияма) осылай аталу себептері:

1) Онда Таразы орнатылады («туқому»): «Қиямет күні әділ таразылар орнатылады».

2) Куәлар келтіріледі (юқому): «Куәлар келтірілетін сол күн».

3) Адамдар қайта тіріледі («юқому»): «Сол күні адамдар әлемдердің Раббысының алдына тұру үшін тіріледі....».

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Зәйд ибн Холид (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ жаңбыр жауып болған бойда олармен бірге Худайбияда таң намазын оқығанын хабарлаған. Намаздан соң ол адамдарға бұрылды да: «Раббыла-

рың не дегенін білесіңдер ме?» — деді. Адамдар: «Аллаһ пен Оның Елшісі жақсырақ біледі», — деді. Сонда Пайғамбар ﷺ былай деп айтты: «Ол: «Менің құлдарымның арасынан Маған иман келтіргендер және иман келтірмегендер айқын болды. Егер адам жаңбыр Аллаһтан және Оның рахымымен жауады десе, ол Маған иман келтіреді де, жұлдыздарға иман келтірмейді. Ал егер адам жаңбыр әлдебір жұлдыздың себебімен жауады десе, онда ол Маған иман келтірмейді де, жұлдыздарға иман келтіреді», — деді» (әл-Бухари 846, Муслим 71).

Муслим (Аллаһ оны рахымына бөлесін) осыған ұқсас хадисті Ибн Аббастан (оған Аллаһ разы болсын) жеткізген, әрі онда кейбір адамдардың: «Пәлен жұлдыз үмітті ақтады», — деп айтқаны, әрі сол кезде Аллаһ Тағала мына аяттарды түсіргені хабарланады: **«Жұлдыздардың орындарымен ант етемін. Егер білсеңдер, бұл — ұлы ант. Шын мәнінде, ол Сақтаулы Кітаптағы (Ләуһ әл-Махфуздағы) Ардақты Құран. Оны тап-таза болғандар ғана ұстайды. Ол әлемдердің Раббысынан түсірілген. Сендер осы сөздерді құр көресіңдер ме? Әрі (ақиқатты) жасынға шығаруларыңды өздеріңе ризық-несібе етесіңдер ме?»** («әл-Уақиға» сүресі, 75-82 аяттар). Муслим (73).

- «قُلْ» (Фә-лә) — араб тіліндегі «әл» демеулігі осында ерекше назар аудару үшін, яғни «Мынаған мән бер! (Аллаһ) жұлдыздардың орындарымен ант етті» деген мағынада қолданылған.
- Аллаһ шыншыл болғандықтан, Ол ант етуге мұқтаж емес, бірақ Оның ант етінің қандай пайдасы бар?
 - 1) Бұл — арабтардың сөйлеу мәнері, яғни олар маңызды нәрсені антпен бекітетін.
 - 2) Бұл — мұминдердің сенімін арттыру үшін қажет. Ал пенденің сенімін арттыратын бекіту демеуліктерін қолдануға еш нәрсе кедергі болмайды.
 - 3) Аллаһ Оның құдіреті мен шексіз біліміне нұсқайтын ұлы нәрселермен ғана ант етеді.
 - 4) Ант етілген нәрсесінің мәртебесіне нұсқау үшін, өйткені Аллаһ тек ұлы нәрселермен ант етеді.
 - 5) Ант кімге берілсе, соның маңыздылығын әрі оның ант беруге лайық екендігін көрсету.
- **«Ардақты Құран»:** яғни 1) ғажайып, ең керемет Кітап, әрі Құраннан асқан көркем ештеңе жоқ; 2) мол сыйлар беруші, яғни ол Құ-

ран адамдарына (әһлю-л-Қуръан) дүниелік әрі діни, материалдық әрі рухани игіліктер нәсіп етеді.

- **«Сақтаулы Кітаптағы»:** бұл «әл-Ләухул-Махфуз» немесе періштелердің қолдарындағы жазбалар.
- **«Оны тап-таза болғандар ғана ұстайды»:** періштелер. Әрі осыда күнәлардан тазаланған жүрек Құранды жақсырақ түсінетініне нұсқау бар.
- **«Түсірілген»:** бұл бірнеше нәрсеге нұсқайды:
 - 1) Құран барлық жаратылыстарға түсірілген және Пайғамбарымыздың ﷺ пайғамбарлық миссиясы баршаға ортақ;
 - 2) Ол олардың Раббысынан түсірілген. Егер солай болса, онда ол олардың арасында үкім етуші Заң болып табылады;
 - 3) Құранның түсірілуі — Аллаһтың Раббылығының кемелдігінің әрі Оның өз құлдарына деген мейірімінің дәлелі;
 - 4) Құран — Аллаһтың сөзі, ол Аллаһтан түсірілген және жаратылмаған.
- **«Сендер осы сөздерді құр көресіңдер ме?»:** Сендер оны өтірік санайсыңдар, алайда сендердің осылай істеулерің дұрыс емес, өйткені Құранмен келген адамның сөзіне сену тиіс.
- **«(Ақиқатты) жасынға шығаруларыңды өздеріңе ризық-несібе етесіңдер ме?»:** Аллаһқа деген шүкіршіліктеріңді күпірлік жасау арқылы білдіресіңдер ме, бұл — ақымақтық емей не?

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Әл-Уақиға» сүресінің 82-аятын тәпсірлеу: **«(Ақиқатты) жасынға шығаруларыңды өздеріңе ризық-несібе етесіңдер ме?».**

Екінші. Нағандық (жәһилия) дәуірінен қалған төрт сипаттың аталуы. (Тектілікпен мақтану, басқа адамдардың шыққан тегін қорлап-кемсіту, жаңбырдың жаууын жұлдыздарға телу, өлгендерді жоқтап жылау).

Үшінші. Бұл сипаттардың кейбіреуі күпірлікке жатады. (Жаңбырдың жаууын жұлдыздарға телу және өлгендерді жоқтап жылау).

Төртінші. Кейде күпірлік деп мұсылман адамды діннен шығармайтын нәрселер де аталады. (Мысалы, жаңбырды жұлдыздарға телу: кейде бұл діннен шығаратын күпірлік, ал кейде кіші күпірлік болуы мүмкін).

Бесінші. Аллаһ Тағаланың **««Менің құлдарымның арасынан Маған иман келтіргендер және иман келтірмегендер айқын болды...»** деген сөздері Аллаһтың нығметтерін мойындау мен оларды жоққа

шығаруға қатысты. (Егер адамға нығметтер сый етілсе, ол оны тек себептерге емес, Аллаһқа телуі тиіс).

Алтыншы. Осы жағдайда көрініс табатын иманның түсіндірмесі. (Өйткені ол бұл нығметті Аллаһтың жомарттығы мен мейіріміне жатқызды).

Жетінші. Осы жағдайда көрініс табатын күпірліктің түсіндірмесі. (Өйткені ол бұл нығметті жұлдыздарға теліді).

Сегізінші. «Мына жұлдыз біздің үмітімізді ақтады» деген сөздің мәні. (Яғни бұл нәрсе осы жұлдыздың себебінен орын алды).

Тоғызыншы. Ғалымның өз шәкірттерінің назарын аудару үшін сұрақ қоюы. Бұған мысал — Пайғамбардың ﷺ «**Сендердің Раббыларың не айтқанын білесіңдер ме?**» деген сұрағы. (Бұл жүректердің сергек болуына себепші болады, әрі бұл — оның ﷺ керемет оқыту әдістерінің бірі).

Оныншы. Жылап жоқтаушыны қатал жазамен қорқыту. (Ол Қиямет күні шайырдан (немесе балқыған мыстан) жасалған киім киіп, денесін қышыма басқан күйде тіріледі).

Алтыншы бөлімге қатысты тексеріс сұрақтар (7 тарау)

Бірінші тапсырма: Келесі нәрселердің арасындағы айырмашылық қандай?

Жақсы нышан Ырым

1

2

3

Жеребе Жебелермен бал ашу

1

2

3

Екінші тапсырма: Дұрыс жауаптың тұсына белгі қой немесе сөйлемді толықтыр.

1) Сиқырдың белгілері:

1.....

2.....

3.....

4.....

5.....

2) Умардың тағутты шайтан деп түсіндіруі мысалмен тәпсірлеу болып табылады:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

3) «Бұны (астрологияны) иемденгенге» деген сөздің мағынасы:

«Несібе жоқ» деген сөздің мағынасы:

4) «Аулақ болыңдар» сөзі «тастандар» сөзінен шешендік тұрғыдан күштірек, себебі: «Аулақ болыңдар» сөзі тек тастауды ғана емес, сонымен бірге одан барынша алыс болуды да білдіреді:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

5) «Жеті опат етуші күнәдан» деген сөздер опат етуші күнәлар тек жетеу екенін білдірмейді:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

6) Шарифат мәтіндерінде әлдебір санның аталуында ерекше мағына бар ма?

.....

7) Егер оның ешқандай мағынасы болмаса, ол не үшін айтылады?

.....

8) Өлтіруге тыйым салынған адамдардың санаттары саны:

☐ 3

☐ 4

9) Өсімді:

☐ жеу ғана тыйым салынған

☐ тек жеу ғана емес, пайдалану да тыйым салынған

10) Жетім деген бұл, мейлі ол ұл болса да, қыз болса да, балиғат жасқа жетпеген әрі:

☐ әкесі қайтыс болған бала

☐ анасы қайтыс болған бала

11) Арлы әйелдер дегеніміз:

☐ Азат әйелдер

☐ Зина жасамайтындар әйелдер

12) Басшы сиқыршыны өлім жазасына кесуі тиіс:

☐ Оның тәубесіне қарамастан

☐ Тәубесінен кейін

12) «Жибт» сөзі нені білдіреді?

☐ Сиқыр

☐ Кез келген пайдасыз нәрсе, оған сиқыр және соған ұқсас нәрселер жатады

13) «Тағут» сөзі нені білдіреді?

☐ Шайтан

☐ Пенде оған қатысты құлшылықта, бағынуда және ілесуде шектен шығатын кезкелген нәрсе

14) Құстың ұшу бағытына қарап бал ашу — жаман ырым (*татайуыр*).

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

15) Астрологияның кейбір түрін үйренген адам сиқырдың бір бөлігін үйренген болып есептеледі.

☐ Дұрыс

☐ Дұрыс емес

16) Аспан денелері:

☐ Жердегі жағдайларға әсер етеді

☐ Әсер етпейді

17) Жұлдыздар туралы ғылымның түрлері:

..... оның үкімі

..... оның үкімі

18) Өсек пен ғайбаттың сиқыр тарауында келу себебі:

☐ Кейбір кітаптардың көшірмесінде кеткен қате

☐ Адамдардың арасын бөліп-ажыратуда сиқырмен ұқсастығы бар

19) «Шын мәнінде, шешендікте сиқыр бар»:

☐ Бұл мақтау ☐ Бұл айыптау

☐ Бұл шындықты түсіндіру, ал оның үкімі оның әсеріне байланысты

20) Балгер (ғарраф) деген кім?

☐ Тек балгер

☐ Бұл жалпы атау

21) Шейх балгерлер туралы тарауды қандай мақсатпен келтірген?

☐ Олардың кім екенін түсіндіру үшін

- ☐ Адамдар оларға қалай жүгінетінін көрсету үшін
- ☐ Олардың шарияттағы үкімін түсіндіру үшін
- ☐ Барлық жауап дұрыс

22) Нумерологияны (сан арқылы болжауды) үйрену:

- ☐ Екі түрге бөлінеді
- ☐ Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) айтқандай, оның тек бір түрі бар

23) Біреу балгерге сенсе және осы орайда жасырын-ғайып нәрсені тек Аллаһ қана білетінін білсе, ол:

- ☐ Кіші күпірлікке түседі
- ☐ Үлкен күпірлікке түседі

24) Егер бір әйел басқа әйелге: «Мен сенің күйеуіңе сиқыр жасап беремін, бірақ бұдан саған күнә болмайды» десе, онда:

- ☐ Екеуі де сиқыр күнәсіне тең дәрежеде батады
- ☐ Екінші әйелге күнә болмайды

25) Тыбб [емшілік] дегеніміз:

- ☐ Сиқыр, және ол емделу үмітімен жасалатындықтан, осылай
- ☐ Ауруды емдеу

26) Шарият мәтіндері және салиқалы саләфтардың сөздері сиқырмен емдеудің үкімін қалай көрсетеді?

- ☐ Рұқсат етіледі
- ☐ Рұқсат етілмейді

27) Сиқырдан емделу жолдары:

- ☐ Хижама жасау
- ☐ «Аятул-Курси» аятын оқу
- ☐ «Уа адамдардың Раббысы, ауруды кетір...» деген дұғаны оқу
- ☐ Жоғарыда аталғандардың бәрі

28) Нушра (сиқырды қайтару) екіге бөлінеді, оларды ата

.....

.....

29) Перғауын әулетінің жаман ырымдарының негізсіз екендігін дәлелдейтін аяттар:

- ☐ «...олардың сәтсіздіктері тек Аллаһ тарапынан»
- ☐ «Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз қылықтарыңнан)»

30) Ырымдар бірқұдайшылыққа қайшы келеді, өйткені олар:

- ☐ Адамды Аллаһқа тәуекел етуден айырып, өзге нәрсеге үміт артуға итермелейді
- ☐ Адамды бар нәрсеге емес, жоқ нәрсеге арқа сүйеуге итермелейді
- ☐ Жоғарыда аталғандардың бәрі

31) «Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз қылықтарыңнан)» деген сөзді кім айтты?

- ☐ Құранда аталған елді мекеннің тұрғындары
- ☐ Соларға жіберілген айғамбарлар

32) «олардың сәтсіздіктері тек Аллаһ тарапынан» деген сөздің мағынасы:

«Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз қылықтарыңнан)» деген сөздің мағынасы:

33) Аурулардың Аллаһтың рұқсатымен тарайтыны:

- ☐ Дене ауруларына қатысты
- ☐ Жан ауруларына қатысты
- ☐ Жоғарыда аталғандардың бәріне қатысты

34) «Індет жоқ, жаман ырымдар жоқ, жапалақтың жылауы жоқ, сапар (айы) жоқ» деген сөздерде не нәрсе теріске шығарылған:

- ☐ олардың бар болуы
- ☐ олардың әсері

35) «Індет жоқ», яғни:

.....

Аталған хадис «Алапеспен ауырған адамнан қаш» деген хадиске қайшы келе ме?

.....

36) «Жаман ырымдар жоқ» деген сөз бен «Егер бір нәрседе сәтсіздік болса...» деген сөзді қалай біріктіруге болады?

.....

37) «жапалақтың жылауы жоқ», яғни:

.....

«сапар айы жоқ», яғни:

.....

38) «Бірақ әрқайсымызда...», яғни:

.....

және бұл

39) «...Жұлдыздар жоқ», яғни:

.....

«жауыз рухтар да жоқ», яғни:

.....

40) «Сафар айында қайыр бар» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ жақсы нышан

☐ бидғатты бидғатпен емдеу

41) Құстарды үркіту оларға зиян тигізуді білдіреді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

22 Арабтар ырым, құстардың ұшуына қарап бал ашу және дуалау сияқты ойдан шығарылған білімдерді қабылдап, оларды халық арасында таратты. Мысалы, олар жындардың өз сапарларына кедергі кел-

тіретініне, өлген адамның қанынан хама (жапалақ) деп аталатын құстың пайда болатынына әрі жындармен сөйлесуге болатынына сенді.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

43) Адам иттің немесе есектің дауысын естігенде «Аллаһ қаласа, қайыр болады» деп айтуы:

☐ рұқсат етілген

☐ рұқсат етілмеген

44) «Бұл — сәтті жұлдыз» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген

☐ рұқсат етілмеген

45) Жақсы нышан — бұл:

☐ хадисте келгендей, тек жақсы сөз

☐ адамның жақсылық жасауына жігерлендіретін кез келген сөз немесе іс, ол естіген немесе көрген нәрсе болуы мүмкін

46) Егер адам жаман ырымды көргенде жүрегінде қорқыныш пен қысылу сезінсе, бірақ бәрібір өз ойластырған ісін жалғастырса, онда бұл:

☐ рұқсат етілген

☐ кіші ширк

☐ күнә

Егер ол өз жоспарынан ырымға байланысты бас тартса, онда бұл:

☐ кіші ширк

☐ үлкен күнә

47) «Айыпталатын ырым» деген тіркестің болуы ырымдардың ішінде жақсысы да бар екенін білдіреді:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

48) Кейбір сандарға, жерлерге немесе жолдарға жек көрушілік таныту:

☐ рұқсат етілген

☐ бұл ырым

49) Егер адам үйленгісі келіп, бір қағазға «үйленемін», екіншісіне «үйленбеймін» деп жазып, таңдауын соларды алып шешетін болса, бұл:

☐ жақсы нышан (тафауль)

☐ жаман ырым

50) Егер адам сапарға шығу-шықпау жөнінде күмәнданса, сосын Құранды ашып, Аллаһтың рақымы туралы аяттарды оқып, сапарға шықса, бұл:

☐ жақсы нышан (тафауль)

☐ жаман ырым

51) Егер адам сапарға шығып, жолда бір адамның екіншісіне «Бақытты бол!» деген сөзін естіп, жігерленсе, бұл:

☐ жақсы нышан (тафауль)

☐ жаман ырым

52) Егер адамның жүрегіне ырымшылдықтан әлдебір нәрсе пайда болып, бірақ бұл оны ойластырған ісінен тоқтатпаған және оған қорқыныш сезімін ұялатпаған болса, онда ол:

☐ күнә жасады

☐ оған күнә жазылмайды

53) Егер адамда қандай да бір ырымшылдық сезімі пайда болып, бірақ ол өзінің бастамасын жалғастырып, оған мән бермесе, онда ол:

☐ ширк жасады

☐ ширк жасамады

54) Аллаһ аурулардың таралуы жұқпалы инфекциялар себебімен жүзеге асатын етіп жасады:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

55) Кімде-кім Аллаһтан өзгеден қорықса, сол қорыққан нәрсесінің билігіне түседі. Бұл — ырымшыл адамдарға берілген жазалардың бірі.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

56) (Тым көп күлгеннен кейін): «Аллаһ күлкінің жамандығынан сақтасын» деп айту

☐ рұқсат етілген

☐ рұқсат етілмеген

57) Егер адам истихара намазын оқып, содан кейін түс көріп, ойлаған ісін жасамаса, онда бұл:

- ☐ ырымшылдық ☐ истихараның нәтижесі

58) Егер адам екі істің бірін таңдау жөнінде күмәнданса, онда ол:

- ☐ Аллаһқа дұға етеді ☐ ақылдасады
☐ истихара намазын оқиды ☐ жеребе арқылы таңдайды
☐ алдымен алғашқы екі тәсілді қолданады, содан кейін екі істің біреуін таңдап, истихара намазын оқиды
☐ жоғарыда аталғандардың барлығын қолданады

59) Истихара намазын оқығаннан кейін жолға шығып, бірақ киімі жыртылғандықтан кері қайтқан адам:

- ☐ ырымшылдыққа түсті
☐ бұл — игілік тілеудің (истихараның) нәтижесі

60) Пайғамбардың ﷺ «...**осы істе**» деген сөзіне сәйкес, намаз белгілі бір істі істеуге ниет еткеннен кейін оқылады:

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

61) Истихарадан кейін адам өз шешімі бойынша әрекет еткенде, ол табиғи немесе шарияттық себептерге жүгінеді:

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

62) «Жұлдыздар жаңбырдың себебі, ал жаңбырды жіберуші — Аллаһ» деп сену:

- ☐ дұрыс сенім ☐ кіші ширк

63) Адам күнге қарап: «Менің жылдарымды ал да, келіннің жылдарын бер» деп айтуы:

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

64) Ғалымдардың жұлдыздар туралы ілімі жайлы қарама-қайшы пікірлерін, сиқырды кетіру (нушра) жайлы тараудағыдай етіп, бір-бірімен үйлестіруге болады:

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

66) Жолаушыларға арналған бағдарлар мен белгілер:

- ☐ жерде болады ☐ аспанда болады
☐ екі жауап та дұрыс

67) الرحيم (рахим) дегеніміз:

- ☐ туыстық байланыс ☐ ерлі-зайыптылардың туыстары

68) Сиқыр заттардың шынайы мәнін өзгертіп, мысалы, адамға ағаш тақтайды алтын етіп көрсетуі мүмкін:

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

69) Азаппен (жазамен) қорқытатын хадистер қалай келген болса, дәл сол күйінде қалдырылады және кешірімді уәде ететін хадистермен тәпсірленген күйде жеткізілмейді, өйткені бұл қорқытуда ықпалдырақ болып табылады:

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

70) Кейде шарифат мәтіндерінде бір нәрсенің санын айту ақпарат көлемін азайтып, оны санаттарға бөліп, түсінуді және жаттауды жеңілдету үшін қолданылады:

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

71) Бір нәрсенің жәһилияға (надандық дәуіріне) телінуінің мақсаты:

- ☐ одан алыстату үшін
☐ оның надандық әрі ақымақтық екенін көрсету үшін
☐ жоғарыда айтылғандардың барлығы дұрыс

72) Пайғамбар ﷺ болашақта болатын кейбір нәрселерді, мысалы, бұл оның «**Сендер бұдан бас тартпайсыңдар...**» деген сөздерін

айтылғандай, хабарлады, бірақ ол бұл туралы адамдар оны істеуі үшін айтпады:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

73) Үлкен күнәлар ізгі амалдар істеу арқылы өшірілмейді, үлкен күнәларға тәубе жасау міндетті:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

74) Құранның «Кәрим» деп аталуының себебі:

☐ ол көп нәрсе сыйлайды

☐ ол көркем болғандықтан

☐ екі жауап та дұрыс

75) «Оны тап-таза болғандар ғана ұстайды», яғни:

☐ періштелер

☐ Құранға тек дәрет алғандар ғана қол тигізеді

Үшінші тапсырма: А бағанасындағы ұғымдарды Б бағанасындағы сәйкес анықтамалармен байланыстырыңыз.

1. Келісім жасалған мұсылман емес адам «муғаһад» (المعاهد)
 2. Зиммий (الذِمِّي)
 3. Жибт (الجبّات)
 4. Қауіпсіздік кепілдігі берілген мұсылман емес адам (المستأمن)
 5. Ырымшылдық (التطهير)
 6. Сиқыр (العضة)
 7. Үлкен күнә (الكبيرة)
 8. Шешендік (البیان)
 9. Жерге сызықтар сызу (الطَّرْقُ)
 10. Ғарраф (العرَّافُ)
 11. Құстың ұшуына қарап сәуегейлік жасау (العِيَافَةُ)
- Сауда жасау немесе Исламды түсіндіру үшін қауіпсіздік келісімі жасалған мұсылман емес адам.
 - Сиқыр немесе сәуегейлік жасау үшін топыраққа сызықтар сызу.
 - Мұсылмандармен шабуыл жасамау туралы келісім жасаған мұсылман емес адам.
 - Мұсылмандарға жизия төлеу шартымен қауіпсіздік келісімін жасаған мұсылман емес адам.
 - Адамдар арасындағы араздық пен бөлінушілік.
 - Ақылды тұмандатып, ойды өзгертетін нәрсе.
 - Көріпкелдерді, жұлдызнамашыларды және балгерлерді қатитын жалпы атау.
 - Шариғатта оларды жасайтындарға арнайы жаза қарастырылған нәрсенің барлығы.
 - Құс бағытын қарап, оның ұшуы жақсы немесе жаман белгі деп есептеу.
 - Белгілі бір орын немесе уақыт жайлы естігенге немесе көргенге сүйеніп, жаман болжам жасау.
 - Сиқыршылар мен соларға ұқсас адамдар сияқты, ешқандай жақсылық жоқ нәрсе.

Жетінші бөлім

Жүрек амалдары (9 тарау)

31. Аллаһ Тағаланың «Адамдардың арасында Аллаһқа өзгені теңдес ететіндер әрі оларды Аллаһты сүйгендей сүйетіндер бар...», — деген сөздері туралы



ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «(Мухаммад! Мүминдерге:) «Егер әкелерің, балаларың, бауырларың, жұбайларың, туыстарың, сондай-ақ, тапқан малдарың және сендер пайдасыз болуынан қорқатын сауда, өздерің ұнатқан тұрғын-баспаналар сендер үшін Аллаһ пен Оның Елшісінен, Оның жолында күресуден гөрі сүйіктірек болса, онда Аллаһ (сендерді жазалау туралы) әмірін келтіргенге дейін күте тұрыңдар! Аллаһ шектен шығушы қауымды тура жолға салмайды», — деп айт!» («әт-Тәуба» сүресі, 24-аят).

Әнастың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «Сендердің ешқайсың мені өз әкесінен, баласынан және барлық адамдардан артық жақсы көрмейінше шынайы иман келтірген болмайды» (әл-Бухари 15, Муслим 44).

- «Егер әкелерің, балаларың...»: оларға деген махаббат құлшылық емес, алайда адам оларды Аллаһтан артық жақсы көрсе, бұл — оларға құлшылық қылуға себеп болады.
- «...шынайы иман келтірген болмайды...»: бұл иманның міндетті кемелдігінің жоқтығын білдіреді (күнә). Ал егер махаббат мүлде болмаса, онда бұл иманның өзін жоққа шығарады (күпір).

Әлдебір нәрсені жоққа шығарудың түрлері

Оның бар болуын жоққа шығару. Бұл — (шариғи мәтіндердегі) негізгі мағына болып табылады. Мысалы: «Пұттарға құлшылық қылған адамның иманы жоқ». Егер бұл мағынаны қолдана алмасақ, онда былай түсіндіреміз:

Жарамдылығын жоққа шығару. Мысалы, «Дәретсіз намаз жоқ». Егер бұл мағынаны да қолдана алмасақ, онда былай түсіндіреміз:

Толықтығын (кемелдігін) жоққа шығару. Мысалы: «Ас тартылғанда намаз жоқ».

- Бұл хадистің тарауға сәйкестігі айқын:


Егер Пайғамбарға ﷺ деген махаббат Аллаһқа деген махаббаттың көрінісі болса, онда Пайғамбарды ﷺ жақсы көру келесі себептермен болады:

1. Ол — Аллаһтың Елшісі, ал егер Аллаһ сен үшін бәрінен сүйікті болса, онда Оның Елшісі де барлық жаратылыстан сүйікті болады.
2. Оның Аллаһқа құлшылық қылғаны және Оның өз елшілігін жеткізгені үшін.
3. Аллаһ оған ең көркем мінез бен ең ізгі амалдарды нәсіп еткені үшін.
4. Ол ﷺ сенің тура жолға түсіп, білім алып, дұрыс бағыт табуыңа себепші болғаны үшін.
5. Оның ﷺ елшілікті жеткізуде кездескен қиындықтарға сабыр қылғаны үшін.
6. Ол ﷺ Аллаһтың сөзі жоғарылау үшін өз малы және жаны арқылы бүкіл күш-жігерін жұмсағаны үшін.

Пайғамбарға ﷺ деген махаббат оның қайтыс болғанынан кейін қалай көрініс табады?

- 1) Оның Сүннетін оқып үйрену,
- 2) Соған сәйкес амал ету,
- 3) Соған шақыру және оны қорғау,
- 4) Пайғамбар ﷺ сөздерін кез келген адамның сөзінен артық көру және оның ﷺ жолында бекем болу арқылы.

Аллаһқа деген махаббат мәселесінде адамдар төрт түрге бөлінеді:



ТӨРТІНШІДЕН АЛТЫНШЫҒА ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Олардан сондай-ақ Әнастың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың ﷺ былай дегені жеткізіледі: *«Иманның тәтілігін (мына) үш (сипатпен) ерекшеленетін кісі сезінеді: ол Аллаһ пен Оның Елшісін барлық нәрседен артық жақсы көреді; кімді жақсы көрсе де, тек Аллаһ үшін жақсы көреді; әрі күпірлікке оралуды Отқа тасталуды қаламайтынындай қаламайды»* (әл-Бухари, 16; Муслим, 43).

Басқа бір хадисте: *«Үш сипатқа ие болмай, ешкім иманның ләззатын сезіне алмайды...»*, — деп айтылады. Әрі қарай мәтін осыдан алдыңғы (хадистегідей) келеді (әл-Бухари 5694).

Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) былай деп жеткізген: «Кімде-кім Аллаһ үшін жақсы көрсе, Аллаһ үшін жек көрсе, Аллаһ үшін достасса және Аллаһ үшін жауласса, сонысымен Аллаһтың қамқорлығына қол жеткізеді. Дәл осылай болмайынша Аллаһтың құлы иманның ләззатын сезіне алмайды, әрі оған ұзақ оқылған намаздары мен ұстаған оразалары да көмектеспейді. Ал қазір адамдар арасындағы бауырластық дүние тіршілігі үшін ғана болды, әрі бұл оларға ешқандай пайда бермейді» (Ибн Мубәрак «әз-Зухд» 353).

Ал Аллаһ Тағаланың: *«...Әрі олардың өзара байланыстары үзіледі...»* («әл-Бақара» сүресі, 166-аят) сөздері туралы Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: «Яғни олардың арасындағы өзара сүйіспеншілігі пен ынтық» (Хаким «әл-Мустадрак» 272/2).

Ғибадатқа қатысты махаббат

1) **Өзі ғибадат болып табылатын махаббат:**

- Мұндай махаббат-ғибадат тек Аллаһқа ғана арналуы тиіс. Ол Аллаһтың алдында өзін төмендетуді, Оны тағзыммен ұлықтауды қамтиды, бұл өз кезегінде Оның әмірлеріне бойсұнуды және тыйымдарынан тыйылуды талап етеді.

2) **Өзі ғибадат болып табылмайтын махаббат:**

- Аллаһ үшін болған махаббат — пайғамбарлар мен елшілерге деген махаббат сияқты.

- Мейірімділіктен туған махаббат — балаларға деген махаббат сияқты.
- Құрмет пен ізеттен туған махаббат — ата-анаға немесе ұстазға деген махаббат сияқты.
- Табиғи (жаратылысынан берілген) махаббат — тамақ пен су-сынға деген махаббат сияқты.
- Махаббаттың ең жоғары дәрежесі — Аллаһ үшін болған махаббат. Қалған махаббат түрлері өздігінен рұқсат етілген, бірақ егер олар ғибадатқа айналса, онда олар ғибадатқа қатысты үкімге ие болады.
- **«Иманның тәттілігі»:** Бұл — адамның өз жүрегінде тыныштық, жайлылық және кеңдік сезінуі.
- «Аллаһ үшін жақсы көретін»: Аллаһ кімді жақсы көрсе, соны жақсы көреді, Аллаһ кімді жек көрсе, соны жек көреді.
- **«...байланыстары үзіледі»:** көпқұдайшылдардың (мүшриктердің) өзара байланыстары, сондай-ақ олардың пұттарға деген махаббаты.

Қамқорлық (уәләя)

1. Құлдың Аллаһқа қатысты қамқорлығы: бұл — шариғат жүктеген міндет. Аллаһ Тағала былай деді: «Егер олар Аллаһты, Оның Елшісін және мүминдерді өздерінің қамқоршысы әрі көмекшісі деп санаса...»

2. Аллаһтың құлдарына деген қамқорлығы:

1. Жалпы қамқорлық — жаратылысты басқаруға қатысты қамқорлық, ол мүминдерді де, кәпірлерді де қамтиды.

2. Арнайы қамқорлық — көмек пен тура жолға салу түріндегі қамқорлық, бұл тек мүминдерге қатысты.

ҚАРАСТЫРЫЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «әл-Бақара» сүресінің 165-аятын түсіндіру. («Адамдардың арасында Аллаһқа өзгені теңдес ететіндер әрі оларды Аллаһты сүйгендей сүйетіндер бар...»)

Екінші. «әт-Тәуба» сүресінің 24-аятын түсіндіру: («(Мухаммад, мүминдерге) айт: “Егер әкелерің, балаларың...”»).

Үшінші. Адамның Пайғамбарға ﷺ деген махаббаты оның өзіне, отбасына және мал-мүлкіне деген махаббатынан күшті болуы тиіс.

Төртінші. Иманды жоққа шығару адамның Исламнан шығуына нұсқай бермейді. (Тек егер жүректе Пайғамбарға ﷺ деген махаббат мүлде болмаса, онда бұл жағдайда иманның негізі (өзі толығымен) жоққа шығарылады).

Бесінші. Иманның тәттілігі бар, адам оны сезінуі де, сезінбеуі де мүмкін.

Алтыншы. Аллаһтың қамқорлығына жету және иманның тәттілігін сезіну үшін жүректің төрт амалы қажет. (Аллаһ үшін жақсы көру, Аллаһ үшін жек көру, Аллаһ үшін дос болу, Аллаһ үшін дұшпан болу).

Жетінші. Сахабалардың адамдар арасындағы бауырластық көбіне дүние пайдасы үшін болатынын түсінуі. (Егер ол сол кездің өзінде солай болған болса, онда қазіргі жағдай жайлы не айтуға болмақ?!)

Сегізінші. Аллаһ Тағаланың «...олардың байланыстары үзіледі» деген сөздерінің мағынасы («әл-Бақара» сүресі, 166-аят). (Мысалы, өзара махаббаттарының және басқа да байланыстарының үзілуін білдіреді).

Тоғызыншы. Көпқұдайшылдардың арасында да Аллаһты қатты жақсы көретіндер бар, бірақ мұминдер Аллаһты олардан да қаттырақ жақсы көреді.

Оныншы. (Аллаһ атап айтқан мал-мүлік пен байлықтың) сегіз (түрі) діннен сүйіктірек болған адамға айтылған қорқыту.

Он бірінші. Кімде-кім әлдебір нәрсені Аллаһты жақсы көргендей қатты жақсы көрсе, сол көпқұдайшылыққа түсті.

32. Аллаһ Тағаланың «Бұл сендерді өзінің көмекшілерімен қорқытатын шайтан ғана. Олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар, егер мүмин болсаңдар», — деген сөздері туралы

- Шейх бұл тарауды махаббат жайлы тараудан кейін келтірді, өйткені Аса Ұы әрі Құдіретті Аллаһқа құлшылық ету екі нәрсеге негізделді: махаббат — оған негізделіп әмірлер орындалады, және қорқу — оған негізделіп харамнан тыйылу іске асады.

Қорқудың түрлері:

Адамның болмысына салынған табиғи қорқу (рұқсат етілген): «...ол (Муса) қаладан қорқып, жан-жағына қарап шықты...» («әл-Қасас» сүресі, 21-аят). Егер бұл қорқыныш адамды парыздарды орындауды тастауға немесе тыйым салынған істерді істеуге алып барса, онда ол харам болады.

Құлшылық ретінде тағзым-ұлықтаумен және кішірейіп бойсыну арқылы жасалатын (жасырын) қорқу: бұны Аллаһтан өзге біреуге арнау — үлкен ширк болып табылады. Адамдар бұл мәселеде екі шектен шыққан және бір орташыл топтарға бөлінеді.

- «...сендерді өз достарымен қорқытады...»: шайтан (ібіліс) діндегі парыз болған амалдарды орындағысы келгеннің әрбірін қорқытады.
- «Олардан қорықпаңдар»: керісінше, Мен сендерге бұйырған және сендерге парыз еткен жиһад секілді әмірлерді орындауды жалғастырыңдар да, олардан қорықпаңдар. Өйткені егер Аллаһ адаммен бірге болса, оны ешкім жеңе алмайды.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «Аллаһтың мешіттерін шынайы түрде Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірген, намазды толық орындайтын, зекет беретін және Аллаһтан ғана қорыққан адам-

дар жандандырады. Міне, бәлкім, солар тура жолмен жүрушілерден болады» («әт-Тәуба» сүресі, 18-аят).

- **«Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірген»:** Аллаһ Өзіне және Ақыретке иман келтіруді жиі қосып айтады, өйткені Аллаһқа иман — үмітті оятады, ал Ақырет күніне иман — қорқыныш тудырады.
- **«Намазды толық орындайтын»** — яғни намазды лайықты түрде кемшіліксіз орындады. Бұл екі түрге бөлінеді:
 - 1) Міндетті нәрселерді орындау: намаздың шарттарын, тіректерін және уәжіптерін орындаумен шектелу.
 - 2) Намаздың міндетті амалдарына қоса мустаһаб амалдарды да орындау.
- **«Аллаһтан ғана қорыққан адамдар жандандырады...»:** (арабша) «хошия» — бұл адамның біреудің ұлылығы мен құдіреттілігі туралы білімінен туындайтын қорқыныш. «Хошия» мен «хоуф» арасындағы айырмашылық:
 - 1) Хошия — адамның қорқатын объектісі жайлы біліміне негізделген, ал хоуф ол туралы білімсіз адамда да болуы мүмкін.
 - 2) Хошия — адамның қорқатын объектісінің ұлы болуынан, ал хоуф — қорқушының әлсіз болуынан туындайды.
- **«Міне, бәлкім, солар тура жолмен жүрушілерден болады»:** Ибн Аббас: «Құранда Аллаһтың عَسَى «бәлкім» деген сөзі «міндетті түрде» деген мағынада келеді», — деді. Аяттағы бұл сөз үміт райында келетінінің себебі — өйткені адам өз амалдарымен сүйсініп, алданып, осы («тура жолмен жүруші» деген) сипатпен сипатталып кетпеуі үшін.

Мешіттерді жандандыру мен бұзудың түрлері:
«Аллаһтың мешіттерінде Оның есімін зікір етуге тыйым салып, оларды қиратуға ұмтылған адамнан өткен залым кім бар?»

1) Рухани тұрғыдан жандандыру — оларда намаз оқу, зікір айту, Құран оқу. Бұған қарама-қайшы нәрсе — рухани бұзып-қирату, яғни мешіттерде ширк пен бидғаттарды тарату.

2) Материалдық тұрғыдан жандандыру — мешіттер салу, оларды тазалау, жөндеу. Бұған қарама-қайшы нәрсе — физикалық тұрғыдан бұзып-қирату.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деді: «Адамдардың кейбірі: «Аллаһқа иман келтірдік», — дейді де, бірақ Аллаһ жолында жапа тартса, адамдар жағынан келетін сынақтарды Аллаһтың азабындай көреді. Әлбетте, Раббыңнан бір нұсырат (жеңіс) келетін болса: «Әрине, біз сендермен бірге едік», — дейді. Аллаһ әлемдегілердің көңілдеріндегіні жақсы біледі емес пе?...» («әл-Ғанкабут» сүресі, 10-аят).

- Негізінде, адам Аллаһтың азабынан қашып, Оның әміріне мойынсұнуы қажет екені белгілі нәрсе. Бірақ кейбіреулер адамдар жағынан келетін сынақтарды Аллаһтың азабымен теңеп, адамдардың қалауларына сай амал етеді. Кейде олар адамдардан Аллаһтан қорыққандай қорқып, олардың зұлымдығын Аллаһтың жазасына теңейді де, бұдан олардың әмірлерін орындау арқылы қашады.
- Бұл аят адамның сөздері мен жүрегіндегі сенімі арасында қайшылық болмауы керектігіне ескерту жасайды.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Абу Саид (оған Аллаһ разы болсын) бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ оған былай деп айтқанын баяндаған: *«Расында, Аллаһты ашуландыру арқылы адамдардың ризашылығын іздеуің, Аллаһ саған берген ризық үшін оларды мадақтауың, сондай-ақ Аллаһ саған бермеген нәрсе үшін оларды сөгуің — айқын сенімнің әлсіздігінен. Көксеушінің қатты дәметуі Аллаһтың ризығын алып келмейді, тура сол сияқты қаламаушының жек көруі де оны (ризықты) кері қайтара алмайды»* (Абу Нуғайм «әл-Хилияда» 106/5, 41/10. Әл-Бәйһақи «Шуғабу-л-Иманда» 203).

- *«адамдардың ризашылығын іздеуің»*: олардан Аллаһтан артық қорқып және оларға шынайы ықыластылық танытпау арқылы.
- *«оларды мадақтауың»*: барлық мақтау-мадақты адамдарға арнап, осының себебшісі — Аллаһ Тағаланы ұмыту.
- *«оларды сөгуің»*: егер Аллаһ осыны тағдырға жазған болса, онда

оған жеткізетін себептер де болар еді, сондықтан разылық таныту міндетті болып табылды.

БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

Айша (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін баяндаған: *«Кімде-кім адамдарды ызаландырып болса да, Аллаһтың разылығын іздесе, Аллаһ оған Өзінің разылығын әрі адамдардың да разылығын сыйлайды. Ал кімде-кім Аллаһты ашуландырып, адамдардың разылығын іздесе, Аллаһ оған Өзінің ашуын төгеді әрі адамдардың да ызасын бағыттайды»* (Ибн Хиббан 1542, 1541, әт-Тирмизи 2416).

- *«Ал кімде-кім Аллаһты ашуландырып, адамдардың разылығын іздесе...»*: сол адамдардан Аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтан да көбірек қорққан болады.

Хадистен алынатын пайдалар:

- 1) Аллаһтың разы болатын нәрселерге ұмтылу міндетті болып табылады, тіпті адамдар бұған наразы болса да, өйткені пайданы да, зиянды да тек Аллаһ келтіреді.
- 2) Аллаһ разы болмайтын нәрсені адамдардың разылығын алу үшін істеуге болмайды, олар кім болса да.
- 3) Аллаһ Тағаланың Разылық деген сипатын жаратылыстарға ұқсатпай, шынайы мағынасында бекіту.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Әли-Имран» сүресінің 175-аятын тәпсірлеу. (*«Бұл сендерді өзінің көмекшілерімен қорқытатын шайтан ғана»*).

Екінші. «әт-Тәуба» сүресінің 18-аятын тәпсірлеу. (*«Аллаһтың мешіттерін шынайы түрде Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірген...»*).

Үшінші. «әл-Ғанкабут» сүресінің 10-аятын тәпсірлеу. (*«Адамдардың кейбірі: «Аллаһқа иман келтірдік», — дейді де, бірақ Аллаһ жолында жапа тартса, адамдар жағынан келетін сынақты Аллаһтың азабындай көреді»*).

Төртінші. Адамның айқын сенімі әлсіреуі де, күшеюі де мүмкін.

Бесінші. Сенім әлсіздігінің белгілері, әрі олардың үшеуі Абу Сағидтың: хадисінде қамтылған (Аллаһтың ашуын келтіре отырып, адамдардың разылығын іздеу; Аллаһтың саған берген разығы үшін адамдарға мақтау-мадақ айту; Аллаһтың саған бермегені үшін адамдарды).

Алтыншы. (Құлшылық ретіндегі) қорқуды тек Аллаһқа арнау діндегі міндетті амалдардың бірі болып табылады.

Жетінші. Бұны істейтін адамға берілетін сауап жайлы ескерту. (Аллаһ оған Өзінің разылығын да, адамдардың разылығын да береді).

Сегізінші. Бұны істемейтін адамның жазасы жайлы ескерту. (Аллаһ оған Өзінің ашуын түсіреді және оған қарсы адамдардың да ашуын бағыттайды).

33. Аллаһ Тағаланың «Егер мұмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер» деген сөздері туралы тарау.

- Шейх (Аллаһ оны рахымына бөлесін) махаббат пен қорқуды түсіндіргеннен кейін, (адамның) қалаған нәрсесіне қол жеткізуі және жаман нәрсені кетіруі тек тәуекел ету арқылы ғана іске асатынын әрі (Аллаһқа толыққанды) құлшылық етуді де тәуекелсіз жүзеге асыру мүмкін емес екенін баяндады. Бұл — құлшылықтың ең жоғары дәрежесі, және әрбір адам барлық ісінде тек Аллаһқа тәуекел етуге міндетті.
- «Егер мұмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер»: араб тілінің грамматикасы бойынша, етістікке түсетін мүбәда (әсер қабылдаушы сөз) етістіктен бұрын айтылса, онда бұл шектеуді білдіреді. Яғни тек Аллаһқа ғана тәуекел ету керек. Сонымен қатар, аятта Аллаһқа тәуекел етпейтін адамның иманы толық болмайтыны айтылған. Егер адам толығымен Аллаһтан басқаға тәуекел етсе, бұл үлкен ширк болады.

Тәуекел ету дегеніміз — Аллаһқа шынайы сенім артып, сонымен бірге шариғат белгілеген себептерді орындау. Сенімді шыншыл болған күйде артып, шариғат рұқсат еткен себептерді орындау керек.

Тәуекелдің түрлері:

1) Өкіл ету: «Мен пәленшеге тәуекел еттім, — немесе, — Мен Аллаһқа, кейін саған тәуекел еттім», — деп айтуға болмайды. Алайда: «Мен пәленшеге бір нәрсені тапсырдым», — деп айту, өйткені Пайғамбар ﷺ өзінің кейбір жалпы-жәнежеке істерін басқаларға тапсыратын.

2) Тірі адамға толық сенім арту, оған мұқтаждық сезіну, (ол жәй ғана себеп қана емес, одан жоғары екендігіне сену). Бұл кіші ширкке жатады. Мысалы, адамның ризығы (күнкөрісі) белгілі бір адамға байланысты деп сеніп, соған деген қажеттілігін көрсету.

3) Барлық нәрседе тек Аллаһқа сенім арту, әрі осы орайда бүкіл пайда мен зиян тек Аллаһтың Қолында екеніне айқын сену. Мұны Аллаһтан басқа әлдебіреуге арнау үлкен ширк болады.

ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: **«Сөзсіз, мүминдер — бұл Аллаһ еске алынған кезде жүректері қорқыныш сезетіндер, Оның аяттары оқылса, имандары артатындар әрі Раббыларына тәуекел ететіндер»** («әл-Әнфал» сүресі, 2-аят).

Аллаһ Тағала былай деген: **«Уа пайғамбар! Саған және саған ілескен мүминдерге Аллаһ жеткілікті»** («әл-Әнфал» сүресі, 64-аят).

- Адам бұл сипаттармен сипатталмаса да, ол бәрібір мұмин болып табылады. Алайда оның иманы тек негізімен ғана шектеледі (толыққанды болмайды).
- **«Уа пайғамбар! Саған және саған ілескен мүминдерге Аллаһ жеткілікті»:** яғни саған Аллаһтан басқа ешкім жеткілікті болмайды және иман келтірген мүминдердің ішінен саған ілескендеріне де тек Аллаһ жеткілікті. Сондықтан сен және сенің ілесушілерің Аллаһқа ғана тәуекел етіндер.

Аллаһ бұл аяттарда толыққанды иманның бес сипатын атап өтті:

1) «Аллаһ еске алынған кезде жүректері қорқыныш сезетіндер» — олар Аллаһты ұлықтағандықтан қорқады. Аллаһ еске алынғанда қорқу — иманның белгісі.

2) «Оның аяттары оқылса, имандары артатындар»: имандарының күшеюі мен бойсұнуының артуы себепті. Кейде адам басқа біреудің Құран оқуынан өз оқуына қарағанда көбірек пайда алады.

3) «әрі Раббыларына тәуекел ететіндер»: яғни олар Аллаһқа ғана тәуекел етеді әрі Одан басқа ешкімге тәуекелетпейді, әрі осы орайда тиісті себептерді орындайды. Бұл аяттың келтірілу мақсаты да осы.

4) «Олар намазды толық орындайтындар»: яғни оны толыққанды түрде орындайды. Бұл жерде парыз және нәпіл намаздар меңзелген.

5) «Және Біз оларды ризықтандырған нәрселерден жұмсайтындар»: бұл мақтау барлық мал-мүлкін немесе оның бір бөлігін жұмсайтындарға қатысты айтылған. Барлық мал-мүлкін толық жұмсаушы — егер ол Аллаһқа тәуекел етсе — мақтауға лайық.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Ал кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жетіп асады**» («әт-Толәқ» сүресі, 3-аят).

- Яғни Ол оны мазалайтын бүкіл нәрседе оған жетіп асады, әрі Ол оның істерін жеңілдетеді. Егер оның басына қиындықтар келіп түссе, оған Аллаһ жеткілікті. Пайғамбар ﷺ — елшілердің мырзасы болса да, қиындықтарды кезіктіретін, алайда бұл қиындықтар оған зиян келтірген жоқ.
- Бұл аяттан Аллаһтан өзгеге тәуекел еткен адам жәрдемсіз қалатынын түсініледі, өйткені Аллаһ оған көмек жасамайды.

БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аббас, Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын, былай деді: «**Бізге Аллаһ жеткілікті, Ол нендей жақсы Қамқоршы Ие**» — бұл сөздерді Ибраһим пайғамбар ﷺ отқа тасталған кезінде айтқан еді. Тура осыны Мухаммад Пайғамбар да ﷺ адамдар оларға: «**Сендерге қарсы ел жиналды, сондықтан олардан қорқындар**», — дегенде айтқан болатын. Алайда бұл тек олардың иманын арттырды» (әл-Бухари, 4563).

Бұл оқиға Құранда баяндалған. Абу Суфиян Ухудтан қайтып келе жатып, Пайғамбар ﷺ мен оның сахабаларын жою үшін қайта оралғысы келді. Ол жолда бір керуенге тап болып: «Қайда барасыңдар?» — деп сұрады. Олар: «Біз Мәдинаға бара жатырмыз», — деп жауап берді. Сонда Абу Суфиян: «Мухаммад пен оның сахабаларына біздің оларға қайта оралып, оларды жойғалы жатқанымызды жеткізіндер!» — деді. Керуен Мәдинаға жетіп, бұл хабарды жеткізді. Бірақ Пайғамбарымыз ﷺ бен оның сахабалары: «**Бізге Аллаһ жеткілікті, Ол нендей жақсы Қамқоршы Ие!**» — деп жауап берді. Олар жетпіс атты әскермен шығып, Хамра әл-Асад деген жерге дейін жүріп отырды. Алайда Абу Суфиян өз жоспарын өзгертіп, Меккеге қарай кетті. Осылайша, Аллаһ Өзінің Елшісі ﷺ мен мүминдерді шайқастан құтқарды. Себебі олар Оған тәуекел еткен еді.

Ескерту

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Бану Исраилден риуаят ететіндердің бірі болған әрі бұл ғалымдарға белгілі. Бірақ бұған күмән бар, себебі Ибн Аббас Бану Исраилден риуаят етуді сөгетіндердің бірі еді.

Біз Бану Исраилден жеткен риуаяттарға сенуімізге болады ма?

- 1) Егер біздің шарифатымыз олардың шындығын растаса, сенеміз.
- 2) Егер біздің шарифатымыз оларды жалған деп тапса, сенбейміз.
- 3) Егер шарифат оларды не растамаса, не теріске шығармаса, онда біз де оларды растамаймыз әрі жоққа да шығармаймыз.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. ету міндетті болып табылады. (Өйткені Аллаһ адамда иманның болуын Оған деген тәуекелмен байланыстырды).

Екінші. Бұл — иманның шарттарының бірі.

Үшінші. «әл-Әнфәл» сүресінің 2-аятын тәпсірлеу. («Сөзсіз, мұминдер — бұл Аллаһ еске алынған кезде жүректері қорқыныш сезетіндер...»).

Төртінші. «әл-Әнфәл» сүресінің 64-аятын тәпсірлеу. («Уа пайғамбар! Саған және саған ілескен мұминдерге Аллаһ жеткілікті »).

Бесінші. «әт-Толәқ» сүресінің 3-аятын тәпсірлеу. («Ал кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жетіп асады»).

Алтыншы. (Бұл тарауда иманның артуына, қиындыққа тап болғанда Аллаһқа тәуекел етіп, қажетті себептерді орындауға, Пайғамбарға ﷺ ілесіп, иман ету арқылы Аллаһтың құлына жеткілікті болатынына нұсқау бар).

34. Аллаһ Тағаланың: «Сонда олар Аллаһтың мәкірінен қорықпады ма? Аллаһтың мәкірінен зиянға ұшырайтын ел ғана қорықпайды», — деген, сондай-ақ Оның: «Раббысының рахметінен адасушылардан басқа кім күдер үзеді?!» — деген сөздері туралы.

- Бұл тарауда Аллаһтың мәкірінен толық қауіпсіздік сезіну және Оның мейірімінен үмітсіздікке түсу мәселелері қарастырылады. Бұл — екі шектен шығушылық, ал Аллаһқа ұмтылған адам қорқыныш пен үмітті қатар ұстануы керек. Бұл аяттан төмендегідей пайдалар алынады:
 - 1) Аллаһ құлына беріп жатқан нығметтер оны (тура жолдан адастыратын) сынақ (истидраж) болып қалмауынан ескерту.
 - 2) Аллаһтың мәкірінен толық қауіпсіздік сезінуге тыйым салынуы.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: **«Раббысының рахметінен адасушылардан басқа кім күдер үзеді?!»** («әл-Хижр» сүресі, 56-аят).

- Бұл аятта Аллаһтың мейірімінен тек тура жолдан тайғандар мен адасқандар ғана үміт үзетіндігіне нұсқау бар. Олар Аллаһтың сипаттарын білмейді әрі Оның құлының жағдайын кез келген сәтте өзгертуге құдіретті екенін ұмытқан. Үмітсіздікке түсуге тыйым салынады, өйткені бұл Аллаһқа қатысты жаман ойда болуды білдіреді. Себебі:
 - 1) Бұл — Оның Құдіретін кемсіту, өйткені Аллаһтың барлық нәрсе-ге күші жететініне сенген адам Ол үшін мүмкін емес бір нәрсе бар деп ойламайды.
 - 2) Бұл — Оның Мейірімін кемсіту, өйткені Аллаһтың мейірімді екенін білген адам Оның мейірімі одан алыс деп ойламайды.

ҮШІНШІ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аббас, Аллаһ ол екеуіне разы болсын, бірде (адамдар) Аллаһ Елшісінен ﷺ опат етуші күнәлар туралы сұрағандығын, әрі ол оларға былай деп жауап бергендігі туралы баяндады: **«Бұл — Аллаһқа серік қосу, Аллаһтың рахымынан (көмегінен) үміт үзу және өзінді Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезіну»** (әл-Бәззар 106, және Ибн Аби Хатим өзінің тәпсірінде 5201).

Ибн Масғуд (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: «Опат етуші күнәлардың ең қорқыныштылары — бұл Аллаһқа серік қосу, өзінді Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезіну және Аллаһтың рахымынан (көмегінен) үміт үзу» (Абдур-Раззақ 10/459, Хайсами 104/1).

- **«Аллаһқа серік қосу»:** бұл үлкен және кіші ширк. Кіші ширк үлкен күнәлардан да ауыр.
- **«Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезіну»:** адам Аллаһтың оған беріп жатқан нығметтеріне алданып, Оған мойынсұнбаушылығын жалғастыруы.
- **«Аллаһтың рахымынан (көмегінен) үміт үзу»:** Басқа түскен қиындықтардан шығу өте алыс деп ойлау.

Қорытынды

Аллаһқа ұмтылатын адам өзін Раббысынан алыстататын екі сипаттан аулақ болуы керек: өзін Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезіну және Оның мейірімінен үміт үзу. Егер адамға бір қиындық келсе немесе ол әлдебір сүйген нәрсесінен айырылса, сен оның үмітсіздікке түсіп, олардан құтылу мүмкін емес деп ойлап, құтылуға жетелейтін себептерді жасауға ұмтылмайтынын көресің, тек Аллаһ оны туражолға салмаса ғана.

Ал енді, өзінді Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезінуге келсек, кей адамдардың Аллаһтан тұрақты түрде нығметтер алып жатқанына қоса, үнемі күнәлар жасайтынын көресің. Әрі осы орайда ол өзін ақиқат жолында жүрмін деп есептейді, алайда шын мәнінде, ол адасуда. Ал бұл адамды сынау үшін берілген сынақ (истидраж) екенінде күмән жоқ.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР


Бірінші. «Әл-Әғраф» сүресінің 99-аятын түсіндіру. («Сонда олар Аллаһтың мәкірінен қорықпады ма?»)

Екінші. «Әл-Хижр» сүресінің 56-аятын түсіндіру. («Раббысының рахметінен адасушылардан басқа кім күдер үзеді?!»)

Үшінші. Өздерін Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезінгендерге қатал ескерту. (Бұл ауыр күнә екенін көрсету).

Төртінші. Аллаһтың мейірімінен үміт үзгендерге қатал ескерту. (Оның ауыр күнә екенін көрсету).

35. Аллаһ Тағаланың жазған тағдырына сабыр ету Оған деген иманның бір бөлігі екендігі туралы тарау.



Аллаһқа мойынсынуудағы сабырлық сабырдың басқа түрлерінен бұрын айтылған, өйткені ол өзінің құрамына бағынуды әрі амал жасауды қамтиды. Кейін күнәлардан тыйылудағы сабыр айтылды, себебі бұл — бір нәрседен бас тартуды білдіреді. Ал Аллаһтағдырға жазған қиыншылықтарға сабыр етуге келсек, мұның себебтері адамның қолында емес. Әрі күнәлардан тыйылудағы сабыр адам үшін кейде бұйырылған амалдарды орындауда сабыр етуден ауыр болуы мүмкін.

Қиыншылыққа тап болған адамдардың төрт түрі бар

1. Шүкір етуші (ең жоғары дәреже): бұл адам қиындықты — күнәларының кешірілуіне, сауабы мен иманының артуына себеп деп біледі әрі бұдан да ауыр сынақтардың бар екенін түсінеді.	2. Разылық танытушы (мұстахаб): бұндай адамның Аллаһқа деген разылығы кемел болғандықтан, оған нығмет пен қиыншылық бірдей көрінеді және ол мұның бәрін Раббысының тағдыры ретінде қабылдайды.	3. Сабыр етуші (бірауызды келісім бойынша парыз): бұл адамға қиындық ауыр тисе де, ол оны жүрегімен, тілімен және денесімен сабыр етіп көтереді.	4. Ашуланушы (күпірлікке жетелейтін үлкен күнә): мұндай адам жүрегімен (ашуланады), тілімен (өз басына қайғы мен қасіретке шақырады), ал дене мүшелерімен (өз бетін ұрады, киімін жыртады).
--	--	--	---

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «Кім Аллаһқа иман келтірсе, Ол оның жүрегін тура жолға салады. Аллаһ барлық нәрсені толық Білуші» («әт-Тағабун» сүресі, 11-аят).

Ғалқома (Аллаһ оны рахымына бөлесін) осы аятқа қатысты былай деді: «Бұл басына бақытсыздық келіп түскен кезде, мұның Аллаһтан екенін білетін, әрі сондықтан да разы болатын әрі мойынсұнатын адам туралы айтылған».

- «...Ол оның жүрегін тура жолға салады»: яғни оған тыныштық пен сабыр береді. Егер Аллаһ оның жүрегін тура жолға салған болса, онда дене мүшелерін де тура жолға салады.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Муслимнің «Сахихында» Абу Хурайрадан Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені келтірілген: «Адамдардағы екі сипат күпірліктің көрінісі бо-

лып табылады: шыққан текті сөгу және өлген адамды жоқтау» (Муслим, 67).

- **«шыққан текті сөгу»:** шыққан текті жамандау немесе оны мойындамау. Бұл — күпірлік амалдарынан.
- **«өлген адамды жоқтау»:** хадистің осы бапта келтірілгенінің себебі осы. Себебі, жоқтау — Аллаһтың тағдырына наразылықтың бір көрінісі.

ҮШІНШІ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Абдуллаһ ибн Масғуд (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ былай дегені туралы баяндағаны жеткізіледі: **«Өзінің бетінен шапалақтап ұратын, үстіндегі киімін жыртатын және жәһилиет кезіндегі сөздерді айтатын адам бізден емес!»** (әл-Бухари 1294, Муслим 103).

Әнастың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың ﷺ былай дегені жеткізіледі: **«Егер Аллаһ Өз құлына жақсылық қаласа, Ол оның осы дүниеде жазалануын тездетеді. Ал егер Аллаһ Тағала Өзінің құлына жамандық қаласа, Ол оны істеген күнәсы үшін жазалауын Қиямет Күні басталғанға дейін шегеріп қояды»** (әт-Тирмизи 2398, Ибн Мәжаһ 4021).

- **«жәһилиет кезіндегі сөздерді айтатын адам»:** бұл надандық дәуірінен келген кез-келген сөздер. Мысалы, адамның басына қайғы түскенде үйді қиратып, ыдыстарды сындыру, тамақты бүлдіру сияқты әрекеттері.
- **«Егер Аллаһ Өз құлына жамандық қаласа»:** бұл жерде құлға тағдыр еткен жамандықтың те өздігінен ғана жамандық екендігі айтылған. Ал Аллаһтың іс-амалдарында жамандық болуы мүмкін емес. Себебі, Пайғамбар ﷺ: «Жамандық Сенен емес», — деді. Алайда Аллаһ мұны өз құлына белгілі бір даналықпен тағдыр етеді, әрі бұл жамандық оның құрамындағы даналықтың себебімен ол үшін жақсылыққа айналады.
- Хадистің мақсаты — қиындыққа тап болған адамды, ол қайғы мен уайымға салынбауы үшін, жұбату. Бұл — игілік, өйткені дүние азабы Ақырет азабынан жеңіл. Сондықтан адам Аллаһ оның жазасын

Қиямет күніне дейін кешіктірмегені үшін Оған мақтау-мадақ айтады.

БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

Әнастың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: *«Расында, сынақ үлкен болған сайын сыйсауап та үлкен болады. Әрі егер Аллаһ Тағала әлдебір қауымды жақсы көрсе, оларды сынайды. Сонда кім разылық танытса, соған разылық болады, ал кім наразы болса, соған (Аллаһтан) наразылық болады»* (әт-Тирмизи 2398, Ибн Мәжаһ 4021).

- Хадистен алынатын пайдалар:

- 1) Адам сабырлықпен көтеретін сынақ үлкен болған сайын, осы үшін берілетін сауап та үлкен болады.
- 2) Егер Аллаһ бір қауымды жақсы көрсе, оларға сынақ жібереді — бұл сынақтарды Аллаһ не дүниелік нәрселерде, не не шарифатта тағдыр етеді.
- 3) Аса Жоғары әріҚұдіретті Аллаһтың махаббаты мен ашуы бар екендігін бекіту, алайда Аллаһты жаратылысқа ұқсатудан немесе оған кейіп беруден сақ болу керек.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Әт-Тағабун» сүресінің 11-аятын тәпсірлеу. («Кім Аллаһқа иман келтірсе, Ол оның жүрегін тура жолға салады. Аллаһ барлық нәрсені толық Білуші»)

Екінші. Сабыр — Аллаһқа иман келтірудің бір бөлігі. (Аллаһтың тағдырына сабыр ету).

Үшінші. Шыққан текті жамандау күпірлік болып табылады. (Яғни шыққан текті жамандау немесе оны мойындамау, жоққа шығару — кіші күпірлік).

Төртінші. Өзінің бетінен ұратын, киімін жыртатын және жәһилиет дәуірінің сөздерін айтатын адамға қатысты қатал қорқыту. (Себебі Пайғамбарымыз ﷺ ондай адамға қатыссыздығын білдірді).

Бесінші. Аллаһтың Өз құлына жақсылық қалағанының белгісі. (Оған жазасының осы дүниеде тездетіліп берілуі).

Алтыншы. Аллаһтың құлына жамандық қалағанының белгісі. (Оның күнәлары үшін жазасын Қиямет күніне дейін кешіктіруі).

Жетінші. Аллаһтың өз құлын жақсы көретінінің белгісі. (Оған сынақтар жіберуі).

Сегізінші. Сынаққа ашулануға тыйым салынғандығы.

Тоғызыншы. Сынаққа разылық танытқан адамның сыйы. (Аллаһ Тағаланың мұндай құлына разы болуы).

36. Рия (амалдардағы көзбояушылық) жайлы тарау.

БІРІНШІДЕН ҮШІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «(Мухаммад, оларға:) **«Шынында мен де сендер сияқты адаммын. Маған Құдайларың Жалғыз Құдай екендігі уахи етілуде. Кімде-кім Раббысына жолығуды үміт етсе, түзу іс істеп, Раббысына жасаған құлшылығында Оған ешкімді ортақ етпесін»,** — де» («әл-Кәһф» сүресі, 110-аят).

Абу Хурайра (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ былай дегенін жеткізген: **«Аллаһ Тағала былай деді: «Мен серіктердің барлығынан ширкке мұқтаж болудан баймын, әрі кімде кім өз амалында Маған әлдебіреуді серік қосса, Мен оны оның қосқан серігімен бірге тәрк етемін»** (Муслим 2985, Ахмад 435, 301/2, Ибн Мәжаһ 4202, Ибн Хазм 938).

Абу Сағид (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ келесі сөздерін жеткізген: **«Сендерге әл-Масих әд-Дәжжалдан да қауіптірек әрі қорқынышты болған нәрсе туралы хабарлайын ба?»**. Адамдар: «Хабарлаңыз, уа Аллаһтың Елшісі», — деді. (Сонда) ол былай деді: **«Бұл — адамның намазға тұрып, оған әлдебіреудің қарап жатқанын көріп, оны арнайы әдемілеп (оқуы)»** (Ахмад, 3/30, Ибн Мәжаһ, 4204).

- «(Мухаммад, оларға:) **«Шынында мен де сендер сияқты адаммын...»**: Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ адамдарға өзінің адам екенін жеткізуді бұйырды әрі мұны **«сендер сияқты»** деген сөзбен бекітті. Оның басқалардан ерекшелігі — оған уахидің түсірілуі. Сол себепті оған бойсұну парыз болып табылады, алайда оған табынуға (құлшылықтың әлдебір түрін арнауға) тыйым салынған.
- **«...Раббысына жолығуды үміт етсе»**: Аллаһпен разылық пен жақсылық күйінде кездесу тек мұминдерге тән нәрсе әрі бұл өзінің құрамына Ақыретте Аллаһты көруді де қамтиды.

- «...түзу іс»: (Аллаһқа ғана арналған) ықыласты және (Сүннетке сай) дұрыс амал.
- «*Мен серіктердің барлығынан ширкке мұқтаж болудан баймын*»: мұның екі мағынасы бар:
 - 1) Риямен жасалған амалдардың жарамсыздығы және рияның харама екендігі.
 - 2) Аллаһтың шексіз байлығы мен ұлылығына нұсқау және Оған серік қосудың тыйым салынғандығы.
- «*әл-Масих әд-Дәжжал*»: оң көзі зақымданған (мамсух), ол Адам ұрпақтарынан болған өтірікші адам.

Не үшін Пайғамбар ﷺ өз үмметті үшін риядан әл-Масих әд-Дәжжалдан да артық қорықты?

- 1) Өйткені әд-Дәжжал — анық көрінетін, ал рия — жасырын бүлік. Одан арылу өте қиын.
- 2) Әд-Дәжжалдың бүлігі тек Қиямет күніне жақын кезде орын алады, ал рия барлық уақытта бар.

Ширктің екі түрі бар:

- 1) Жасырын ширк — жүректе орын алатын амалдар, мысалы, рия. Бұл жасырын ширк деп аталады.
- 2) Ашық ширк — сөздерде және амалдарда көрінетін ширк. Мысалы, Аллаһтың атымен емес, басқа біреудің атымен ант ету немесе Аллаһтан басқаға сәжде қылу.

Рия: адамдар көруі немесе естуі үшін амал жасау — бұл екіжүзділердің мінез-құлқынан.



Риядан қалай құтылуға болады?

1) Біркұдайшылықты үйрену және амалдарды соған сай орындау арқылы Аллаһты ұлықтау, өйткені адам Аллаһты ұлықтаса, ол басқаға назар аудармайды.

2) Риядан қорқып амалдан бас тартпау: себебі шайтан не рияға итермелейді, не Аллаһтан өзгеден қорқуға душар етеді.

3) Аллаһқа дұға етіп, жалбарыну.

4) Рияға түсіп қалудан қорқып, амалдарды жасырын орындау.

5) Шариғатқа сай түрде қабірлерді зиярат ету: өйткені бұл Ақырет өмірін еске түсіреді, ал рия адамды дүние тіршілігіне байлап қояды.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «әл-Каһф» сүресінің 110-аятын тәпсірлеу. («(Мухаммад, оларға:) «Шынында мен де сендер сияқты адаммын. Маған Құдайларың Жалғыз Құдай екендігі уахи етілуде»»).

Екінші. Бұл — өте ұлы мәселе: қандай да бір игі амалға рия араласса, ол Аллаһ Тағала тарапынан қабыл етілмейді.

Үшінші. Мұның себебін атап айту — ал бұл Аллаһтың ешкімге мұқтаж еместігі.

Төртінші. Тағы бір себеп: Аллаһ — Өзіне серік қосылғандардың барлығынан Ұлы.

Бесінші. Пайғамбардың ﷺ өз сахабалары үшін риядан қауіптенуі. (Ал олардан кейінгілер бұл тіпті қауіптірек).

Алтыншы. Ол бұл мәселені адамның намаз оқып жатқанда, басқа адамдар қарап тұрғанын біліп, оны көркемдеуінің мысалы арқылы түсіндірді. (Адам намазын көркемдеуін ондағы сөздер арқылы жасауы да мүмкін).

37. Адамның ізгі амалдарды дүние игілігіне қол жеткізу үшін жасауға ұмтылуы ширктің көрінісі екендігі туралы тарау.

- Бұл тарау мадақталуды немесе рияқорлықты қаламайтын, керісінше, Аллаһқа ықыласпен құлшылық ететін, бірақ сонымен бірге дүниелік нәрселерді, яғни байлық, мансап, денсаулық және т.б. қалаған адамдар туралы. Олар құлшылықты дүниелік пайда үшін орындайды әрі осы орайда Мәңгі өмір туралы ойланбайды.
- Намазда Аллаһтан дүние игіліктерін сұрауда ешқандай айып жоқ, бірақ намазды сол үшін оқу дұрыс емес, әрі Ақырет амалдары арқылы дүние игіліктерін көздеу — бұл (адамдықтың) төмен дәрежесі.
- **Ескерту:** Кейбір адамдар құлшылықтың пайдасы туралы айтқанда, оларды тек дүниелік игіліктермен шектейді. Бірақ негізінде біз құлшылықтың дүниелік пайдасына емес, Ақыретке бағытталуына мән беруіміз керек.
- Бұл тарау — рияға қатысты ең қауіпті тараулардың бірі. Өйткені рия кейде тек намазға ғана кірсе, ал құлшылық арқылы дүние игіліктерін қалау адамның бүкіл құлшылығымен байланысты болады.

Адамдардың бұл тарауға қатысты бес түрі бар:

Дүниені дүние арқылы қалайды	Бұл рұқсат етілген, мысалы, адам сауда жасап, баспана алу үшін ақша табады.
Ақыретті дүние арқылы қалайды	Бұл құптарлық іс, мысалы, егін егіп, кейін оны садақаға береді.
Ақыретті құлшылық арқылы қалайды	Бұл ең жоғары дәреже, ондай адамға «Туба» (Жәннаттың ағашы) уәде етілген.
Дүниені де, Ақыретті де құлшылық арқылы қалайды	Егер Ақыретті қалау басым болса, бұл рұқсат етіледі: «Раббымыз, бізге бұл дүниеде де, Ақыретте де жақсылық бер».

- Адам дүниелік нәрсені, әлде Ақыретті қалағанын қалай білуге болады? *«Егер оған бірдеңе берілсе, ол разы болады, ал берілмесе — ашуланады».*
- **Ескерту:** Кейбір адамдар емтихан (сыналу) кезінде ықыласпен құлшылық етіп, ал емтихан (сынақ) өткен соң, құлшылықты қалдырады.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: **«Кімде-кім осы дүние тіршілігін әрі оның зейнетін қаласа, Біз осы дүниеде олардың еңбектерінің (сыйын) толық береміз; сондай-ақ олар кемістікке ұшыратылмайды. Оларға Ақыретте (Тозақ) отынан басқа еш нәрсе жоқ, олардың бұл дүниеде жасағандары зая кетеді әрі амалдары жарамсыз болады»** («Худ» сүресі, 15-16 — аяттар).

Бұл аят «Исра» сүресіндегі мына аятпен нақтыланады: **«Кімде-кім осы дүниені қаласа, онда Біз қалағанымызға бұл дүниеде қалағанымызды береміз. Сонан соң оны Тозаққа тастаймыз. Ол оған қор болып, мәрхаметке зар болған түрде кіреді...»** — Аллаһ тек Өзінің қалағанына ғана береді.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Абу Хурайраның сөздерінен (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ былай дегені жеткізіледі: **«Динардың құлына қасірет болсын, дирхамның құлына қасірет болсын, киімнің құлына қасірет болсын әрі әшекей-бұйымның құлына қасірет болсын. Оған (осы нәрселер) берілсе — риза болып жүреді, ал берілмесе — наразылық білдіреді. Оған қасірет болсын, әрі бүкіл істері басынан аяғына төнкерілсін, (тіпті) денесіне тікен кіретін болса, соны шығарып алатын ешкім таппасын! Аллаһтың жолында атының жүгенінен ұстайтын, әрі егер оны барлаушылыққа (қойса), барлаушылыққа шығатын, ал (әскердің) арт жағына қойылса, арт жаққа баратын, әрі егер әлденені сұраса, сұрағаны рұқсат етілмейтіндей (өте көнгіш), ал біреу үшін өтініш жасаса, өтініші қабылданбай-**

тын, шашы ұйпа-тұйпа, аяғы шаң-шаң Аллаһтың құлына Туба (Жәннат) болсын» (әл-Бухари, 2887).

- **«қасірет болсын»:** ол сәтсіздік пен зиянға ұшырасын.
- **«динардың»:** алтын тиынның **«құлы»:** оны осылай атаудың себебі оның да динарға деген тәуелділігі құлдың қожайынына деген тәуелділігі секілді екенінде. Бұл оның негізгі қамына айналды әрі ал осыны Раббысына мойынсұнудан жоғары қойды.
- **«дирхам»:** күміс тиын.
- **«қиімнің құлы», «әшекей-жасаудың құлы»:** сыртқы келбет пен сән-салтанатқа аса көп көңіл бөлетін адам.
- **«Оған (бұл нәрселер) берілсе — риза болып жүреді»:** ол дүние-мүліктен басқа ешнәрсеге разы болмайды және тек сол үшін ғана ашуланады.
- **«бүкіл істері басынан аяғына төнкерілсін»:** оның бүкіл істері ол осыны қаламайтындай кейіпте төнкерілсін әрі оған жеңілдетілмесін.
- **«(тіпті) денесіне тікен кіретін болса, соны шығарып алатын ешкім табылмасын!»:** Бұл оғанқарсы дұға немесе ол туралы айтылған хабар болуы мүмкін.
- **«Туба»:** бұл адамның (Жәннаттағы) ең жақсы жағдайда болуы. Сондай-ақ бұл Жәннаттағы ағаштың атауы деп айтылады, бірақ бірінші пікір екіншісіне қарағанда жалпы болып табылады.
- **«Аллаһтың жолында»** — яғни мұның шарты адамның рулық фанатизм және ұлтшылдық үшін емес, Аллаһтың сөзін ұлықтау үшін соғысуы.
- **«аяғы шаң-шаң Аллаһтың құлына Туба (Жәннат) болсын»:** Аллаһтың жолында жүргендіктен, ол өзінің сырт келбеті мен денесінің жағдайына мән бермейді. Оның аяқтары Аллаһтың жолында жүргендіктен шаң-тозаңға толған. Құлдың ғибадат кезінде табиғи түрде пайда болатын, яғни жасанды емес іздері үшін Аллаһ оны марапаттайды. Мысалы, Пайғамбардың ﷺ: **«Ораза ұстаушының аузынан шығатын жағымсыз иіс...»** — деген сөздері сияқты.
- **«ал (әскердің) арт жағына қойылса»** — әскердің соңғы шебінде. Бұл екі сөйлемнен екі мағынаны түсінуге болады:
 - 1) Ол қай жерге тағайындалса да, разы болады және әскердің алдыңғы шебіне шығуды сұрамайды.
 - 2) Егер оны шекараға күзетке қойса, ол қызметін лайықты түрде

орындайды, әрі артқы жаққа (тылға) тағайындалса да, өз міндетін адал атқарады.

- **«Ол әлдебір нәрсе сұрағанда»:** оның адамдар арасында беделі де, мәртебесі де жоқ, бірақ Аллаһ алдында оның дәрежесі биік.
- Хадис адамдардың арасында дүние үшін құлшылық ететіндер және сол үшін ашуланатындары бар екеніне нұсқайды, әрі осы тұрғыдан хадис адамдарды келесі екі топқа бөледі:
- Дүниеден басқа қамы жоқтар. Олар үшін байлыққа жету немесе жайлылықты арттыру — басты мақсат. Дүниенің қамы олардың жүректерін құлдыққа салып, оларды Аллаһты еске алудан және Оған құлшылық етуден алыстатады. Алайда олардың ісі басынан аяғына төңкеріледі (теріс айналады), әрі олар тіпті ең кіші азаптан да құтыла алмайды.
- Бүкіл армандары Ақыреттегі мәңгілік өмір болғандар. Олар соған тіпті ең ауыр жолмен болса да жетуге ұмтылады, ал бұл Аллаһтың жолындағы жиһад, әрі олар өздеріне жүктелген міндеттерді толық орындайды. Олар игілікке ұмтылады, сондықтан адамдар үшін араша түседі.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Адамның Ақырет өміріне арналған амалдар арқылы дүниелік игіліктерді қалауы (деген ұғымына түсініктеме).

Екінші. «Худ» сүресінің 15–16-аяттарын тәпсірлеу (**«Кімде-кім осы дүние тіршілігін әрі оның зейнетін қаласа...»**)

Үшінші. Мұсылманды **«динардың құлы», «дирхамнің құлы»** және **«әшекей-бұйымның құлы»** деп атаудың мәні.

Төртінші. Мұның түсіндірмесі: **«Оған осылар берілсе, ол риза болады, ал берілмесе — ол ашуланады».**

Бесінші. Пайғамбарымыздың ﷺ келесі сөздері: **«Оған қасірет болсын, әрі бүкіл істері басынан аяғына төңкерілсін».** (Бұл дұға да, ол туралы айтылған хабар да болуы мүмкін).

Алтыншысы. Оның ﷺ келесі сөздері: **«әрі оның денесіне қадалған тікенді суырып алатын ешкім табылмасын!»** (Бұл да дұға, немесе ол туралы айтылған хабар болуы мүмкін).

Жетіншісі. Аталған сипаттарға ие **мужаһидті мақтау.** (Мақтауға лайық — дирхам мен динардың иесі немесе жоғары лауазым мен мәртебеге ие адам емес, дәл осындай мужаһид болып табылады).

38. Ғалымдар мен билеушілерге олар Аллаһтың халал еткен нәрселерін харам еткенде, немесе харам еткен нәрселерін халал еткенде бағынатын адамдар соларды (өздеріне) Раббы ететіні туралы тарау.

Ғалымдар мен билеушілерге Аллаһқа мойынсұнбаушылықта бағынудың түрлері:

Егер адам олардың үкіміне өзінің білімсіздігі себебінен еріп, оны Аллаһтың үкімі деп санаса:

1. Егер ол ақиқатты білуге мүмкіндігі бола тұра, осыған немқұрайлық танытса, онда күнәхар болады.
2. Егер оның білім алуға мүмкіндігі жоқ болса және ақиқатты біле алмай, соларға соқыр түрде еріп, осыны шындық деп ойласа, онда оған күнә жоқ, өйткені бұл жағдайда оның үзірі бар.

Кіші күпірлік және үлкен күпірлікке түсудің өте үлкен қаупі:

Аллаһтың үкіміне разы болған және ол пенделер мен елдер үшін ең жақсы үкім екенін білген күйінде, бірақ өзінің нәпсісінің қалауы үшін, мысалы, мансаппен лауазымға жетуді көздеп, соларға ілесіп, бағынса, онда бұл кіші күпірлік. Ал егер ол осынысы арқылы адамдардың құқығын бұзса, онда әділетсіз-залым болады.

Үлкен күпірлік: Егер адам олардың үкіміне разы болып, оларды артық көрсе әрі Аллаһтың үкімін жек көрсе — бұл үлкен күпірлік. Сондай-ақ егер ол солардың үкімін Аллаһтың үкіміне тең немесе одан жақсы деп санаса да, бұл күпірлікке жатады.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: “Мен сендердің бастарыңа дәл қазір аспаннан тастар келіп түседі ме деп қорқамын! Мен: «Аллаһтың Елшісі ﷺ айтты», — десем, сендер: «Абу Бакр мен Умар айтты», — дейсіңдер”.

Ахмад ибн Ханбәл (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деді: “Хадис-

тің иснады әрі сенімділігі туралы біле тұра, әрі Аллаһтың: **«Сондықтан оның (Елшінің) әміріне қарсы келгендер өздеріне бір бүлік-фитна жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын»**, — деп айтқанына қарамастан, Суфиянның (әс-Сәури) пікіріне (соқыр түрде) ілесетіндер таң қалдырады.

Ал сен бүліктің не екенін білесің бе? Бүлік (фитна) — бұл ширк. Егер әлдебіреу Пайғамбардың ﷺ кейбір айтқан сөздерін қабылдамаса, оның жүрегіне адасушылық кіреді де, ол опат болады».

- «Абу Бакр мен Умар айтты...» — Абу Бакр мен Умардың шарифат мәтіндеріне өз пікірлерін қарсы қойып, қайшы келгендері белгісіз.
- **«Оның (Елшінің) әміріне қарсы келгендер»** — яғни олар Оның бұйрықтарына қажеттілік сезінбей және тіпті олар жайлы ойланбастан бет бұрады.

Ғалымдарға соқыр түрде ілесу мәселесіндегі үш пікір:

1) Рұқсат етілген (дұрысырақ пікір): егер адам осыған мұқтаж болып, оның үкімдерді білуге мүмкіндігі болмаса. Мұндай жағдайда адам діни білімі мен тақуалығына сенімді болған ғалымға ереді, бірақ оның әлдебір мәселедегі үкімдерінің ішіндегі өзі үшін жеңілдерін ғана алып, нәпсісіне ұнамайтын үкімінде басқа ғалымның пәтуасын іздеу дұрыс емес.

2) Бұл толықтай харам: себебі бұда сөзі дәлел болып табылмайтын адамдардың сөзін дәлел ретінде қабылдау бар.

3) Бұл міндетті: өйткені төрт имам қайтыс болғаннан кейін ижтиһад есігі жабылды.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Ғадий ибн Хатим (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: “Мен Пайғамбардың ﷺ: **«Олар өздерінің кітапшылдары мен монахтарын Аллаһ-**

тан өзге раббылар етіп алды», — деген аятты оқығанын естідім. Мен оған: «Бірақ біз оларға құлшылық етпейтінбіз ғой!» — дедім. Сонда ол: *«Олар Аллаһтың халал еткен нәрселерін харам етпейді ме, әрі сендер осыны харам деп санамайсындар ма, әрі егер олар Аллаһ харам еткен нәрселерді халал етсе, сендер де соны өздеріңе халал етесіңдер ғой!?»* — деп сұрады. Мен: «Иә, солай», — деп жауап бердім. (Ал ол (бұған): *«Міне, дәл осы — оларға құлшылық ету»*, — деді» (әт-Тирмизи 3104, Ибн Касир «Тафсирде» 485/2).

- **«Кітапшылары»:** діни білімі терең ғалымдары.
- **«Монахтар»:** дүниелік істерден оқшауланып, құлшылыққа берілген адам.
- «Бірақ біз оларға құлшылық етпейтінбіз ғой!»: яғни оларға сәжде жасап, олар үшін құрбандық шалмады немесе нәзір бермеді. Алайда Пайғамбар ﷺ оған құлшылықтың мәнінің бірі бойсұну және ол құлдың шартталған түрі екенін түсіндірді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «ән-Нур» сүресінің 63-аятының тәпсірі. («Сондықтан оның әміріне қарсы келгендер өздеріне бір бүлік-фитна жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын»).

Екінші. «ат-Тәуба» сүресінің 31-аятының тәпсірі. («Олар өздерінің кітапшылары мен монахтарын Аллаһтан өзге раббылар етіп мойындады...»)

Үшінші. Ғадий ибн Хатим теріске шығарған құлшылықтың мәніне нұсқау. (Яғни бойсұну арқылы орындалатын құлшылық).

Төртінші. Ибн Аббас мысал ретінде Абу Бакр мен Умарды, ал Ахмад Суфиан әс-Сәуридi келтірген.

Бесінші. Жағдайдың нашарлағаны соншалық, көпшілік үшін монахтарға құлшылық ету — ең маңызды іске айналып, оған “әулиелік” (әл-уилә) деген атау берілді. Ал кітапшыларға бойсұну “ғылым” және “фиқһ” деп аталды. Кейін жағдай одан сайын нашарлап, адамдар пасықтар мен надарға бойсұну арқылы Аллаһпен қатар соларға құлшылық ететін болды. (Біз адамдарды мұндайдан сақтандыруымыз әрі Аллаһтың шарифатын қорғауға әрі ешкімге оның Аллаһ харам еткен нәрсені халал етуінде де, Аллаһ халал еткен нәрсені харам етуінде де бағынбауға міндеттіміз).

39. «(Мухаммад,) саған түсірілген (Құранға) және сенен бұрын түсірілген (Кітаптарға) иман келтірдік деп, құр оршеленгендерді көрмейсің бе?! Олар үкім іздеп тағутқа жүгінуді қалайды. Негізінде, оларға оған күпірлік ету әмір етілген болатын. Өйткені шайтан оларды ұзақ адасумен адастыруды қалайды. Ал оларға: «Аллаһ түсірген Құранға және Елшіге келіндер», — делінсе, екіжүзділердің сенен жылдам бет бұратындарын көресің. Сонда олар өз қолдары істегендерінің салдарынан бастарына бір күйзеліс келген кезде қалай болмақ, содан соң олар саған келіп: «Біз тек жақсылықты және үйлестіруді қалап едік», — деп, Аллаһтың атымен ант етеді».

- Бұл тарау алдыңғы тараумен тығыз байланысты, себебі алдыңғы тарауда Аллаһ тыйым салғанды рұқсат етіп, рұқсат етілгенге тыйым салатын ғалымдар мен билеушілерге бағынған адамның үкімі туралы айтылған болатын. Ал бұл тарауда Аллаһтан басқаға төрелік сұраған адамның үкімі баяндалады.
- «...көрмейсің бе?»: бұл сұрақ Пайғамбарға ﷺ бағытталған болса да, онымен олардың жағдайын растау әрі оған таңдану меңзеледі.
- «...сенен бұрын түсірілген (Кітаптарға) иман келтірдік деп»: Аллаһ олар туралы «иман келтірді» деп айтқан жоқ, өйткені олар иман келтірмеді, бірақ өздерін солай деп ойлайды және өтірік айтады.
- «шайтан»: бұл жерде адамдар мен жындардан шыққан барлық шайтандар меңзелген.
- «...оларды ұзақ адасумен адастыруды қалайды»: оларды алдап еліктіру арқылы ақиқаттан өте алыс адасушылыққа салуды қалайды.
- «екіжүзділердің сенен жылдам бет бұратындықтарын көресің»: бұл жерде «олар» деген есімдіктің орнына «екіжүзділер» деген зат есімнің қолданылуының үш себебі бар:
 - 1) Өздерінің иман келтіргенін алға тартатын бұл адамдардың екіжүзділер екеніне нұсқау.

2) Бұндай әрекет тек екіжүздіден ғана шығады, өйткені нағыз иман келтірген адам Аллаһтың үкіміне күмәнсіз бағынады.

3) Тыңдаушының назарын аудару, өйткені бір мәнерде айтылатын сөздер зейінді әлсіретеді, ал сөйлеу мәнері өзгергенде, бұл тыңдаушының назарын өзіне қаратады.

- Шейхул-Ислам Ибн Тәймия (Аллаһ оны рахымына алсын) былай деген: «Бұл аяттар Аллаһ Тағаланың сипаттарын бұрмалап түсіндіретіндерге де қатысты. Олар өздерін Аллаһ пен Оның Елшісіне ﷺ иман келтірдік дейді. Бірақ оларға: «Аллаһ түсіргенге және Оның Елшісіне келіндер!» делінсе, олар теріс бұрылып: «Біз пәленше мен түгеншеге жүгінеміз», — дейді. Ал оларға осы істегендері үшін сөгіс айтылса, олар: «Біз тек жақсылық пен тура жолды қалаймыз және ақыл дәлелдері мен шарифат дәлелдерін үйлестіргіміз келеді», — деп жауап береді».

ЕКІНШІДЕН ТӨРТІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «Оларға: **«Жер жүзінде бұзақылық қылмаңдар!»**, — делінсе, олар: **«Біздер түзеуші ғанамыз»**, — дейді» («әл-Бақара» сүресі, 11-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деген: **«Жер беті түзетілген соң онда бұзақылық жасамаңдар...»** («әл-Әғраф» сүресі, 56-аят).

Аллаһ Тағала былай деген: **«Олар жаһилиет дәуірінің үкімін іздейді ме? Анық нанған ел үшін Аллаһтан жақсы үкім беруші кім бар?»** («әл-Мәйда» сүресі, 50-аят)

- **«Оларға: «Жер жүзінде бұзақылық қылмаңдар!»**, — делінсе»: жер бетінде бұзақылық жасаудың екі түрі бар:
Материалдық бұзақылық: үйлерді қирату және жолдарды бүлдіру сияқты.
Рухани бұзақылық: күнәлар арқылы жасалатын бұзақылық. Бұл — жер бетіндегі ең жаман бұзақылық.
- **«Біздер түзеуші ғанамыз»**: бұл сөз ең үлкен өтіріктердің бірі. Аллаһ олардың бұл сөзін теріске шығарып, олардың шынында бұзақылар екенін және өздерін түзетушіміз деп айтуы жалған екенін айтты.

- **«Жер беті түзетілген соң»:** бұл түзету тәртіп орнатушылар тарапынан жүзеге асады. Осы бұзақылықтың бірі — білім иелерінің, ізгі алдыңғы буынның және шарифатқа сай төрелік етушілердің шақыруына қарсы шығу.
- **«Олар жаһилиет дәуірінің үкімін іздейді ме?»:** бұл сұрақ сөгіс түрінде айтылған. Яғни олар тек надандық дәуірінің үкімін қалай ма? Надандықтың екі мағынасы бар: Пайғамбарлық келгенге дейінгі надандық дәуірі және надандыққа негізделген кез келген нәрсе.
- **«Аллаһтан жақсы үкім беруші кім?»:** Аллаһтың үкімінен артық ешкімнің үкімі жоқ. Бұл — бірқұдайшылықтың мағынасы.

БЕСІНШІ ЖӘНЕ АЛТЫНШЫ ДӘЛЕЛДЕР

Абдуллаһ ибн Умар (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін баяндаған: **«Сендердің ешқайсыларың өз қалауларыңды мен алып келген нәрсеге бағындырмайынша иман келтірген болмайсыңдар»** («әл-Арбағун» ән-Нәуауи, 47-аят).

Ән-Нәуауи былай деді: «Бұл — сенімді хадис. Біз оны «әл-Хужжә» кітабында сенімді иснадпен келтіргенбіз».

Әш-Шәғби (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деп баяндайтын: «Бірде екіжүзділердің біреуі яһудимен тартысып қалады да, яһуди оған: «Жүр, Мухаммадқа жүгінейік», — дейді, өйткені оған оның пара алмайтыны мәлім еді. Ал екіжүзді болса: «Жүр, одан да яһудиердің үкіміне жүгінейік», — деп (ұсыныс) айтады, өйткені ол олардың пара алатынын білетін еді. Тартысқан екеуі арасын шешу үшін Жухайнадағы бір көріпкелге баруға келіседі. Әрі сол кезде **«(Мухаммад,) саған түсірілген (Құранға) және сенен бұрын түсірілген (Кітаптарға) иман келтірдік деп, құр өршеленгендерді көрмейсің бе?! Олар үкім іздеп тағутқа жүгінуді қалайды...»** деген аяттар түсірілді».

Басқа бір хадисте осы аяттың түсуінің себебі туралы былай деп айтылған: «Бірде екі адам өзара тартысып қалады да, бірі екіншісіне: «Жүр, ендеше, Пайғамбарға ﷺ, ол біздің арамызды шешуі үшін, жүгінейік», — деп ұсынады. Екіншісі болса: «Қағб ибн Әшрафқа барайық», — деді. Ең соңында олар Умарға жүгінді де, тартысқандардың біреуі оған болған тірліктің барлығын айтып береді. Умар Пайғамбарға жүгінгісі келмеген кісіден: «Осылай болғаны рас па?», — деп сұрады. Әлгі адам:

«Иә, осылай болды», — деп жауап береді. Сонда Умар қылышын шығарып, оны шауып тастайды» (Ибн Хажәр «Фатх әл-Бари» 5/29 кітабында асарды әлсіз деді).

- **«иман келтірген болмайсындар»:** яғни оның иманы толыққанды болмайды. Егер ол нәпсісіне толықтай ерсе, онда оның иманы толығымен жойылады.
- Хадисті кейбір ғалымдар әлсіз деп санағанымен, оның мағынасы дұрыс.
- «екіжүзділердің біреуі»: олар сырттай Исламды көрсетіп, жүрегінде күпірлікті жасыратын адамдар.
- «Яһудилер»: өздерін Муса пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) дініне жатқызатындар. Олар «яһуди» деп келесі себептермен аталады:
 - 1) Олар: «Біз саған қайта оралдық (هنا — हुдна)» деген.
 - 2) Немесе олар өздерінің арғы атасы — Яхузға телінеді.
- «Мухаммадқа жүгінейік»: әлгі яһуди оны пайғамбар деп атамады, себебі олар оның пайғамбарлығына сенбеген.
- «Пара». адамның бір нәрсені алу үшін әлдебірлауазым иесіне беретін мал-мүлік.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Ән-Ниса» сүресінің 60–62 аяттарының тәпсірі әрі тағут ұғымының мәнін түсіндіру («(Мухаммад) саған түсірілген (Құранға) және сенен бұрын түсірілген (Кітаптарға) иман келтірдік деп, құр өршеленгендерді көрмейсің бе?»).

Екінші. «Әл-Бақара» сүресінің 11-аятының тәпсірі: «Оларға: «Жер жүзінде бұзақылық қылмандар!», — делінсе, олар: «Біздер түзеуші ғанамыз», — дейді». (Бұл аят екіжүзділік жер бетіндегі бұзақылық болып есептеледі, өйткені бұл аят екіжүзділер туралы. Бұзақылық ұғымы сондай-ақ барлық күнәларды да қамтиды).

Үшінші. «әл-Әғраф» сүресінің 56-аятының тәпсірі: «Жер беті түзетілген соң онда бұзақылық жасамаңдар»

Төртінші. «Әл-Мәида» сүресінің 50-аятының тәпсірі: «Олар жаһилиет дәуірінің үкімін іздейді ме? Анық нанған ел үшін Аллаһтан жақсы үкім беруші кім бар?» (Надандық (жәһилиет) — бұл шарифатқа қайшы келетін кез-келген нәрсе. Оның «надандық» деп аталғанының

себебі — адамдарды одан сақтандыру және оларға оның жиіркеніштілігін, сонымен бірге, жәһилиет дәуірінің үкімі надандық пен адасушылыққа негізделгенін түсіндіру үшін).

Бесінші. Әш-Шәғбидің бірінші келтірілген аяттың түсу себебі жайлы сөздері.

Алтыншы. Шынайы және жалған иманның мәні. (Шынайы иман — Аллаһ пен Оның Елшісінің ﷺ үкімдеріне толық мойынсұнуға, оларды қабылдауға және оларға бағынуға әкеледі, ал жалған иман — бұған қайшы келеді).

Жетінші. Умар мен екіжүздінің оқиғасы.

Сегізінші. Адам өз нәпсісін Аллаһ Елшісі ﷺ алып келген нәрсеге бағындырмайынша, иман келтірген болып саналмайды.

Жетінші бөлімге қатысты тексеріс сұрақтар (9 тарау)

Бірінші тапсырма: Дұрыс жауаптың қасына белгі қой немесе бос орынды толтыр

1) Бұл бөлімдегі алғашқы тарау — махаббат жайлы тарау.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

2) Кейбір ғибадат етушілер кейбір қабірлерді немесе әулиелерді Аллаһты жақсы көргендей немесе Одан да артық жақсы көреді:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

3) Егер жүректе Пайғамбарға ﷺ деген махаббат болмаса, не нәрсе жоққа шығарылады:

☐ иманның толықтығы

☐ иманның болуы

4) Пайғамбарды ﷺ бала-шағадан, ата-анадан және барлық адамдардан артық жақсы көру қажет:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

5) Иманның тәттілігін сезінудің себептерінің бірі:

☐ Аллаһ үшін болған махаббат

☐ туыстарға деген махаббат

6) Негізінде бір нәрсені жоққа шығару: жоққа шығаруды, содан кейін жоққа шығаруды, содан кейін жоққа шығаруды білдіреді.

7) Әһлу-с-Сунна (Сүннетті ұстанушылар) қорқыту мағынасында келген шарифат мәтіндеріне қатысты былай дейді:
..... Әрі бұл біздің олардың мағынасын түсінбейтінімізді білдіреді ме?

☐ иә

☐ жоқ

8) Егер кімде-кім Пайғамбар ﷺ жіберілгеннен кейін Аллаһ Тағала христиандардың немесе яһудилердің дініне разы және қабыл етеді деп санаса, сол Құранды жоққа шығарып, Исламнан шығады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

9) Мұсылман адам кәпірлерді алдамайды әрі оларға шындықпен олардың адасуда екенін және олар Муса мен Исаға берілген бұйрықтарға қайшы келетінін түсіндіреді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

10) Аллаһтың дұшпандарына деген жеккөрушілік пен оларды дұшпан санау олармен жасалған келісімдерді орындамауды білдірмейді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

11) «Егер мен христиан көрсем, көзімді жұмамын, өткені Аллаһтың дұшпанын көзіммен көргім келмейді», — деген кім?

☐ Имам Ахмад ☐ Шейхул-ислам Ибн Тәймия

12) «Кімде-кім мұмин әрі тақуа болса, сол Аллаһтың жақсы көретін жақын құлы (әулиесі) болады» деген кім?

☐ Ибн Тәймия ☐ Ибн әл-Қаййим

13) Аллаһтың жаратылыстарға деген жалпы қамқорлығы мұминдерді де, кәпірлерді де және бүкіл жаратылысты қамтиды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

14) Намаз оқып, ораза ұстайтын, бірақ Аллаһтың дұшпандарына жағымпазданатын (оларға сүйіспеншілік пен достық танытатын) адам Аллаһтың жақсы көретін жақын құлы (әулиесі) болмайды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

15) Автор махаббат туралы тарауды қорқу туралы тарауынан кейін келтірді, өйткені ғибадат осыларға негізделеді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

16) Аллаһтан қорқу мәселесінде адамдар екі шектен шыққан және бір орта (дұрыс) жолды ұстанатын топқа бөлінеді:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

17) Дұрыс қорқу — бұл адамға ол Аллаһ тыйым салған нәрселерді істеуіне бөгет болатын қорқу ғана, ал егер осы анықтамаға әлдебір нәрсе қосылса, бұл Аллаһтың рахымынан үміт үзуге алып келеді:

☐ дұрыс

☐ дұрыс емес

18) Кімде-кім арсыздық пен шарифат айыптайтын нәрселерге көмектессе, сол шайтанның жақсы көретін жақын адамдарының (яғни шайтанның әулиелерінің) бірі болады:

☐ дұрыс

☐ дұрыс емес

19) Кімде-кім Аллаһтан қорықса (خاف) және Оның алдында тақуа болса (اتقى), одан бәрі қорқады. Ал кімде-кім Аллаһтан өзге біреуден қорықса, ондай адам барлық нәрседен қорқатын болады.

☐ дұрыс

☐ дұрыс емес

20) Мешіттерді жандандыру дегеніміз –

☐ физикалық жандандыру

☐ рухани жандандыру

☐ екі жауап та дұрыс

21) Аллаһқа және Қиямет күніне иман жиі бірге айтылады, өйткені бұл мойынсұнуға жетелейді:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

22) Біз Пайғамбарымызды ﷺ не үшін жақсы көреміз?

1)

2)

3)

4)

23) Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болғаннан кейін оған деген махаббат қалай көрініс табуға тиіс?

- 1)
- 2)

24) Намазды орындау (إقام الصلاة) дегеніміз бұл:

- ☐ оның парыздарын орындау
- ☐ оның мұстахабтарын орындау
- ☐ екі жауап та дұрыс

25) Тәуекел — діннің жартысы:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

Қандай сөздерді айтуға болады?

- ☐ саған сенім арттым
- ☐ саған тапсырдым
- ☐ Аллаһқа, содан кейін саған сенім арттым
- ☐ бірінші сөзден басқа бәрі

26) Тәуекел дегеніміз —

.....

Ол қанша түрге бөлінеді?

- ☐ 3
- ☐ 4
- ☐ 5 түрге

27) Өлгендерге немесе қасында жоқ салиқалы адамдарға тәуекел ету –

- ☐ кіші ширк
- ☐ үлкен ширк

28) Біреуге ризық немесе күнкөріс мәселесінде мұқтаждық сезінген күйде сенім арту ету –

- ☐ рұқсат етіледі
- ☐ кіші ширк

29) Аллаһтың Елшісі ﷺ — тәуекел етушілердің мырзасы еді, бірақ осыған қарамастан ол ☐ қиындықтарға ұшырайтын ☐ ұшырамайтын, бірақ бұл оған ☐ зиян тигізді ☐ тигізген жоқ

30) Қайғыға түскенде не айтылады?

.....

31) Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) бану Исраилден

☐ хабар жеткізетіндерден еді

☐ хабаржеткізуді құптамайтын

32) Аллаһтың рахымынан үміт үзу —

☐ адасу

☐ тура жолды ауытқу

☐ Аллаһтың лайықты сипаттарын білмей адасу

☐ барлық жауаптар дұрыс

33) Аллаһтың мәкірінен қауіпсіздік сезіну —

☐ Аллаһтан қорқуда кемшілік жіберу

☐ Аллаһтан үміт етуде кемшілік жіберу

Ал Оның рахымынан үміт үзу —

☐ Одан қорқуда кемшілік жіберу

☐ Оған үміт етуде кемшілік жіберу

34) Үлкен күнәлардың саны ☐ шектеулі ☐ шектеусіз; олардың барлығыны дәрежесі ☐ бірдей ☐ бірдей емес. Үлкен күнә жасаушының үкімі: ☐ ол иманы толық емес мүмин ☐ иманы үшін мүмин, күнәсі үшін күнәһар ☐ мүмин ☐ кәпір ☐ бірінші және екінші жауап дұрыс. Үлкен күнә жасаушыны біз: ☐ жақсы көреміз ☐ жек көреміз ☐ оның иманы үшін жақсы көреміз, күнәсі үшін жек көреміз. Үлкен күнәлар ізгі амалдардың себебімен кешіріле ме? ☐ иә ☐ жоқ.

Үлкен күнә жасап жатқан адаммен ол соны жасап жатқан кезде бірге отыруға бола ма? ☐ иә ☐ жоқ. Егер ол күнәларының бір бөлігіне тәубе етсе, ол қабыл болады ма? ☐ иә ☐ жоқ.

35) Сабырдың қанша түрі бар?

☐ 3

☐ 4

☐ 5

Аллаһтың құлына деген сүйіспеншілігінің белгісі — оны сынаққа алуы:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

36) Сабырдың ең жоғары дәрежесі — күнәлардан бас тартуда сабырлық таныту:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

37) Сабыр туралы тарауға ұқыптытылық танытудың жемісі — оны қиындықтарға тап болған кезде еске алу және қиындыққа сабыр еткен адамның есіне салу:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

38) Егер мұминнің бойында екі кәпірлік сипат жиналса, ол кәпірге айналады:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

39) Егер кәпірде мұсылманға тән әлдебір сипат, мысалы ұялшақтық болса, бұл оның мұмин екенін білдірмейді:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

40) Егер шариғи мәтіндерде «күпірлік» (كفر) сөзі белгісіздік райында келсе, ол Исламнан шығуды білдіреді ме?

☐ иә

☐ жоқ

41) Адамдар қайғы-қасіреттерге қатысты қанша топқа бөлінеді:

☐ 3

☐ 4

☐ 5

42) Тағдырға кейіс-наразылық білдіру күпірлікке апарады:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

43) Тағадырға кейіс-наразылық білдірудің түрлері:

☐ жүректе, тілде және іс-әрекетте болуы мүмкін

☐ тек тілде және іс-әрекетте ғана болады

44) Басқа түскен қиыншылықтарға сабыр ету мен разы болудың айырмашылығы — олардың үкімінде әрі адамның қиындықтарды қалай көтеретінінде:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

45) Кейде адамның иманы күнәлардың себебінен артады:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

46) Аллаһ Өз даналығымен жамандықтың орын алуын қалайды, бірақ бұл жамандық соның құрамындағы даналықтың арқасында кейін жақсылыққа айналады:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

47) Қайта тірілу күні (يوم القيامة) «Қиямет күні» деп аталуының себебі келесіде:

☐ адамдар қабірлерінен тіріліп шығады

☐ куәлар шақырылады

☐ әділ үкім шығарылады

☐ жоғарыда аталғандардың барлығы дұрыс

48) Адамның бұл дүниеде жазаға тартылуы, оның жазасының Қияметке дейін кейінге шегерілуінен жақсырақ:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

49) Адамға қадалған тікен үшін берілетін сауап, сынған сүйек үшін берілетін сауаптай:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

50) Аллаһтың кез келген сипаттарына қатысты біздің ұстанымымыз қандай болу керек?

☐ біз оларды растаймыз

☐ оларды әлдебір нәрсеге ұқсатудан және «қалай?» деп сұраудан сақтанамыз

☐ екі жауап та дұрыс

51) Шыққан текті сөгу дегеніміз:

☐ балағаттау

☐ жоққа шығару

☐ екі жауап та дұрыс

52) Рия (көзбояушылық) — бұл ширк (Аллаһқа серік қосу) (☐ кіші ширк ☐ кіші ширк, бірақ ол үлкен ширкке алып баруы мүмкін).

Рия — адамдар көрсін деп құлшылық ету, ал «адамдар естісін» деп жасау оған кірмейді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

53) Риядан құтылудың жолдарының бірі — өлімді және оның азабын еске алу:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

54) Адам өзінің құлшылығы туралы адамдардың білетініне қуанса, бұл:

☐ рия ☐ рия емес

55) Адам құлшылық еткені үшін қуанса, бұл:

☐ рия ☐ рия емес

56) Адам Аллаһ разылығы үшін садақа берді, ал кейін Аллаһ мұсылмандардың жүрегіне оған деген махаббат пен мақтауды салды:

☐ ол рия жасаушы болып есептеледі

☐ ол ықыласты (яғни Аллаһ үшін жасаған) болып есептеледі

57) Адам Аллаһ разылығы үшін садақа берді, бірақ оның мақсаты дүние байлығын арттыру болса, онда ол:

☐ құлшылық арқылы дүниелік нәрсені қалады

☐ құлшылық арқылы мәңгілік өмірді (Ақыретті) қалады

58) Егер мұсылман адам рияға түсіп қаламын деп қорықса, онда ол бұл құлшылықты тастауы керек:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

59) Адамның «динардың құлы» деп аталуының себебі:

☐ оған құлшылық етуі

☐ ол тек ақша берілгенде разы болып, берілмегенде ашулануы, бұл оны құлға айналдырады

60) «Туба» дегеніміз:

- ☐ бұл адам ең жоғары дәрежеге жетеді
- ☐ Жәннаттағы бір ағаш

61) Дүние пайдасын көздеп құлшылық ету — рияның ең қауіпті түрлерінің бірі:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

62) Даутерлердің бір тарапының қазыға берген сыйы:

- ☐ қызметкерлердің сыйақысы
- ☐ пара
- ☐ екі жауап та дұрыс

63) «Лә иләһә иллә-Лләһ» куәлігінде рия жасау мен садақа беру кезінде рия жасаудың арасында айырмашылық жоқ:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

64) Дирхам — бұл:

- ☐ алтын тиын
- ☐ күміс тиын

65) Мал-мүлік пен жоғары дәрежеге ие адамдар мақтауға лайық:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

66) Адамға дүние берілгенде разы болып, берілмегенде ашулануы — оның дүниені қалағанының белгісі:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

67) Ғалымдар — (☐ адамдарды мәжбүрлейді және заңды орындатады ☐ бағыт көрсетеді және үйретеді), ал билеушілер — (☐ адамдарды мәжбүрлейді және заңды орындатады ☐ бағыт көрсетеді және үйретеді).

68) Абу Бакр мен Умар өз пікіріне сүйене отырып, шарифатқа қайшы әрекет етті деген дерек жоқ.

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

69) Аллаһқа мойынсұнбау тұрғысынан ғалымдар мен билеушілерге бағынудың түрлері:

..... және оның үкімі

..... және оның үкімі

..... және оның үкімі

70) Қарапайым халықтың мазһабқа соқыр еріп, мазһаб үшін достық және дұшпандық таныту:

☐ мақтаулы ☐ айыптаулы амал

71) Кітап иелерінің «рохиб» (الراهب) деген адамдары кім?

☐ кең көлемді білімі бар ғалым

☐ құлшылыққа берілген аскет

Ал «хибр» (الحبر):

☐ кең көлемді білімі бар ғалым

☐ құлшылыққа берілген аскет

72) Ғадий ибн Хатимнің хадисінде (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ халал еткен нәрсені харам етудің бірінші болып аталуының себебі — өйткені бұл харамды халал етуден де ауыр:

☐ дұрыс ☐ бұл

73) Ал ғалымдар мен билеушілерге еріп, шарифатқа (☐ қайшы келетін ☐ сәйкес келетін ☐ екі жауап та дұрыс) нәрселерде оларға еру — оларды Аллаһтан өзге раббы етіп алу болып табылады.

73) Кімде-кім Аллаһ түсірген үкімге жеккөрушілік танытса, сол кәпір болады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

74) Аллаһтың түсірген шарифатымен үкім етпеуді рұқсат деп сену — күпірлік:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

75) Аллаһтың шариғатынан басқа нәрсемен үкім ету Аллаһтың шариғатымен үкім етумен тең немесе одан да жақсы деп сену –

- ☐ үлкен күпірлік ☐ кіші күпірлік

76) Аллаһтың үкімінің ең жақсы әрі ең даналыққа толы екеніне сенгенімен, сотталушыға деген жеккөрушілігі себепті Аллаһ түсірген үкіммен үкім етпеу — бұл:

- ☐ күпірлік
☐ әділетсіздік
☐ бұзақылық

77) «Шайтан қалайды...» дегенде мұнда шайтандардың қай түрі меңзелген?

- ☐ адамдар арасындағы
☐ жындар арасындағы
☐ екі жауап та дұрыс

78) «иман келтірдік деп, құр өршеленгендерді»:

- ☐ олар өздерін мүмин деп санады, бірақ олар — өтірікшілер
☐ олардың іс-әрекеттері сөздеріне қайшы келеді
☐ екі жауап та дұрыс

79) Күйзелістер:

- ☐ шариғи
☐ дүниелік
☐ екі жауап та дұрыс

80) Аллаһ пен Оның Елшісінің ﷺ әміріне бойсұнбай, олардан теріс бұрылған адам:

- ☐ мүмин ☐ екіжүзді

81) Жер бетіндегі ең үлкен бұзақылық — бұл:

- ☐ физикалық бұзақылық ☐ рухани бұзақылық

82) Тәртіп орнатылғаннан кейін бұзақылық — тәртіп орнатылғанна бұрынғы бұзақылықтан жаман, тіпті екеуі де түзетуді қажет етсе де:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

83) Надандық (жәһилиет) — бұл:

☐ пайғамбарлықтан бұрынғы дәуір

☐ білімге негізделмеген надандық

☐ екі жауап та дұрыс

84) Адам өзіне тиесілі нәрсені алуы немесе өзіне зиян келетін зияннан құтылу үшін пара беру (алу) харам болып табылады:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ

Есім-сипаттардағы бірқұдайшылық (1 тарау)

40. Аллаһ Тағаланың қандай да бір есімін немесе сипатын жоққа шығаратын адам жайлы тарау.

Жухуд — бұл жоққа шығару, ол екі түрге бөлінеді:

1) Өтірік санап, жоққа шығару — бұл, ешбір күмәнсіз, күпірлік болып табылады. Кімде-кім Құранда немесе Сүннетте бекітілген Аллаһтың әлдебір есімін немесе сипатын жоққа шығарса, бұл — мұсылмандардың бірауызды келісілген пікірі бойынша, күпірлік, себебі Аллаһ пен Оның Елшісін ﷺ өтірікте айыптау — діннен шығаратын күпірлік екеніне бүкіл үммет ғалымдары бірауыздан келіскеен.

2) Оны өзгеше түсіндіру арқылы жоққа шығару: яғни тікелей жоққа шығармай, мағынасын бұрмалау:

- Егер бұл тілдік тұрғыдан негізсіз болса, бұл күпірлік болып саналады. Мысалы, Аллаһтың Қолы — бұл көктер дегендер. Бұл — күпірлік, себебі бұған тілдік негіз жоқ әрі бұған шариғи мағына да нұсқамайды. Сондықтан да бұндай адам сипаттарды жоққа шығарған әрі күпірлік түскен болады.

- Егер бұған тілдік тұрғыдан негіз болса, онда бұл күпірлік болмайды, бірақ адам үлкен қауіпке ұшырайды, және біз оны теріске шығарамыз. Мысалы, «Оның екі Қолы кең жайылған» деген аятта «Қол» дегенде мейірімділік меңзеледі», — дейтін адам. Бұл адам кәпір болмайды, себебі араб тілінде «اليد» («яд» — қол) сөзі осындай мағынаны да

білдіреді. Бірақ біз оған келесідей жауап береміз:

- 1) Бұл шариғи мәтіннің тікелей мағынасына және салиқалы сәләфтардың бірауыздан келісілген пікіріне қайшы келеді, әрі бұған дәлел жоқ.
- 2) «Қол» сөзі екілік және көптік түрінде, «қамту», «жайылу» сипаттарымен сипатталып келген, ал мейірім немесе құдірет мұндай сипаттармен сипатталмайды.
- 3) Аллаһ Адамды өзінің екі Қолымен жаратқанын ерекше атап өтті, ал егер мұндағы «Қол» мейірім немесе құдірет деген мағынаны меңзейтін болғанда, онда Адам мен басқа жаратылыстар арасында айырмашылық болмас еді.

- Аллаһтың есімдері мен сипаттарындағы таухид бұл — Аллаһты Ол Өзін-Өзі Өз Кітабында және Өз Елшісінің ﷺ тілімен сипаттаған есімдер мен сипаттарға жалғыз Өзі ие деп сену. Бұл сенім Аллаһ Өзіне қатысты бекіткен нәрселерді ешбір бұрмалаусыз, теріске шығарусыз, бейне-кейіп берусіз (яғни «қалай?» деген сұрақ қоймай) және ешбір нәрсеге ұқсатусыз растау арқылы көрініс табады.

Неліктен автор «бұрмалау (تحريف)» деді, бірақ «тәъуил (تأويل)» деп айтпады?

- 1) Өйткені бұл Құранда келген және біз одан ауытқымаймыз.
- 2) Бұл шындыққа жақынырақ: олар, шындығында, тәпсірлеп-түсіндіруші (тәъуил жасаушылар) емес, бұрмалаушылар болып табылады.
- 3) Бұл адамдарды олардан алыстату үшін: егер біз оларды «тәъуил жасаушылар» десек, олар қуанар еді.
- 4) Себебі тәпсірлеп-түсіндіру (тәъуил) толығымен айыпталмайды: егер оған шариғи дәлелдер нұсқаса, онда ол дұрыс және қабылданады, ал егер оған дәлелдер нұсқамаса, ол теріске шығарылады. Ал бұрмалау — толығымен айыпталатын нәрсе.

Неліктен жартылай ұқсату («эт-тәшбих» (التشبيه)) емес толық ұқсату («эт-тәмсил» (التمثيل)) теріске шығарылады?

- 1) Өйткені Құранда «التمثيل» (тәмсил — толық ұқсату) сөзі қолданылған, және ол толықтай теріске шығарылады, ал «التشبيه» (ташбих — ұқсастық) сөзі Құранда жоқ.

- 2) Себебі ұқсастықтың толықтай жоқтығын растау дұрыс емес: кез келген екі нәрсе арасында белгілі бір дәрежеде ұқсастық бар, бірақ олардың әрқайсысы өзіне тән сипаттарымен ерекшеленеді.
- 3) Адамдар «тәшбих» қатысты келіспеушілікте болған: кейбіреулер Аллаһтың сипаттарын растауды да «тәшбих» деп атайды.

«Есім» (اسم) сөзі қайдан шыққан?

- 1) «السّم» (әс-сумуу) — жоғары болу. Әлдебір есіммен аталушы өзінің есімімен ерекшеленеді, жоғары тұрады әрі көрініс табады.
- 2) Немесе «السمة» (әс-симату) — белгі, ерекшелік. Есім онымен аталғанның ерекше белгісі болып табылады.

Есімдер мен сипаттардың айырмашылығы

Есім — Аллаһтың аттары.

Сипат — Аллаһтың сипаттары.

Неліктен біз Аллаһтың есімдері мен сипаттарындағы бірқұдайшылықты зерттейміз?

- 1) Бірқұдайшылықты жүзеге асыру үшін, әрі тіпті адам таухидтің үш түрінде Аллаһтың жалғыздығына сенбейінше бірқұдайшыл болмайды.
- 2) Бұл жүректің тірі болуының басты себебі және Аллаһты танудың ең ардақты ілімі.
- 3) Жәннатқа кіру үшін. Пайғамбар ﷺ: *«Аллаһтың 99 есімі бар, кімде-кім оларды түгендеп айтса (жаттап, мағынасын біліп, соларға сәйкес амал етсе), Жәннатқа кіреді»*, — деген.
- 4) Себебі бұл — салиқалы сәләфтардың ұстанған негізі.
- 5) Аллаһты жаратылысқа ұқсататын және Оның сипаттарын жоққа шығаратын адасқан топтар түскен нәрселерге түспеу үшін.
- 6) Аллаһқа Оның есімдері арқылы дұға ету үшін. Аллаһ Тағала: *«Аллаһтың көркем есімдері бар, сондықтан Оған солар арқылы дұға етіңдер...»*, — деген.

Тахриф — Аллаһқа қатысты расталуға тиісті нәрсені бұрмалау:

1. Айтылуында (дыбысталуында) бұрмалау — Аллаһ Тағаланың: «...Аллаһ Мусамен сөзбен сөйлесті» деген сөздерін бұрмалап, «Муса Аллаһқа сөз сөйледі» деп есептеп, Аллаһтың «Сөйлеу» сипатын теріске шығарғандар. Бірақ олардың бұл пікірлерін Аллаһтың «Онымен (Мусамен) Раббысы сөйлесті» деген аятындағы айқын дәлел теріске шығарды, әрі олар оған жауап бере алмай, дәлелдері таусылды.

2. Мағынасын бұрмалау — Аллаһтың «қолы» деген сипатын «мейірім» деп айтатындар секілді.

Тағтыль (сипаттарды жоққа шығару) — Аллаһқа тән деп расталуға тиіс нәрсені жоққа шығару екі түрге бөлінеді:

1. Толық жоққа шығару — Жәхмийлер секілді, олар Аллаһтың барлық сипаттарын жоққа шығарған.

2. Жартылай жоққа шығару — Әшғарилер секілді, олар кейбір сипаттарды растап, кейбірін жоққа шығарады.

Аллаһтың сипаттарына кейіп беру («қандай?» деп сұрау):

1. Жүрекпен: бір нәрсенің бейнесін жүрекпен елестету.

2. Қолмен: қимылмен бір нәрсені көрсету.

3. Тілмен: сөзбен сипаттап айту.

Аллаһтың есімдері неге нұсқайды?

1. Оларға толық сәйкес келетін нәрсеге (диләләту-л-мутобақа): олар қамтитын барлық мағыналар.

2. Олардың құрамына кіретін нәрсеге (диләләту-т-тадомун): олар өзіне қамтитын мағынаның бір бөлігі.

3. Олардан туындайтын нәрсеге (диләләту-л-илтизам): олар міндетті түрде нұсқайтын сыртқы мағына.

Мұның мысалы: «الخالق /әл-Холиқ/» (Жаратушы) есімі, біріншіден, Аллаһтың Жалғыздығына нұсқайды, өйткені бұл есім тек Оған ғана лайық. Екіншіден, ол Аллаһтың Жарату деген сипатына нұсқайды, өйткені өзіне осы мағынаны қамтиды. Үшіншіден, бұл есім Аллаһтың білімі мен құдіретіне нұсқайды, өйткені бұл осы есімнен міндетті түрде туындайды. Бұл туралы Аллаһ Тағала:

«Ол Аллаһ, жеті көкті және жерді де сол секілді жаратқан. Оның (шариғи және болмыстық) әмірлері олардың арасында түсіп тұрады. Бұл сендердің Аллаһтың әр нәрсеге құдіретті екенін және Аллаһтың әрбір нәрсені білімімен қамтитынын білулерің үшін...» («әт-Толәқ» сүресі, 12-аят).

Біз есімдер мен сипаттар ғылымын қалай үйренеміз?

1. Білім алу — бұл ғибадат, сондықтан да біз міндетті түрде Пайғамбар ﷺ мен оның сахабалары жүрген жолмен жүруіміз керек.
2. Үйренудің мақсаты Аллаһты ұлықтау болу қажет. Имам Мәликке Аллаһтың жоғарыда болуы туралы сұрақ қойылғанда, оның басы төмен иіліп, жүзіне тер шығып кетті. Себебі ол ұлы нәрсе жайлы сұралған болатын.
3. Сахабалар сұрамаған нәрсені біз де сұрамауымыз керек.
4. Алдымен дәлел келтіріп, содан кейін соның үстінде сенім қалыптастыру керек. Сүннетті ұстанушыларға қайшы келетін адасқандар керісінше жасайды: олар әуелі сенім құрып алып, содан кейін соған сәйкес келетін дәлел іздейді, бірақ оларды таппай, адасушылық жолын таңдап, бидғаттарға түсіп кетеді.
5. Біз имам әш-Шәфиғидің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) жолын ұстанамыз: «Иман келтір, сонда тура жолда боласың». Яғни сіз Аллаһқа және Оның жіберген нәрсесіне, Аллаһ қалай қаласа, дәл солай иман келтіруіңіз керек. Сондай-ақ Аллаһтың Елшісіне ﷺ және

оның алып келген нәрсесіне, ол қалай қаласа, дәл солай иман келтіруіңіз керек.

Аллаһтың сипаттарына байланысты кейбір мәселелер

- 1) Аллаһтың есімдері белгілі бір санмен шектелмейді. Бұған дәлел — Пайғамбарымыздың ﷺ мына сөзі: «...**немесе Сен Өзіңнің ғайып біліміңде жасырған есімдер**». Ал Пайғамбарымыздың ﷺ «**Расында, Аллаһтың 99 есімі бар**» деген сөзі, Оның бұлардан басқа есімдері жоқ дегенді білдірмейді. Алайда бұл, мысалы, бір адамның: «Менде садақа беру үшін жүз жылқы бар», — деуі сияқты.
- 2) Аллаһтың есімдері әрі жалқы есімдер, әрі сипаттар болып табылады. Олар Аллаһтың болмысына нұсқайтыны тарапынан — есімдер, ал өздерінің ішіндегі мағыналары Аллаһтың сипаттарын білдіретіндіктен, олар сипаттар болып табылады. Бұл біздің есімдерімізден өзгеше: өйткені кейде адамның аты — Ғалий (Жоғары) болып, бірақ шын мәнісінде ол ең төмен адамдардың бірі болуы мүмкін.
- 3) Аллаһтың есімдері бәрі синоним ретінде бір Аллаһқа нұсқайды, бірақ әртүрлі мағынаға ие: олардың барлығы Аллаһтың болмысына нұсқайды, өйткені олардың барлығы осы есімдермен аталатын Аллаһқа нұсқайды. Мысалы, «Естуші» (السمیع), «Көруші» (البصیر), «Дана» (الحكيم) — бұлардың барлығы осы есімдермен аталатынға нұсқайды, ал ол — Аллаһ, алайда олар мағыналары бойынша бір бірінен ерекшеледі. Мысалы, «Дана» (الحكيم) есімінің мағынасы «Естуші» (السمیع) есімінің мағынасынан өзгеше.
- 4) Әрбір есім Аллаһтың болмысына және белгілі бір сипатқа нұсқайды. Сондықтан біз осы есімдердің барлығына және олардың білдіретін сипаттарына иман келтіруіміз қажет. Біз, сондай-ақ, бұл сипаттың, егер ол сабақты-өтпелі болса, әсерлері мен үкімдеріне де иман келтіреміз. Мысалы, «Естуші» (السمیع), біз Аллаһтың «Естуші» (السمیع) деген Есімі бар екеніне, ол Оның Есту деген Сипаты бар екеніне, әрі Ол барлық нәрсені — Есту бар екенін білдіреді, әрі бұл есімнің Аллаһ барлық нәрсені естиді деген әсері мен үкімі бар екенін иман келтіреміз. Бірақ егер есім сабақты-өтпелі болмаса, мысалы, «Ұлы» (العظیم) немесе «Тірі» (الحي), онда біз бұл есімдерді және олардың құрамындағы сипаттарды растаймыз, бірақ олар жаратылыстарға өтпейді.
- 5) Сипаттар есімдерге қарағанда кеңірек ұғым болып табылады: өй-

ткені әрбір есім белгілі бір сипатқа нұсқайды, бірақ әрбір сипат есімге нұсқай бермейді. Аллаһтың сөйлеу және қалау сипаттары бар, бірақ Ол «Сөйлеуші» немесе «Қалаушы» деп аталмайды.

- б) Аллаһ Өзін сипаттаған барлық сипаттар тікелей мағынада қабылданады (олар астарлы мағынада айтылмаған). Бірақ біз Оны жаратылысқа ұқсатудан және қандай да бір кейіп-бейне беруден аулақ болуымыз керек.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деді: «...бірақ олар аса Мейірімдіге (әр-Рахман-ға) иман келтірмеді» («әр-Рағд» сүресі, 30-аят)

- Құрайыш мүшриктері бұл есім есімімен аталған Аллаһқа емес, осы есімнің өзіне күпірлік танытты, өйткені олар Аллаһқа сенетін.
- Бұл аятта Аллаһтың тіпті бір ғана есімін жоққа шығару күпірлік болып табылатынына нұсқау бар.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Әл-Бухаридің «Сахихында» Алидің (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «Адамдарға олар түсінетін нәрселерді айтыңдар. Сендер Аллаһ пен Оның Елшісінің ﷺ өтірікші атануын қалайсыңдар ма?» («әс-Сахих әл-Бухари», 127)».

- Дінге шақырушы адам шақырылатын адамдардың түсіну деңгейін ескеріп, әр адамға жағдайына қарай үндеу айту қажет. Адамдардың ақыл-санасын ескеріп, соған байланысты жеткізу қажет. Бұл олардың хадисті қабылдап, көңілдері жай тапқанға дейін біртіндеп жеткізуімізде көрініс табады, әрі біз оларды ақыл-саналары түсінбейтін нәрсеге шақырмаймыз.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Абдур-Раззақ Мағмар ибн Рошидтен, ол Ибн Тоуустың өз әкесінен Ибн Аббастың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деп баяндағанын жеткізген: «Мен Пайғамбардың ﷺ Аллаһтың сипаттарына қатысты хадисін естіген кезде наразылығынан селк ете түскен адамды көрдім. Мен: «Оларды қорқытатын не? Олар (мағынасы) ай-

қын аяттарды қабылдайды да, ал астарлы мағыналы (аяттардан) құриды», — деп сұрадым».

- «Оларды қорқытатын не?» — яғни не үшін олар өздеріне оқылып, жеткізілген сипаттарды растаудан қорқады? Не үшін олар Аллаһ Өз-Өзіне қатысты растаған және Оның Елшісі ﷺ Оған қатысты растаған сипаттарды Аллаһқа қатысты растаудан бас тартады?



1. Құран, астарлы-ұқсас мағыналы аяттары бар екені аталмай-ақ, анық (мухкам) деп аталады. Бұл Құранда ешқандай кемшілік, хабарларында өтірік, ал үкімдерінде әділетсіздік жоқ екенін білдіреді. Аллаһ Тағала былай деді: **«Раббыңның сөзі шындықпен әрі әділеттілікпен тұрғысынан толық орындалды»** («әл-Әнғам» сүресі, 115-аят).
2. Құран туралы, оның анық мағыналы аяттары бар екені аталмай-ақ, ол толықтай ұқсас мағыналы (мутәшәбиһ) деп те айтылады. Бұл оның барлық бөліктері көркемдік пен кемелдікте өзара ұқсас және бірін-бірі қуаттап, растайтынын білдіреді. Аллаһ Тағала былай деді: **«Аллаһ аяттары бір-біріне ұқсас әрі**

қайталанып отыратын сөздің ең көркемін Кітап түрінде түсірді» («әз-Зүмәр» сүресі, 23-аят).

3. Құранда анық және анық емес аяттар бар деп те айтылған.

- Анық аяттар — мағынасы ашық әрі түсінікті.
- Анық емес аяттар — мағынасы жасырын болып табылатындары. Анық емес аяттардың екі түрі бар:
- Толықтай анық емес аяттар: олардың шынайы мәнін тек Аллаһ қана біледі. Мысалы, Аллаһтың сипаттарының шынайы кейіп-болмысы немесе Жәннаттағы нәрселердің шынайы сипаты.
- Салыстырмалы түрде анық емес аяттар: олардың мағынасын терең білім иелері біледі, бірақ кейбір адамдар үшін олар түсініксіз болуы мүмкін.

Құранда бүкіл адамдар үшін мағынасы мүлде түсініксіз болып қалған ешбір нәрсе жоқ, алайда олар оны түсінуде қателесуі мүмкін. Сондықтан Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген екен: «Мен оның тәпсірін білетін терең білім иелерінің бірімін». Ол мұны өзін мадақтау үшін емес, адамдар Аллаһтың Кітабында мағынасы мүлде белгісіз болып қалған ешбір нәрсе жоқ екенін білсін деп айтты. Сондықтан Аллаһ Елшісінен ﷺ бастап осы үмметтің соңына дейінгі бүкіл адамдар үшін Құранның мағынасы түсініксіз болуы мүмкін емес. Олар Аллаһтың сипаттары туралы аяттарды оқып, олардың мағынасын мүлде түсінбейді деу дұрыс емес.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Құрайшытықтар Аллаһ Елшісінің ﷺ әр-Рахман (аса Мейірімді) туралы айтқанын естігенде, мұны қабылдамай қойды. Сонда Аллаһ оларға қатысты келесі (аятты) түсірді: **«Бірақ олар аса Мейірімдіге (әр-Рахманға) иман келтірмеді. Оларға: “Ол — менің Раббым, Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Оған тәуекел еттім, әрі Оған тәубе етіп ораламын”, — де» («әр-Рағд», 30-аят).**

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың есімдері мен сипаттарының кез келгенін жоққа шығару күпірлік болып табылады. (Яғни мұндай адамның иманы жоққа шығарылады).

Екінші. «әр-Рағд» сүресінің 30-аятын тәпсірлеу. («Бірақ олар аса Мейірімдіге (әр-Рахманға) иман келтірмеді»).

Үшінші. Тыңдаушыға ол түсінбейтін нәрсені айтуға деген тыйым. (Біз оларға түсініктеріне сәйкес жеткізуіміз керек).

Төртінші. Мұның себебі — түсініксіз нәрсе Аллаһ пен Оның Елшісін ﷺ жоққа шығаруға әкелуі мүмкін, тіпті жоққа жұғарушы мұны қасақана істемесе де.

Бесінші. Ибн Аббастың (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың есімдері мен сипаттарының әлдебіреуін жоққа шығаратын адам туралы бұл оны опат етеді деп айтқан сөзі.

Сегізінші бөлімге қатысты тексеріс сұрақтары (бір тарау)

Бірінші тапсырма: Дұрыс жауаптың қасына белгі қойыңыз немесе бос орынды толтырыңыз.

1) Аллаһтың есімдері мен сипаттарын жоққа шығару (☐ 2 ☐ 3) түрге бөлінеді, ал есімдер мен сипаттардың айырмашылығы мынада: есім — Аллаһ Өзін қалай атағаны, ал сипат — Ол Өзін қалай сипаттағаны.

☐ дұрыс ☐ бұрыс.

2) Аллаһтың есімдері мен сипаттарын жоққа шығару Құран мен Сүннетте қандай күпірлік деп аталады?

☐ үлкен ☐ кіші.

3) «الاسم» (есім) сөзі мынадан туындаған:

☐ السمو (биіктік)

☐ السمة (белгі)

☐ екі жауап та дұрыс

4) Ұлы және Құдіретті Аллаһтың есімдері ол:

☐ мағынаға нұсқайтын есімдер

☐ сипаттар

☐ екі жауап та дұрыс

5) Аллаһтың құлдарының есімдері:

☐ тек жалқы есімдер

☐ сипаттар

☐ жоғарыда көрсетілгендердің барлығы.

6) Аллаһтың Есімдері келесі нәрселерге нұсқайды:

☐ өздері нұсқайтын мағынаға

☐ өздігінше өз құрамына қамтитын мағынаға

☐ олардан туындайтын мағынаға

☐ жоғарыда көрсетілгендердің барлығы.

7) Аллаһтың есімдері:

- ☐ Жалғыз Оған ғана нұсқайды
- ☐ әртүрлі мағыналарға ие
- ☐ екі жауап та дұрыс

8) Аллаһтың есімдері белгілі бір саны бойынша:

- ☐ шектеулі
- ☐ шектеулі емес

9) Сипаттар есімдерден көп, өйткені әрбір есім өз құрамына сипатты да қамтиды:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

10) Аллаһ сипатталған көптеген сипаттар бар, бірақ олардың барлығы есімдер болып табылмайды:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс.

11) Ұқсастықты жоққа шығару туралы айтқанда, «тәшбих» «التشبيه» емес, «тәмсилъ» «التمثيل» сөзін қолданған жөн.

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс.

12) Біз не үшін Аллаһтың есімдері мен сипаттарын оқып білуіміз керек?

- 1)
- 2)
- 3)
- 4)
- 5).....

13) Оларды оқып үйренудің жолдары:

- 1)
- 2).....
- 3).....
- 4).....

14) Адамдарға ақылдары қабылдамайтын нәрсені жеткізбейміз, тіпті егер оларға ол қажет болса да:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

15) «Бірақ олар аса Мейірімдіге (әр-Рахманға) иман келтірмеді» деген аяттың мағынасы:

.....
.....

16) Аллаһтың сипаттары туралы шариғи мәтіндер түсінікті, себебі біз олардың мағынасын түсінеміз, ал олардың болмысы бізге белгісіз, оны тек Аллаһ біледі.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

17) Егер «айқын» (الْحَكْم) сөзі жалғыз айтылса, ол нені білдіреді?

☐ мағынасы түсінікті нәрсені

☐ кемшіліксіз нәрсені.

18) Егер «күмәнді» (الْمُشَاكَّة) сөзі жалғыз айтылса, ол өзара ұқсас, кемел және көркем нәрсені білдіреді:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

19) Салыстырмалы түсініссіздік — барлығынан жасырылған нәрсе, ал толық түсініссіздік — тек кейбір адамдардан жасырылған нәрсе.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

20) Құранда мағынасы түсініксіз ештеңе жоқ.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

21) Дінге шақырушы шақырылатын адамдардың жағдайына (ақыл-ой деңгейіне) қарап, соған сәйкес оларға үндеу жасауы керек.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

22) Құранда мағынасы барлық адамдар үшін түсініксіз болып қалған ештеңе жоқ.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

23) Ибн Аббас не себепті: «Расында, мен Құран тәпсірін терең білетіндерденмін» деп айтқан?

.....

24) Бидғат иелерінің ең жаман сөздерінің бірі — Аллаһтың сипаттары жайлы аяттардың мағынасы түсініксіз деуі. Себебі бұл Пайғамбарды ﷺ және оның сахабаларын (Аллаһ олардан разы болсын) білімсіз деп айыптау, Құранды жалған деп санау әрі философтарға болысу болып табылады.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

25) Өтірікшілердің белгілерінің бірі — олардың анық аяттарды қабылдап, түсініксіз аяттарды тастап қоюы.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

26) Аллаһтың Есімдері мен Сипаттарына қатысты қағидалар:

1)

2)

3)

Екінші тапсырма: екі бағандағы өзара сәйкес келетін сөздерді белгілеңіз.

А

Б

1. Бұрмалау (тах-риф)

• Қабылдамау, және ол екі түрге бөлінеді: өтірікке шығару және мағынасын бұрмалап түсіндіру.

2. Тәпсірлеу (түсіндіру)

• Тілмен айту, қолмен ишарат етіп көрсету, жүрекпен елестету арқылы болады.

-
- | | |
|--------------------------------------|--|
| 3. Мағынасын теріске шығару (тағыть) | • Көркемдігі мен кемелділігі жағынан бір-біріне ұқсас және бірін-бірі растайды. |
| 4. Айқын (мухкам) | • Аллаһқа қатысты міндетті түрде растау керек нәрсені айтылуында немесе мағынасында бұрмалау. |
| 5. Ұқсас мағыналы (мутәшәбиһ) | • Аллаһтың есімдері мен сипаттарына қатысты міндетті түрде растау керек нәрсені жоққа шығару (толық немесе ішінара). |
| 6. Кейіп-бейне беру (тәкйиф) | • Онда ешбір кемшілік, хабарларында өтірік және үкімдерінде әділетсіздік жоқ. |
| 7. Жоққа шығару (жухуд) | • Дәлел нұсқайтын нәрсе дұрыс және қабылданады, ал керісінше болса — дұрыс емес және қабылданбайды. |

ТОҒЫЗЫНШЫ БӨЛІМ

Сөздер мен ширкке қатысты тыйымдар (26 тарау)

- Бұл кітаптағы ең ұзын бөлімі, өйткені автордың әдеті — бір нәрсе-ні қысқаша айтып, кейін оны егжей-тегжейлі түсіндіру.
- Бұл тарауда тыйым салынған сөздер мен құрамында ширк бар сөздер, сондай-ақ көпқұдайшылықтың кейбір көріністері баяндалады. Шейх әсіресе кіші ширкке тоқталады, өйткені ол жасырын болады, сондай-ақ Аллаһтың нығметтерін теріске шығарудың көріністеріне ерекше мән береді, өйткені бұл жиі кездесетін құбылыс болып табылады.

41. Аллаһ Тағаланың: «Олар Аллаһтың нығметтерін мойындайды да, кейін оны теріске шығарады» деген сөздері туралы тарау.

Мужәһид бұл (аяттың) мағынасы — адамның: «Бұл — менің ата-бабаларымнан мирас етіп алған дүние-мүлкім», — деп айтатынында деген. Фаун ибн Абдуллаһ бұл сөздер: «Пәлен болмағанда, бұлай болмайтын еді», — деп айтатындарға қатысты деген.

Ибн Кутайба: «Олар: «Біз бұған құдайларымыздың шапағаты арқылы қол жеткіздік», — деп айтады», — деді.

- Нығметтер сынақ болып табылады, бұған дәлел — Аллаһтың мына сөзі: **«Біз сендерді жақсылықпен де, жамандықпен де сынаймыз»** («әл-Әнбия» сүресі, 35-аят).
- Аллаһтың нығметтерін басқаға телу — бірқұдайшылықтың екі түріндегі кемістік болып табылады: 1) раббылықтағы бірқұдайшылықта, өйткені адам Раббысынан келген нығметті себептерге те-

ліп, оған жеткізген солар деп санады. 2) ғибадаттағы бірқұдайшылықта, өйткені ол өзіне берілген нығметтер үшін Раббысына шүкіршілік етуді тастады.

- «Пәлен болмағанда, бұлай болмайтын еді», — деп айтатындар»: егер ол бұл сөзбен тек орын алған нәрсені хабарлап тұрған болса және ол шындыққа сай келсе, онда бұда ешқандай айып жоқ.

Нығметтер — бұл сынақ. Қалай құтылуға болады?

1) Нығметтер келмей тұрып: Оларды тек Аллаһтан сұрап, Оған ғана тәуекел ету керек. Кейбір адамдар, егер билеуші оны білсе, ол оған нығметтер сыйлайды деп ойлайды. Жәннат тек Аллаһтан, дәл сол сияқты ризық та тек Аллаһтан сұралады.

2) Нығметтер келгеннен кейін: Оны саған берген Аллаһқа жүрекпен, тілмен және іс-амалдармен шүкір ету керек.

Адамдардың нығметтерді біреуге телуіндегі түрлері:

1) Үлкен ширк — егер теліп отырған себебі жасырын әрі әсер етуге ешқандай қабілетті болмаса.

2) Кіші ширк — егер адам оларды айқын болса, бірақ шариғатта да, болмыста да орнатылмаған себептерге телісе.

3) Дұрыс телу — егер ол нығметтерді шариғатта және өмірде орнатылған дұрыс себепке телсе, онда бұл рұқсат етіледі, бірақ бұның екі шарты бар:

Саған осы нығметті сыйлаған Аллаһқа шүкір етуді ұмытпау.

Себептің өздігінен әсер етпейтініне сенімді болу.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Зәйд ибн Холидтан жеткізілетін, әрі онда Аллаһ Тағала: «**Менің құлдарымның ішінен Маған иман келтіргендер және маған күпірлік еткендер айқын болды...**» деп айтатын хадисінен кейін Абу әл-Аббас былай деген: «Аллаһтың Кітабында және Сүннетте Оның нығметтерін өзгелерге телитіндерді әрі осылайша Оған серік қосатындарды айыптайтын көптеген мәтіндер келтірілген» (Қз.: «Мәжмуғ әл-Фатауа», 8/23).

Кейбір салиқалы сәләфтар бұл сәтгілік кездерде «жел оңымыздан соқты, ал жол көрсетуші шебер-ақ болды» деген сияқты қазіргі кезде көптің ауызында жүретін сөздерді айтатын адамдарға қатысты деп айтқан.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР:

Бірінші. Аллаһтың нығметтерін мойындау мен жоққа шығарудың мәнін түсіндіру. (Яғни олар бұл нығметтердің Аллаһтан екенін түсінеді, бірақ оны басқаға теліп, теріске шығарады).

Екінші. Мұндай сөздердің көпшіліктің арасында таралғанын түсіндіру. (Мысалы, олардың ұшақ қонған кезде істейтін амалдары сияқты).

Үшінші. Мұндай сөздер «Аллаһтың нығметтерін теріске шығару» деп аталады. (Бұл — нығметтердің өзін емес, оларды Аллаһ бергенін теріске шығару болып табылады, өйткені олар нығметтердің бар екенін біледі).

Төртінші. Адамның жүрегінде бір уақытта екі өзара қарама-қайшы нәрсе болуы мүмкін. (Мойындау және жоққа шығару).

42. Аллаһ Тағаланың «Сондықтан біле тұра Аллаһқа ешкімді теңестірмеңдер» деген сөздері туралы тарау.

- Оның Раббылығында ешбір теңдесі жоқ екенін біле тұра, оған құлшылығы етуде серік қоспаңдар. Бұл аятта Құрандағы бірқұдайшылыққа деген ең бірінші бұйрық және ширкке деген ең бірінші тыйым болып табылады.

Бұл аятқа қатысты Ибн Аббас былай деді: “Аллаһқа теңдес қосу — бұл ширк, ол түннің тас қараңғы түнегінде қап-қара тастың үстінен өрмелеп бара жатқан құмырсқаның ізінен де жасырын болып табылады. Әрі бұл сенің: «Сенің өміріңмен және өзімнің өміріммен ант етемін, уа пәлен!» — деуің, немесе: «Егер мына күшік болмағанда, немесе қорадағы үйректер болмағанда, үйімізге ұры түсетін еді», — деп айтуың, немесе әлдебір адамның өз жолдасына: «Аллаһ және сен қаласаң», — немесе әлдебір кісінің: «Аллаһ және пәлен болмағанда», — деп айтуы. Нығметті Аллаһтан басқа ешкімге теліме. Бұл сөздердің барлығында Оған (Аллаһқа) серік қосу бар” (Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 1/62).

- «ол түннің тас қараңғы түнегінде қап-қара тастың үстінен өрмелеп бара жатқан құмырсқаның ізінен де жасырын...» — бұл жасырын болудың ең үлкен дәрежесі. Егер адамдардың жүрегіндегі ширк бұдан да жасырын болса, онда біз Аллаһтан бізді одан құтқаруын сұраймыз.

ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Абдуллаһ ибн Умар ибн әл-Хаттаб, Аллаһ ол екеуіне разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын жеткізген: **«Аллаһтан өзгемен ант еткен адам күпірлікке түсті немесе Аллаһқа серік қосты»** (әт-Тирмизи, 1535. Абу Дауд, 3251, әл-Хаким 297/4).

Абдуллаһ Ибн Масғуд (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: «Мен

үшін Аллаһтан өзгемен шынайы түрде ант етуден, өтірік болса да Аллаһпен ант еткен абзалырақ» (Абдур-Раззақ, 15929. Ибн Аби Шәйба, 12281. Әт-Табарани «әл-Кабирде», 8902).

- **«күпірлікке түсті немесе Аллаһқа серік қосты»:** егер адам өзі сонымен ант еткен нәрсенің ұлылықта Аллаһпен тең екеніне сенімді болса, онда бұл үлкен күпірлік немесе үлкен ширк болады. Ал егер олай сенбесе, онда бұл кіші күпірлік немесе кіші ширк болып саналады.
- Ибн Масғұд (Аллаһ оған разы болсын) екі алмалдың ешқайсысын да қаламаған, бірақ ширк жасау өтірік айтудан едәуір ауыр күнә екенін көрсеткісі келді, өйткені ширк кешірілмейді.

ТӨРТІНШІ ЖӘНЕ БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

Хузайфа Пайғамбардың ﷺ былай дегенін баяндаған: **««Аллаһ және пәлен қаласа», — деп айтпаңдар. Сендер: «Аллаһ қаласа, сосын барып пәлен қаласа», — деп айтуларың керек»** (әт-Тойялиси, 430. Ибн Мубарак өзінің «Муснадында», 180; Ахмад, 5/384; Ибн Аби Шәйба, 26690; Абу Дауд, 4980; ән-Нәсаи «Сунан әл-Кубрада», 10821).

Ибраһим ән-Нәхоғи (Аллаһ оны рахым етсін) «Аллаһтың қорғауына және сенің қорғауыңа пана тілеп жалбарынамын» деп айтуға тыйым салатын әрі «Аллаһтың қорғауына пана тілеп жалбарынамын, ал содан соң сенен қорғау сұраймын» деп айтуға рұқсат ететін. Ол сондай-ақ: **«Егер Аллаһ, ал содан соң пәлен болмаса...», — деп айтуға да болады, бірақ: «Егер Аллаһ және пәлен болмаса...», — деп айтпаңдар», — дейтін.**

- **«...деп айтуларың керек...»** — шариғат әлдебір тыйым салынған нәрсеге алып баратын жолды жабатын болса, онда, тыйым салынған нәрсені тастауды жеңілдету және біз шариғаттың ұлылығын білуіміз үшін, оның орнына рұқсат етілген нәрселерге жол ашады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Бақара» сүресінің 22-аятындағы Аллаһқа серік қосу туралы сөздердің тәпсірі.

Екінші. Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) бұл үлкен ширк тура-

лы түсірілген аят кіші ширкті де қамтитынын түсіндірген. (Өйткені теңдес деп толық немесе кейбір нәрседе тең болған нәрселер меңзеледі).

Үшінші. Аллаһтан басқамен ант ету ширкке жатады. (Мысалы: «Сенің өміріңмен ант етемін!», «Өз өміріммен ант етемін!», «Ар-намысыммен ант етемін!», «Сақалыммен ант етемін!», «Қағбамен ант етемін!», «Пайғамбармен ант етемін!», «Оразаммен ант етемін!», «Ата-анаммен ант етемін!», «Нанмен етемін!» деген сөздер. Кейде адамдар: «Егер мен мұны жасасам, христиан болайын!» немесе «....яһуди болайын!» деп те айтады).

Төртінші. Аллаһтан басқамен ант ету, Оның атымен, бірақ жалған берілген анттан жаман. (Аллаһпен жасалатын өтірік анттың мысалы — басқа мұсылманның мал-мүлкіне қол сұғу мақсатында айтылған ант).

Бесінші. Сөйлемдегі «және» мен «содан кейін» сөздерінің айырмашылығы. (Өйткені «және» (و) — теңдік мағынасын береді, сондықтан оны қолдану ширк (Аллаһқа серік қосу) болады. Мысалы: «Мен Аллаһқа және саған тәуелдімін»; «Маған Аллаһ және сен жеткіліктісің»; «Мен Аллаһқа және саған тәуекел етемін»; «Маған Аллаһ және сен көмектестің»; «Бұл Аллаһтан және сенен келді»; «Мен үшін көкте Аллаһ, ал жерде сен»; «Мен саған және Аллаһқа тәубе етемін» деген сөздер сияқты. Ал «содан кейін» (ثم) — реттілікті білдіреді, сондықтан ол ширк болып табылмайды).

43. Аллаһтың атымен жасалған антқа қанағаттанбайтын адам туралы тарау.

Ант беру — адамның өз сөзін растауы, ал ант етілгеннің ұлықталуын білдіреді. Егер біреу Аллаһтың атымен айтылған антқа разы болмаса, бұл оның жүрегінде Аллаһқа деген ұлықтаудың кемшілігі бар екенін көрсетеді және бұл толыққанды бірқұдайшылыққа қайшы келеді.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Абдуллаһ Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені туралы баяндаған: *«Әкелеріңмен ант етпеңдер! Аллаһпен ант еткен кісі тек шындықты айтсын. Ал кімге Аллаһтың атымен ант келтірілген болса, сол (осымен) қанағаттансын! Ал кім (Аллаһпен жасалған антқа) қанағаттанбаса, сол Аллаһтан емес»* (Ибн Мәжаһ, 2101).

Аллаһтың атымен айтылған антқа қанағаттанудың түрлері:

Тұрмыстық жағдайда: Ант жасалатын адам бес түрлі жағдайда болуы мүмкін:

- 1) Егер ол ант етушінің өтірік айтып тұрғанын білсе, онда оған сенуге міндетті емес.
- 2) Егер оның өтірік айту ықтималы көбірек болса, сенуге міндетті емес.
- 3) Егер шындық пен өтіріктің ықтималдығы тең болса, онда сенуге міндетті.
- 4) Егер ант етушінің шыншылдығы басымырақ болса, онда сенуге міндетті.
- 5) Егер оның шыншылдығы анық белгілі болса, сенуге міндетті.

Шариғаттық жағдайда: Даулы мәселе бойынша талап қойылған адам Аллаһтың атымен ант етсе, онда шариғат үкіміне сәйкес оның антына қанағаттану керек.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Әкелердің атымен ант етуге тыйым салынған. (Бұл — күнә).

Екінші. Аллаһтың атымен айтылған антқа қанағаттану (разы болу) бұйрығы.

Үшінші. Аллаһпен берілген антқа қанағаттанбайтын адамға қатысты қатаң ескерту.

(Төртінші. Ант беретін адамға шындықты айту бұйырылған, өйткені шыншылдық тіпті антсыз да міндетті болып табылады, ал антта ол тіпті міндеттірек).

44. «Аллаһ қалады және Сен қаладың» деген сөздер жайлы тарау.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Қутәйлә (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндайтын: «Бірде Пайғамбарға ﷺ бір яһуди келді де: «Сендер Аллаһқа серік қосасыңдар, өйткені: «Егер Аллаһ және сен қаласаң», — деп айтасыңдар, сондай-ақ Қағбамен ант етесіңдер», — деді. Осыдан кейін Пайғамбар ﷺ адамдар ант еткенде: «Қағбаның Раббысымен ант етемін», — деп, сондай-ақ: «Егер Аллаһ қаласа, сосын сен қаласаң», — деп айтуды бұйырды» (ән-Нәсаи «Ғамәл әл-яум уәл-ләйлә», 986; Ахмад, 6/371; әт-Тирмизи «Ғиләл әл-Кабир», 457; әт-Табарани «Муғжәм әл-Кабир», 25/14; әл-Хаким, 7815. Ибн Хәжар хадисті сахих деді. Қз.: «әл-Исоба», 8/79).

Ибн Аббастан (оған Аллаһ разы болсын) бірде бір кісі Пайғамбарға ﷺ: «Егер Аллаһ және сен қаласаң», — деп айтқанын жеткізген. Сонда Пайғамбар ﷺ оған: **«Сен сонда мені Аллаһқа теңестіріп тұрсың ба? Егер Жалғыз Аллаһ қаласа (деп айт)!»** — деді (ән-Нәсаи «Ғамәл әл-яум уәл-ләйлә», 988).

- Яһудилер (اليهود) не себепті осылай аталған?
 1. Өйткені олар: «Біз саған оралдық (إليك هذنا)», — деп айтқан;
 2. Өйткені олардың бабаларының аты Яхуз ибн Яғқуб болған.
- Бірінші хадистен алынатын кейбір пайдалар:
 - 1) Пайғамбарымыз ﷺ яһудиді, оның мақсаты нашар болса да, сөккен жоқ, өйткені оның сөзі шындық еді.
 - 2) Ақиқатқа нұқсаған адамның өзі ақиқатты ұстанушылардан болмасада, ақиқатқа оралу заңды болып табылады.
 - 3) Бір нәрсені өзгерткенде (тыйым салғанда), оған жақын (рұқсат етілген) нәрсеге нұсқау керек.
- Неге бұған яһудиден басқа ешкім нұсқамады? Себебі бұл яһудилерге жасалған сынақ болды. Олар мұсылмандарды айыптайтын, бірақ өздері үлкен ширк жасайтын әрі осыны айып деп көрмейтін.

- **«Жалғыз Аллаһ қаласа»:** ол ﷺ әлгі кісіге көпқұдайшылықтан таза нәрсеге нұсқады әрі, көпқұдайшылыққа апаратын барлық жолдарды жабу және Аллаһқа деген әдептілікті ұстанып, оның шекарасынан алыстату үшін, тіпті «Аллаһ қаласа, содан кейін сен қаласаң» деген сөздерге де нұсқамады.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Мәжаһ (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Айшаның бір анадан туылған ағасы Туфайдан (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) оның былай деп айтқанын жеткізген: «Бірде мен түсімде бір топ яһудилерге келіп, оларға: «Расында, егер сендер: «Узайр — Аллаһтың баласы», — деп айтпағандарыңда, өте жақсы қауым болар едіңдер», — деп айтқанымды көрдім. Олар: «Сендер де егер: «Егер Аллаһ және Мухаммад қаласа» деп айтпағандарыңда, өте жақсы қауым болар едіңдер», — деп жауап берді. Содан соң мен бір топ христиандарға барып, оларға: «Расында, егер сендер: «Иса — Аллаһтың баласы деп айтпағандарыңда, өте жақсы қауым болар едіңдер», — дедім, ал олар болса маған: «Сендер де, егер: «Аллаһ және Мухаммад қаласа», — деп айтпағандарыңда, өте жақсы қауым болар едіңдер», — деп жауап берді. Таңертең тұрып, мен осыны кейбір адамдарға айттым да, сосын Пайғамбарға ﷺ барып, өз түсімді баяндап бердім. Ол менен: «Сен бұл туралы біреулерге айттың ба?», — деп сұрады. Мен: «Иә», — деп жауап бердім. Сонда Пайғамбар ﷺ Аллаһқа мақтау-мадақ айтып, Оған шүкіршілік білдірді де, кейін былай деді: **«Туфәйл сендердің кейбіреулеріңе айтып берген түс көрді. Сендер мен сендерге бұрынырақ кейбір жағдаяттарға байланысты тыйым сала алмаған кейбір сөздерді айтасыңдар. Енді бұдан былай: «Аллаһ және Мухаммад қаласа», — деп айтпаңдар да, «Жалғыз Аллаһ қаласа», — деп айтыңдар»** (Ахмад, 5/72; әд-Дарими, 2699; әл-Бухари «Тарих әл-Кабир», 4/363; Абу Яғлә, 4655; әд-Дыйа «әл-Мухтара», 154-155 және басқалар).

- **«...мен сендерге бұрынырақ кейбір жағдаяттарға байланысты тыйым сала алмаған»:** оған ﷺ ұялу бөгет болды, бірақ бұл өтірікті тыйым салуға емес, оны Аллаһ бұйырмай тұрып тыйым салуға қатысты еді. Дәл сол сияқты, ол шарапты да Аллаһ тыйым салмай тұрып тыйым салмаған.

Түс көрудің түрлері:

1) Адамның күні бойы көргендерімен байланысты түстер.

2) Түстер.

3) Шатасқан (мағынасыз) түстер.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Яһудилердің кіші ширкті білетіні.

Екінші. Адам өзінің нәпсісіне ұнаған нәрсені ғана тез түсінетіні.

Үшінші. Пайғамбардың ﷺ: “Сен мені Аллаһқа теңестіріп тұрсың ба?” деген сөзі. Олай болса, кейбір адамдардың “Уа адамзаттың асылы! (яғни ﷺ), сенен басқа менің пана сұрайтын ешкімім жоқ...” деген сөздері не болмақ? (Бұл — ең ауыр күпірлік және шектен шығушылық).

Төртінші. Бұл («Аллаһ және Мұхаммад ﷺ қаласа» деген) сөздер үлкен ширк емес, өйткені Пайғамбарымыз ﷺ: “Сендер мен сендерге бұрын-ақ кейбір жағдаяттарға байланысты тыйым сала алмаған кейбір сөздерді айтасыңдар”, — деген еді.

Бесінші. Шыншыл түс — Аллаһтың уахиінің бір бөлігі.

Алтыншы. Кейде түстер үкімдер шығару үшін негіз болған. (Бұл тек пайғамбарлық дәуірде орын алған).

45. Уақытты сөгетін адам Аллаһты ренжіткен болатыны туралы тарау.

- «Аллаһты ренжіткен болатыны»: бұл әлдебіреудің Аллаһқа зиян тигізе алады дегенді білдірмейді, өйткені тіпті адамға айтылған жаман сөз оны ренжітуі, бірақ сонымен бірге оған ешқандай зиян тигізбеуі де мүмкін. (Ал Аллаһ Тағала оған әлдебіреу зиян тигізе алатын болудан Пәк әрі Жоғары.) Сондықтан Аллаһ Құранда Оны әлдебір нәрселер ренжітетінін растайды, бірақ Оған бірдеңенің зиян келтіре алатынын жоққа шығарады.

Уақыт туралы сөгіс іспеттес сөздердің түрлері:

Рұқсат етілген: егер бұл тек хабарлау болып, сөгіс болмаса. Мысалы: «Бүгінгі күннің ыстығынан шаршадық». Бұл Аллаһ Тағаланың «Бұл — ауыр күн» деген сөзіне ұқсайды.

Тыйым салынған: егер уақытты сөккен адам оның өздігінен әсер етпейтініне, алайда онда орын алған нәрселер Аллаһтың қалауымен болатынына сенсе, бірақ өзіне ұнамаған нәрсе осы уақытпен байланысты болғандығы себепті уақытты сөксе.

Үлкен күпірлік: егер адам уақыттың өздігінше әлдебір нәрселерге әсер ететініне, мысалы, уақыт бір нәрсені жақсы не жаман етеді деп сенсе.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «Олар: «Тіршілігіміз осы дүниедегі ғана. Біз өлеміз және туыламыз. Бізді тек уақыт қана өлтіреді», — дейді. Негізінде, олардың бұған байланысты ешқандай білімі жоқ. Олар тек жорамалдайды» («әл-Жәсия» сүресі, 24-аят).

Абу Хурайраның (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісі-

нің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «*Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ былай деді: “Адам баласы уақытты (дахр) сөгуімен Мені ренжітеді, өйткені Мен уақыттың өзімін (яғни уақыт және онда орын алатын барлық нәрсе Менім билігімде) әрі Мен ғана күн түнді ауыстырамын!”*» (әл-Бухари, 4826).

- «Тіршілігіміз осы дүниедегі ғана. Өлеміз және туыламыз» — яғни олар бұл өмірден басқа мәңгілік өмір жоқ деп сенді.
- «Тіршілігіміз дүниедегі ғана», яғни олар өлім Аллаһтың қалауымен емес, тек уақыттың өтуімен ғана болады деп санады. Ұзақ өмір сүргендер — қарттықтың әсерінен, ал қысқа өмір сүргендер — ауру, қайғы және мұң салдарынан қайтыс болады деп есептеді.
- «Мені ренжітеді», яғни маған тіл тигізіп ренжітеді. Бұл Аллаһ Өзін сипаттаған нәрсе болғандықтан, біз оны қабылдаймыз. Біз Аллаһты Өзінен артық білмейміз. Бірақ бұл реніш жаратылыстарға қатысты реніш секілді емес.
- «уақытты (дахр) сөгуімен», яғни оны балағаттау, айыптау, лағынеттеу арқылы.
- «Мен уақыттың өзімін», яғни Аллаһ уақытқа билік жүргізеді және оны басқарады, бұл Аллаһтың желдер мен басқа да құбылыстарды басқарғандығы секілді.

Уақыт («әд-дәһр») — Аллаһтың есімдерінің бірі ме?

Уақыт — Аллаһтың есімдерінен емес, себебі:

- 1) Аят мұны жоққа шығарады. Егер уақыт Аллаһтың есімдерінің бірі болғанда, жәһилиет дәуіріндегі адамдардың сенімі дұрыс болар еді.
- 2) Бұл хадис арқылы да теріске шығарылады.
- 3) Егер біреу Аллаһ — уақыт деп санаса, онда ол жаратылғанды Жаратушы еткен болады.
- 4) Аллаһтың барлық есімдері кемел және ең жоғары дәрежеде көркем. Ал уақыт мұндай сипатқа ие емес.
- 5) Аллаһтың барлық есімдері белгілі бір түбірден шыққан, ал «уақыт» (الدهر) сөзі мұндай емес.
- 6) Жануарды, желді және безгекті сөгуге тыйым салынған.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Уақытты сөгуге тыйым салынуы. (Мысалы: «Әй, үмітсіздік әкелетін заман», «Жаман уақыт», «Опасыз заман» деген сөздер.)

Екінші. Уақытты сөгу — Аллаһқа тіл тигізу.

Үшінші. «Мен уақыттың өзімін» деген сөздің мағынасы. (Яғни уақытты басқаратын — Ол).

Төртінші. Уақытты сөккен адам, жүрегімен ниет етпесе де, Аллаһқа тіл тигізген болады.

(Бесінші. «әл-Жәсия» сүресінің «Бізді тек уақыт қана өлтіреді...» деген аятының тәпсірі.)

46. «Билердің биі» деген және сол сияқты атақтар (яғни бұның тыйым салынғандығы) туралы тарау

- Яғни егер адам өзін осылай атаса немесе басқалардан осындай атауға разы болса.

Адам өзін өзі «Билердің биі» деп атауының үкімі қандай?

- Егер ол өзін осылай атауды ғана қаласа, бұл — үлкен күнә.
- Егер ол өзін барлық билердің биі, тіпті Аллаһтың үстінен билік етуші деп сенсе, бұл — үлкен ширк.
- Егер бұл белгілі бір халықтың, мемлекеттің немесе кезеңнің билерінғана меңзесе, бұл рұқсат етілген, бірақ мұны істемеу абзал.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Әл-Бухари мен Муслимнің екі «Сахихында» Абу Хурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ былай деген хадисі келтіріледі: “Аллаһтың алдындағы ең төмен адам **«Патшалардың Патшасы» деп аталған адам болып табылады, өйткені Аллаһтан басқа Патша жоқ**” (әл-Бухари, 6206; Муслим, 2143).

Суфиан ибн Ғуяйна былай деді: «Бұл «шахин-шах» дегенмен бірдей».

Хадистің басқа нұсқасында: **«Бұл адам Аллаһтың ең қатты қаһарын туғызады әрі Қиямет Күні Аллаһтың алдында ең нашар адам болады»,** — деп айтылады (Муслим, 2143).

- **«Ең төмен адам»:** оның мақсат-мүддесіне тікелей қарама-қайшы келетін нәрсемен жазалануы. Бұл тәкәппарлыққа, билікке және өзін жоғары қоюға байланысты барлық нәрсеге қатысты.
- **«ең қатты қаһарын туғызады»:** бұл хадисте Аллаһтың ашуы сипат етілген, және бұл — Оған лайық сипат. Хадистің сыртқы мәні бұл ашудың өте күшті екенін көрсетеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Патшалардың патшасы» деп аталуға тыйым салынғандығы.

Екінші. Суфиан айтқандай, мағынасы осыған ұқсас барлық сөздер де

тыйым салынған (мысалы, «төрешілердің төрешісі», «патшалардың патшасы» деген сөздер).

Үшінші. Адам бұл сөздерді жүрегінде арнайы ниет етпесе де, олар бәрібір тыйым салынғанын түсіндіру.

Төртінші. Адам бұдан Аллаһ үшін бас тартуы керек екенін түсіну.

47. Аллаһ Тағаланың есімдерін қастерлеу және бұл үшін адамның атын өзгертуі жайлы тарау.

Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың есімдерінің түрлері:

Тек Оған ғана тән емес есімдер — яғни басқа біреуге де қоюға болатын есімдер. Мысалы: Рахим (Мейірімді), Естуші, Көруші. Егер бұл есімдер Аллаһтың сипаттарын меңзеп тұрса, оларды басқаға қоюға болмайды. Ал егер ондай мағынасы болмаса, онда тек жалқы есім ретінде қолдануға рұқсат етіледі.

Тек Аллаһқа ғана тән есімдер — яғни ешкімге қоюға болмайтын есімдер. Егер біреуге осындай есім қойылса, оны өзгерту керек. Мұндай есімдерге Аллаһ, ар-Рахман, Әлемдердің Раббысы және басқа да осы секілді есімдер жатады.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Абу Шурайх (адамдардың) оған Абу әл-Хакам («Ең мықты би», сөзбе-сөз «Бидің әкесі») деген атақ бергендігі туралы және бірде Пайғамбар ﷺ оған: **«Расында, тек Аллаһ қана Би әрі тек Оған ғана бүкіл билік тән»**, — деп айтқанын хабарлаған. Абу Шурайх сонда: «Менің руластарымның арасында дау-тартыс туындап қалған кезде, олар маған келеді, әрі мен олардың арасында екі жақ та разы болытындай етіп билік жасап беремін», — деп түсіндіріп береді. Пайғамбар ﷺ: **«Бұл өте жақсы! Ал сенің ұлдарың бар ма?»** — деді. Ол: «Шурайх, Муслим және Абдуллаһ», — деді. (Пайғамбар ﷺ): **«Олардың қайсысы үлкен?»**, — деп сұрады. Ол: «Шурайх», — деп жауап берді. (Сонда Пайғамбар ﷺ): **«Онда сен — Абу Шурайхсың («Шурайхтың әкесі»)»**, — деді (әл-Бухари «Тарих әл-Кәбир», 8/227-228 және «Адаб әл-Муфрадта», 811; Абу Дауд, 4955; әт-Табарани «әл-Кабирде», 22/179; Ибн Хиббан, 405; әл-Хаким, 62; әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубрада», 10/145).

- Куния «Абу» (әке), «Умм» (ана), «Ах» (аға, бауыр), «Ғам» (көке — әке жағынан), «Холь» (нағашы көке) сөздері арқылы, мысалы, Абу Мухаммад үлгісімен, құрылады. Бұл адамның Абу әл-Хакам деп аталуы оның шешім қабылдайтын төреші екенін меңзейтін сипат болды. Яғни бұл есім Аллаһтың есімімен сәйкес келіп қалды. Оған бұл есім жәй ғана жалқы есім ретінде емес, оның сипаттарын сипаттау мақсатында берілді. Сол себепті ол Аллаһтың есімінде Оған серік қосудың бір түріне түсті. Осы себепті Пайғамбарымыз ﷺ оған лайықты куния беріп, есімін өзгертті, бірақ ол оған тағы бір рет ақиқа шалуды бұйырған жоқ.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың есімдері мен сипаттарына құрмет көрсету қажеттілігі және Оған ғана тән есімдерді адамдарға қоюдың тыйым салынғандығы. (Егер бұл тек Аллаһқа ғана қатысты болса және онымен тек Аллаһ сипатталса).

Екінші. Осы себеппен есімді өзгерту міндеттілігі. (Лайықсыз жағдайды жою үшін).

Үшінші. Куния беру үшін ең үлкен ұлдың есімін таңдау. (Куния беру рұқсат, алайда оны көпқұдайшыл адамға беруге болмайды).

48. Ішінде Аллаһтың аты аталатын нәрсенің, Құранның немесе Аллаһтың Елшісінің ﷺ үстінен қалжыңдаушының үкімі туралы

- Кімде-кім Аллаһты, Оның болмыстағы немесе шариғаттағы аят-белгілерін, сондай-ақ Оның елшілерін мысқыл не мазақ етсе, сол (адамды кәпір ететін) үлкен күпірлік жасаған болады, өйткені мұндай мазақ ету — күпірліктің ең жаман түрлерінің бірі.

Күпірлік екі түрлі болады:

Бас тарту күпірлігі: адам Аллаһтың дініне кірмейді, бірақ оған қарсыластық көрсетпейді, оған қарсы әскери қимылдар жүргізбейді әрі тұзақ құрмайды.

Қарсыласу күпірлігі: Бұл күпірліктің ең жаман әрі ең қауіпті түрі. Бұл — Абу Жәһл мен Абу Ләһәбтің күпірлігі сияқты.

- Дінді мазақ ететін адам өзінің осы ісімен қарсыласу күпірлігін көрсеткен болады, сондықтан ол жай пұттарға сәжде етететін, бірақ Ислам адамнан да жаман. Бұл — өте қауіпті мәселе, өйткені адам кейде мән бермей қандай да бір сөзді айтады, бірақ сол сөзі ол үшін қасіретке немесе опат болуға айналуы мүмкін. Кейде адам ойланбастан Аллаһтың ашуын келтіретін сөз айтып қояды да, сол себепті Тозаққа түседі.
- Кімде-кім намазды, тіпті нәпіл намазды, зекетті, оразаны немесе қажылықты мазақ етсе, сол бүкіл мұсылмандардың бірауызды пікірі бойынша, кәпір болады. Сол сияқты Аллаһтың болмыстағы аят-белгілерін келемеждеп мазақ ету де күпірлікке жатады. Мысалы, «Қыста ыстық күндердің болуы — ақымақтық» немесе «Жазда суық күндердің болуы — ақымақтық» деген сөздер — діннен шығаратын күпірлік. Өйткені Ұлы Раббының барлық істері даналыққа негізделген, ал біз оны толықтай түсіне алмауымыз мүмкін, тіпті кейбірін мүлде түсінбеуіміз мүмкін.
- Аллаһты, Оның елшісін немесе Кітабын балағаттаған адамның тәубесі қабыл етіле ме? Ғалымдар Аллаһты, Оның Елшісін ﷺ неме-

се Оның Кітабын балағаттаған, немесе келемеждеген адамның тәубесі қабыл етіле ме, жоқ па деген мәселеде пікір таласқан:

1-пікір: Оның тәубесі келесі шарттармен қабыл етіледі: 1) оның тәубесінің шынайы екенін білсек; 2) ол Аллаһты мақтап-мадақтай бастаса; 3) ол айтқанынан бас тартса.

Бірақ Пайғамбарды ﷺ балағаттаған адамның тәубесі қабыл етілгенімен, билеуші оған қатысты Пайғамбардың ﷺ хақысы үшін міндетті түрде өлім жазасын орындауы керек. Бірақ, егер ол тәубе еткен күйінде өлім жазасымен жазаланса, ол мұсылман ретінде жуылады, кәбіріненді және оған жаназа намазы оқылып, мұсылмандардың қабіріне жерленеді.

2-пікір: Оның тәубесі қабыл етілмейді және билеуші оны өлім жазасына кеседі: Оған жаназа намазы оқылмайды; Ол үшін Аллаһтан жарылқау сұрауға болмайды; Оны мұсылмандардың қабірлерінен алыс жерге жерлейді, тіпті ол тәубесіне келгенін айтса да, өйткені бұл — діннен шығаратын ең үлкен қылмыс, тәубе оған көмектеспейді.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «Аллаһпен ент, егер олардан сұрасаң, олар міндетті түрде: «Әрине, біз әшейін сөзге кірісіп, ойнап едік», — дейді. Оларға: «**Сонда сендер Аллаһпен, Оның аяттарымен және Елшісімен қалжақтаған болдыңдар ма? Ақталмандар! Сендер иман келтіргеннен кейін кәпір болдыңдар**», — де» («әт-Тәуба» сүресі, 65-66 аяттар).

Ибн Умар, Мухаммад ибн Кағб, Зәйд ибн Асләм және Қатада былай деп баяндайтын: “Табук жорығы кезінде бір адам Аллаһтың Елшісін ﷺ және оның Құранды жатқа оқитын сахабаларын меңзеп: «Біз мына қарилардан артығырақ қомағай, өтірікші және шайқаста қорқақ ешкімді көрмеппіз», — деді. Ауф ибн Мәлик оған: «Сен тек өтірікші ғана емес, екіжүздісің! Мен міндетті түрде бұл туралы Аллаһтың Елшісіне хабарлаймын», — деп наразылық білдірді. Осыдан кейін Ауф Пайғамбарға ﷺ болған нәрсенің барлығын айту үшін бет алды. Алайда келген бойда ол (Пайғамбарға ﷺ) осыған қатысты уахи одан бұрын жетіп қойғанын көрді. Ал әлгі адам Аллаһтың Елшісіне ﷺ кешірім сұрау үшін келгенде, Пайғамбар ﷺ жол жүруге дайын күйінде түйесінің үстінде отырған болатын. Ол (адам): «Уа Аллаһтың елшісі, біз жолдың ауыртпалығын көркейту үшін әшейін сөйлескен болатынбыз...», — деді”.

Ибн Умар былай баяндайтын: ”Ол Пайғамбардың ﷺ түйесінің ертұрманына байланған сияқты көрінетін, ал аяқтары тастарға ұрылып жатты, әрі ол: «Біз әшейін әңгіме құрып қалжыңдасқан болатынбыз...», — деп қайталай берді. Аллаһтың Елшісі ﷺ оған тек: **«Аллаһпен, Оның аяттарымен және Елшісімен қалжақтаған болдыңдар ма?»**, — деп айтты да, оған назар бұрмады, әрі айтқанына ешнәрсе қоспады”.

- «мына қарилардан»: бұл жерде Пайғамбар ﷺ және оның сахабалары меңзеліп тұр, бірақ Аллаһпен ант етемін, бұл — жалған сөз.
- «Сен тек өтірікші ғана емес, екіжүздісің!»: бұдан Аллаһтың сахабаларын балағаттаған адам кәпір болатыны түсініледі, өйткені оларды балағаттау — Аллаһты, Оның дінін және Оның Елшісін ﷺ балағаттау болып саналады.
- «ертұрман» — бұл жерде түйенің ерін бекітетін қайыс бау меңзеліп тұр.

Хадистен алынатын кейбір пайдалар:

- 1) Аллаһтың болашақты білетініне дәлел. Аллаһ өткенді де, болашақты да біледі.
- 2) Пайғамбар ﷺ өзіненемес, Аллаһтың түсіргені бойынша үкім шығаратын.
- 3) Аллаһты, Оның аяттарын және Оның Пайғамбарын ﷺ мазақ ету — күпірліктің ең ауыр түрлерінің бірі.
- 4) Аллаһты мазақ еткен адам күпірлік жасайды.
- 5) Қаталдық таныту қажет әрі орынды болған жағдайда оны қолдану.
- 6) Дінді мазақ еткен адамның тәубесі белгілі шарттармен қабылданады.

Ескертпе:

- 1) Біреудің дінді сөгіп не мазақ етіп жатқан кезінде оның қасында болған адам, егер оны ашық айыптап, сөгісін білдірмесе немесе олжерден кетіп қалмаса, солсөккен не мазақ еткен адаммен бірдей болады. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген: «Сендерге Кітапта: **“Егер сендер Аллаһтың аяттарына күпірлік келтірілгенін немесе оларды мазақ етілгенін естісеңдер, онда олар басқа әңгімеге көшкенше олармен бірге отырмаңдар”**, — деп түсірілді» («ән-Ниса» сүресі, 140-аят).

- 2) Адамдарды күлдіру үшін Құран немесе хадистерді келтірме, әрі оларды айтқанда жүрегінде қорқыныш болсын.
- 3) Егер айтылған сөз сөгу не мазақтау болып саналса, оны айтқан адамға бұл туралы ескерту қажет. Егер ол тәубе етсе — жақсы, етпесе, ол дінді мазақ етуші (сөгуші) болып есептеледі.
- 4) Өзіңмен өзін сүйсініп, алданып қалудан сақтану керек, өйткені ізгі амалдар адамды Жәннатқа кіргізуі мүмкін, ал жаман амалдар Тозаққа түсіруі мүмкін. Өйткені бұл адам Пайғамбармен ﷺ бірге Тәбукке жорыққа шыққан еді, бірақ кейін онымен орын алған нәрсе (күпірлік) орын алды.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Өте маңызды мәселе: осылай мазақ еткен кез келген адам кәпір болады. (Яғни Аллаһқа, Оның аяттарына және Оның Пайғамбарына ﷺ иман келтірмеген кәпір болады).

Екінші. Бұл аяттың түсіндірмесі — бұл әрекетті істеген кез келген адамға қатысты, ол кім болса да. (Яғни ол мунафиқ болсын, немесе басқа біреу болсын).

Үшінші. Өсек пен Аллаһқа және Оның Пайғамбарына ﷺ шынайы ықылас танытудың арасында айырмашылық жасау.

Төртінші. Аллаһ разы болатын (әрі тәртіпке келтіретін) мейірімділік пен Аллаһтың дұшпандарына қаталдық танытудың айырмашылығы (алайда кейде үгіт-насихатта жұмсақтық танытқан дұрыс болады).

Бесінші. Кез келген ақталуды қабылдай беруге болмайды. (Егер оның ақталуының негізсіз екені белгілі болса).

49. Аллаһ Тағаланың «Ал егер оған шалдыққан бейнеттен кейін өзімізден мәрхаметтен таттырсақ: «Бұл менің ақым. Сондай-ақ мен Қиямет сағаты болады деп ойламаймын...», — дейді» деген сөздері туралы тарау.

Мужәһид бұл аят: «Мен мұны өз еңбегіммен таптым әрі осыған лайықпын», — деп айтатындарға қатысты түскенін айтқан болатын.

Ибн Аббас: “Мұндай адам: «Мен өзімді өзім осы нығметпен қамтама-сыз еттім», — деп айтады”, — деді.

Егер адам өзіне берілген нығметтерді өзінің әрекеттеріне немесе еңбегіне телитін болса, онда бұл — Аллаһтың раббылығында Оған серік қосудың бір түрі болып саналады. Ал егер ол бұл нығметтерді Аллаһқа телісе, бірақ өзін оған лайықпын деп есептесе және өзіне берілген нәрсе — Аллаһтың рақымы болғанымен, оны алуға өзі лайықты деп ойласа, онда бұл — ғибадат тұрғысынан тәкаппарлықтың бір түрі.

ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деді: «Ол: **«Мұның барлығы маған білімімнің арқасында берілді»**, — деп айтты» («әл-Қасас» сүресі, 78-аят).

Қатада бұл сөздер **«менің қалай табыс табуым туралы білімімнің арқасында»** дегенді білдіретінін айтады (Ибн Аби Хатим өзінің тәпсірінде, 17123).

Басқа кейбір тәпсіршілер бұл сөздер: «Бұл Аллаһ мені осыған лайықты адам екенімді білгендігінің арқасында», — дейтіндер туралы екенін айтқан, ал бұл мағынасы бойынша Мужәһидтің бұл сөздер: «Бұл маған құрмет ретінде берілді», — деген адам туралы айтылған деген сөздерімен бірдей (Ибн Аби Хатим, 17125 және Ибн Жәрир «Тафсирде», 12/24).

Абу Хурайра (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естігені туралы баяндаған: “Бір заманда исраил ұрпақтарынан үш кісі: алапес, қасқа бас таз және соқыр өмір сүрген болатын. Аллаһ Та-

ғала оларды сынауды қалап, оларға періште жіберді. Періште алапеске келіп: «Сен бәрінен артық нені қалар едің?», — деп сұрайды. Алапес: «Жағымды түсті таза терімнің болуын әрі адамдар маған танытатын жиіркенішінің кетуін», — деп жауап береді. Періште оның денесін сипады, әрі оның терісі тазарып, әппақ және ұнамды түсті болды. Осыдан соң періште одан: «Ал сенде қандай мал-мүліктің болуын қалар едің?», — деп сұрайды. Ол: «Түйелердің, не болмаса сиырлардың», — деп жауап береді. Әрі оған буаз түйе сый етіледі де, періште: «Аллаһ оны саған берекелі етсін», — дейді.

Періште қасқа бас тазға келіп, одан: «Сен бәрінен артық өзінде ненің болуын қалар едің?», — деп сұрайды. Қасқа бас таз: «Әдемі шашымның болуын әрі адамдар маған танытатын жиіркенішінің кетуін», — дейді. Періште оның басын сипалайды да, оның ауруы жоқ болады, әрі оған өте әдемі шаш сый етіледі. Кейін ол одан: «Ал сенде қандай мал-мүліктің болуын қалар едің?», — деп сұрайды. Ол: «Сиырлардың», — деп жауап береді. Оған буаз сиыр сыйға тартылады әрі періште оған: «Аллаһ оны саған берекелі етсін», — дейді.

Зағип кісіге келіп періште одан: «Ал сен бәрінен артық нені қалар едің?», — деп сұрайды. Зағип: «Аллаһ маған көру қабілетін қайтып беруін, және мен адамдарды көре алуымды», — деп жауап береді. Періште оны сипайды да, Аллаһ оған көру қабілетін қайта сыйлайды. Кейін періште одан: «Ал сенде қандай мал-мүліктің болуын қалар едің?», — деп сұрайды. Ол: «Қойлардың», — деп жауап береді. Оған буаз қой сыйға тартылады.

Кейіннен жануарлар төлдейді де, олардың біреуінде бір үйір түйе, екіншісінде бір табын сиыр, және үшіншісінде бір отар қой пайда болады.

Кейін періште олардың біріншісіне алапестің кейпінде келеді де: «Мен — бейшара мүсәпірмін. Жолда азық-түлігім бітіп қалды, әрі маған бүгін Аллаһтан басқа және содан соң сенен басқа ешкім көмектесе алмайды. Саған көрікті тұла-бой және таза тері, сондай-ақ осы мал-мүлікті бергеннің (Аллаһтың) атымен маған сапарымды жалғастыруым үшін бір түйе беруінді сұраймын», — дейді. Ол: «Бірақ мұның барлығы тек маған ғана тиесілі емес қой...», — деп жауап береді. Сонда періште оған: «Мен сені таныған сияқтымын! Кезінде алапес әрі адамдарға жеккөрінішті кедей болған, әрі кейіннен аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ саған осы байлықты берген сен емес пе едің?», — деді. Ол: «Жоқ, мен бұны мирас етіп алдым», — деп жауап берді. Сонда періште: «Егер өтірік айтып тұрған болсаң, Аллаһ сені бұрынғы кейпіңе қайтарсын!», — деді.

Кейін ол екінші адамға қасқа бас таз кейпінде келді де, оған бірінші адамға айтқан сөздерін айтты, әрі ол өзінен бұрынғы жауап бергендей жауап берді. Періште оған (да): «Егер өтірік айтып тұрған болсаң, Аллаһ сені бұрынғы кейіпіңе қайтарсын!», — деді.

Кейін періште олардың үшіншісіне зағип адамның кейіпінде келді де: «Мен — бейшара мүсәпірмін. Жолда азық-түлігім бітіп қалды, әрі маған бүгін Аллаһтан және содан соң сенен басқа ешкім көмектесе алмайды. Саған көру қабілетін қайта бергеннің (Аллаһтың) атымен маған сапарымды жалғастыруым үшін бір қой беруінді сұраймын», — дейді. Ол: «Мен соқыр едім, бірақ Аллаһ маған көру қабілетімді қайта сыйлады. Сондықтан да қалағаныңды ал да, қалағаныңды қалдыр. Аллаһпен ант етемін, мен Аллаһ үшін сенің қалағаныңды алуыңа кедергі жасамаймын», — деді. Сонда періште оған: «Байлығыңды өзіңе қалдыр, өйткені сендерге сынақ жіберілген болатын. Аллаһ саған разы болды, ал екі жолдасыңа ашуланды», — деді” (әл-Бухари, 3464. Муслим, 2964).

Бұл хадистен алынатын көптеген пайдалар бар, олардың кейбірі мыналар:

1. Құран мен Сүннетте оқиғалардың келтірілуі — назар аудару және ғибрат алу үшін.
2. Аса Құдіретті Аллаһтың күш-қуатына нұсқау: Ол алапесті, тазды және зағипты періштенің бір ғана жанасуы арқылы сауықтырды.
3. Періштелердің адам кейпіне айналуы мүмкін, бірақ бұл тек Аллаһтың әмірімен орындалады.
4. Періштелердің нақты денелері бар, олар жай ғана рухтар немесе абстрактілі нәрсе емес.
5. Хадис риуаятшыларының хадисті сөзбе-сөз жеткізуге деген ұмтылысы.
6. Адам өзінің басына тағдырмен түскен нәрсеге, мысалы, аурудың немесе қамауда болудың өзіне, разы болуы міндетті емес, бірақ Аллаһтың осыны тағдырға жазғанына разы болуға міндетті. Осы тұрғыдан Аллаһтың істері мен тағдырға жазылған нәрселердің арасында айырмашылық тағдырға жазылған нәрселердің екі түрге бөлінетіндігі:
 - Тағдырға жазылған қайғы-қасіреттер: олардың өзіне адам разы болмауы мүмкін.
 - Шарият үкімдері: оларға адам разы болуға міндетті.

7. Жағдайға байланысты дұға етудің рұқсат етілетіндігі.
8. Егер дауда келісімге келу мүмкін болмаса, қарсыластың сөзін тоқтату үшін, онымен кейде ымыражасасу рұқсат етіледі.
9. Аллаһтан берілетін берекенің шегі жоқ, сондықтан ол адам бір түйеден тұтас бір аңғар түйеге ие болды.
10. Әрбір нығметке лайықты түрде шүкір ету қажет екендігін түсіндіру.
11. Адамға кейде өзінің шынайы болмысынан өзгеше түрде көріну рұқсат етіледі.
12. Кейде сынақ баршаға ортақ және айқын болуы, әрі олардың қиссасы белгілі болуы мүмкін.
13. Тақуалық пен дүниеге қызықпаудың артықшылығы, әрі кейде бұл, зағип адамның мысалындағыдай, мақтаулы нәтижеге жеткізеді.
14. Бізден бұрынғы үмметтерде де мұрагерлік болғанына нұсқау.
15. Аллаһтың сипаттарынан — Разылық, Ашулану және Қалау. Біз оларды Аллаһқа Оның ұлылығына лайық түрде растаймыз.
16. «الصاحب» (жолдас, серік) сөзі адамдардың бір нәрседе ұқсастығын білдіру үшін де қолданылады, бірақ міндетті түрде олардың жақындығын білдірмейді.
17. Аллаһ адамдарды оларға берген нәрселерімен сынайды.
18. Еске салу кейде сөзбен, іспен немесе сыртқы бейнемен жүзеге асады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН СҰРАҚТАР

Бірінші. «Фуссиләт» сүресіндегі аяттың тәпсірі: («Егер Біз оған қасирет тигеннен кейін Өз жағымыздан бір рақым таттырсақ...»)

Екінші. «...Олар, әлбетте: “Бұл — менің (өз еңбегіммен) тапқаным” дейді» деген сөздің мағынасы. (Яғни мен оған лайықпын, оны иеленуге құқылымын).

Үшінші. «әл-Қасас» сүресіндегі «Бұл маған менің білімімнің арқасында берілді» деген сөздердің мағынасы.

Төртінші. Бұл ғажап қиссаның ішінде көптеген ғибраттар бар екендігі. (Олардың бірі — алапес, таз және зағип арасындағы айырмашылық. Алапес пен таз адам Аллаһтың нығметтерін алғаннан кейін оны жоққа шығарды, әрі оларды алмай тұрып Аллаһқа тәуекел етпеді. Ал соқыр болса, нығметті алғаннан кейін Аллаһтың өзіне деген рақымын мойындады және оған дейін Оған тәуекел етті. Ибн әл-Қаййим былай

деген: ««Мен», «менікі», «менің арқамда» деген сөздерден өте сақ болу керек. Бұл — олармен Ібіліс, Перғауын және Қарун сыналған сөздер.

- “Мен одан артықпын” — бұл Ібілістің сөзі.
- “Маған Мысырдың патшалығы тиесілі” — бұл Перғауынның сөзі.
- “Бұл маған менің білімімнің арқасында берілді” — бұл Қарунның сөзі.

«Мен» деген сөздің ең жақсы қолданылуы: «Мен — күнәһар пендемін, қателесушімін», «Мен кешірім сұраймын», «Мен күнәларымды мойындаймын» және осыған ұқсас басқа да сөздер.

«Менің» деген сөздің ең жақсы қолданылуы: «Менің күнәларым», «Менің қателігім», «Менің мұқтаждығым», «Менің кедейлігім мен дәрменсіздігім».

«Менен болған» деген сөздің ең жақсы қолданылуы: «Мен байқаусызда немесе әдейі істеген нәрселерімді, шындап немесе әзілдеп жасаған қателіктерімді кешір, бұның бәрі менен».

50. Аллаһ Тағаланың «Ал Аллаһ ол екеуіне дұрыс бала берген кезде, олар өздеріне берген бала жайында Аллаһқа серік қоса бастады. Аллаһ олардың қосқан серіктерінен жоғары (Пәк)» деген сөздері туралы тарау.

Аятта меңзелетін ширктің түрлері:

Құлшылықтағы кіші ширк — оған деген сүйіспеншілікті Аллаһқа деген сүйіспеншіліктен артық көріп, Аллаһқа мойынсұнуды тәрк ету. Біз қалайша бұл баланы Аллаһқа деген махаббатта Оған тең етеміз?

Кіші ширк — баланың саулығы мен қорғалуын дәрігерлерден немесе соларға ұқсас адамдардан деп білу. Өйткені мұндай адамның меттерді себепке теліп, сол себептерді жаратып, орнатқан Аллаһты ұмытты.

Үлкен ширк — баланы белгілі бір әулие берді деп сену және соған ұқсас нәрселер. Бұл — жаратуды Аллаһқа емес, өзгеге телу болғандықтан, үлкен ширкке жатады.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Хазм (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деді: «Олар (салиқалы сәләфтар) мағынасы Аллаһтан басқа кімге болсын құлшылық етуді қамтыған, мысалы, Абду Амр («Амрдың құлы»), Абдул-Қағба («Қағбаның құлы») сияқты аттардың тыйым салынғанына келіскен» («Маратиб әл-Ижмағ», 154-бет).

- Аллаһтан басқаның құлы деп аталуға болмайды. Бұл мәселеде Пайғамбардың ﷺ «Мен — Абдұльмутталибтің ұлымын» деген хадисін дәлел келтіргендерге біз мынандай жауап береміз:
 - Бұл хадистер — муташабих (мағынасы ашық емес), ал бізде оларды теріске шығаратын нақты дәлелдер бар.
 - Бұл хадисте бұйрық немесе бекітілімдер емес, хабар қамтылған.

3) Пайғамбарымыз ﷺ ешкімге мұндай есімді қоймаған, мұны мақұлдамаған және сахабаларының ешқайсысына рұқсат етпеген.

4) Бұл — Пайғамбардың ﷺ сол кездегі адамдарға танымал болған аты еді. Егер ол өзін «Абдуллаһтың ұлымын» деп айтқанда, оны ешкім танымас еді.

5) Пайғамбарымыз ﷺ бұрын болып өтіп кеткен және аяқталған нәрсені баяндады, әрі атасы Абдулмутталиб ол кезде қайтыс болған еді.

6) Абдулмутталиб — есім емес, лақап ат. Оның шын есімі — Шәйба әл-Хамд, ал әкесі — Һашим еді. Һашим оны бала кезінде Мәдинаға, нағашылары Бәну Нәжжарға білім алу және тәрбиелену үшін жіберген болатын. Кейіннен оның көкесі — әл-Мутталиб Мәдинаға барып, Шәйба әл-Хамдты өзімен бірге алып кетті. Олар Меккеге кіріп келгенде, ұзақ жолдан Шәйбаның терісінің түсі өзгеріп кеткен еді. Сонда адамдар: «Бұл кімнің құлы?» — деп сұрады. Сонда олар: «Бұл — әл-Мутталибтің құлы (‘Абду әл-Мутталиб)», — деп жауап берді. (Ал құлдың құл болуында күм жоқ). Осылайша, бұл лақап ат оған жармасып қалды. Міне, осылайша, күмәндар сейіледі.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) жоғарыда келтірілген аятқа түсіндірме жасап, былай деді: “Адам онымен (Хауамен) қосылды да, ол одан бала көтерді. Сонда оларға Ібіліс келді де: «Мен сендерді Жәннаттан шығартқан жекжаттарыңмын. Ендеше, маған бағыныңдар, әйтпесе мен балаларыңды тау ешкісінің мүйізіндей мүйізді етемін де, ол сенің қарныңды жыртып жібереді», — деді. Ол оларды қорқытуын тоқтатпастан, олар оны Абд әл-Харис деп атауын талап ете берді (әл-Харис — сөзбе-сөз «жер жыртушы дихан» — Ібілістің аты). Сөйтіп, Абд әл-Харис «Ібілістің құлы» дегенді білдіреді. Алайда олар оған бойсұнудан бас тартты, әрі бала өлі болып туылды. Кейін ол екінші рет бала көтерді, Ібіліс тағы да оларға келіп, тура осыны қайталап айтты. Бұл жолы да олар оған бойсұнудан бас тартты, және бала тағы да өлі болып туылды. Ол үшінші рет бала көтерді. Ібіліс тағы да келіп, екі рет орын алған жағдайды естеріне салды. Бұл жолы балаға деген махаббат оларды билеп алды да, олар оны Абд әл-Харис деп атады. Сондықтан да: **«Олар өздеріне берілген бала жайында Аллаһқа серік қоса бастады»**, — деп айтылды” (Сағид ибн Мансур «әс-Сунада», 973; Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 8654).

Қатада (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деді: «Серік қосу Оған (Аллаһқа) ғибадатта емес, бағынушылықта орын алды» (Ибн Жәрир «Тафсирде», 9/149. Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 8659).

Ал Аллаһ Тағаланың: **«Егер Сен бізге сау перзент берсең, біз міндетті түрде шүкір етушілерден боламыз»** («әл-Әғраф» сүресі, 189-аят) деген сөздері туралы Мужәһид, Аллаһ оны рахымына бөлесін: «Олар ол адам болмайды ма деп қорықты», — деді (Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 8648. Бұл туралы сондай-ақ әл-Хасан әл-Басри, Саид ибн Жубейр және басқалар айтқан).

- «Тау ешкісінің мүйізіндей»: أیل — тау ешкісінің аталығы.
- « Абд әл-Харис»: Ібіліс бұл есімді таңдады, өйткені бұл — оның есімі еді, әрі ол адамдардың өзіне құлшылық етуін қалады.
- Бұл оқиға сенімді емес, себебі:
 - 1) Пайғамбарымыздан ﷺ бұл жайлы сенімді хабар жетпеген. Ибн Хазм: «Бұл оқиға — жалған және ойдан құрастырылған», — деп айтқан.
 - 2) Олардың күнәсі айтылып, бірақ тәубесі айтылмауы мүмкін емес.
 - 3) Пайғамбарлар ширк жасамайды — бұл ғалымдардың бір ауыздан келіскен пікірі.
 - 4) Қиямет күні адамдар Адам пайғамбарға келеді, алайда ол шапағат етуден бас тартады, өйткені ағаштан жегенін және бұл күнә болғанын айтады. Егер ол ширк жасаған болса, онда бұл одан да ауыр күнә болар еді, әрі ол өзін сол арқылы ақтауға тырысар еді.
 - 5) Шайтан оларға: «Мен — сендерді Жәннаттан шығарған жолдас-тарыңмын», — деді. Алайда алдауды көздеген адам бұлай демейді.
 - 6) Олардың шайтанның оған тау ешкісінің мүйізін жаратуға күші жетеді деп сенуі мүмкін емес, өйткені бұл — Аллаһтың раббылығында (рубубияда) ширк жасау болып табылады.
 - 7) Аятта «يَشْرُكُونَ» («Олар серік қосты») деген етістік көпше есімдігімен келді. Егер сөз Адам мен Хауа туралы болса, онда екілік есімдік қолданылатын еді.
 - 8) Сондықтан аяттың тәпсірі Адамның ұрпақтарына оралады, өйткені олар шынымен де ширк жасаған. Олардың ішінде таухид иелері де, мүшриктер де бар еді.

ҚАРАЛАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтан өзгеге құл болуды, бағыныштылықты немесе табынуды білдіретін барлық есімдерді қолдануға тыйым салынған. (оның ішінде Абдұльмутталиб есімі де бар).

Екіншісі. «Әл-Әғраф» сүресінің 190-аятының тәпсірі: («Ал Аллаһ ол екеуіне дұрыс бала берген кезде, олар өздеріне берген бала жайында Аллаһқа серік қоса бастады»).

Үшіншісі. Бұл — есім қоюдағы ширк, бірақ толық ширк емес (дұрысы — бұл нағыз ширк, әрі аятта Адам мен Хауа емес, олардың ұрпақтары меңзеліп тұр).

Төртіншісі. Аллаһтың адамға сау қыз беруі — Оның нығметтерінің бірі. (Өйткені кейбіреулер қызды болуды жаза деп санайды. Дені сау ұлдың берілуі де — нығмет).

Бесіншісі. Салиқалы сәләфтар бағынудағы ширк пен құлшылықтағы ширк арасында айырмашылық жасаған. (Егер бұл оқиға сенімді деп есептелсе, Адам мен Хауа шайтанға бағынды, бірақ оған құлшылық етпеді).

51. Аллаһ Тағаланың «Аллаһқа ғана ең көркем есімдер тән. Сондықтан Оған солар арқылы дұға етіңдер» деген сөздері туралы тарау

Ибн Аби Хатим Ибн Аббастың Аллаһтың «Оның Есімдерінде ақиқаттан ауытқитындарды» деген сөздеріне жасаған тәпсірін келтіреді. Ибн Аббас: «Бұл — Аллаһқа серік қосатындар», — деді. Біз мұны Ибн Аби Хатимнен таппадық. Ал Аллаһ жақсырақ біледі!

Ибн Аббас, сондай-ақ, былай деді: «“әл-Ләт” деген атау “әл-Иләһ” (Құдай) деген атаудан, ал “әл-Ғузза” — “әл-Ғазиз” (Құдіретті) деген атаудан шыққан» (Ибн Жәрир «Тафсирде», 9/133; Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 5/1623).

Әл-Әғмаш былай деді: «Ақиқаттан ауытқитындар Аллаһтың есімдеріне оларға қатысты емес нәрселерді енгізеді».

- Бұл тарауда «Таухид кітабы» тек құлшылықтағы бірқұдайшылыққа ғана қатысты дегендерді жоққа шығару бар.
- «**Аллаһқа ғана ... тән**» (﴿لِلَّهِ﴾ деген сөз тіркесінде таухид әдістемесі көрініс тапқан. Себебі ﴿لِلَّهِ﴾ — «Аллаһқа» деген) баяндауыш (хабар) (﴿الْأَسْمَاءُ﴾ — «есімдер» деген) бастауыштан бұрын айтылған, ал бұл (ең көркем құдайлық есімдердің тек Аллаһқа ғана тән екенін) ерекшелеп шектеуді білдіреді.
- «**Ең көркем**» деген — ең жоғары дәрежедегі көркемдікті, барлық жағынан кемелдікті және барлық кемшіліктен ада дегенді білдіреді.
- «**Оған солар арқылы дұға етіңдер**» деген сөздің екі мағынасы бар:

Дұға-толаб (дұға-тілек) — Аллаһтың есімдерін Оған жақындау себебі ретінде айтып, содан кейін Одан бір нәрсе сұрау. Мысалы: «Мені Өзіңнің кешіріміңмен кешіре гөр, әрі маған рахым ет, расында, Сен — Кешірімдісің, Рахымдысың».

Дұға-ғибада (дұға-құлшылық) — Аллаһтың есімдерінің мағынасын ескере отырып, Оған лайықты түрде құлшылық ету. Мысалы, «Әл-Басыйр» (Көруші) есімі Аллаһтың бәрін көретінін білдіреді. Сондықтан сен Оған ұнамсыз істерді істеуден сақтануың керек.

Ақиқаттан ауытқудың түрлері

Аяттарды бұрмалау:

- 1) Шариғи аяттарды бұрмалау: Мысалы, «Құран жаратылған» дейтіндер.
- 2) Болмыстық аяттарды бұрмалау: Мысалы, табиғат жаратады деп айтатындар.

Аллаһтың есімдері мен сипаттарын бұрмалау:

- 1) Барлық есімдерді немесе кейбірін жоққа шығару, бұл — жәхмилердің сенімі.
- 2) Есімдерді мойындап, бірақ сипаттарды жоққа шығару, мысалы: «Ол — Естуші, бірақ Оның есту сипаты жоқ» деу.
- 3) Аллаһтың сипаттарын жаратылыстарға ұқсату.
- 4) Аллаһтың есімдерінен пұттардың есімдерін шығару. Мысалы, «әл-Ғазиз» есімінен «әл-Ғузза» есімін жасау.
- 5) Аллаһты Ол Өзін атамаған есімдермен атау. Мысалы: «Аллаһ — үштіктің бірі» деу немесе «Ол жаңа нәрселерді ойлап таба алады» деп айту.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың есімдерін растау. (Жәхмилер мен шектен шыққан мұғтазилилерге қарама-қарсы).

Екінші. Оның есімдерінің ең көркем. (Яғни олар ең жоғарғы дәрежеде көркем және кемел).

Үшінші. Аллаһқа Оның есімдері арқылы дұға ету әмірі. (Дұға-құлшылық және дұға-тілек — Аллаһқа Оның есімдері арқылы дұға ету осы екі түрге де қатысты).

Төртінші. Аллаһтың есімдерін бұрмалаушылар мен жоққа шығарушыларды тастау әмірі. (Яғни олардың жолын ұстанбау. Бірақ оларды шақыру және оларға түсіндіру керек, сондай-ақ, бұл аятта оларға ескерту бар).

Бесінші. Аллаһтың есімдеріне қатысты «Ақиқаттан ауытқу» ұғымын түсіндіру.

Алтыншы. Ақиқаттан ауытқушыларға қатаң ескерту.

Тоғызыншы бөлімге қатысты тексеріс сұрақтар (11 тарау)

Бірінші тапсырма: дұрыс жауаптың жанына белгі қой немесе бос орынды толтыр.

1) Тоғызыншы бөлім — кітаптағы ең ұзын бөлім.

☐ дұрыс

☐ бұрыс

2) Автор кіші ширкке ол жасырын болғандықтан назар аударды:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

3) «Аллаһтың нығметі»:

☐ жекеше түрде берілген, бірақ көптік мағына білдіреді

☐ бір ғана рахым

4) Рахым (мейірім) дегеніміз:

☐ қалаған нәрсеге қол жеткізу

☐ қиындықтан құтылу

☐ екі жауап та дұрыс

5) «Содан кейін оны жоққа шығарады»:

☐ бар екенін жоққа шығарады

☐ оны Аллаһқа телімейді

6) Ұшақ қонғаннан кейін ұшқышқа алғыс ретінде қол шапалақ соғу:

☐ рұқсат етілген

☐ рұқсат етілмеген

7) Нығметтерді Аллаһқа телімеу күпірліктің қандай түрі?

☐ үлкен

☐ кіші

8) Адамдардың жүрегіндегі ширк:

☐ қараңғы түнде қара тас үстіндегі құмырсқа ізінен де жасырын

☐ айқын

9) Аллаһпен өтірік ант ету:

- ☐ кіші ширк
- ☐ үлкен күнә
- ☐ тыйым салынған
- ☐ егжей-тегжейлі түсіндіру керек

10) Аллаһтан басқаға шындыққа негізделген ант беру:

- ☐ кіші ширк
- ☐ үлкен күнә
- ☐ тыйым салынған
- ☐ егжей-тегжейлі түсіндіру керек

11) Аллаһ тіпті кіші ширкті де кешірмейді:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

12) Ибн Масғудтың пікірінше, Аллаһпен өтірік ант ету Аллаһтан басқамен шындыққа негізделген ант етуден жеңілірек күнә болып саналады (☐ дұрыс ☐ бұрыс), бірақ Ибн Масғуд ешқайсысын да қаламаған (☐ дұрыс ☐ бұрыс).

13) «Саған кез келген нәрсемен ант етейін, тек маған сенсең болды» деген сөздер:

- ☐ рұқсат етілген
- ☐ рұқсат етілмеген

14) Егер біреу: «Бұл Аллаһтың және сенің қалауыңмен болды», — деп, оны Аллаһтан ұлы немесе Оған тең деп есептесе, онда бұл ширктің қандай түрі болады?

- ☐ үлкен
- ☐ кіші

Егер ол оны Аллаһтан төмен деп санаса, онда бұл:

- ☐ үлкен ширк
- ☐ кіші ширк

15) «Ар-намысыммен ант етемін» деген сөздер:

- ☐ кіші ширк
- ☐ үлкен күнә
- ☐ рұқсат етілген

16) Ширктен сақтану үшін оны үйрену қажет:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

17) Сахабалар, Аллаһ оларға разы болсын, үлкен ширк туралы түскен аяттарды кіші ширкке де қатысты қолданған:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

18) «Батыратын ант» — бұл Аллаһпен ант ету:

☐ жалған

☐ мал-мүлікке қол сұғуға себеп болатын

19) «Және» жалғаулығы (☐ реттілікті ☐ теңдікті) білдіреді, және Аллаһтың атынан кейін қосылса, бұл:

☐ ширк болады ☐ рұқсат етіледі

20) Егер Аллаһпен ант еткен адам шыншыл болмаса, онда сен оның антына (☐ сенуге міндеттісің ☐ сенбеуге құқығың бар).

21) Пайғамбармен ﷺ, ананың өмірімен, абыроймен, «Адал сөз!» «Басымды кесуге беремін!» деп ант ету — бұл:

☐ Қайғы-қасіреттің таралуына себеп болған нәрсе

☐ Кіші ширк

22) «Сендерге бұрын тыйым сала алмаған себебім...» — бұл:

.....

23) Бұл анттың тыйым салынғанына неге осы яһудиден басқа ешкім нұсқамады?

.....

24) Яһудилер — бұл өздерін (☐ Исаның, оған Аллаһтың сәлемі болсын ☐ Мусаның, оған Аллаһтың сәлемі болсын) шарифатына жатқызатындар. Олардың осылай аталуларының себебі:

☐ «Біз Саған қайта оралдық (هَدانا)» деген сөздері үшін

☐ Олардың атасы Яһудың есімі үшін

☐ Келтірілген екі жауап та дұрыс

25) Пайғамбар ﷺ кіші ширкке дәлел ретінде «Сен мені Аллаһқа теңестірдің бе?» деген сөзді келтірді:

- ☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

26) Егер біреу сенімен сәлемдескенде сені иіліп қарсы алса:

- ☐ Бұл айыпталатын іс
☐ Мұнда ешқандай айып жоқ
☐ Егер саған бұны тоқтатуға ұялшақтық кедергі келтірсе, онда мұнда ешқандай айып жоқ

Егер сен бұны айыптамасаң, онда сен:

- ☐ Тағутсың ☐ Бірқұдайшылсың

27) Пайғамбарды ﷺ сөзбен ұлықтау оны Жаратушыға теңестіру болып табылады:

- ☐ Ширк
☐ Ниетке байланысты, егер адам құрмет көрсетуді мақсат етсе, онда мұнда ешқандай айып жоқ

28) Яһудилерде көптеген кемшіліктер бар, бірақ олар «Узайр — Аллаһтың ұлы» деген сөздерімен ерекше көрінеді, өйткені бұл олардың ең үлкен және әйгілі кемшіліктерінің бірі:

- ☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

29) Пайғамбарымыздың ﷺ: «Сендерге бұрын тыйым сала алмаған себебім...» деген сөздерінің мәні:

- ☐ Тыйым салынған нәрсені айыптаудағы ұялшақтық
☐ Бұған Аллаһтың әмірінсіз тыйым салуға болмайды

30) Не нәрсе дұрыс?

- ☐ Дәлелдерді зерттеп, содан кейін сенім қалыптастыру
☐ Алдымен сенім қалыптастырып, содан кейін оған дәлел іздеу

31) Пайғамбарымыздың ﷺ белгілі болған есімі:

- ☐ Аллаһтың құлы және Оның Елшісі
☐ Мухаммад ибн Абдуллаһ

32) Ізгі түс дегеніміз:

- ☐ Онда игілік бар түс
- ☐ Байланысты түс
- ☐ Екі жауап та дұрыс

33) Егер түс байланыссыз болса, онда бұл — أضغاث أحلام (аралас түстер):

- ☐ Дұрыс
- ☐ Бұрыс

34) Жаман түстер — шайтаннан:

- ☐ Дұрыс
- ☐ Бұрыс

Не нәрсе сүннет болып табылады?

- ☐ Оларды түс жорушыға айту
- ☐ Сол жағына үш рет түкіріп, шайтаннан Аллаһқа сыйыну

35) Егер түс шариятқа қайшы келетінін көрсетсе, онда:

- ☐ Оны жору керек
- ☐ Оған көңіл бөлмеу керек

36) Ер адамның әйеліне «Менің өмірімдегі ең қаралы күн — сенімен үйленген күнім» деп айту:

- ☐ Рұқсат етілген
- ☐ Рұқсат етілмеген

37) Дұрыс пікір:

- ☐ Тіл тигізу әрдайым зиян келтірмейді
- ☐ Тіл тигізу зиян келтіреді

38) Аллаһтың есімдері — ең көркем, ал «уақыт» (الدهر) сөзі басқа түбірден құралмаған және тек уақыттың жалқы атауы болып табылады:

- ☐ Дұрыс
- ☐ Бұрыс

Ал Аллаһтың «Мен — уақытпын» деген сөзі келесі мағынаны білдіреді:

.....

39) «Опасыз уақыт» деген тіркес:

☐ Тыйым салынған

☐ Рұқсат етілген, өйткені бұл хабарлама

40) «Пәленше адам аштық заманында дүниеге келді» деген сөз:

☐ Тыйым салынған

☐ Рұқсат етілген, өйткені бұл тек хабарлама

41) «Уа жер, мені өзіңнен сақта!» деген сөз:

☐ Аллаһтан басқаға дұға ету (ширк)

☐ Рұқсат етілген

42) Уақытты жамандаудың түрлері:

..... . Оның үкімі:

..... . Оның үкімі:

..... . Оның үкімі:

43) «Табиғаттың кереметтері мен құпиялары бар» және «Бұл — табиғаттың ісі» деген сөздер:

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

44) Қазы — бұл үкім шығаратын және пәтуа беретін адам:

☐ Дұрыс

☐ Бұрыс

45) «Жетінші ғасырдың қазыларының қазысы» деген тіркес:

☐ Рұқсат етілген

☐ Мұндай сөздерді қолданбаған дұрыс

46) Шейхул-Ислам — бұл:

☐ Ислам мәселелерінде өзіне жүгінетін ғалым

☐ Дінді жандандыратын, Исламды қорғауда із қалдырған ғалым

47) Сипатталып отырған нәрсенің жағдайына оны ұнатып кетпеу үшін мұқият болу (☐ қажет ☐ қажет емес)

48) Аллаһ үшін ең сүйікті есім — бұл кішіпейілділік пен мойынсұнуды білдіретін есімдер, мысалы:

☐ Шахтардың шахы ☐ Абдур-Рахман

Ал ең төмен есім — бұл (☐ менмендік ☐ билік ☐ ұлықтау ☐ барлық жауаптар дұрыс) білдіретін есімдер, сондықтан оның мақсатына сай жазаланады және қор болады:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

49) «Патшалардың патшасы» және «қазылардың қазысы» деген есімдер:

☐ Рұқсат етілген

☐ Тыйым салынған

☐ Үлкен күнә болып табылады

50) Куния — бұл «Абу» (әке), «Умм» (ана), «Ах» (аға), «Ғам» (көке), «Халь» (нағашы көке) сөздері қолданылып жасалған есім, және олар мыналарды білдіреді:

☐ мақтау

☐ айыптау

☐ бір нәрсемен бірге болу немесе оны тұрақты түрде серік ету

☐ жалқы есім

☐ жоғарыда айтылғандардың барлығы

51) Сахабалардың арасында «Хаким» немесе «әл-Хакам» (төреші) есімділер болған, бірақ Пайғамбар ﷺ олардың есімдерін өзгертпеген, өйткені олар бұл есімдерді сот қызметіне байланысты емес, жай ғана жеке есім ретінде алған:

(☐ дұрыс ☐ бұрыс).

Аллаһтың есімдерімен аталуға қатысты тыйым келесі жағдайларға қатысты:

☐ Тек Аллаһқа ғана тән есімдер

☐ Оның сипаттарын білдіретін есімдер

☐ жоғарыда айтылғандардың барлығы

52) Лақап ат қоюдың шариғаттағы үкімі қандай?

☐ рұқсат етілген

☐ рұқсат етілмеген

53) «Кімде-кім Аллаһты зікір етуде, Құранға немесе Елшіге қатысты немқұрайлы қараса»: мұндағы Елші деп кім меңзелген:

☐ Мухаммад ﷺ

☐ барлық елшілер

54) Дінге қатысты әлдебір нәрсені мазақ ету — иманды жарамсыз ететін ең үлкен себептердің бірі, әрі мұны мұсылман адамның білмеуі мүмкін емес:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

55) Дінді мазақ еткен адамның тәубесінің шарттары:

.....

.....

.....

56) Бұл мәселеде қатандық танытып, жұмсақтық жасамау қажет:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

57) Кейбір адамдар Раббысын балағаттағандарды қорғайды, бірақ өздерін немесе аналары балағатталғанда ашуланады:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

58) Адамдарға бұл мәселенің қауіптілігін түсіндіру және оның діннен шығаратын күпірлік екенін айту міндетті болып табылады, әрі олардың балағат пен мазаққа түсуін күтпестен, алдын алу қажет:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

59) Кейбіреулер: «Біз балағаттаған немесе мазақ еткен адамдардың шын мәнінде солай етуді ниет еткен-етпегенін анықтап алуымыз керек» дейді. Бұл сөздер:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

60) Жаратушының құл алдындағы құқығын төмендететін сөздердің қатарына «Ашумен балағаттаған адам ақталады» деген сөздер жатады, бірақ олар, мысалы, президентті, әкені балағаттаған немесе ақшаны жыртып тастаған адам ақтамайды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

61) Бұл мәселеде қатаңдық таныту кейбір елдерде нәтижесін берді, ал немқұрайлылық таныту басқа елдерде үлкен-кіші демей балағаттаудың кең таралуына әкеліп соғады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

62) Дінді мазақ етуші пұтқа сәжде еткен адамнан да жаман:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

63) Кейде яһудилер мен христиандардың Раббысын, Мусаны, Исаны немесе дінін балағаттағанын естімейсің, бірақ кейде өзін мұсылман санайтындардан осындайды естисің:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

64) Нағыз мұмин адам Құранды немесе хадистерді естігенде қорқады, әрі оның иманы артады. Ал екіжүзді адам дінді мазақ етіп, ойынға айналдырып, адамдарды күлдіру үшін әңгімелер айтып отырады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

65) Мұсылман адамға анасына қатысты балағат сөздері бар жазбаларды таратуға немесе тыңдауға рұқсат етіле ме?

(☐ иә ☐ жоқ).

Ендеше, мұминдердің анасын балағаттаған адамға қатысты не айтуға болады?

66) Егер сахабаларды балағаттау немесе сахабаларға қарғыс бар жазбалар пайда болса, онда не нәрсе міндетті болады:

☐ оны тыңдау және тарату

☐ дереу одан құтылу

67) Дінді, сахабаларды, мұсылмандарды балағаттау мен мазақ бар жазбаларды жинау — бұл:

- ☐ салиқалы сәләфтардың жолы
- ☐ екіжүзділердің жолы

68) Қорлау немесе мазақтау арқылы діннен шығу — ұлы және қорқынышты іс, кейбір ғалымдар мұндай адамның тәубесі қабыл болмайтынын, билеуші оны міндетті түрде өлім жазасына кесуі керектігін, оған жаназа намазы оқылмайтынын, оған рахым тілеуге болмайтынын және оны мұсылмандар зиратына жерлемейтінін айтқан:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

69) Егер діні балағаттаушы адам тәубе еттім деп, кейін қайта осы ісіне оралса, бұл оның өтірікші екеніне дәлел болады:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

70) Екіжүзді адам қорлық жасағанда: «Мен бұны мақсат етпедім», — дейді, алайда бұл тек тілмен айтылған сөз ғана:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

71) Дінді мазақтаған адамның тәубесінің шынайылығына дәлел болатын нәрсе — қорлау мен мазақтау күпірлік екенін және ол мұны Аллаһ үшін тәрк еткенін айтуы:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

72) Егер біреу дінді не Пайғамбарды ﷺ қорлау мен мазақтауды естіп, бірақ оны айыптамаса және ол жерден кетпесе, оның жағдайы солармен бірдей болады:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

73) Кейде шайтан адамды күпірлікке түсіру үшін жақсылық есіктерін ашады. Оған қатысты мазақтау туралы аят түсірілген адам Табук жорығында Пайғамбармен ﷺ бірге болған еді:

- ☐ дұрыс
- ☐ дұрыс емес

74) Мазақтаушы туралы хадисте сахабаларды мазақтаудың күпірлік екеніне дәлел бар:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

Өйткені бұда кімді мазақ ету бар?

☐ Аллаһты ☐ Оның Елшісін ﷺ ☐ дінді ☐ сахабаларды ☐ барлық жауап дұрыс).

75) Егер біреуді кешіру нәтижесінде бүлік одан сайын артып, тәртіп орнына бұзақылық келсе, онда оны кешірген адам осы кешірімі үшін

☐ күнәға батады ☐ күнәға батпайды

76) Егер адам нығметті өз еңбегі мен табыс көзіне телитін болса, ол (☐ раббылықтағы ☐ ғибадаттағы) ширк жасаған болады. Ал егер оны Аллаһқа телісе, бірақ өзін соған лайық деп есептесе, бұл тәкеппарлық пен менмендіктің түріне жатады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

77) Аллаһтың істерін тағдыр ретінде разылықпен қабылдау:

☐ міндетті ☐ міндетті емес

Ал ауыр сынақтардың өзіне разы болу міндетті болып табылмайды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

78) Хадистегі зағиптың, алапестің және таздың мал-дүние сұрауларында ешқандай айырмашылық жоқ еді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

79) «Абдұльмутталиб» есімімен аталу:

☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді

80) Өсімдік түрін «Ғаббад әш-шамс» («Күннің құлы», қазақша — күнбағыс) деп атау:

☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді

81) Төмендегі есімдердің қайсысымен аталу рұқсат етілмейді?

(☐ Абдульмутталиб ☐ Абдульқағба ☐ Абдуманаф ☐ Абдульхусейн ☐ Абдуннабий ☐ Абдульхарис ☐ Перғауын ☐ Хынзиб ☐ Ғасия ☐ Сұлтандардың сұлтаны ☐ Адамдардың мырзасы ☐ Алидің баласы ☐ Әлемдердің Раббысы ☐ әр-Рахман ☐ Жаратушы (әл-Халик) ☐ Абду-саттар ☐ Абдуннур ☐ Бутрус ☐ Джордж ☐ Мырзалардың мырзасы ☐ Барлық әйелдердің ханымы ☐ Абдуннасыр).

82) Мұсылмандар арасында рафидилердің шектен шығуының таралу себебі — олардың «Алидің құлы» немесе «Абду Ғали» сияқты сөздермен шектен шығуына разы болуы. Бұл — Аллаһтан басқаға табыну және көпқұдайшылық:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

83) Мал-мүлікті басқаруға қабілеті жоқ адамның: «Мен — бұйрық алатын құлмын», — деп айтуына рұқсат етіледі ме?

☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді

84) Адам мен Хауа туралы оқиға:

☐ сенімді ☐ сенімді емес

85) Шайтан «Абдульхарис» есімін таңдады, өйткені бұл:

☐ оның есімі ☐ бұл сенімді емес, себебі «Харис» — ең шынайы есімдердің бірі).

86) «Харис» есімімен аталу:

☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді

87) Барлық ғалымдардың бірауызды пікірі бойынша, пайғамбарлар ешқашан ширк жасамайды. Ал кімде-кім олар туралы жаман сөз айтып, олардың кемшіліктерін іздесе, ол:

☐ екіжүзді ☐ муаххид (бірқұдайшылықты ұстанушы)

88) Аллаһтың есімдері арқылы Оған жалбарыну — бұл:

☐ дұға-ғибадат ☐ дұға-тілек ☐ екі жауап та дұрыс

89) «Таухид кітабы» («Китаб әт-Таухид»):

- ☐ бірқұдайшылықтың барлық үш түрі туралы
- ☐ тек ғибадаттағы таухид туралы

90) Аллаһтың есімдері мен сипаттарын бұрмалау (ильхад — الإلحاد) неше түрге бөлінеді?

- ☐ екі
- ☐ бес

91) «...Бұрмалаушыларды (ильхад жасаушыларды) тастандар-дар...», яғни:

- ☐ оларды шақырмау және түсіндірмеу
- ☐ олардың жолынан бас тарту

92) Аллаһтың есімдері мен сипаттарын бұрмалау (ильхад) келесі түрлерге бөлінеді:

.....

.....

.....

.....

.....

**52. «Әс-сәләму ғалә-Ллаһ» (Аллаһқа
амандық-бейбітшілік (әс-Сәләм) болсын)
деген сөздердің тыйым салынғандығы
туралы тарау.**

Неліктен?

1) Өйткені мұндай дұғалар Аллаһтың құқығына қатысты кемшілік бардай көрініс береді. Себебі, тек кемшілікке ұшырайтындарға ғана қатысты амандық тіленеді, ал Аллаһ барша кемшіліктен Пәк.

2) Өйткені бұл шындыққа қайшы келеді. Адам Аллаһтан сұрайды, бірақ Аллаһ үшін дұға сұрамайды, өйткені Ол бізге мұқтаж емес. Алайда Ол Өзінің кемел сипаттары үшін мақтап-мадақталады.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Әл-Бухаридің «әс-Сахихында» Ибн Масғудтың (оған Аллаһ разы болсын) мына хадисі келтіріледі: «Біз Пайғамбармен ﷺ бірге намазда тұратын кезімізде: «Аллаһқа Оның құлдарынан сәлем, пәленге және пәленге сәлем...», — деп айтатынбыз. Пайғамбар ﷺ мұны естіп, бізге: «**«Әс-сәләму ғалә Аллаһ» (Аллаһқа әс-сәләм), — деп айтпаңдар, өйткені Аллаһтың Өзі — әс-Сәләм**», — деп айтты» (әл-Бухари, 835; Муслим, 402).

«Әс-Сәләм» бекітетін әрі теріске шығаратын есім болып табылады, яғни ол адамның ойына келуі мүмкін болған барлық кемшіліктер мен ақауларды терістейді. Аллаһтың Өзіндік болмысында да, сипаттарында да, істері мен үкімдерінде де ешбір кемшілік жоқ. Сондай-ақ бұл есім Оған қатысты өз мағынасына қамтитын кемшіліксіз сипаттарды бекітеді. Оның бірнеше мағынасы бар:

1) Әс-Сәләм (السلام) — Аллаһтың ең көркем есімдерінің бірі.

2) Кемшіліктер мен кемістіктерден пәк-таза болу. Мысалы, біздің «Саған сәлем болсын, уа Пайғамбар!» деген сөздеріміздегідей.

3) Сәлемдесу мағынасында. Мысалы, «Пәленшеге сәлем бер (сәллим)» деген сөздердегідей.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Біріншісі. «әс-Сәләм» сөзінің тәпсірі. (Яғни Аллаһтың кемшіліктер мен кемістіктерден таза екенін білдіретін есімі).

Екіншісі. Оның сәлемдесу мағынасы.

Үшіншісі. Бұл сәлемдесуді Аллаһқа қатысты қолдануға болмайтыны. (Ал егер оны қолдану дұрыс болмаса, онда ол күнәлі әрекетке жатады).

Төртіншісі. Оның себебіне нұсқау. (Өйткені Аллаһтың Өзі — Әс-Сәләм).

Бесіншісі. Аллаһқа қалай сәлем беру керектігін үйрету. (Яғни ташаххұдта, ал жаратылысқа: «Тахиййати (менің сәлемім)» деп айтуға болмайды).

53. «Уа Аллаһ, егер қаласаң, мені кешіре гөр!» деген сөздер туралы тарау.

Бұл тарауда Аллаһтың билігінің кемел толықтығы және Оның мейірімінің кеңдігі түсіндіріледі, сондай-ақ дұғада мұндай шарт қоюдың не үшін тыйым салынғаны баяндалады.

1) Бұлай айту адамның Аллаһқа мұқтаж еместігін білдіретіндей көрінеді, ал бұл мүминге жараспайтын әрі әдепсіз нәрсе.

2) Бұл Аллаһ үшін бір нәрсе қиын немесе күрделі болуы мүмкін дегенді білдіретіндей көрінеді, ал Ол бұдан Пәк.

3) Бұл Аллаһты бір нәрсені жасауға мәжбүрлеу мүмкін дегенді білдіретіндей көрінеді, алайда бұл шындыққа жанаспайды.

ДӘЛЕЛ

Әл-Бухаридің «Сахихында» Абу Хурайраның (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені туралы хадисі жеткізіледі: **“Сендердің ешқайсыларың: «Уа Аллаһ, егер қаласаң, мені кешір», — немесе: «Уа Аллаһ, егер қаласаң, мені рахым ет», — деп айтпасын. Қалаған нәрсенді табанды түрде сұрау керек, өйткені ешнәрсе Аллаһты әлдебір нәрсеге мәжбүрлей алмайды”** (әл-Бухари, 6339; Мұслим, 2679).

Мұслимнің риуаятында Пайғамбардың ﷺ: **«Қалаған нәрселеріңді табанды түрде сұраңдар, өйткені Ол беретін нәрсенің барлығы Ол үшін ешнәрсе тұрмайды»**, — деп айтқаны келтірілген.

- Ал истихара дұғасындағы шарт қою сұрағаныңды Аллаһтың қалауына байланыстыру етуді білдірмейді, керісінше, дұға жасаушының өзі үшін қай нәрсе қайырлы екенін білмейтіндігін білдіреді. Сол сияқты **«Егер өмір сүру мен үшін қайырлы болса, мені тірі қалдыр»** деген хадис те осы мағынада келеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Дұғада: «Егер қаласаң...», — деп айтудың тыйым салынғандығы.


Екінші. Бұл тыйымның себебін түсіндіру.

Үшінші. Пайғамбарымыздың ﷺ «Қалаған нәрсенді табанды түрде сұрау керек...» деген сөздері. (Яғни сұрағанда табанды бол, күмәнданба).

Төртінші. Дұға жасаушының ынтасын арттырудың маңыздылығы. (Яғни не сұрағысы келсе, соны сұрасын, өйткені Аллаһ үшін ешнәрсе қиын емес).

Бесінші. Бұл тыйымның себептері: (1. Шариғаттың ұлылығына нұсқау 2. Адамның тыныштығын арттыру 3. Қиястың (ұқсастық бойынша салыстыру — аналогия) рұқсат етілгендігі).

54. «Құлым» және «Күңім» деген сөздердің тыйым салынғандығы туралы тарау.



ДӘЛЕЛ

Әл-Бухари мен Муслимнің екі «Сахихында» Абу Хурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деген хадісі келтіріледі: «Сендердің ешқайсыларың (қызметшісіне): *«Иенді (раббыңды) тамақтандыр»*, — немесе: *«Иеңе (раббыңа) дәрет алуға көмектес»*, — деп айтпасын. *«... мырзаңды...»*, немесе: *«... қожайыныңды...»* деп айту керек. Сендердің ешқайсыларың: *«Құлым»*, — не-

месе: «Күңім», — деп айтпасын, (бірақ): «Менің жасөспірімім», немесе: «Менің қызым» немесе: «Менің ер балам» деп айтсын» (әл-Бухари, 2552; Муслим, 2249).

- «Сендердің ешқайсыларың (қызметшісіне): **«Иеңді (раббыңды) тамақтандыр»**, — немесе: **«Иеңе (раббыңа) дәрет алуға көмектес»**, — деп айтпасын», себебі бұл — Аллаһтың Раббы ретіндегі ерекшелігін (тәухид ар-рубубияны) бұзады.
- «**«... мырзаңды...»**, — немесе: **«... қожайыныңды...»**, — деп айту керек»: Бұл — құлға бағытталған сөз. Бұл бұйрық емес, рұқсат беру және нұсқау болып табылады. Ғалымдар: «Егер бұйрық қандай да бір харам нәрсенің қарама-қарсысына келсе, онда ол мубах (рұқсат етілген) болып есептеледі», — деген. Бұған дәлел — Аллаһтың мына сөзі: «Ихрамнан шыққанда, аң аулауларыңа болады» («әл-Мәйда» сүресі, 2-аят).
- «Сендердің ешқайсыларың: **“Құлым”**, — немесе: **“Күңім”**, — деп айтпасын»: Бұл — харам немесе мәкрүһ (жағымсыз) екенін білдіреді. Бұл тыйымның себебі — раббылықты тек Аллаһқа ғана тән ету.
- «**Менің жасөспірімім**», — немесе: **«Менің қызым»**, — немесе: «Менің ер балам», — деп айтсын»: Бұл — қожайынға бағытталған сөз. Мұнда шарифат харамға бастайтын жолды жабатын болса, рұқсат етілген нәрсеге жол ашатыны көрсетілген. Сондай-ақ бұл тіпті сөздерде де бірқұдайшылықты жүзеге асыру қажеттігін көрсетеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Құлым» және «Күңім» сөздерінің тыйым салынуы.

Екінші. Қызметші өз иесіне «Раббым» деп айтпауы керек, ал қожайын қызметшісіне «Раббыңа тамақ әкел» деп айтпауы қажет.

Үшінші. Қожайын қызметшісіне: «Менің жас жігітім», «Менің бойжеткенім» немесе «Менің балам», — деп айтуы керек.

Төртінші. Қызметші өз иесіне: «Менің мырзам», — немесе: «Менің қожайыным», — деп айтуы тиіс.

Бесінші. Бұл үкімнің мақсаты — бірқұдайшылықты тіпті сөздерде де жүзеге асыру.

55. Аллаһтың атымен сұрағанның өтінішін қайтаруға болмайтындығы туралы тарау.

Аллаһтың атымен сұраудың түрлері:

Аллаһтың шариғатымен сұрау — бұл шариғат рұқсат еткен сұрау, мысалы, кедейдің садақа сұрауы.

Тікелей Аллаһтың атымен сұрау — мысалы, «Сенен Аллаһтың атымен сұраймын» деп айту.

Сұрау — өздігінен мәкрүһ (жағымсыз) немесе харам болып табылады, ол тек қажеттілік немесе мәжбүрлік жағдайында ғана рұқсат етіледі. Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларынан ешкімнен ештеңе сұрамауға ант қабылдаған. Ал сұраушы екі жолмен сұрайды:

Аллаһтың атымен: Оған жауап беру керек, тіпті оның оған құқығы болмаса да, өйткені ол Ұлы Аллаһтың атымен сұрады, ал оған жауап беру — осы Ұлы Аллаһты ұлықтау. Бірақ егер ол күнәлі нәрсе сұраса немесе оған жауап беру адамның өзіне зиян келтіретін болса, онда оған жауап берілмейді.

Жай сұрау: Мысалы: «Әй пәленше, маған берші», — десе. Егер сұраған нәрсе шариғат бойынша рұқсат етілген болса, онда оған беру керек.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Абдуллаһ Ибн Умар (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: *«Егер әлдебіреу сендерден Аллаһтың атымен пана сұраса, оған пана беріңдер. Егер әлдебіреу сендерден Аллаһтың атымен бір нәрсе сұраса, оған сұрағанын беріңдер. Егер сендерді біреу шақырса, оның шақыруына жауап беріңдер. Егер біреу сендерге жақсылық істесе, оған теңімен қайырыңдар, ал немен қайыруды таппасаңдар, онда оған теңімен қайырдым деп санаған»*

дарыңа дейін ол үшін дұға етіңдер» (әт-Тоялиси, 1895; Ахмад, 2/68; әл-Бухари «Адаб әл-Муффрадта», 216; Абу Дауд, 1672; ән-Нәсаи, 5/82; Ибн Хиббан, 3408; әл-Хаким, 1/412).

- **«Егер біреу сендерден Аллаһтың атымен пана сұраса, оған пана беріңдер»:** тек егер ол өз міндетінен қашып немесе күнә мен дұшпандыққа көмектесу үшін пана сұрап тұрған болмаса ғана.
- Шақыруға жауап беру — Аллаһтың қақысы ма, әлде адамның қақысы ма? Бұл — адамның қақысы. Егер шақырылған адам барудан бас тартып, шақырушы оны қабыл алса, онда оған күнә жоқ. Бірақ шақыруға жауап беру — Аллаһтың бұйрығымен уәжіп етілді. Егер шақырушы ұялғандықтан немесе қысылғандықтан ғана бас тартуды қабыл алса, онда шақыруға бармаған дұрыс емес.
- **«оған жауап беріңдер»:** бұл жерде шақыру дегеніміз — құрмет көрсету үшін шақыру, бірақ үгіттеу немесе насихаттау емес. Көптеген ғалымдар шақыруға жауап беру мұстахаб (құптаулы) деп санаған, тек үйлену тойына шақыру — алты шарт орындалған жағдайда уәжіп:
 - 1) Шақырушы — онымен қарым-қатынасты тоқтату уәжіп немесе құптаулы болған адам болмауы керек.
 - 2) Шақырылған жерде харам нәрселер болмауы керек. Егер оны өзгертуге шамасы келсе, онда шақыруға бару әрі харам нәрсені тыю — уәжіп.
 - 3) Шақырушы мұсылман болуы керек. Егер олай болмаса, жауап беру уәжіп емес.
 - 4) Оның табысы харам болмауы керек.
 - 5) Шақыруға жауап беру парызды немесе одан да маңызды бір нәрсені орындауға кедергі болмауы керек.
 - 6) Жауап беру шақырылған адамға зиян келтірмеуі керек, мысалы, алыс жол жүру немесе оған мұқтаж болған отбасын қараусыз қалдыру.
- Хат арқылы жіберілген шақыру ауызша шақырумен теңесе ме? Егер шақырылған адам шақырудың нақты өзіне арналғанын білсе, онда бұл ауызша шақырумен тең болады.
- **«оған теңімен қайырыңдар»:** мұнда екі пайда бар:
 - 1) Жақсылық жасаушыларды игі істерге ынталандыру.
 - 2) Адам өзіне жасалған жақсылыққа қатысты өзгенің алдында сезінетін тәуелділіктен арылу.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың атымен пана сұраған адамға пана беру қажеттілігі. (Егер ол өзіне міндетті болған нәрседен қашып немесе тастамауы тиіс нәрсені тастау үшін пана сұрап тұрмаса, өйткені бұл жағдайда оған пана берілмейді).

Екінші. Аллаһтың атымен сұраған адамның өтінішін қанағаттандыру қажеттілігі.

Үшінші. Шақыруға жауап беру қажеттілігі.

Төртінші. Жақсылық жасаған адамға теңімен қайыру қажеттілігі.

Бесінші. Егер адам теңімен қайыруға мүмкіндігі болмаса, онда ол сол адам үшін дұға етуі керек. (Өйткені бұл — алғыс білдірудің бір жолы және егер мұндай жақсылық жасаушылар әдетте алғыс алмаса, бұл олардың қақысына қайтарым болады).

Алтыншы. Пайғамбарымыздың ﷺ: «...оған теңімен қайырдым деп санағанға дейін ол үшін дұға етіңдер», — деген сөздері. (Яғни дұғаң қысқа болмауы керек, керісінше, сен оны жеткілікті деп сезінгенше жалғастыруың қажет).

56. Аллаһтың Дидарымен тек Жәннатты ғана сұрау рұқсат етілгендігі жайлы тарау.

Тараудың аталуының мағынасы:

1) Егер сен Аллаһтың Дидарымен сұрайтын болсаң, тек Жәннат сұра және дүние істерін сұрама.

2) Аллаһтың Дидары арқылы жаратылыстардан сұрауға болмайды, өйткені олар Жәннатты сыйлай алмайды.

Бұл — Аллаһтың Жүзін ұлықтау, өйткені Оның Қасиетті Дидары арқылы тек Жәннат немесе оған апаратын амалдар сұралады.

ДӘЛЕЛ

Жәбир ибн Абдуллаһ (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: «**Аллаһтың Дидарымен тек Жәннатты ғана сұрауға болады**» (Абу Дауд, 1671; әл-Бәйһақи, 4/199 және басқалар, хадис әлсіз).

- «**Аллаһтың Дидарымен**» — бұл Аллаһтың сипаттарының бірі. Ол Құран, Сүннет және ижмағ (ғалымдардың бірауыздан келісуі) арқылы бекітілген. Бұл — шынайы сипат және ол жаратылыстардың жүзіне ұқсамайды.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың Жүзі арқылы Одан тек ең ұлы мақсат — Жәннат сұралады (Әдеп талаптарына сай, Аллаһтың Жүзі арқылы тек Ақыретке қатысты нәрселер, мысалы, Жәннатқа кіру немесе Тозақтан құтылу сұралуы керек).

Екінші. Аллаһқа қатысты «Дидар» сипатын бекіту.

Аллаһтың сипаттарына дұға етуге болады ма?

Аллаһтың сипаттарына дұға етуге болмайды, мысалы: «Уа Аллаһтың мейірімі!», «Уа Аллаһтың Жүзі!», «Уа Аллаһтың Құдіреті!» деп айту. Мұндай дұға — бидғат, өйткені ол шарифат мәтіндерінде кездеспейді және алғашқы мұсылмандардан (сәләфтардан) жетпеген. Шейхул-Ислам ибн Таймия, Аллаһ оған рахым етсін, былай деді: «Бұл — күпірлік».

57. «Егер...» деген сөз туралы тарау.

«Егер» сөзінің қолданылу түрлері мен үкімдері:

1. Тыйым салынған және күпірлікке әкелуі мүмкін: Бұл — шариғатқа қайшы келу мақсатында қолдану.

Екіжүзділер: «Егер іс біздің еркімізде болғанда, осы жерде өлтірілмес едік», — деген сөздерімен Пайғамбардың ﷺ үкіміне қарсы шықты. Олар: «Егер олар бізге құлақ асып, біз сияқты шайқасқа шықпай қойғанда, өлтірілмес еді, демек біздің пікіріміз шариғаттан жақсырақ», — деп айтты.

2. Тыйым салынған: Бұл — тағдырға қайшы келу мақсатында қолдану.

Екіжүзділер: «Егер олар бізге бағынғанда, өлтірілмес еді», — яғни: «Егер олар қалып қойғанында, өлтірілмес еді», — деп айтып, осынымен Аллаһтың тағдырына қарсы шықты.

3. Тыйым салынған: Өкініш пен қайғыны білдіру үшін қолдану.

«Егер былай істегенімде ғой, былай болмас еді»: өйткені өкініш адам жанына мұң мен күйзеліс алып келеді, ал Аллаһ біздің қуанышты болуымызды қалайды.

4. Тыйым салынған: Тағдырды күнәларды ақтау үшін қолдану.

«Егер Аллаһ қаласа, біз ширк жасамас едік»: бұл — жалған сөз. Бірақ күнәларға қатысты емес, бақытсыздықтарға (яғни адамның еркінен тыс болған нәрселерге) қатысты тағдырмен ақталуға рұқсат етіледі. Бұны күнә жасаған адамның тәубеге келіп, оны тастауынан түсінуге болады.

5. Егер бұл жақсылық болса, ол жақсылық, ал жамандық болса, ол жамандық: Бұл — «егер» сөзін ниет-қалауды қолдану

«Егер менде байлық болса, мен пәлен нәрсе жасар едім»: бұл — жақсылықты армандау. Ал Пайғамбар ﷺ: «Оған ниетіне сай беріледі, сондықтан олардың сауабы тең», — деді. Сондай-ақ, жамандықты армандағандар туралы: «Оған ниетіне сай беріледі, сондықтан олардың күнәсі тең», — деп айтты.

6. Рұқсат етілген: Бұл — «егер» сөзін хабар ретінде қолдану.

«Егер мен кейінірек білгенімді бұрын білгенімде, құрбандыққа мал айдап келмеген болар едім»: бұл — хабарлау. Себебі, Пайғамбар ﷺ бұл жерде Аллаһтың тағдырына қайшы еш нәрсе қаламады. «Егер мен сабақта болғанымда, пайда алар едім» деген сөз де осыған ұқсас.

БІРІНШІДЕН ҮШІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: **«Олар сондай-ақ: «Егер іс біздің еркімізде болғанда, осы жерде өлтірілмес едік», — дейді. (Мухаммад) оларға: «Егер сендер үйлерінде болсаңдар да, өлтірілуі (тағдырларына) жазылғандар, әрине, өлтірілетін жерлерінде болар еді. Аллаһ көкіректеріңдегіні сынау және жүректеріңдегіні тазарту үшін өстіді. Сондай-ақ Аллаһ жүректеріңдегіні толық Білуші», — деп айт»** («Әли Имран» сүресі, 154-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген: **«(Мухаммад,) өздері үйлерінде қалып, бауырларына: «Егер олар тілімізді алғанда, өлтірілмес еді», — дегендерге: «Сөздерің шын болса, өлімді өз бастарыңнан тойтарыңдар», — деп айт»** («Әли Имран» сүресі, 168-аят)

Муслимнің «әс-Сахихында» Абу Хурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ оған былай деп айтқан хадисі жеткізіледі: **“Өзіңе пайда келтіретін нәрсеге ұмтыл да, Аллаһтан көмек сұра, әрі осалдыққа салынба, ал егер басыңа (сәтсіздіктер мен бақытсыздықтардан) бір нәрселер түсіп жатса: «Егер мен былай істегенімде, былай болар еді», — деп айтпа! Алайда: «Бұл Аллаһтың тағдыры, әрі Ол қалағанын істеді», — деп айт, өйткені (бұл) «егер» (деп айтуың) шайтанның азғыруына жол ашады”** (Муслим, 2664).

- **«Олар сондай-ақ: «Егер іс біздің еркімізде болғанда, осы жерде өлтірілмес едік», — дейді...»:** бұл — екіжүзділердің шариятқа қарсы шығуы. Өйткені олар Пайғамбарды ﷺ өздерінің келісімінсіз жорыққа шыққаны үшін кінәлады.
- Сондай-ақ бұл Аллаһтың тағдырына қарсы шығу мағынасында да болуы мүмкін. Яғни «Біз өлтірілу үшін шықпадық» деген сөздерімен олар тағдырға қарсы шықты.
- **«өздері үйлерінде отырып, бауырларына: «Егер олар тілімізді алғанда, өлтірілмес еді», — дегендерге...»** — бұл мұсылман-

дарға және Аллаһтың тағдырына қарсы шығу, сондай-ақ жиһадтан қорқудың белгісі.

- Тағдырға қарсы шыққан адам Аллаһқа Раббысы ретінде разы болмады және таухид ар-рубубияны (Аллаһтың раббылықтағы жалғыздығын) жүзеге асырмады.

1) Осы хадистен алынатын пайдалар: 1) пайдалы нәрселерге талпыну және зиянды нәрселерден аулақ болу; 2) Аллаһтан жәрдем сұрау; 3) істерде тұрақтылық таныту және әлсіздіктен аулақ болу, әрі бұл сен үшін артықшылық болып табылады; 4) егер сен қалаған нәрсе орындалмаса, онда ол сенің үлесің болмағаныс, сондықтан бұл істі Аллаһқа тапсыр.

ҚАРАЛАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Әли Имран» сүресінің 154 және 168-аяттарының тәпсірі. (154-аят — шарифатқа қарсы шығу туралы, ал 168-аят — тағдырға қарсы шығу туралы).

Екінші. Кез келген қиыншылыққа ұшырағанда «егер...» деп айтудың анық тыйым салынуы.

Үшінші. Бұл тыйымның себебі — бұл сөз шайтанның амалдарына жол ашады. (Және адамды күйзеліске, қайғыға түсіреді).

Төртінші. Осындай жағдайларда айту қажет болған көркем сөздер. («Бұны Аллаһ тағдыр етті, әрі Ол қалағанын жасайды»).

Бесінші. Пайдалы нәрсеге талпыну және сол жолда Аллаһтан жәрдем сұрау бұйырылған.

Алтыншы. Бұған қарсы нәрсеге — әлсіздік танытуға тыйым салынған. (Яғни адам әрекет етуден бас тартып, жалқаулыққа салынбауы тиіс, өйткені ол бұған қабілетті).

58. Желді сөгудің тыйым салынғандығы туралы тарау.

ДӘЛЕЛ

Убайй ибн Кағб (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын баяндайтын: **“Желді сөкпеңдер. Егер сендер одан өздеріңе ұнамайтын нәрсе көрсеңдер: «Уа Аллаһ, біз Сенен осы желдің игілігін және ол өзімен алып келетін игілікті, әрі оған жасау бұйырылған игілікті сұраймыз, және Өзіңе осы желдің жамандығынан және ол алып келетін жамандықтан, әрі оған жасау бұйырылған жамандықтан пана тілеп сиынамыз», — деп айтыңдар”** (Ахмад, 5/123; Ибн Аби Шәйба, 6/27; әл-Бухари «Адаб әл-Муфрадта», 719; әт-Тирмизи, 2252; ән-Нәсаи «Сунан әл-Кубрада», 6/231-232; әл-Хаким, 2/298).

- Желді сөгуге қатысты үкім, уақытты сөгу үкімі секілді, әртүрлі болуы мүмкін. Алайда, желді сөгу жиі кездесетіндіктен, автор мұның тыйым салынғанын ғана атап өтті. Сондай-ақ әлдебір нәрсені қарғауға және сөгуге де жалпы түрде тыйым салынған, өйткені Пайғамбар ﷺ былай деді: **«Мұмин адам сөгуші, лағнеттеуші, арсыз және боғауыз сөздер айтатушы болмайды»**. Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: **«Лағнеттеушілер Қиямет күні шапартышы да, күзгер де болмайды»**.
- Мұсылмандарды сөгу туралы Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: **«Мұсылманды сөгу — пасықтық, ал онымен соғысу — күпірлік»**.
- Қайтыс болған адамдарды сөгу туралы Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Өлілерді сөкпеңдер, өйткені олар өз істерінің нәтижесіне жетті»**.
- Жануарларды сөгу туралы Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Лағнеттелген түйе бізбен бірге жүрмесін»**.
- Қызбаны (безгекті) сөгу туралы Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: **«Безгекті сөкпеңдер»**.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Желді сөгуге тыйым салынған. (Бұл — харам (тыйым салынған), өйткені ол желді жаратқан әрі жіберген Аллаһты сөгу болып табылады).

Екінші. Адам өзіне ұнамсыз нәрсені көргенде, пайдалы сөз айтуға нұсқау. (Осының бір мысалы — осы хадисте келтірілген «Уа Аллаһ! Сенен ... сұраймын» деген дұға және желдің жамандығынан қорғану үшін қандай да бір әрекет жасау, мысалы, қабырға артында жасырыну).

Үшінші. Жел Аллаһтың қалауына бағынатынын білдіру.

Төртінші. Желге жақсылықты да, жамандықты да алып жүру бұйырылуы мүмкін. (Осылайша, адам Аллаһтың тағдырын мойындап, оны сөкпей, керісінше, Оған бойсұнуы қажет. Себебі бұл жаратылыстар тек Аллаһтың әмірімен әрекет етеді, дәл сол сияқты адам да шариғи әмірлерге бағынуға міндетті).

**59. Аллаһ Тағаланың «Олар жәһилиет кезінде
істегендеріндей, Аллаһ туралы орынсыз ой ойлады.
Олар: «Бұл істе бізде не ерік бар?» — десті»
деген сөздері туралы тарау.**

- **«Олар жәһилиет кезінде істегендеріндей, Аллаһ туралы орынсыз ой ойлады»:** бұл надандық дәуіріндегі адамдар (екіжүзділер) ойлаған нәрсе. Олар Аллаһтың ұлылығы туралы білмей, Оны лайықты түрде ұлықтамады. Бұл надандыққа негізделген жалған ойлар еді. Аллаһ туралы ойлар екі түрлі болады:

1) Аллаһ туралы жақсы ойлау, және бұл екі мәселеге байланысты:

А. Аллаһтың саған қатысты істейтіні: бұл мәселеде Аллаһ туралы жақсы ойлау — міндетті.

Б. Аллаһтың саған не үшін осылай істейтіні: Аллаһ туралы ең жақсы ойда болу міндетті, бірақ бұл үшін адамның жүрегінде ол Аллаһ туралы жақсы ойлуға себеп болатын ықыластылықтың және Сүннетке ілесудің болуы шарт етіледі.

2) Аллаһ туралы жаман ойлау: мысалы, Оның істерінде даналық жоқ деп, әділетсіздік бар деп ойлау. Бұл — ең үлкен тыйымдардың және ең үлкен күнәлардың бірі болып табылады. Бұндай ойлар екіжүзділердің және соларға ұқсас басқа адамдардың Аллаһ туралы шындыққа жанаспайтын нәрселер ойлағаны сияқты болады.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: **«Аллаһқа байланысты жаман ой ойлаған екіжүзді ерлер мен екіжүзді әйелдерді, мүшрик ерлер мен мүшрик әйелдерді азапқа ұшыратады әрі жамандық өздеріне оралады. Аллаһ оларға ашуланды, оларды лағынеттеді әрі оларға Тозақты әзірледі. Ол нендей жаман барар жер!»** («әл-Фатх» сүресі, 6-аят).

- Бұл аятта екіжүзділер мен мүшриктер меңзелген. Оларды барлық жағынан жамандық қоршайды.

Бірінші аят турасында Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деді: «Құран тәпсіршілерінің пікірі бойынша, мүшриктердің бұл жаман ойлары Аллаһ Тағала бейне бір Өзінің Елшісіне ﷺ көмектеспейді,

әрі оның ісі жойылады дегенді қамтитын. Басқа тәпсіршілер бұл ойлар орын алып жатқан нәрсенің барлығы Аллаһтың тағдыры мен Оның даналығының салдары болып табылмайды деген (пікірді) қамтиды деп есептейді. Сондай-ақ оларды Аллаһтың даналығы мен Оның тағдырын жоққа шығару деп, Аллаһ Өзінің ісін соңына дейін жеткізетінін және Исламды барлық діндерден үстем ететінін жоққа шығару деп тәпсірлеген. Бұл «әл-Фатх» сүресінде айтылатын екіжүзділер мен мүшріктерде болған жаман ойлар, міне, осылар.

Әрі бұл, расында да, жауыз ойлар болатын, өйткені Пәк Аллаһ туралы, Оның даналығы, даңқы әрі адал уәдесі туралы бұлай ойлауға мүлде болмайды. Ал кімде-кім әлдебіреуді ақиқат үстінен жеңіске жете алады деп білсе; орын алып жатқан нәрселердің барлығы Оның алдын ала бекіткен жазмышы мен тағдыры бойынша орын алып жатқанын әрі Оның (бекіткен) тағдыры Оның мақтауға лайықты терең даналығымен байланысты екенін жоққа шығарса; әрі барлық нәрсені жағдаяттардың жай ғана өрбуі бойынша орын алып жатыр деп айтатын болса, сол кәпірлердегі дәла сондай жаман ойларға ие болған болады. Иман келтірмейтін адамдарға қасірет болсын, сол себепті олар Отқа түседі емес пе?!

Көпшілік адамдар өздерінің өмірінде немесе басқа адамдардың өмірінде орын алатын (жағдайлардың) әсерімен Аллаһ туралы жаман ойға ие. Мұндай ойлардан тек Аллаһты, Оның есімдері мен сипаттарын таныған адамдар ғана, Оның даналығы мен Оны мақтап-дәріптеудің себебі мен қажеттілігін білетін адамдар ғана құтыла алады. Өзіне жақсылық қалайтын әрбір адам осы жайында ойланып, Аллаһтың алдында тәубе етсін және Аллаһтан өзінің жаман ойлары үшін оны кешіруін сұрап-жалбарынсын...

Кімнен сұрасаң да, (олардың) тағдырдан мезі болғандарын әрі оның атына сөгіс-шағымдар (айтатындарын) көресің. Барлықтары осылай-осылай болу керек еді, бірақ осылай болды деп айтып жатады. Әрбір адам үлкен немесе кіші дәрежеде тағдырға шағымданып жатады. Өз-өзіңді тексеріп көр, сен осындай наразылықтан алыссың ба?»

Ал сосын ибн әл-Қайим мына өлең жолдарын келтірді:

«Арылып азат болсаң сен осыдан,

Боларсың үлкен бәледен құтылған.

Әрі сен үшін осыдан басқа құтылар жол жоқ

Мен көріп тұрған» («Зад әл-Миғад», 3/228-235).

- Бұл сөздерді Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) өз еңбегі «Зад әл-Миғад» кітабында Ухуд шайқасы жайлы баяндаған соң келтіреді. Ол осы оқиғадан алынатын даналықтар мен мақтауға лайықты нәтижелер туралы айтқан. Оның жаман ойлар жайлы айтқан сөздерінің мәні:
 - 1) Аллаһ өтірікті ақиқатқа үнемі үстем етуге рұқсат береді әрі соның нәтижесінде ақиқат жоғалып кетеді деп деп ойлау.
 - 2) Болған оқиғалар Аллаһтың тағдыры екенін теріске шығару, ал қалайша Оның билігінің астында Ол қаламайтын нәрсе болуы мүмкін.
 - 3) Оның тағдыры Оның кемелмақтау-мадаққа лайық даналығына негізделгенін жоққа шығару.
- Оның жаман ойлардан арылу жолдары жайлы айтқан сөздерінің мәні:
 - 1) Аллаһтың есімдері мен сипаттарын дұрыс және бұрмаламай түсіну.
 - 2) Ақылды адам бұл мәселеге ой салып, Аллаһ туралы дұрыс ой түйю керек әрі жәһилиет адамдары сияқты жаман ойламауы керек.
 - 3) Күнәлардан арылып, Аллаһқа мойынсұнуға бет бұрып, Одан кешірім тілеу.
 - 4) Адам өз-өзі туралы жаман ойда болуы керек, өйткені оның кемшіліктері мен күнәлары бар.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Әли Имран» сүресінің 154-аятының тәпсірі. («Олар жәһилиет кезінде істегендеріндей, Аллаһ туралы орынсыз ой ойлады...», мұнда «олар» деген сөз екіжүзділерге қатысты).

Екінші. «Әл-Фатх» сүресінің 6-аятының тәпсірі. («Аллаһқа байланысты жаман ой ойлаған екіжүзді ерлер мен екіжүзді әйелдерді...», мұнда «олар» деген сөз екіжүзділерге қатысты).

Үшінші. Аллаһ туралы жаман ойлардың түрлері шектеулі емес. (Яғни оның шегі — Аллаһқа лайықсыз нәрсені ойлау).

Төртінші. Мұндай жаман ойлардан тек Аллаһтың есімдері мен сипаттарын біліп, өзін таныған адам ғана арыла алады. (Әрі өзіне назарсатынадам. Өйткені, адам, шын мәнінде, кемшіліктерге толы. Ал Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ болса, барлық жағынан кемел, ешбір кемшілігі жоқ).

60. Тағдырды жоққа шығарушылар жайлы (бұл үлкен күпірлік екендігі) туралы тарау

- Қадар (тағдыр) — Аллаһтың жаратылыстарындағы құпиясы. Тағдырға жазылған нәрсе орындалғанға дейін бізге ол жайлы білу қажет емес. Бұл мәселе негізінен Раббылықтағы бірқұдайшылыққа (тәухид әр-рубубия) қатысты, алайда Есімдер мен сипаттардағы бірқұдайшылықты да (тәухид әл-әсма уа-с-сыфат) қамтиды. Тағдыр мәселесінде адамдар үш топқа бөлінеді:
1. Жәбария тобы. Олар тағдырға сенеді, бірақ онда шектен шығады. Олар адамның іс-әрекет жасаудағы таңдау еркі мен күш-құдіретін толық жоққа шығарады да: «Адамда іс-әрекет жасауда таңдау еркі де, күш-құдірет те жоқ», — дейді.
 2. Қадария-муғтазилилер тобы. Адамның іс-әрекетті жасауға таңдау еркі мен күш-құдіреті бар екенін мойындайды, бірақ онда шектен шығып: «Аллаһ құлдарының әлдебір іс-амалдарын қаламайды және жаратпайды», — дейді.
 3. Үшінші топ — Әхлю-сунна уәл-жәмаға. Олар тағдыр мәселесіндегі, адамның іс-әрекет жасаудағы таңдау еркі және күш-құдіреті туралы барлық дәлелдерді бір-біріне үйлестіріп, ең жақсы үмметтің жолына ілесті. Олар Аллаһтың тағдыры мен Құдіретіне иман келтіреді, әрі адамның да қалауы (таңдау еркі) бар екенін, бірақ ол Аллаһтың қалауына бағынышты екенін растайды.

Қадарға (тағдырға) иман келтірудің көптеген пайдасы бар, олардың ішінде:

- 1) Бұл — Раббылықтағы бірқұдайшылықты толыққанды жүзеге асырудың біз бөлігі.
- 2) Бұл Аллаһқа шынайы тәуекел етуге әкеледі.
- 3) Бұл жүрекке тыныштық сыйлайды: егер сен «саған келген нәрсе сенен айналып өтпес еді, ал сенен айналып өткен нәрсе саған келмес еді» дегенді білсең, онда пайдалы себептерді жасағаннан кейін, өзіңмен орын алған нәрсеге қатысты тыныш боласың.
- 4) Бұл адамды өз амалдарымен сүйсініп алданудан сақтайды: Ол бір

амал жасаса, Аллаһқа шүкір етеді, өйткені оны оған Аллаһ нәсіп етті.


- 5) Ол басына түскен қиындықтарға бола қайғырмайды: өйткені мұның аса Ұлы әрі Құдіретті Раббысынан екенін, сондықтан да бұл Оның мейірімі әрі даналығымен орын алып жатқанын біледі.
- 6) Адам себептерді жасайды, өйткені ол Аллаһтың даналығына және Аллаһ бір нәрсені тек оған апаратын себептермен алдын ала белгілейтініне сенеді.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған және әкесіне разы болсын) былай деді: «Ибн Умардың жаны Қолында болған (Аллаһтың) атымен ант етемін, егер олардың әлдебіреуінде Ухуд тауындай бір тау алтыны болып, ол осы байлықтың бәрін Аллаһ жолында жұмсаса да, бұл адам тағдырға иман келтірмейінше, Аллаһ мұны қабыл алмас еді». Сосын ол өз сөздеріне дәлел ретінде Пайғамбардың ﷺ: **«Иман дегеніміз — сенің Аллаһқа, Оның періштелеріне, Оның Кітаптарына, Оның елшілеріне, Ақырет Күніне иман келтіруіңді, сондай-ақ тағдырға оның жақсылығымен және жамандығымен иман келтіруіңді білдіреді»** деп айтқан сөздерін келтірді (Муслим, 8; Абу Дауд, 4695; әт-Тирмизи 2613; Ибн Мәжаһ 63).

- **Иман дегеніміз:** тілмен айту, жүрекпен растау және дене мүшелерімен амал жасау. Иман мойынсұнумен артады, күнә жасаумен азаяды. Иманда алты негіз бар:
 - (1) Аллаһқа иман, (2) Оның періштелеріне иман, (3) Оның Кітаптарына иман, (4) Оның пайғамбарларына иман, (5) Ақырет күніне иман, (6) Тағдырға — оның жақсылығы мен жамандығына иман.

Аллаһқа иман келтіру не нәрселерді талап етеді?



- **«Оның періштелеріне»:** Бұл — көзге көрінбейтін әлем, Аллаһ оларды нұрдан жаратты, олар Аллаһқа бойсұнады және Оған қарсы келмейді. Олардың жаны бар: **«Қасиетті Рух»**, және денелері бар: **«...Періштелерді екі, үш және төрт қанатты елшілер еткен Аллаһқа бүкіл мақтау-мадақ. Ол жаратуда қалағанынша артырады».** Олардың ақыл-ойы мен жүректері бар: **«Олардың жүректерінен үрей сейілген кезде, олар: “Раббыларың не айтты?” — деседі».**

Біз періштелерге және Аллаһ бізге олардың есімдері туралы хабар бергендеріне (Жәбірейіл, Микаил, Исрафил) иман келтіреміз. Сондай-ақ олардың сипаттарына: **«Олар Аллаһқа Оның бұйырған нәрселерінде қарсы келмейді және өздеріне бұйырылғанды орындайды»**, және олардың амалдарына (Аршыны көтеруші періштелері секілді) сенеміз.

- **«Оның Кітаптарына»:** Біз Аллаһтың Кітаптарының Оның астар-

лы мағынадағы емес, шын мәніндегі Сөзі екендігіне шынайы иман келтіруіміз қажет. Олар жаратылмаған, Аллаһтан түсірілген Кітаптар болып табылады және Аллаһ әрбір елшіге Кітап түсірген. Біз оларға, олардың атауларына, олардағы хабарлар мен күші жойылмаған үкімдерге жалпы және жеке түрде иман келтіреміз. Біз Құранның өзіне дейінгі барлық Кітаптардың (Тәурат, Інжіл, Забур, Ибраһим мен Мусаның, оларға Аллаһтың сәлемі болсын, парақтары) күшін жойғанына иман келтіреміз.

- **«Оның елшілеріне»:** Біз олардың адамдар екеніне, оларда ешқандай құдайлық сипат жоқ екеніне, олардың Аллаһтың құлдары екеніне және оларға құлшылық жасауға болмайтынына сенеміз. Аллаһ оларды жіберіп, оларға уахи етті және оларды аяттарымен қолдады. Олар өздеріне тапсырылған міндетті толық орындады, қауымдарына шынайы ықыласты болды, Аллаһтың дінін толық жеткізді және Аллаһ жолында шынайы жиһад жасады. Біз оларға, олардың есімдеріне, сипаттарына және Аллаһ олартуралы хабар берген нәрселердің барлығына иман келтіреміз. Алғашқы пайғамбар — Адам (оған Аллаһтың сәлемі болсын), алғашқы елші — Нух (оған Аллаһтың сәлемі болсын), ал барлық пайғамбарлар мен елшілердің соңғысы — Мухаммад ﷺ. Олардың ішіндегі бесеуі — Ұлы Табандылық Йелері, «әш-Шура» және «әл-Әхзаб» сүрелерінде аталған: Мухаммад, Нух, Ибраһим, Муса және Иса (оларға Аллаһтың игілі мен сәлемі болсын).
- **«Ақырет күніне»:** Оған иман келтіру өзінің құрамына Пайғамбар ﷺ хабарлаған өлімнен кейін орыналатын, мысалы, қабір сынағы, Сүрге үрлеу, қабірден қайта тірілу, Таразы, амал дәптерлері, Сырат көпірі, Хауыз, шапағат, Жәннат, Тозақ, мұминдердің Қиямет күні және Жәннатта өздерінің Раббысын көруі сияқты оқиғаларға және осыған ұқсас ғайып нәрселердің барлығына иман келтіруді қамтиды..
- **«Тағдырға, оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіру»** Бұл жерде **«иман келтіру»** етістігі қайта айтылды, себебі тағдырға сену — аса маңызды мәселе. Тағдырдың төрт дәрежесі бар:
 - Аллаһтың білімі — Ол барлық нәрсені, жалпы және жекеше түрде, толық білетіндігіне иман келтіру. Бұған дәлел: **«Ол олардың өткенін де, болашағын да біледі»** («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).
 - Жазмыш — Аллаһ Қиямет күніне дейін болатын барлық нәрсені жазып қойғанына иман келтіру. Бұған дәлел: **«Жерде де, көкте де Айқын Кітапта жазылмаған жасырын ештеңе жоқ»** («ән-Нәмл» сүресі, 75-аят).

– Қалау — Аллаһ қалаған нәрсе міндетті түрде орындалады, ал Ол қаламаған нәрсе болмайды. Егер Аллаһ қаламаса, пенде ештеңе қалай алмайды: **«Бірақ сендер Аллаһ қаламайынша ешнәрсе қаламайсыңдар»** («әл-Инсан» сүресі, 30-аят).

– Жарату — Барлық нәрсені Аллаһ жаратқан және басқарады, құлдардың амалдары да жаратылған. Бұған дәлел: **«Аллаһ сендерді де, сендердің жасаған амалдарыңды да жаратты»** («әс-Саффат» сүресі, 96-аят) .

ЕКІНШІДЕН ТӨРТІНШІГЕДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Убада ибн әс-Сомит (Аллаһ оған разы болсын) өзінің ұлына былай деді: «Балам, сен иманның ләззатын өзіңмен орын алған бақытсыздықтың сені айналып өтуі мүмкін емес болғанын, ал өзінді айналып өткен нәрсе саған келіп тиюі мүмкін емес болғанын түсініп-білгеніңде ғана сезінесің. Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естігенмін: **«Аллаһ Қаламды жарата салысымен оған: “Жаз!” — деді. Қалам: “Уа Раббым, не жазайын?” — деп сұрады. Аллаһ Тағала: «Қиямет Сағаты басталғанға дейін тағдыр етіп бекітілген нәрсенің барлығын жаз», — деді»**. Балам, мен сондай-ақ Аллаһ Елшісінің ﷺ: **“Кімде-кім осындай сенімі болмай қайтыс болса, сол менен емес”, — деп айтқанын естідім»** (Абу Дауд, 4700; әт-Табарани «Муснад әш-Шамийінде», 59; әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубрада», 10/204 т.б.).

Ахмадтың нұсқасында былай делінеді: **“Аллаһ Қаламды жарата салысымен оған: «Жаз!» — деді. Әрі сол сағатта Қиямет Күніне дейінгі барлық нәрселер жазылып қойылды”** (Ахмад, 5/317).

Ибн Уаһбтың нұсқасында былай делінеді: **“Аллаһ Елшісі ﷺ: «Тағдырға оның жақсылығы мен жамандығымен иман келтірмейтін адамды Аллаһ Отта өртейді», — деді”** (Ибн Уаһб «Китаб әл-Қадарда», 26 т.б.).

Ахмад «әл-Муснадта» және Ибн Мәжаһ «әс-Сунанда» Ибн әд-Дайләмидің былай деп айтқан хадисін келтіреді: «Мен Убай ибн Кағбқа келіп: “Менің ішімде тағдырға күмәндануға итермелейтін бір нәрсе бар. Маған бірдеме айтшы, мүмкін, Аллаһ мұны менің жүрегімнен алып тастар”, — дедім. Ол: “Егер сен Аллаһ жолында Ухуд тауындай алтын жұмсасаң да, Ол сенен мұны тағдырға иман келтірмейінше әрі өзіңмен болған сәтсіздік сені айналып өтпеуі керек болғанын, ал сені айналып өткен нәрсе саған келіп жетуі мүмкін емес болғанын ұқпайыңша, қабыл алмайды. Егер сен осындай сенімге ие болмай қайтыс

болсаң, От тұрғындарының арасынан (бір-ақ) шығасың», — деді. Осыдан кейін мен Абдуллаһ ибн Масғудқа, Хузайфа ибн әл-Яманға және Зәйд ибн Сабитке (Аллаһ оларға разы болсын) кіріп шықтым, әрі олардың әрқайсысы Пайғамбарға ﷺ сілтей отырып, тура осыны айтып берді» (Ахмад, 5/185-189; Абу Дауд, 4699; Ибн Мәжаһ, 77; әт-Табарани «әл-Кабирде», 4940; Ибн Хиббан, 1817).

- «...түсініп-білгеніңде ғана»: Аллаһ Тағала бұған Өзінің мына сөздерінде нұсқады: **«Жер бетінде, сондай-ақ сендердің өздеріңмен орын алатын кез-келген бақытсыздық, біз оны жаратуымыздан бұрын Кітапта жазулы. Расында бұл Аллаһқа жеңіл. Біз бұны сендердің өткенге өкінбеулерің әрі өздеріңе берілгенге сүйінбеулерің үшін баян еттік. Аллаһ бүкіл текаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді»** («әл-Хадид» сүресі, 22–23-аяттар).
- «Балам»: Бұл сөз балаға насихат айтқан кезде жұмсақтық танытуды білдіреді. Сондай-ақ бұл жерде балаларды дін үкімдеріне дәлелдермен үйрету қажеттігіне нұсқау бар: (1) балаларды дәлелге сүйеніп әрекет етуге дағдылау үшін; (2) оларды Пайғамбарымызға ﷺ деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу үшін.
- «Менің ішімде тағдырға күмәндануға итермелейтін бір нәрсе бар»: Дайләмидің жан-дүниесінде пайда болған бұл күмән тағдырға қатысты күмән тудыратын бидғат жақтастарымен бірге болудың қауіпті екенін көрсетеді. Бұл күмәндар шариғи мәтіндер арқылы сейіліп, жойылады, алайда олар ақылмен жоққа шығарылмайды, өйткені бұлай ету оларды тек арттыра түседі.
- «**Қалам**»: Бұл хадистің екі нұсқасы екі түрлі келген: бірі — соңында даммамен (әл-Қоләму), екіншісі — фатхамен (әл-Қоләма).

1) Даммамен оқылғанда, мағынасы — Аллаһтың ең бірінші жаратқаны — Қалам, бірақ бұл мысалы, аспандар мен жер секілді біздің көріп тұрған жаратылыстарға қатысты ғана. Бұл — салыстырмалы түрдегі алғашқы жаратылыс. Ибн әл-Қаййим былай деді:

Адамдар Қалам жайлы таласты,

Онымен әд-Дәйян (Аса Ұлы Төреші) тағдырды жазды.

Аршыдан бұрын ба, әлде кейін бе,

Абул-Ғалә әл-Хамазани екі пікір білдірді.

Ал ақиқатында, Аршы бұрын жаратылған,

Өйткені, ол жазудан бұрын-ақ өз бағаналарында тұрды.

2) Фатхамен (наспен) оқылғанда, мағынасы — Аллаһ Қаламға оның жаратылған сәтінен бастап жазуды бұйырды.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Тағдырға иман келтірудің міндеттілігін түсіндіру.

Екінші. Тағдырға қалай иман келтіру керектігін түсіндіру. (Оның төрт дәрежесіне иман келтіру арқылы).

Үшінші. Тағдырға иман келтірмеген адамның амалдарының зая кететініне нұсқау. (Бұл — үлкен күпірлік).

Төртінші. Адам шынайы иманның дәмін тағдырға иман келтірмегенше сезіне алмайтынан нұсқау.

Бесінші. Аллаһтың ең алдымен нені жаратқанын баяндау. (Қалам Аршыдан кейін жаратылғанына күмән жоқ. Көзге көрінетін жаратылыстардың ішінде ең алғашқы жаратылған нәрсе — Қалам, яғни ол аспан мен жерден бұрын жаратылған. Сондықтан бұл — салыстырмалы түрде алғашқы жаратылыс).

Алтыншы. Аллаһ Қаламды жаратқан кезде, Қияметке дейін болатын барлық тағдыр жазылып қойды. (Бұл Аллаһтың жансыз нәрселерге сөйлеуі және олардың Аллаһтың әмірлерін түсінетіндігін дәлелдейді, өйткені Аллаһ Қаламға әмір еткенде, ол қабыл етіп, жауап берді).

Жетінші. Пайғамбарымыздың ﷺ тағдырға сенбеген адамға қатыссыз болуы. (Мұндай адамдар діннен шығаратын үлкен күпірлікке түседі).

Сегізінші. Алдыңғы алиқалы буынның күмәндарды жою үшін ғалымдарға жүгінуі. (Бір мәселені нақтылау үшін бірнеше ғалымнан сұраудың рұқсат екендігін білдіреді, алайда бұл жеңілдік іздеу мақсатында болмауы тиіс).

Тоғызыншы. Ғалымдардың күмәндарды жоятын жауаптарды тек Аллаһ Елшісінің ﷺ сөздеріне сүйене отырып беруі. (Бұл — мұсылманның күмәнін толық жояды. Сондай-ақ дәлел ретінде ақыл мен сезімге, егер бұл дауласып тұрған адамды сендіруге немесе келісіп тұрған адамның жүрегін орнықтыруға көмектессе, жүгіну рұқсат етіледі. Бұған қоса, бұл жерде төртінші дәлел бар, ол — фитра (адамның тума болмысының) дәлелі).

61. Бейне жасаушылар жайлы келген (қатаң қорқыту) туралы тарау.

1) Бейне жасауда Аллаһтың Өз жаратылыстарын жарататына ұқсап-еліктеудің бір бөлігі бар.

2) Жер бетіндегі алғашқы көпқұдайшылық Нух қауымында суреттер мен мүсіндер жасау арқылы пайда болды.

БІРІНШІДЕН БЕСІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен ол Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естігені жеткізіледі: **“Аллаһ Тағала былай деді: «Ал Менің жаратылысыма ұқсас бірдеңе жасауға тырысқан адамнан артық кім залым болмақ! Олар тым құрығанда бір дән жаратып көрсінші, олар (тым болмағанда) кішкентай құмырсқаны жаратып көрсінші!»**”. Бұл хадисті әл-Бухари мен Муслим келтіреді (әл-Бухари, 7559; Муслим, 2111).

Олар, сондай-ақ, Айшадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқан хадисін келтіреді: **«Қиямет Күні ең ауыр жаза Аллаһтың жарату (ісінде) Оған ұқсауға тырысатындарды күтуде»** (әл-Бухари, 5954; Муслим, 2106).

Олар Ибн Аббастың мына хадисін де келтіреді: **«Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естігенмін: “Әрбір бейне салушы Отта! Және оның жасаған әрбір бейнесіне оны Тозақта азаптайтын жан берілетін болады”**» (әл-Бухари, 2225; Муслим, 2110).

Олар, сондай-ақ, Ибн Аббастың Пайғамбар ﷺ былай деп айтқан басқа бір хадисін де келтіреді: **«Өмірінде қандай да бір бейне салған адам соған жан бітіруіне күштеледі, ал ол мұны жасауға құдіретсіз болады»** (әл-Бухари, 5963; Муслим, 2110).

Муслим Абул-Хайяждің былай деп айтқан хадисін келтіреді: **«Али маған былай деді: “Мен сені кезінде Аллаһтың Елшісі ﷺ мені жұмса-**

ған нәрсеге жұмсайын ба: кез-келген бейнені көргенде, оны сол сәтте жой, ал кез-келген төмпешік қабір көрсең, оны жермен бірдей тегістеп қой» (Мұслим, 969).

- Бейне салушыларға қатысты жазалар: (1) олар ең ауыр жазаға тартылады; (2) олар лағынетке ұшыраған; (3) Аллаһ ол жасаған барлық бейнелерге жан бітіреді, және солар оны Тозақта азаптайды; (4) ол Тозақта болады; (5) оған жасаған бейнесіне жан үрлеу бұйырылады, бірақ ол мұны орындай алмайды. (6) бұл ісінде одан асқан зұлымдық жоқ немесе бұл зұлымдықтың ең жоғары деңгейі.
- **«оны сол сәтте жой»:** егер ол салынған сурет болса, оны бояумен өшіру керек. Егер ол мүсін болса, басын алып тастау қажет. Егер ол ойылып жасалған сурет болса, оның бет әлпеті танымастай етіп жойылуы керек. Өшіру тәсілі әр түрлі болуы мүмкін. Хадистің сыртқы мағынасы бұл суретке табыну бар ма, жоқ па — маңызды емес екеніне нұсқайды.
- **«жермен тегісте»:** Бұл сөздің екі мағынасы бар: (1) қабірді шариятқа сай ету; (2) оны айналасындағы қабірлермен теңестіру.

Бейне-сурет жасаудың мақсаттары

- 1) Суреттегі көрсетілгенді ұлықтау: бұл, сөзсіз, харам, себебі билік иелерін бейне-сурет арқылы ұлықтау — рубубия бірқұдайшылығындағы (Аллаһтың Оның Раббылығында жалғыздау) кемістік, ал (көп әрі табанды) құлшылық етуші (ізгілерді) ұлықтау — улуһия (Аллаһтың құлшылыққа лайықты Құдайлық бірлігіндегі) бірқұдайшылықтың кемшілігі.
- 2) Қарау арқылы ләззат алу — бұл харам, себебі ол фитна (азғыру) болып табылады.
- 3) Естелік ретінде жасау — мысалы, балалардың суретін жасау. Бұл да харам.
- 4) Мәжбүрлік жағдайлар — ақшалардағы суреттер, құжаттардағы фотосуреттер. Бұндайлар күнә емес, өйткені оны жоюға мүмкіндік жоқ.
- 5) Басқа нәрселерге қатысты суреттер — мысалы, газеттердегі суреттер. Бұларда негізінде күнә жоқ, бірақ егер олардан қиындықсыз құтылуға мүмкіндік болса, одан арылу абзал.
- 6) Қорланған күйде болған суреттер — мысалы, қоқыста жатқан, еденге төселген немесе үстінен жүретін заттардағы суреттер. Бұл

жағдайда ешқандай проблема жоқ. Бірақ бұл киімдегі суреттерге қатысты емес.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Бейне салушыларға айтылған ауыр ескерту.

Екінші. Бұл тыйымның себебі — бұл Аллаһқа қатысты әдеп сақтамау. Ол: «**Мен жаратқан нәрсеге ұқсағанды жасауға тырысқаннан әділетсіз кім бар?**» — деп айтқан (Бұл, сондай-ақ, Аллаһтың шариғатына қайшы келумен байланысты жаман мінез-құлықтың көрінісі болып табылады. Бұл істе одан асқан зұлымдық жоқ).

Үшінші. Аллаһтың құдіретін және адамдардың әлсіздігін көрсету — Аллаһ Тағала былай деген: «**Олар ең болмаса бір жәндік немесе бір бидай не арпа дәнін жаратып көрсін**» (Аллаһ одан да үлкен нәрселерді жаратты, ал адамдар тіпті бір жәндік немесе бидай дәнін де жасай алмайды).

Төртінші. Мұндай адамдардың ең ауыр жазаға тартылатынына дәлел.

Бесінші. Аллаһ бейне санына қарай жандарды жаратады, және олар сол бейне салушыны Тозақта азаптайды.

Алтыншы. Бейне салушыға оның салған бейнесіне жан үрлеу бұйырылады (Бұл ең ауыр жазалардың бірі).

Жетінші. Суреттерді жою немесе өшіру туралы бұйрық (Бұл — бейнелердің және қабірлердің қауіптілігін жою, өйткені бұл екеуі де ширктің (Аллаһқа серік қосудың) жолы болып табылады. Сондай-ақ, бұл Қиямет күніндегі азап пен әділетті жазаға нұсқау, себебі адам Ақыретте өзінің осы дүниеде істегендеріне сай жазаланады. Егер адам мәңгілік өмірде өзіне берілген нәрсені орындай алмаса, бұл — оған берілген жаза болып табылады).

62. Көп ант беру жайлы тарау.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «...Анттарыңды қорғаңдар...» («әл-Мәида» сүресі, 89-аят).

Антты қорғаудың сатылары:

1. Бастапқы кезеңде — аз ант ету арқылы.

2. Ант күшіне енгенде — кейбір ерекше жағдайлардан өзге оны бұзбау.

3. Ант бұзылғаннан кейін — оны бұзған жағдайда кәффаратын (өтемін) жасау.

4. Тек Аллаһтың атымен ғана ант ету — басқа ешкімнің атымен ант етпеу.

ЕКІНШІДЕН АЛТЫНШЫҒА ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінен ﷺ оның былай деп айтқанын естігенін баяндайтын: «*Ант ішу тауарды өтімді етеді, алайда оның (табысының) бекересін жойып жібереді*» (әл-Бухари, 2087; Муслим, 1606)“.

Сәлман (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естігенін баяндайтын: «*Аллаһ Қиямет Күні үш (түрлі) адаммен сөйлеспейді де, оларды [күнәлардан] тазартпайды да, әрі олардың басына азапты жаза түседі: бұл — бұзық шал, тәкаппар кедей әрі Аллаһты өзінің саудасына айналдырған адам: ол Аллаһтың атымен ант етпей еш нәрсе сатып алмайды әрі Аллаһтың атымен ант етпей еш нәрсе сатпайды*» (әт-Тобарани «Муғжам әл-Кабирде», 6111; әл-Бәйһақи «Шуғаб әл-Иманда», 4/220).

Имран ибн Хусойннан Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқаны жеткізіледі: «*Менің үмметімдегі ең жақсы адамдар — бұл менің замандастарым, сосын олардың соңынан келетіндер, ал сосын — солардың*

соңынан келетіндер». Имран былай деп жалғастырды: «Оның өзінің (замандастарынан) кейін қанша ұрпақтарды атағыны: екі немесе үшеуін бе — менің дәл есімде жоқ». «Олардан кейін өздерінен куәлік талап етілмей жатып куәлік ететіндер, өздеріне сенім артылғанда сатқындық жасайтындар, уәделер беріп, бірақ оларды орындамайтындар пайда болады. Әрі олардың арасында мес-семіз адамдар көп болады» (Мұслим, 2535).

Сондай-ақ Ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың ﷺ былай деп айтқаны жеткізіледі: *«Ең жақсы адамдар — бұл менің замандастарым, сосын олардың соңынан келетіндер, ал сосын — солардың соңынан келетіндер. Олардан кейін куәлік беруден бұрын ант ететін, және ант етуден бұрын куәлік беретін адамдар пайда болады».*

Ибраһим ән-Нахоғи былай деп баяндаған: «Біз кішкентай болған кезімізде бізді куәлік еткеніміз немесе уәде бергеніміз үшін (немесе: куәлік немесе уәде беруіміз үшін) ұратын» (Мұслим, 2533).

- *«...оларды [күнәлардан] тазартпайды...»:* Қиямет күні Аллаһ оларға рахымшылық көрсетпейді және олардың иман келтіргендігіне куәлік бермейді.
- *«Шал»:* қартайғандығы себепті қара шашы мен ақ шашы араласқан әрі шақуаты суыған адам.
- *«Тәкаппар кедей»:* кедей бола тұра, ақиқатқа және Аллаһтың жаратылыстарына қатысты тәкаппарлық танытатын адам.
- *«...ол Аллаһтың атымен ант етпей еш нәрсе сатып алмайды, әрі Аллаһтың атымен ант етпей еш нәрсе сатпайды»:* жиі ант ету оның анттарға немқұрайлылық танытуының әрі жеңіл-желпі қарауының белгісі.
- *«Олардан кейін өздерінен куәлік талап етілмей жатып куәлік ететіндер»:* асығыстықпен ант береді немесе жалған куәлік етеді.
- *«Куәлік бермес бұрын ант етеді»:* (1) олардың сенімсіздігі сонша, олар әрдайым ант ету арқылы куәлік береді; (2) немесе бұл олардың куәлік пен антқа немқұрайлы қарайтынын көрсетеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Антты қорғау туралы бұйрық.

Екінші. Сауда кезінде ант беру тауарды өтімді еткенімен, оның берекесін жоятындығы.

Үшінші. Аллаһтың атымен ант етпей ештеңе сатып алмайтын және сатпайтын адамға қатысты қатаң ескерту.

Төртінші. Егер күнәні жасауға себеп болмаса, оның ауырлығы арта түсетініне нұсқау.

Бесінші. Адамдар сұрамаса да, қажетсіз ант ететіндерді айыптау. (Тек егер бұда қажеттілік немесе пайда болмаса).

Алтыншы. Пайғамбардың ﷺ алғашқы үш немесе төрт ұрпақты мақтауы және бұлардан кейінгі жағдайдың қандай болатынын хабарлауы.

Жетінші. Сұралмаса да куәлік ететіндерді айыптау. (Сондай-ақ аманатқа қиянат жасап, уәдесінде тұрмайтындарды айыптау. Олар тәнінің толықтығына көңіл бөлгенімен, жүрегінің иман мен біліммен толуына немқұрайлы қарайды).

Сегізінші. Салиқалы сәләфтардың балаларын куәлік немесе уәде үшін жазалағаны. (Бұл олардың ант пен куәлікті ұлықтағанын және балаларды дұрыс тәрбиелеуге мән бергенін көрсетеді. Балаларды жазалаудың рұқсат етілуінің шарттары:

- 1) Бала тәрбиелік мәнді түсінетін жаста болуы. Түсінбейтін баланы ұруға болмайды.
- 2) Тәрбие беру құқығы бар адамның жазалауы.
- 3) Шектен шықпау. Ұрудың санында, түрінде, әдісінде, орнында және басқа да нәрселерде шектен аспау.
- 4) Бала шынымен де жазалауға лайық іс жасауы қажет.
- 5) Жазалаудың мақсаты — өзіндік кек емес, тәрбие беру болуы керек, бұдан тыс жағдай — адамның өзін қорғауы).

63. Аллаһ Тағаланың және Оның Пайғамбарының ﷺ міндеттіліктері мәселесіндегі тарау.

Аллаһтың келісімін орындамау Оны төмендету болып табылады және бұл бірқұдайшылықты бұзады. Аллаһты ұлықтау адамдармен қарым-қатынаста міндетті түрде көрініс табуы керек, тіпті олар кәпір болса да, тіпті ең қиын жағдайларда да, бұл Аллаһ жолындағы жиһад болып табылады. Бұл — шариғатты үкім ретінде орнату және Аллаһ пен Оның Пайғамбары ﷺ берген міндеттемелерді ұлықтау.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: **«Қашан серттессеңдер, Аллаһқа берген серттеріңді орындаңдар. Анттарыңды, Аллаһты өздеріңе кепіл етіп бекіткеннен кейін, бұзбаңдар. Күдіксіз, Аллаһ не істегендеріңді біледі»** («ән-Нәхл» сүресі, 91-аят).

Бурайда (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: «Аллаһ Елшісі ﷺ әскердің қолбасшысын немесе жасақ басшысын тағайындаған кезде, оған Аллаһтан қорқуды әрі өзінің қол астындағы мұсылмандарға жақсы қарауды тапсыратын. Ол оған былай дейтін: **«Жорыққа Аллаһтың атымен шығыңдар, әрі Аллаһ үшін соғысыңдар. Жорыққа шығыңдар, бірақ олжа барлық адамдар арасында әділ бөлінбейінше оны иеленіп алмаңдар, қиянат жасамаңдар, өлілердің мәйіттерін қорламаңдар әрі балаларды өлтірмеңдер.**

Көпқұдайшылдардан болған қарсыластармен кездескенде, оларды үш нәрсеге шақыр, әрі егер олар сол нәрселердің біреуімен болса да келіссе, онда оларды тыныш қоя бер:

Ең алдымен оларды Исламға шақыр, әрі егер олар оны қабылдаса, оларды бейбітшілікпен қоя бер, ал сосын оларға мухажирлерге көшуді ұсынып көр, әрі олар осыны істесе, онда мухажирлер қолданатын барлық құқықтарға ие болатынын, әрі оларға да мухажирлерге жүктелген міндеттіліктер жүктелетінін хабарла. Егер олар көшуден бас тартса, онда олар шөл далада өмір сүретін қатардағы мұсылмандардың жағдайында болатынын, яғни оларға Аллаһ Тағаланың үкімі жүретінін хабарла. Ал олжадағы өз үле-

сін олар тек мұсылмандармен бірге жиһад жүргізетін жағдайда ғана алатын болады.

Ал егер олар (Ислам қабылдаудан) бас тартса, олардан жизия (жан басы немесе жер салығын) төлеулерін талап ет, әрі егер олар келіссе, оларды тыныш қоя бер.

Ал егер олар жизия төлеуден де бас тартса, онда Аллаһтан көмек сұрай отырып, оларға қарсы соғыс. Ал егер сен дұшпанды қамалда қоршауға алсаң, әрі олар (сенен) Аллаһтың атынан уәде және Оның Пайғамбары атынан уәде алғысы келсе, оларға Аллаһтың атынан уәде мен Оның Пайғамбары атынан уәде берме. Бірақ оларға өзіңнің атыңнан уәде және өз адамдарыңның атынан уәде бер. Өйткені егер сен және сенің адамдарың өз уәделеріңді орындамасаңдар, бұл Аллаһ пен Оның Пайғамбарының атынан берілген уәдені орындамау күнәсынан жеңілірек болады. Егер қамалда тұтқынға түскендер сенен өздеріне қатысты Аллаһтың үкіміне сай шара қолдануыңды өтінсе, оларға Аллаһтың үкіміне сәйкес шара қолдануға келіспе, алайда олардың үстінен өз үкіміңді орнат, өйткені сен олардың үстінен Аллаһтың үкімін орната алуың немесе орната алмауың белгісіз» (Муслим, 1731).

- «Әскер»: құрамында 400-ден көп сарбаз бар әскер.
- «Жасақ»: құрамында 400-ден аз сарбаз бар топ.
- «**Жорыққа Аллаһтың атымен шығыңдар**»: Аллаһтан жәрдем сұрау; (2) жорықты Аллаһтың атымен бастау.
- «**Аллаһтың жолында**»: бұл ниет пен амалға қатысты.
- «**Аллаһқа иман келтірмегендермен шайқасыңдар**»: адамдармен тайпалық өшпенділік, ұлтшылдық немесе жалған отаншылдық үшін соғыспаңдар. Олардың Тозақ отынан құтқарылуы үшін шайқасыңдар. Өйткені күпірлік екі негізге сүйенеді: жоққа шығару және менмендік.
- «**олжа барлық адамдар арасында әділ бөлінбейінше оны иеленіп алмаңдар**»: олжадан ешнәрсе жасырмаңдар, өйткені бұл — ауыр күнәлардың бірі.
- «**қиянат жасамаңдар**»: егер келісімшарт жасалса, оны бұзбаңдар. Бірақ егер келісім болмаса, шабуыл жасауға болады, өйткені соғыс — айла.
- «**өлілердің мәйіттерін қорламаңдар**»: дене мүшелерін кесіп, мәйіттерді қорламаңдар, өйткені бұл орынсыз өш алу. Бірақ олар біз-

дің адамдарымызға қатысты осылай істеген болса, ондабұл рұқсат етіледі.

- **«Балаларды өлтірмеңдер»:** біз (мұсылмандар) балаларды, әйелдерді, әлсіздерді, қарттарды, ғибадат етуші (монахтарды), ауруларды өлтірмейміз, тек егер олар бізбен соғысса немесе соғысқа көмектессе немесе әскери маңызы бар білімдерге ие болса ғана.
- **«Көпқұдайшылдардан болған қарсыластармен кездескенде»:** шайқасқа дайындалу. Жауың сені абыржытып, сенен алыстап, саған шабуыл жасайды.
- **«Әскери олжа»:** кәпірлердің мал-мүліктерінен олармен шайқасу немесе осымен байланысты нәрселер арқылы алынған нәрсе.
- **Шайқассыз алынған әскери олжа (әл-фай):** толығымен мұсылмандар қазынасына беріледі, бұл шайқаста алынған әскери олжаның бестен бір бөлігі, жер салығы (хараж), жизия секілді.
- **«олар тек мұсылмандармен бірге жиһад жүргізетін жағдайда ғана»:** егер олар исламды қабылдап, шайқастарға қатысатын болса, онда оларға әскери олжадан мұсылмандарға тиесілі үлес беріледі.
- **«Жизия»:** мұсылман еместер мұсылман елінде өмір сүргені және қорғалуы үшін төлейтін мүлік. Сондай-ақ бұда жизияны яһудилерден, христиандардан және отқа табынушылардан басқа адамдардан алуға да рұқсат етілетініне нұсқау бар.

Муғаһадтармен (бейбіт келісім жасалған кәпірлермен) қарым-қатынас

1) Егер олар келісімді сақтаса, біз де оны сақтауға міндеттіміз: **«Олар сендерге адал болса, сендер де оларға адал болыңдар»** («әт-Тәуба» сүресі, 7-аят).

2) Егер олар келісімді бұзса, олармен соғысуға рұқсат етіледі: **«Олар келісім жасасқаннан кейін анттарын бұзса...»** («әт-Тәуба» сүресі, 12-аят).

3) Егер олардың келісімді сақтайтынына күмәндансақ, онда ол алдын ала ескертіліп бұзылады: **«Егер олардың опасыздығынан қорықсаң, оларға келісімді бұзылғанын жарияла...»** («әл-Әнфал» сүресі, 58-аят).

Мұсылмандар жиһад кезінде кәпірлермен қалай қарым-қатынас жасайды	Кәпірлер мұсылмандармен соғысқанда қандай қарым-қатынас жасайды
Мұсылмандарға балаларды, әйелдерді, ғибадат етушілерді және науқастарды өлтіруге тыйым салынған.	Балаларды, әйелдерді, ғибадат етушілерді және науқастарды өлтіреді.
Олармен олардың пайдасы үшін соғысады (оларды От азабынан құтқару үшін).	Дүниелік мүдде үшін соғысады.
Келісімдерді сақтайды.	Келісімдерді жиі бұзады.
Егер кәпірлер келісімді бұзса, мұсылмандар бұл туралы оларға келісім мерзімі аяқталғанға дейін хабарлайды.	Егер мұсылмандар тарапынан әлдебір нәрселер орын алса, олар ешнәрсе хабарламай, келісімді бұзады.
Қиянат жасамайды.	Қиянат жасайды.
Мәйіттерді қорламайды, тек егер олардың өлілері қорланған болса ғана.	Мәйіттерді қорлайды, тіпті өздерінікі қорланбаған болса да.
Оларға ислам, жизия немесе соғыс арасында таңдау бермейінше олармен соғыспайды.	Олар негізінде ешқандай таңдау бермейді.

Үкім шығаруда әділ және әділетсіздікке жол бермейді.	Олардың заңдары әділетсіздікке негізделген.
Пайғамбардың ﷺ барлық шайқастарында қаза тапқандардың саны мың адамға да жетпеген.	
Ешбір бала, әйел немесе қарт өлтірілмеген.	

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһ және Оның Пайғамбары ﷺ берген міндеттемелер мен мұсылмандардың міндеттемелері арасындағы айырмашылық.

Екінші. Әрдайым ең аз қауіп төндіретін нұсқаны таңдауға бағыттау.

Үшінші. Пайғамбардың ﷺ: «**Аллаһтың атымен және Оның жолында жорыққа шығындар...**» деген сөздері. (Шайқас Аллаһтан көмек сұрап, Оған шынайы ықыласпен және шариғатқа сай жүргізілуі тиіс).

Төртінші. Пайғамбардың ﷺ: «**Аллаһқа иман келтirmeгендермен соғысындар...**» деген сөздері. (Олармен соғысудың себебі — олардың күпірлігі).

Бесінші. Пайғамбардың ﷺ: «**...олармен соғысқанда Аллаһтан көмек сұра**», — деген сөздері. (Адам өз күшіне ғана сенбеуі керек).

Алтыншы. Аллаһтың үкімі мен мұсылман ғұламаларының үкімдері арасындағы айырмашылық.

Жетіншісі. Пайғамбардың ﷺ сахабасы қажет болған жағдайда үкім шығара алатын, бірақ оның Аллаһтың үкіміне сәйкес келетінін не келмейтінін білмеуі мүмкін: (Бұл тек сахабаларға ғана емес, олардан кейінгілерге де қатысты).

64. Аллаһтың атынан берілген ант жайлы тарау.

Аллаһтың атынан ант беру — бұл Оған қатысты әдепсіздік жасау, Оның дәрежесін төмендету, Ол туралы жаман ойлау, ал мұның барлығы бірқұдайшылықтың толықтығына қайшы келеді немесе тіпті оның негізіне қарама-қайшы болады. Ұлы Аллаһтың атынан ант ету — бұл Оны төмендету болып табылады.

Аллаһтың атына ант етудің түрлері

1) Рұқсат етілген түр:

Аллаһтың және Оның Елшісінің ﷺ хабарлаған нәрсесінде Аллаһтың атынан ант ету, белгілі бір нәрсені жоққа шығару немесе растау — бұл ант берушінің сенімділігіне дәлел. (Мысалы: «Аллаһпен ант етемін, Аллаһ Өзінің Елшісін Қиямет күні жаратылыстардың алдында шапағатшы етеді», — деген сөздер)

2) Рұқсат етілген түр:

Аллаһқа деген үміт, Ол туралы жақсы ойлар негізінде Раббысының атымен ант ету, алайда оның ізгі амалға қатысты болуы шарт. Мұның мысалы — Әнастың апайы Рабиға бинт Надрдың, оқиғасы.

3) Тыйым салынған түр:

Егер адам өзімен өзі сүйісініп алдануы, Аллаһтың дәрежесін төмендетуі және Ол туралы жаман ойлауы себебінен Аллаһтың атынан ант етсе, оның бұл ісінде амалдарының зая кету қатері бар.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Жундуб ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын баяндайтын: «Бір адам: **«Аллаһтың атымен ант етемін, Ол пәленшені кешірмейді!»** — деді. Сонда Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ: **«Кімнің Менің атымнан пәленшені кешірмейтінім туралы ант береді? Мен оны кешіріп қойдым, ал сенің барлық іс-амалдарыңды зая еттім»**, — деді (Муслим, 2621).

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде: «Осыны айтқан

адам ыждағатты түрде құлшылық етуші болатын», — делінеді. Сосын Абу Хурайра: «Ол өзінің дүниелік тіршілігін және Ақырет өмірін опат еткен бар болғаны бір ғана сөз айтты», — деп қосты (Ахмад, 2/323; Абу Дауд, 4901; Ибн Хиббан, 5712).

- **«Ол пәленшені кешірмейді!»:** бұл сөздер Аллаһтың мейірімінен үміт үзуге, Аллаһтың құлдарын менсінбеуге және өз-өзімен сүйсінуге нұсқайды.
- **«Менің Атымнан пәленшені кешірмейтінім туралы ант береді»:** яғни Мені күнә жасаған құлдарын кешірмейді деп санап, дәрежемді және рахымымды кемсітеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың атынан ант етуден сақтандыру.

Екінші. Тозақтың әрбір адамға аяқ кимінің бауынан да жақын болуы.

Үшінші. Жәннат та адамға сол секілді арақашықтықта.

Төртінші. Бұл хадисте мына хадиспен ұқсастық бар: «**Ақиқатында, адам кейде бір сөз айтады, оған мән бермейді, бірақ сол үшін ол Тозаққа жетпіс жылға кіреді.**».

Бесінші. Аллаһ адамды тіпті Өзі үшін ең жағымсыз нәрсенің себебімен де кешіруі мүмкін.

65. Аллаһтан Ол Өз құлдарының алдында шапағат етуін тілеуге болмайтыны туралы

Аллаһтан Оның жаратылыстарының алдында шапағат етуін сұрау — бұл Аллаһты ұлықтаудағы кемістік, өйткені бұндай іс арқылы Аллаһтың дәрежесі оның алдында шапағат етілетін адамнан төмен қойылды.

ДӘЛЕЛ

Жубайр ибн Мутғим (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: “Бірде Пайғамбарға ﷺ бір бәдәуи келді де: «Уа Аллаһтың елшісі! Жанымыз азып-тозды, адамдар аштық кешіп жатыр, мал-мүлкіміз құрыды. Раббыңнан біз үшін жаңбыр сұрашы. Біз Аллаһтан Ол сенің алдында (біз үшін) өтініш етуін сұраймыз, және сенен Аллаһтың алдында (біз үшін) өтініш етуінді сұраймыз», — деді. Пайғамбар ﷺ: «**Субхан-Аллаһ! Субхан-Аллаһ!**» — деп дауыстап жіберді. Ол осы наразылықтың сахабаларының жүзінде шықпайынша мұны қайталауын жалғастыра берді. Сосын ол: «**Саған қасірет болсын! Сен өзің Аллаһтың кім екенін білемісің?! Аллаһтың ұлылығы Оның Өз жаратылыстарының кез-келгенінің алдында өтініш етуін сұраудан әлдеқайда жоғары**», — деді” (Абу Дауд, 4726).

- «Азып-тозды»: әлсіреді.
- «Мал-мүлкіміз құрыды»: жауын-шашынның аздығы мен егіннің шықпауы себепті.
- «Раббыңнан біз үшін жаңбыр сұрашы»: Аллаһтан бізге жаңбыр жаудыруын тіле. Егер біреудің дұғасы қабыл болатынына үміт болса, одан мұны сұрауға рұқсат етіледі, бірақ оның алдында қорланып сұрамау және оған мұқтаждық танытпау керек.
- «Біз Аллаһтан Ол сенің алдында (біз үшін) өтініш етуін сұраймыз»: яғни Аллаһты біз бен сенің араңа шапағатшы-дәнекер етіп қойып, сен Аллаһқа біз үшін дұға етіуінді сұраймыз. Бұл Аллаһтың дәрежесі Оның Елшісінің ﷺ дәрежесінен төмендетілгенін білдіреді, ал бұл — тыйым салынған нәрсе.

- «**Субхан-Аллаһ! Субхан-Аллаһ!**»: бұл әлгі бәдәуидің сөздерінің қауіпті екеніне, бәдәуиді айыптауға және Ұлы әрі Құдіретті Аллаһты кемшіліктен пәктеуге нұсқайды.
- «**Саған Қасірет болсын!**» /уайхак/ — мен саған мейірім тілеймін, мен сені аяймын.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Пайғамбарымыздың ﷺ «Біз Аллаһтан Ол сенің алдында (біз үшін) өтініш етуін сұраймыз...» деген сөздерді айыптауы.

Екінші. Бұл сөздерден Пайғамбарымыздың ﷺ жүзі өзгергені соншалық, бұл тіпті оның сахабаларының да жүзін өзгертті.

Үшінші. «...сенен — Аллаһтың алдында шапағат етуіңді сұраймыз» деген сөздерге тыйым салынған жоқ.

Төртінші. «Субхан-Аллаһ!» сөзінің тәпсірі.

Бесінші. Мұсылмандар Аллаһтың Елшісінен ﷺ тірі кезінде ол жаңбыр сұрап дұға етуін өтінген. (Бұл жерде дұға етушінің Аллаһтың оған игілік нәсіп етуіне себеп болатын сипаттарға ие болуы керектігі көрсетілген).

66. Пайғамбардың ﷺ бірқұдайшылықтың қолсұғылмаушылығын қорғауы және көпқұдайшылыққа апаратын жолдарды (тіпті сөздерде) жабуы туралы тарау.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Абдуллаһ ибн әш-Шиххир былай деп баяндаған: «Мен Аллаһ Елшісіне ﷺ бану Ғамир руының делегациясының құрамында келген болатынмын. Біз оған: «Уа біздің Иеміз (Сәйидуна)!», — дедік. Бұған Пайғамбар ﷺ: *«Ие (әс-Сайид) — бұл Игілікті Аллаһ Тағала»*, — деді. Сонда біз: «Уа біздің арамыздағы ең мәртебеліміз және ұлығымыз!» — дедік. Пайғамбар ﷺ: *«Өз сөздеріңді айтыңдар, бірақ сендерді шайтан арбап-айналдырып алмас үшін, айтқан сөздеріңде абай болыңдар»*, — деді» (Ахмад, 4/24-25; Абу Дауд, 4806).

Әнәс былай деп баяндаған: «Кейбір адамдар: «Уа Аллаһтың елшісі! Біздің арамыздағы ең жақсымыз әрі біздің арамыздағы ең жақсының ұлы! Біздің мырзамыз әрі біздің мырзамыздың ұлы!» — деді. Пайғамбар ﷺ оларға: *«Уа адамдар! Өз сөздеріңді айтыңдар, бірақ шайтанның арбауынан сақтаныңдар! Мен — Мухаммад, Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісімін. Маған сендердің мені Құдіретті Аллаһ Тағаланың маған берген орнынан жоғары көтермелейтіндерің ұнамайды»*, — деді» (Ахмад, 3/153, 241; ән-Нәсаи «Ғәма-л-яуми уә ләйлә», 248, 249).

- *«Ие (әс-Сайид) — бұл Игілікті Аллаһ Тағала»*: әс-Сайид — Аллаһтың көркем есімдерінің бірі және «әс-Сомад» мағынасын білдіреді. Пайғамбарымыз ﷺ адамдарды шайтанның арбауынан сақтандырды, өйткені бұл сөздер Оның ﷺ тек Аллаһқа тән үстемдікті иеленуіне әкеп соғуы мүмкін еді.
- *«шайтан арбап-айналдырып алмас үшін»*: сендерді адастырып, сөгіске лайық сөздерді айтқызбасын. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсіндіріп, бірқұдайшылықтың (таухидтың) шекараларын кемшіліктерден және оны жарамсыз ететін нәрселерден қорғады.

- «Ең жақсымыз»: бұл туыстық және дәрежеге байланысты айтылған;
- «*ең жақсының ұлы*»: бұл жерде дәреже емес, тек туыстық меңзелген.
- «*арбап-айналдырып алмас үшін*»: шайтан сендерді шектен шығушылыққа түскенше теріс жолға түсіріп, өз жолына ертпесін.

ОНЫНШЫ БӨЛІМ

Қорытынды (бір тарау)

Шейх бұл кітапты осы тараумен аяқтағанының себептері келесідей, ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі:

1) Біз Жаратушыны ұлықтамайтын көпқұдайшыларға ұқсамауымыз үшін.

2) Өз істерімізбен сүйсініп, алданып қалмауымыз үшін, өйткені адамның амалдарында міндетті түрде кемшіліктер болады, сондықтан пенде өзін төмен ұстап, Аллаһтың алдында кішіпейілдік танытуы керек.

3) Бұл мәселеде имам әл-Бухариге (Аллаһ оны рахымына алсын) илесу үшін. Ол өзінің «Сахих» жинағын «[Екі сөз] Мизан Таразысында ауыр...» деген хадисімен аяқтаған, әр бұл Аллаһтан осы кітап арқылы оның Таразыға (салынатын игі амалдарын) ауыр етуді тілеу әрі өз қателіктері үшін кешірім сұрау болып табылады.

67. Аллаһ Тағаланың «Олар Аллаһты шынайы қадірлей алмады. Негізінде, Қиямет Күні бүкіл жер Оның уысында ғана болады, ал көктер Оның оң Қолымен бүктеледі. Ол олардың қосқан ортақтарынан Пәк әрі Жоғары» деген сөздері туралы тарау.

«Олар» деген есімдік көпқұдайшыларды меңзейді: олар Аллаһты Оның Ұлылығына сай ұлықтамады. Олар Оған серіктер қосты, ал Ол барлық кемшіліктер мен ақаулардан пәк, сондай серіктері болудан да пәк. Егер олар Оны лайықты түрде ұлықтағанда, онда басқаға құлшылық етіп, мойынсұнбас еді.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндаған: “Бірде Аллаһ Елшісіне ﷺ бір яһуди ғалымы келді де: «Уа Мухаммад! Біз Аллаһтың Қиямет Күні көктерді бір саусағында, жерді — басқасында, ағаш-талдарды — үшіншісінде, суды — төртіншісіне, байлықты — бесіншісінде сыйдырады деп, ал Өзінің басқа бүкіл жаратылыстарын — алтыншысына сыйдырады деп, әрі «Мен — Патшамын», — деп айтады деп оқимыз», — деді. Пайғамбар ﷺ ғалымның сөздерімен келісе, күліп жіберді де, сосын: **«Олар Аллаһты шынайы қадірлей алмады. Негізінде, Қиямет Күні бүкіл Жер Оның уысында ғана болады, ал көктер Оның оң Қолымен бүктеледі. Ол олардың қосқан ортақтарынан Пәк әрі жоғары»,** — деген аятты оқып берді” (әл-Бухари, 4811; Муслим 2786).

Муслимнің келтіретін нұсқасында былай делінеді: “...Ал таулар мен ағаштарды — саусағында (сыйдырады), сосын олармен шайқап жібереді де: «Мен — Патшамын. Мен — Аллаһпын», — дейді” (Муслим, 2786).

Әл-Бухари келтіретін нұсқада былай делінеді: «...Көктерді бір саусағына, су мен жерді — басқасына, ал Өзінің басқа бүкіл жаратылыстарын — үшіншісіне сыйдырады...» (әл-Бухари, 4811, 7513).

- «Ғалымдар» (хибр): кең әрі терең білімі бар ғалым. Мұндай адам туралы «бахр» («теңіз») деп те айтады.
- «...деп оқимыз»: яғни біз Таураттан оқимыз.
- Бұл хадисте Аллаһтың сипаттарының бірі — Саусақтары туралы айтылған. Оның Саусақтары (өзінің болмысы бойынша) шынайы сипат болып табылады, және олар Аллаһқа лайық кейіпте болады. Сол секілді, Аллаһтың Қолы да — Аллаһқа лайық кейіпте ақиқат болып табылады.

ҮШІНШІДЕН БЕСІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Муслим Пайғамбардың ﷺ Ибн Умардан жеткен (мына) сөздерін келтіреді: “Қиямет Күні Аллаһ көктерді бүктейді де, Өзінің оң Қолына алады, ал сосын: **«Мен — Патшамын. Барлық тәкаппар әрі менменсінгендер қайда енді?!»,** — дейді. Сосын Ол бүкіл жеті қат жерді бүктейді де, оларды сол Қолына алады, әрі: **«Мен — Патшамын. Барлық тәкаппар әрі менменсінгендер қайда енді?!»** — дейді” (Муслим, 2788).

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «Жеті қабат көк пен жеті қат жер Аса Мейірімдінің (ар-Рахманның) Алақанында сендердің біріңнің қолындағы қыша дәні секілді болады» (Қз.: «Тафсир Ибн Жәрир», 24/25).

Ибн Жәрир (Аллаһ оны Өз рахымына бөлесін) былай деді: “Юнус маған Ибн Уаһтан, ол Ибн Зәйдтен, ол өзінің әкесінен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқан хадисін баяндап берді: **«Жеті қабат көк Күрсимен салыстырғанда үлкен шеңбер қалқанға тасталған жеті дирхам тәрізді»**” (Қз.: «Тафсир Ибн Жәрир», 3/10; Абу әш-Шейх «әл-Ғазомада», 220).

Ол сондай-ақ Абу Заррдың былай деп айтқан хадисін де жеткізді: “Мен Аллаһ Елшісінің: **«Күрси Аршымен салыстырғанда шексіз шөл далаға тасталған темір сақина секілді»**, — деп айтқанын естідім” (Қз.: «Тафсир Ибн Жәрир», 3/10; Абу әш-Шейх «әл-Ғазомада», 2/587).

- **«Мен — Патшамын»:** Шынайы патшалық та, толық билік те Маған ғана тиесілі, және Менің билігімде Маған ешкім тең келе алмайды.
- **«Барлық тәкаппар әрі менменсінгендер қайда енді?!»:** Бұл сұрақ олардың әлсіздігін көрсету үшін қойылуда, яғни: «Бұл дүниеде билікке ие болып, менменсіген патшалар қайда? Олар қазір мардымсыз шаң-тозаңдай ғана.
- **«Сол Қолына»:** Бұл қосымша (шазз) мәлімет. Егер оның сенімділігін мойындайтын болсақ, онда ол басқа Қолын білдіреді. Бұл жерде жаратылыстардың сол қолындай кемшілік жоқ, өйткені басқа хадисте айтылғандай: «Оның (Аллаһтың) екі Қолы да — оң».
- **«қыша дәні секілді»:** өте кішкентай өсімдік дәні. Бұл Аллаһтың Ұлылығы мен Шексіздігін көрсетеді.
- **«Күрси»:** Ол — Ұлы Аллаһтың Табандарының орны.
- **«Қалқан»:** бұл соғыс кезінде қылыш, найза секілді қарулардан қорғану үшін пайдаланылатын теріден немесе ағаштан жасалған құрал.
- **«Аршы»:** Бұл — Аллаһтың ұлы жаратылысы. Ол оның үстіне көтерілді, және оның шынайы сипатын Аллаһтан басқа ешкім білмейді.

- Бұл хадис Аллаһтың Ұлылығын және Оның барлық нәрсені толық қамтып тұрғанын көрсетеді.

АЛТЫНШЫ ЖӘНЕ ЖЕТІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): «Бірінші және одан кейінгі көктің арасы — бес жүз жыл. Әрі қарай бір көктен басқасына дейінгі қашықтық — бес жүз жыл, ал Күрси мен Судың арасы да сол сияқты бес жүз жыл. Аршы болса судың үстінде, ал Аллаһ — Аршының үстінде, әрі сендердің амалдарыңан еш нәрсе Одан жасырын емес».

Әл-Аббас ибн Абд әл-Муттолиб былай деп баяндайтын: “Бірде Аллаһ Елшісі ﷺ бізге: **«Сендерге жер мен көктің арасындағы қашықтық қандай екені белгілі ме?»** — деді. Біз: «Бұл Аллаһ пен Оның Елшісіне мәлім», — дедік. Пайғамбар ﷺ: **«Олардың арасындағы қашықтық бес жүз жыл, ал әрбір көктен келесі көкке дейін — сондай-ақ бес жүз жыл. Ал әрбір көк болса тағы да бес жүз жыл қарама-қашықтыққа жайылады. Жетінші көк пен Аршының арасында теңіз бар, (оның) түбінен бетіне дейінгі қашықтық тура жер мен көктің арасындай. Аллаһ Тағала болса осылардың барлығының үстінде, әрі Одан Адам балаларының амалдарынан еш нәрсе жасырын емес»,** — деді” (Абу Дауд 4723, Тирмизи 3317, Ибн Мәжаһ 193, Ахмад «Муснадта» 207, 206/1).

- «Аллаһ — Аршының үстінде»: бұл — Ұлы Аллаһтың өз болмысымен және сипаттарымен жоғары екеніне анық дәлел.
- «сендердің амалдарыңан еш нәрсе Одан жасырын емес»: жүректер мен дене мүшелерінің амалдары, көзге көрінетін және құлақ еститін нәрселер — Оның ілімі бұл нәрселердің барлығын қамтитындығы мен оның білімінің шексіздігін білдіреді. Аллаһтың ілімі туралы Оның жоғары екені жайлы айтылудан кейін аталуы — Оның жоғары болуы біздің амалдарымызды білуіне кедергі емес екенін түсіндіру үшін. Бұл — Оның болмысы тұрғысынан жоғары екенін білдіретін анық нұсқау. Ол — кемшілік атаулыдан Пәк және аса Жоғары!
- «...**белгілі ме?**»: бұл сұрақ: (1) айтылатын нәрсеге назар аударту үшін; (2) тыңдаушылардың көңілін келесі сөздерге аудару үшін қойылған.
- «Бұл Аллаһ пен Оның Елшісіне мәлім»: бұл сөз (1) Пайғамбар ﷺ ті-

рі кезінде (2) оның шарифат мәселелерін білетіндігіне байланысты қолданылған.

- Бұл хадисте Аллаһты ұлықтау және бұған қайшы келуден сақтандыру бар, өйткені Ол — біздің үстімізде, бізден жоғары әрі бізді толық қамтыған.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһ Тағаланың: «...Ал қиямет күні бүкіл жер Оның уысында болады да, ал көктер Оның оң қолымен бүктеледі...» деген сөздерінің тәпсірі («әз-Зұмар» сүресі, 67-аят).

Екінші. Осы және осыған ұқсас ілімдер Пайғамбар ﷺ заманында өмір сүріп, бұл мәселеде бұрмалап түсіндіру (таъуиль) жасамаған яһудилерде сақталған еді.

Үшінші. Пайғамбар ﷺ бұл ғалымның айтқандарының шынайылығын растады, әрі Аллаһ та бұл ақиқатты аят түсіру арқылы бекітті.

Төртінші. Пайғамбар ﷺ ғалым айтқан ұлы ілімді естіген кезде күлді.

Бесінші. Аллаһтың екі Қолы бар екені және барлық көктер Оның оң Қолында, ал барлық жерлер екінші Қолында екендігі анық айтылған (Аллаһтың екі Қолы бар екені Құранмен, Сүннетпен, салиқалы сәләфтардың бірауызды келісімімен бекітілген).

Алтыншы. Екінші қолдың сол қол екендігі туралы айтылған. (Бірақ бұл қайтарылған («шәзз») риуаят).

Жетінші. Содан кейін тәкәппарлар мен менменсінетін адамдар туралы айтылғандығы.

Сегізінші. Ибн Аббастың: «...сендердің біреулеріңнің қолындағы қыша дәніндей» деген сөздері.

Тоғызыншы. Әл-Курсидің көктермен салыстырғандағы ұлылығы. (Жеті аспан Курсимен салыстырғанда, қалқанға тасталған жеті дирхамдай).

Оныншы. Әл-Арштың әл-Курсимен салыстырғандағы ұлылығы. (Ол шөлге тасталған жүзікке ұқсас).

Он бірінші. Әл-Арш әл-Курсиден өзгеше.

Он екінші. Әр аспан мен келесі аспан арасындағы қашықтық (— бес жүз жылдық жол).

Он үшінші. Жетінші аспан мен әл-Курси арасындағы қашықтық (— бес жүз жыл).

Он төртінші. Аршы мен Су арасындағы қашықтық — бес жүз жыл).

Он бесінші. Аршы Судың үстінде орналасқан.

Он алтыншы. Аллаһ Аршының үстінде.

Он жетінші. Жер мен аспан арасындағы қашықтық (— бес жүз жыл).

Он сегізінші. Әр аспанның кеңдігі — бес жүз жылдық жол.

Он тоғызыншы. Көктердің үстіндегі теңіздің тереңдігі — бес жүз жылдық жол.

(Бұл тараудағы келтірген хадистерден алынатын пайдалар:

- 1) Аллаһқа қайшы келуден сақтандыру.
- 2) Аллаһқа Адам ұрпақтарының ешбір амалы жасырын емес.

Аллаһ бәрін жақсы біледі.

Барлық мақтау-мадақ әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән. Аллаһтың Елшісі Мухаммадқа ﷺ Оның игілігі мен сәлемі болсын. Мен өзім және сендер үшін Аллаһтан амалдарымызды таухидпен аяқтауын тілеймін. Әмин.

Тоғызыншы тарау мен қорытындыға қатысты тексеріс сұрақтар (16 тарау)

Бірінші тапсырма: дұрыс жауаптың жанына белгі қой немесе бос орынды толықтыр:

1) «Аллаһқа сәлем болсын» (әс-Сәләму ғалә-Ллаһ) сөзінің үкімі:

- ☐ макрух (ұнамсыз амал)
- ☐ харам (тыйым салынған амал)
- ☐ мубах (рұқсат етілген амал)

2) Әс-Сәләм — Аллаһтың есімі (☐ ол растайды ☐ жоққа шыға-
рады ☐ екі жауап та дұрыс). Аллаһ — Аса Ұлы, Құдіретті (☐ Ол үшін
дұға етіледі ☐ Оған дұға етіп, одан тіленеді).

3) Есендік сипатпен сипатталған нәрсеге ғана сәлеттік («әс-сә-
ләм») тілеуге болады:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

4) «Уа Аллаһ! Қаласаң мені кешір» деген сөздердің үкімі:

- ☐ макрух
- ☐ харам
- ☐ мубах

5) Дұғада «егер қаласаң» деп айту рұқсат етілген:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

Бұл — шарт қою болып табылады:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

6) Адам дұға жасағанда күмәндануы керек:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

7) Құл Аллаһтан бір нәрсе сұрағанда қалағанының бәрін сұрауы
керек, өйткені Аллаһ үшін қиын немесе мүмкін емес нәрсе жоқ:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

8) «Уа Аллаһ! Мен Сенен Жәннат қақпасының күзетшісі болуды сұраймын» деген дұға:

☐ рұқсат етілген

☐ рұқсат етілмеген

9) «Уа Аллаһ! Мен тағдырды өзгертуді сұрамаймын, бірақ оның ішінде қайырлысын сұраймын» деген дұғаның үкімі:

☐ рұқсат етілген

☐ рұқсат етілмеген

10) Аллаһтан нені сұрау қажет?

☐ Жәннатты

☐ Фирдаусты, яғни Жәннаттың ең жоғары дәрежесін.

11) Истихара дұғасында шарт қою бар:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

12) «Пәленшенің құлы», «пәленшенің күңі» деген сөздердің үкімі:

☐ рұқсат етілген

☐ рұқсат етілмеген

13) Құл иесінің «Ей менің құлым! Маған мынаны әкел» деген сөздерінің үкімі:

☐ рұқсат етілген

☐ рұқсат етілмеген

14) «менің жасөпірімім» немесе «менің қызым» деген сөздерді қолдану бірқұдайшылыққа қайшы болғандықтан харам:

☐ дұрыс

☐ дұрыс емес.

15) Қажеттілік немесе мәжбүрлік жағдайынан басқа кезде сұрау — не харам, не құпталмайтын амал:

☐ дұрыс

☐ дұрыс емес.

16) Егер біреу сенен Аллаһтың атымен арақ сатып алу үшін ақша сұраса, оны беру керек:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

17) Аллаһтың атымен бір нәрсе сұраған адамға жауап беру:

☐ мұстахаб амал

☐ парыз (міндетті) амал

18) «Егер біреу сендерді шақырса, жауап беріңдер» деген хадистегі шақырудың мәні:

☐ құрмет көрсету мақсатында шақыру

☐ келуге шақыру өтініші.

19) Шақыруға жауап беру:

☐ кез келген жағдайда міндетті;

☐ міндетті, бірақ үйлену тойындағы дастарханнан басқасында — мустахаб.

20) Егер біреу өзіне міндет болған нәрсені орындаудан қашып пана сұраса, оған пана беру:

☐ керек

☐ керек емес

21) «Оған шынайы алғыс білдірдім деп есептегеніңе дейін оған дұға жаса»:

☐ бір рет дұға жаса

☐ дұғада шектелме

22) «Аллаһтың Жүзі арқылы Жәннаттан басқа ештеңе сұралмайды», яғни:

☐ жаратылыстардың ешбірінен Аллаһтың Жүзі арқылы сұрама

☐ Аллаһтың Жүзі арқылы Жәннаттан басқа ештеңе сұрама

☐ екі жауап та дұрыс.

23) «Аллаһтың Жүзі» сипаты немен бекітілген:

☐ Құранмен

☐ Сүннетпен

☐ ижмағпен (бір ауыздан

келісілген пікірмен) ☐ барлық жауап дұрыс

24) «Уа Аллаһ! Мен Сенің Қасиетті Жүзіңмен Құранды жаттауда маған дұрыс бағыт беруіңді сұраймын» деген сөздер:

☐ тыйым салынған ☐ рұқсат етілген.

Ал «Уа Аллаһ! Мен Тозақтан Сенің Жүзіңе сыйынамын» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

25) «Уа Аллаһ! Расында, мен Сенің Жүзіңмен маған көркем жиһаз нәсіп етуіңді сұраймын» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

26) «Егер сен мені тыңдап, жолға шықпағаныңда, бұл оқиға сенің басыңа түспес еді» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

27) «Егер мен жолға шықпағанымда, пайдамнан айырылмас едім» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

28) «Егер Аллаһ қалағанда, мен өтірік айтпас едім» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

29) «Егер менде пәленшедей дүние-мүлкім болғанда, мен садақа берер едім» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

30) «Егер сен дәріске қатысқанда, пайда алар едің» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

31) Ақылды адамға пайда әкелмейтін нәрседе табандылық таныту:

☐ лайық ☐ лайық емес

32) Адамға өзінің күші жетпейтін нәрсені тағдырға жорытуға:

☐ болады ☐ болмайды

33) Тағдырмен не нәрседі ақталуға болады?

☐ кемшіліктерде емес, күнәда

☐ керісінше, күнәда емес, кемшіліктерде

34) Желді сөгу (☐ тыйым салынған ☐ құпталмайтын амал), ал «Жаңбырлы жел жақындап келеді» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген

☐ рұқсат етілмеген.

35) Егер адамға нығметтер берілсе, оның: «Раббым мені жақсы көреді» деп айтуы:

☐ рұқсат етілген

☐ рұқсат етілмеген.

36) Бай, бұзық адамды көрген кезде: «Бұл адам мұндай байлыққа лайық емес» деген сөздерді айту:

☐ рұқсат етілген

☐ рұқсат етілмеген.

37) Егер адам парыздарды орындауда салғырттық танытып, харам нәрселерді істеп, сонымен бірге Аллаһ туралы жақсы ойда болса, бұл Аллаһ Тағала жайлы:

☐ жаман

☐ жақсы ойда болу.

38) Кейбір адамдар шариғат бекіткен дұға жасау әдебімен Аллаһқа дұға етсе, Аллаһ оның дұғасына жауап бермейді деп ойлайды. Бұл Аллаһ жайлы:

☐ жаман

☐ жақсы ойда болу

39) «Аллаһ бойсұнушыларды азаптап, күнәһарларды сыйлайды» деген сөздер, Аллаһ жайлы:

☐ жаман

☐ жақсы ойда болу

40) «Мен бұл ризыққа пәленшеден артық лайықпын» деген сөздер, Аллаһ жайлы:

☐ жаман

☐ жақсы ойлау.

41) Ауру адамға: «Бейшара», «Сен бұған лайық емессің», «Егер бұл менің қолымда болғанда, сені бұл нәрсе айналып өтетін еді» деген сөздер, Аллаһ жайлы:

☐ жаман ☐ жақсы ойлау.

42) «Егер бұл менің қолымда болғанда, мен пәленшені мүфти етер едім» деген сөздер — бұл Аллаһ жайлы (☐ жаман ☐ жақсы) ойлар.

43) «Қауіпсіз жол» деген сөздер — Аллаһ туралы жаман ойлар:

☐ дұрыс ☐ бұрыс.

44) «Біз ауырмауымыз және ризық-несібеміз кеңеюі керек» деген сөздер — бұл Аллаһ туралы (☐ жаман ☐ жақсы) ойлар.

45) Адам өзіне қатысты (☐ жаман ☐ жақсы) ойда болуы керек.

46) Өзіне қатысты жаман ойда болу — өзіңмен алданып кетпеу үшін қажет: ☐ дұрыс ☐ дұрыс емес.

47) Нәпсіге ашкөздік пен әділетсіздіктің барлық жамандығы тән:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

48) Тағдырдың дәрежелері (сатысы):

☐ төрт ☐ бес ☐ үш.

49) Тағдырға сенбейтін адамның жағдайы:

☐ ол діннен шығады ☐ діннен шықпайды.

50) «Менің жүрегімде тағдырға қатысты бір нәрсе бар», яғни:

☐ күмән ☐ жоққа шығару және имансыздық.

51) «Менің жүрегімде тағдырға қатысты бір нәрсе бар», яғни:

.....

Осы себепті ол кәпір бола ма?

52) Қалам –

☐ жалпы алғанда ең алғашқы жаратылыс

☐ біз көріп тұрған нәрселердің ішіндегі алғашқы жаратылыс.

53) Салиқалы сәләфтар күмәндардан құтылу үшін сұрақтарын кімге қойды?

☐ білім иелеріне

☐ құлшылық етушілерге.

54) Бір ғалымнан көбірек адамдардан сұрау рұқсат етіледі, себебі:

☐ нық сенімде болу үшін ☐ жеңілдіктерді ұстану үшін ☐ екі жауапта дұрыс

55) Күмәндар, егер іс кімге тапсырылса, толықтай жойылады?

☐ Аллаһқа және Оның Елшісіне

☐ ғалымдарға.

56) Күмәндарды тыңдаудан сақтану міндетті, өйткені кейде олар жүрекке ұялап кетуі мүмкін:

☐ дұрыс

☐ бұрыс.

57) Көпшілік адамдар күмәнді нәрселерді тыңдау және тарату арқылы Пайғамбардың ﷺ әміріне қарсы шығады:

☐ дұрыс

☐ бұрыс.

58) Тәурат пен Інжілді оқуға, әрі басқа нәрселерді оқуға рұқсат етілмейді:

☐ дұрыс

☐ бұрыс.

59) «Бейне салушылар туралы» бөлімін келтіру — кітаптың кейбір көшірмелеріндегі қате, өйткені бұл бөлім бірқұдайшылыққа емес, фикіхқа қатысты:

☐ дұрыс

☐ бұрыс.

60) Бейне салушыларға берілетін жаза саны:

☐ 3

☐ 4

☐ 5 бөлік.

61) Бейне салушы Аллаһтың жаратылысындағы жаратуына ұқсайды:

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс.

62) Бейне салу үлкен күнә болып табылады, себебі:

- ☐ бұл кәпірлерге ұқсау
☐ ысырап ету
☐ Аллаһтың жаратуына еліктеу

63) Ағаштар, теңіздер, таулар және өзендердің суретін салу:

- ☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді.

64) Бейнелерді жою тәсілдері:

☐ басқа түспен бояп, бейнені толықтай жабу ☐ мүсіннің басын кесіп тастау ☐ гравюрадағы бетті өшіру ☐ жағдайға байланысты барлық аталған әдістер.

65) Биік қабір — бұл онда:

- ☐ жерленген адамның есімі
☐ құрылыс
☐ бояулар
☐ басқа қабірлерден таспен және топырақпен ерекшеленуі бар қабір
☐ барлық жауап дұрыс

66) Қабірлерді тегістеу келесі жолмен жүзеге асырылады:

- ☐ Сүннетке сәйкес түзету
☐ айналасындағылармен теңестіру
☐ жоғарыда айтылғанның бәрі дұрыс.

67) Бейнеленгенді ұлықтау мақсатында суреттерді сатып алу:

- ☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді.

68) Көп ант ететін адам:

☐ Аллаһты ұлықтайды

☐ Аллаһты ұлықтамайды.

69) Әрбір анттың басы, ортасы және соңы бар:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

70) Адам арыла алмайтын семіздік:

☐ айыпталады

☐ айыпталмайды.

71) Күнәлардың көбеюі — дінге шақырушылардың аздығынан:

☐ дұрыс

☐ дұрыс емес.

72) Егер ант беруде қажеттілік немесе пайда болса, онда ол:

☐ рұқсат етіледі

☐ рұқсат етілмейді.

73) Балаларды ұруға рұқсат етіледі:

☐ бұған толықтай рұқсат етілген

☐ белгілі шарттармен рұқсат етілген.

74) Аллаһтың құлдарына жүктеген міндеті:

☐ Оған серік қоспастан құлшылық етуі

☐ Оған серік қоспағандарды жазаламауы.

75) Әскер (الجيش) — бұл (☐ 400 ☐ 1000) жауынгерден көп, ал жасақ (السرية) — керісінше.

76) «Аллаһ жолында»:

☐ бұл тек ниетті қамтиды

☐ бұл тек амалды қамтиды

☐ ниет пен амалды қамтиды.

77) Біз кәпірлермен олардың өз пайдалары үшін соғысамыз — бұл оларды Тозақ отынан құтқару үшін жасалады:

☐ дұрыс

☐ бұрыс

78) الغلول — бұл тек қана олжа ұрлау:

- ☐ дұрыс
- ☐ дұрыс емес, ал оның үкімі:
- ☐ рұқсат етілген
- ☐ тыйым салынған
- ☐ үлкен күнәлардың қатарынан.

79) Кәпірлерден әйелдерді, балаларды, құлшылық етушілерді және монахтарды өлтіруге болмайды:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

80) Мәйіттердің денелерін қорлау, олжадан ұрлау, опасыздық жасау және балаларды өлтіру:

- ☐ рұқсат етіледі
- ☐ рұқсат етілмейді.

81) Жизия келесі адамдардан алынады:

- ☐ яһудилерден, христиандардан және отқа табынушылардан
- ☐ барлық кәпірлерден.

82) «Аллаһ сенің тәубенді қабыл етпейді» деген сөздің үкімі:

- ☐ рұқсат етіледі
- ☐ үлкен күнәлардың қатарына жатады.

83) «Аллаһпен ант етемін, Аллаһ өзіне серік қосқанды кешірмейді» деген сөздің үкімі:

- ☐ рұқсат етіледі
- ☐ үлкен күнәлардың қатарына жатады.

84) Адамдарға қатысты үкім шығаруда тілдің қателігінен сақтандыру:

- ☐ рұқсат етіледі
- ☐ міндетті болып табылады.

85) «Аллаһ пәленше тірі адамды кешірмейді» деген сөздің тыйым салынуы:

- ☐ тек күнәһар мұсылмандарға қатысты
- ☐ мұсылмандар мен кәпірлердің барлығын қамтиды.

86) «Біз шапағат сұраймыз» деген сөздерді айтуға болмайды (☐ сен Аллаһтың алдында біз үшін шапағат етуіңді ☐ Аллаһ сенің алдыңда біз үшін шапағат етуін).

87) «Біз Аллаһтан Ол сенің алдыңда біз үшін шапағат етуін сұраймыз», яғни —.....
.....

88) «Пайғамбардың ﷺ таухид шекарасын қорғауы туралы» тарауы:
☐ жеке тарау
☐ қайталанған, және онда оның ﷺ бірқұдайшылықты қалай қорғағаны баяндалады (☐ сөздерінде ☐ істерінде).

89) Ас-Сайид:

- ☐ Аллаһтың есімдерінен
- ☐ Оның есімдерінен емес.

90) Ас-Сайид сөзі «Ас-Самад» мағынасында қолданылады:

- ☐ дұрыс
- ☐ бұрыс

91) Жеке иелік ету жалпы иелік етуден өзгеше рұқсат етіледі:

- ☐ дұрыс
- ☐ дұрыс емес.

92) Пайғамбардың ﷺ ең жақсы және толық сипаттамасы:

- ☐ Аллаһтың құлы және Оның Елшісі
- ☐ Мухаммад ибн Абдуллаһ.

93) Яһудилер Аллаһтың сипаттарын жоққа шығарғандардан немесе бұрмалағандардан бұл (есім сипаттарға қатысты) мәселеде артық және Аллаһты жақсырақ біледі:

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

94) Әл-Арш — бұл:

Әл-Курси — бұл:

95) «Таухид кітабының» қорытындысында автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Аллаһтан, Ол аспандарды, Аршыны және Қурсиді ауыр еткеніндей, кітапты да оның амал таразысында ауырлатуын сұрады:

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

96) Ол, сондай-ақ, кәпірлердің Аллаһты тиісінше бағаламағанын айтып, «оларға ұқсама, керісінше, Аллаһты таухид арқылы ұлықта» деп ескертті:

- ☐ дұрыс ☐ бұрыс

97) Сәләфтардың көбісі дұрыс ақиданы мына атаулармен атаған:

- ☐ Сүннет
☐ Шарифат
☐ Таухид
☐ Әл-Фикһ әл-Акбар
☐ Жауаптардың барлығы дұрыс.

КІТАПТЫҢ МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ. Кіріспе

(5 тарау) 16

1. Бірқұдайшылықтың міндеттілігі жайлы тарау 18

2. Бірқұдайшылықтың артықшылығы және ол күнәларды өтейтіні туралы тарау 28

3. Таухидты лайықты түрде ұстанған адам Жәннатқа есеп-хисапсыз кіретіндігі жайлы тарау 35

4. Көпқұдайшылықтан қорқу қажет екендігі жайлы тарау ..41

5. «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» куәлігіне шақыру жайлы тарау..... 48

ЕКІНШІ БӨЛІМ.

Бірқұдайшылықтың түсіндірмесі (9 тарау)..... 70

6. Бірқұдайшылықты (таухидті) және Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ куәлігін түсіндіру жайлы тарау..... 70

7. Бәле-жаладан құтылу немесе оның алдын алу үшін жүзік, бау және соған ұқсас нәрселерді тағудың көпқұдайшылықтың (ширктің) көрінісі екендігі туралы тарау. 75

8. Руқия (дем салу) мен тұмарлар жайлы не айтылғандығы туралы тарау 81

9. Талдардан, тастардан және соған ұқсас нәрселерден береке тілейтін адамдар туралы тарау..... 86

10. Аллаһтан басқа біреу немесе бір нәрсе үшін құрбан шалу жайлы тарау. 90

11. Аллаһтан басқа үшін құрбан шалатын жерде Аллаһқа құрбан шалуға болмайтындығы туралы тарау. 94

12. Аллаһтан басқаға нәзір беру — көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі жайлы тарау99

13. Аллаһтан басқа біреуден қорғау (пана) тілеу көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі туралы тарау..... 101

14. Аллаһтан басқадан құтқаруды тілеу немесе Аллаһтан басқаға дұғамен жалбарыну ширктің көрінісі екендігі жайлы тарау..... 104

Екінші бөлімге байланысты тексеріс сұрақтар (9 тарау)..... 108

**ҮШІНШІ БӨЛІМ. Аллаһтан
басқа кімге болсын
құлшылық етудің негізсіздігі
(4 тарау)..... 117**

15. Аллаһ Тағаланың «Олар еш-
нәрсе жаратпайтын әрі өздері
де жаратылған болып табыла-
тын біреулерді Аллаһқа серік
етіп қосады ма? (Аллаһқа қос-
қан серіктері) оларға көмектесе
алмайды, әрі тіпті өздеріне де
көмектесе ете алмайды» деген
сөздері туралы тарау. 117

16. Аллаһ Тағаланың «Ақыр
жүректерінен шошыну кеткен
кезде, олар (періштелер) өзара:
«Раббыларың не айтты?» —
десе: «Хақты айтты. Ол
Аллаһ — аса Жоғары, тым
Үлкен», — деседі», — деген
сөздері туралы тарау.....121

17. Шапағат туралы тарау ... 127

18. Аллаһ Тағаланың
«(Мухаммад,) расында, сен
жақсы көргеніңді тура жолға
сала алмайсың» деген сөздері
туралы тарау.132

Үшінші бөлімге қатысты
тексеріс сұрақтар (4 тарау) . 136

**ТӨРТІНШІ БӨЛІМ. Адам
баласының күпірлігінің
себебі (4 тарау) 141**

19. Адамдардың күпірлігі мен
олардың діннен шығуының се-
бебі ізгі-салиқалы адамдарды
шектен тыс ұлықтау екендігі

туралы тарау..... 141

20. Ізгі адамдардың өздеріне
құлшылық ету ғана емес, тіпті
олардың қабірлерінде Аллаһқа
құлшылық етудің қатты сөгіске
лайық амал екендігі жайлы
тарау..... 147

21. Ізгі-салиқалы адамдардың
қабірлеріне шектен тыс құрмет
көрсету оларды Аллаһтан басқа
құлшылық етілетін пұттарға
айналдыратыны туралы тарау..
153

22. Ардақты
Пайғамбарымыздың ﷺ
бірқұдайшылықтың
қолсұғылмаушылығын
қалай қорғағаны және
көпқұдайшылыққа апаратын
кез келген жолды жапқаны
туралы тарау. 156

**БЕСІНШІ БӨЛІМ. Бұл
үмметте ширк болмайды деп
айтқандардың дәйектерін
теріске шығару 160**
(1 тарау).....160

23. Бұл үмметтің бір бөлігі
пұттарға табынатындығы
жайлы тарау160

**АЛТЫНШЫ БӨЛІМ. Шайтани
амалдар (7 тарау) 177**

24. Сиқыр жайлы тарау.....177

25. Сиқырдың кейбір түрлері
жайлы тарау 183

26. Көріпкел-балгерлер және соларға ұқсас адамдар жайлы тарау.....	186
27. Сиқырды кетіру жайлы тарау	191
28. Ырымдарға қатысты (шариғатта) не келгендігі жайлы тарау.....	194
29. Жұлдыздар жайлы білім (тәнжим) туралы тарау.....	203
30. Жұлдыздардан жаңбыр тілеу туралы тарау.....	206

ЖЕТІНШІ БӨЛІМ. Жүрек амалдары (9 тарау) 223

31. Аллаһ Тағаланың «Адамдардың арасында Аллаһқа өзгені теңдес ететіндер әрі оларды Аллаһты сүйгендей сүйетіндер бар...», — деген сөздері туралы	223
32. Аллаһ Тағаланың «Бұл сендерді өзінің көмекшілерімен қорқытатын шайтан ғана. Олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар, егер мүмин болсаңдар», — деген сөздері туралы	229
33. Аллаһ Тағаланың «Егер мүмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер» деген сөздері туралы тарау.....	234
34. Аллаһ Тағаланың: «Сонда олар Аллаһтың мәкірінен қорықпады ма? Аллаһтың мәкірінен зиянға ұшырайтын ел ғана қорықпайды», — деген,	

сондай-ақ Оның: «Раббысының рахметінен адасушылардан басқа кім күдер үзеді?!» — деген сөздері туралы. 238

35. Аллаһ Тағаланың жазған тағдырына сабыр ету Оған деген иманның бір бөлігі екендігі туралы тарау.241

36. Рия (амалдардағы көзбояушылық) жайлы тарау..... 246

37. Адамның ізгі амалдарды дүние игілігіне қол жеткізу үшін жасауға ұмтылуы ширктің көрінісі екендігі туралы тарау..... 250

38. Ғалымдар мен билеушілерге олар Аллаһтың халал еткен нәрселерін харам еткенде, немесе харам еткен нәрселерін халал еткенде бағынатын адамдар соларды (өздеріне) Раббы ететіні туралы тарау. 254

39. «(Мухаммад,) саған түсірілген (Құранға) және сенен бұрын түсірілген (Кітаптарға) иман келтірдік деп, күр өршеленгендерді көрмейсің бе?! Олар үкім іздеп тағутқа жүгінуді қалайды. Негізінде, оларға оған күпірлік ету әмір етілген болатын. Өйткені шайтан оларды ұзақ адасумен адастыруды қалайды. Ал оларға: «Аллаһ түсірген Құранға және Елшіге келіңдер», — делінсе, екіжүзділердің сенен жылдам бет бұратындарын көресің.

Сонда олар өз қолдары істегендерінің салдарынан бастарына бір күйзеліс келген кезде қалай болмақ, содан соң олар саған келіп: «Біз тек жақсылықты және үйлестіруді қалап едік», — деп, Аллаһтың атымен ант етеді». 257

СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ.

Есім-сипаттардағы бірқұдайшылық (1 тарау)..274

40. Аллаһ Тағаланың қандай да бір есімін немесе сипатын жоққа шығаратын адам жайлы тарау.....274

ТОҒЫЗЫНШЫ БӨЛІМ. Сөздер мен ширкке қатысты тыйымдар (26 тарау) 289

41. Аллаһ Тағаланың: «Олар Аллаһтың нығметтерін мойындайды да, кейін оны теріске шығарады» деген сөздері туралы тарау. 289

42. Аллаһ Тағаланың «Сондықтан біле тұра Аллаһқа ешкімді теңестірмеңдер» деген сөздері туралы тарау..... 292

43. Аллаһтың атымен жасалған антқа қанағаттанбайтын адам туралы тарау..... 295

44. «Аллаһ қалады және Сен қаладың» деген сөздер жайлы тарау..... 297

45. Уақытты сөгетін адам Аллаһты ренжіткен болатыны

туралы тарау..... 300

46. «Билердің биі» деген және сол сияқты атақтар (яғни бұның тыйым салынғандығы) туралы тарау 303

47. Аллаһ Тағаланың есімдерін қастерлеу және бұл үшін адамның атын өзгертуі жайлы тарау..... 305

48. Ішінде Аллаһтың аты аталатын нәрсенің, Құранның немесе Аллаһтың Елшісінің ﷺ үстінен қалжындаушының үкімі туралы 307

49. Аллаһ Тағаланың «Ал егер оған шалдыққан бейнеттен кейін өзімізден мәрхаметтен таттырсақ: «Бұл менің ақым. Сондай-ақ мен Қиямет сағаты болады деп ойламаймын...», — дейді» деген сөздері туралы тарау.....311

50. Аллаһ Тағаланың «Ал Аллаһ ол екеуіне дұрыс бала берген кезде, олар өздеріне берген бала жайында Аллаһқа серік қоса бастады. Аллаһ олардың қосқан серіктерінен жоғары (Пәк)» деген сөздері туралы тарау.316

51. Аллаһ Тағаланың «Аллаһқа ғана ең көркем есімдер тән. Сондықтан Оған солар арқылы дұға етіңдер» деген сөздері туралы тарау 320

52. «Әс-сәләму ғәлә-Ллаһ» (Аллаһқа амандық-бейбітшілік (әс-Сәләм) болсын) деген сөздердің тыйым салынғандығы туралы

тарау.....	335
53. «Уа Аллаһ, егер қаласаң, мені кешіре гөр!» деген сөздер туралы тарау.....	337
54. «Құлым» және «Күнім» деген сөздердің тыйым салынғандығы туралы тарау.....	339
55. Аллаһтың атымен сұрағанның өтінішін қайтаруға болмайтындығы туралы тарау...341	
56. Аллаһтың Дидарымен тек Жәннатты ғана сұрау рұқсат етілгендігі жайлы тарау.....	344
57. «Егер...» деген сөз туралы тарау.....	346
58. Желді сөгудің тыйым салынғандығы туралы тарау.	349
59. Аллаһ Тағаланың «Олар жәһилиет кезінде істегендеріндей, Аллаһ туралы орынсыз ой ойлады. Олар: «Бұл істе бізде не ерік бар?» — десті» деген сөздері туралы тарау.....	351
60. Тағдырды жоққа шығарушылар жайлы (бұл үлкен күпірлік екендігі) туралы тарау.....	354
61. Бейне жасаушылар жайлы келген (қатаң қорқыту) туралы тарау.....	361
62. Көп ант беру жайлы тарау.....	364
63. Аллаһ Тағаланың және Оның Пайғамбарының ﷺ міндеттіліктері мәселесіндегі тарау.....	367
64. Аллаһтың атынан берілген	

ант жайлы тарау.....	372
65. Аллаһтан Ол Өз құлдарының алдында шапағат етуін тілеуге болмайтыны туралы.....	374
66. Пайғамбардың ﷺ бірқұдайшылықтың қолсұғылмаушылығын қорғауы және көпқұдайшылыққа апаратын жолдарды (тіпті сөздерде) жабуы туралы тарау.....	376

ОНЫНШЫ БӨЛІМ. Қорытынды (бір тарау) 378

67. Аллаһ Тағаланың «Олар Аллаһты шынайы қадірлей алмады. Негізінде, Қиямет Күні бүкіл жер Оның уысында ғана болады, ал көктер Оның оң Қолымен бүктеледі. Ол олардың қосқан ортақтарынан Пәк әрі Жоғары» деген сөздері туралы тарау.....	378
--	-----